

**Е.Д.ОРАЗБАЕВ**

**БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС  
МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

**ТҮРКІСТАН-2017ж**

ӘОЖ....

ББК.....

О - ...

Монография Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Сенат мәжілісінде қаралып, баспаға ұсынылды  
(Хаттама №3, .29.12.2017ж.)

**Пікір жазғандар:**

- |           |  |
|-----------|--|
| Саипов А. | - педагогика ғылымдарының докторы, профессор   |
| Пошаев Д. | - педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор |
| Ортаев Б. | - педагогика ғылымдарының докторы, профессор   |

О - ... Болашақ педагогтардың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру:  
Монография. – Түркістан: Тұран. 2017. 256 б.

ISBN.....

Ғылыми еңбекте адамдар арасындағы қарым-қатынастың, мәдениеттің маңызы, оның педагогикалық мәні, мұғалімнің даярлығы мазмұнындағы қарым-қатынас мәдениетінің қыр-сыры сипатталады. Сонымен қатар, болашақ педагогтардың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың теориялық негіздері, оның ішінде болашақ деңе шынықтыру және спорт мамандығы мамандарының қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру әдістемесі қарастырылады. Болашақ деңе шынықтыру және спорт мамандары мектепте оқу-тәрбие, спорт кешендерінде оқу-жаттығу жұмыстарын ұйымдастырумен қатар педагогикалық қызметтерімен де ерекшеленетіні ескеріледі.

Монография болашақ мұғалімдерді даярлайтын педагогтарға, өз бетінше қарым-қатынас мәдениетін зерттеушілерге, магистранттарға, докторанттарға, деңе шынықтыру пәні мұғалімдері мен спорт түрлері бойынша мамандарға ғылыми ізденісте, әдістемелік даярлықты жетілдіруде пайдалы болмақ.

ӘОЖ.....

ББК.....

Б

ISBN

## **КІРІСПЕ**

Қоғамның дамуы жалпы мәдениетке байланысты және қоғам дамуы жаңа мәдени деңгейді қалыптастырады. Ал, адамның іскерлігі оның арнайы іс-әрекет орындау үдерісіндегі мәдениет деңгейімен сипатталады. Жалпы мәдениеттің жоғары деңгейі әр түрлі еңбектің саласы мен нәтижелілігінің қажетті шарты және әрбір тұлғаның дамуы мен жетілуінің факторы.

КР «Білім туралы» Заңында жеке тұлғаның ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде қалыптасуы, дамуы және кәсіби жетілуі үшін жағдайлар жасау атап көрсетілген [1]. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан тұрақты өсуі мен дамуын қамтамасыз етудің негізгі факторларының бірі - жоғары білім беру жүйесінің тиімділігін арттыру, соның ішінде болашақ мамандарды сапалы даярлауға жоғары талаптар қою. Бұл мәселе Республиканың Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы мен Ұлт жоспары «100 нақты қадам» бағдарламасында атап көрсетілген [2; 3].

Болашақ мамандардың өмірлік қызметінде оның психикалық дамуы және тұлға ретінде қалыптасу үстіндегі қарым-қатынас рөлінің маңызы зор екендігі жөнінде көптеген еңбектерде ғылыми тұрғыда дәлелденген. Қарым-қатынас дағдысы кәсіптік қызметке, қоғамдағы белсенділік деңгейіне тікелей байланысты және ол әркімнің жеке іс-әркеті. Бұның бәрі жеке тұлғаны қалыптастыруда қарым - қатынас мәдениетінің маңыздылығын көрсетеді.

Қарым-қатынас мәдениеті жалпы мәдениеттің бір бөлігі болып саналады. Өйткені ол тұлғаның ортақ әлеуметтік қасиетін көрсетеді және педагогикалық қарым-қатынас әрекетінің нәтижесі мен үдерісін біріктіреді. Қарым-қатынас мәдениеті ғылыми дәреже ретінде соңғы жылдары ғана өз ұласымын тапты. Осы уақытқа дейін педагогикалық теорияда және практикада ол тиісті орын алған жок. Қарым-қатынас мәдениеті әр адамға әсер ете отырып, өзінің мамандығы бойынша қарым-қатынас жасайтын қазіргі заман мамандарының қажетті сапасы болып саналады. Осыдан келіп дene шынықтыру және спорт мамандарының, осы мамандықта оқитын студенттердің қарым-қатынас мәдениеті түсінігі мен оның ерекшелігін анықтау қажеттілігі туады.

Сонау Ж.Баласағұн мен Әл-Фарабиден бастап, берірек қазақ ағартушылары Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, [4; 5], зиялыштар А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов [6; 7] қоғам, адам және қарым-қатынас туралы мәселелерін ылғи алға қойып отырған.

Қазіргі күнгі қазақстандық философтар Қ.Әбішев, Ж.Әбділдин [8], Ресей ғалымдары Г.С.Батишев, В.С.Библер, М.С.Каган және т.б. [9; 10; 11] қарым-қатынас проблемаларын пәлсапалық көзқарастармен зерттесе, психолог ғалымдар әр түрлі мағынада әр қырынан зерттей білді. Мысалы, психологтар қарым-қатынасты әлеуметтік мәселе ретінде Л.П.Буева, Б.Д.Парыгин [12; 13], қарым-қатынастағы тұлға мәселесі төңірегінде Б.Г.Ананьев, В.А.Кан-Калик, Л.Б.Филонов, Ю.К.Конаржевский, Ю.Н.Кулюткин, Н.Д.Никандров, Л.И.Божович, И.С.Кон, А.А.Леонтьев, В.Н.Мясищев [14-23], әдеп негіздері ретінде Қ.Б.Жарықбаев, Ә.А.Алдамұратов, Т.Х.Ғабитов және т.б. [24; 25; 26] қарастырған.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасында мамандарды ЖОО-да даярлау, даярлығын жетілдіру туралы көптеген зерттеулер бар. Мәселен, М.А. Құдайқұлов, Қ.Бөлеев, Нургалиева Г.К., А.Б. Нұрлыбекова, Р.К. Төлеубекова, Т.Ж.Бекбатчаев және т.б. [27-32].

Педагогика ғылымында қарым-қатынас мәдениеті туралы пікірлер А.К.Байбурин, М.Х.Балтабаев, Л.К.Керимов, В.В.Трифонов, К.К.Құнантаева, Г.Т.Хайруллин, Н.Д.Хмель, Н.Н.Хан, К.С.Успанов, О.Н.Франковская және т.б. [33-42] еңбектерінде көрсетілген.

Арнайы қарым-қатынас туралы педагогикалық, психологиялық әдебиеттерге талдау жасалды. Қазіргі кезеңдегі дене шынықтыру, спорт мамандарының, мұғалімдерінің іс-әрекет ерекшеліктері қаралды. Осыған сәйкес студент кезінде қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мәселелері талқыланды.

Тұлғаны ізгілендіру, жеке мүмкіндіктерін, қабілеттерін ғылыми-педагогикалық жағынан негіздеуде (К.К.Жампейисова, А.А.Бейсенбаева, С.И.Калиева, В.А.Ким, П.Ф.Кубрушко, А.Ғ.Қазмағамбетов, Л.А.Байсерке, Р.С.Омарова, Қ.Ералин, А.А.Саипов және т.б.) бірқатар ғылыми еңбектер орындалған [43-52].

Тұлғаның қарым-қатынас мәдениетін зерттеуге арналған әдебиеттерге талдау жасағанда, субъектінің дамығандығын, іс-әрекетте басқа субъекті мен объектілерге дұрыс ықпал жасайтындығын көптеген ғалымдар дәлелдегенін байқадық. Мысалы, И.И.Конюхов, С.В.Захаров,

А.К.Рысбаева, В.И.Писаренко, Д.И.Болдынюк, С.Темирбеков, Е.О.Омар, Ю.А.Сапарова және т.б. [53-58].

Жан-жақты жетілген, кәсіби даярлығы жоғары, рухани мәдениеті биік, ақыл-парасатты, істің көзін білетін, окушылармен, жаттығушылармен қарым-қатынас жасай біletіn мамандар даярлау үшін олардың өздерінің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру қажеттігі туындайды.

Осыған орай, қарым-қатынас арқылы өзін-өзі тәрбиелеу тақырыптары да З.И.Васильева, О.В.Лишин, Т.Н.Мальковская, С.К.Калиев, К.Божбанова және т.б. енбектерінде зерттелген [59-63].

Сондай-ақ, қарым-қатынас мәдениетінің іс-әрекетте жүзеге асырылуында сөз мәдениеті мен ұлттық педагогика рөлі басым екендігі біршама Қазақстан ғалымдарының енбектерінде де талқыланады. Мәселен, Ж.Ж. Наурызбай, А.А.Молдажanova, А.С.Магауова, А.Х.Марғұлан, А.Жүйнеки және т.б. [64-68].

Ал, К.Төребаева, Қ.Б.Жарықбаевтың студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру туралы зерттеулерінде дene шынықтыру, спорт мамандығына қатысты студенттер туралы, олардың қарым-қатынасындағы ерекшеліктері жайлы мәселелер қарастырылмаған [69; 70].

Дене шынықтыру, спорт саласында мұғалім кадрларды даярлау бойынша көптеген ғылыми жұмыстар болғанымен (Т.Ш.Қуанышев, К.И.Адамбеков, Т.А.Ақпаев, Н.А.Құрышева, Е.Ю.Шуберт, Ж.К.Оңалбек, Б.Қ.Мұхаметжанов, Ш.Б.Оразов және т.б.) [71-78] оларда қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру жайлы сөз болмайды.

Демек, ендігі жерде халық педагогикасының тағылымдарын пайдалана отырып, студенттерге - болашақ педагогтарға, соның ішінде дene шынықтыру және спорт мамандығы студенттерінде қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға көңіл бөлуіміз қажет. Бұл біздің ұлттық мәдениетімізді көркейтуге, болашақ мамандардың кәсіби іскерлік қабілетін жоғарылатып, қоғамдық өмірдегі белсенділік деңгейін арттыруға, жастарымызға ұлттық дәстүріміз береншеідеңде ғана жаңа халқының мәдениетін қалыптастыруға мүмкіншілік береді. Дене шынықтыру және спорт саласы мамандарының шығармашылық ерекшелік ретіндегі қарым-қатынас мәдениеті мен болашақ педагогтарда қарым-қатынас мәдениетінің жоғары деңгейде қалыптасуының бүгінгі қоғамның

сұранысы арасындағы; қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру теориясы мен аталған мамандық студенттеріне арналған ғылыми-әдістемелік нұсқаулардың жоқтығы арасындағы қарама-қайшылықтың орын алуын көрсетуге болады.

Анықталған қарама-қайшылықтар зерттеу мәселесін педагогикалық үдеріс барысында болашақ педагогтардың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру теориясы мен әдістемесін нақтылауды алға тартады.

Дене шынықтыру және спорт мамандығын бітіруші тұлектер кәсіби іс-әрекет саласында педагог лауазымдық қызметін атқарады (№338 бүйрек). Педагогтарға дене шынықтыру (жұзу бойынша) нұсқаушы, білім беру ұйымдарындағы барлық мамандық мұғалімдері, жалпы білім беретін мұғалімдер, жұзу және дене тәрбиесі нұсқаушысы қамтылады. Ғылыми жұмыста болашақ педагогтар, оның ішінде дене шынықтыру және спорт мамандығында оқытын білім алушылар зерттеу нысанына алынады.

# **1 ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІ ПЕДАГОГ ДАЯРЛЫҒЫ МАЗМҰНЫНДА**

## **1.1 Қарым-қатынас және оның педагогикалық мәні**

Қарым-қатынас не үшін және қандай қызмет үшін керек? Неге қарым-қатынас мәселесіне әлеуметтік-гуманитарлық (педагогика, психология, мәдениеттану, әлеуметтану, философия, әлеуметтік психология, т.б.) білімдер теориясы мен тәжірибесі ерекше назар аударады және ол күннен-күнге дамып отыр - деген мәселе көпшілікті қызықтыратыны анық. Адамдар арасындағы қарым-қатынас үлкен мәнге ие екендігі және оның тәрбиелік, дамытушылық, әлеуметтік, т.б. сипаттары бары белгілі [58, 7 б.].

Жалпы қарым-қатынас мазмұны қоғам дамуында жетілдіріліп, жаңа форматтарға ие болуда. XXI ғасыр жаңа техникалық жараптану заманы. Осы жағдайдың өзі еңбекті ұйымдастыру формалары мен әдістерінің жаңашалануына ғана емес, адамдар көзқарасына өзгеріс жасап, оны жаңаша дамытуды талап етуде.

Адамдардың өзара пікір алмасып, бөлісуі, әр түрлі көңіл-күйлерін білдіріп, олардың өту деңгейі өздері өмір сүріп жатқан объективті жағдайға ғана емес, мұраға қалған мәдениет дәстүрлеріне, әдет-ғұрыптарға, оларды өмір салты игілігіне асыру шамасына да байланысты. Ендеше, қарым-қатынас деңгейі - әрбір адамның рухани даму көрсеткіші сол арқылы қоғам зайырлығының да көрсеткіші бола алады. Қарым-қатынас қоғамдық үдеріске де үлкен ықпал жасайтын күш. Жеке тұлға қоғамда өзін қоршаған адамдар тобында өмір сүреді және дамиды, оның талаптарына сәйкес өз ойлары мен мінез-құлқын өзгертеді, топтың басқа мүшелерімен өзара әрекеттесуі арқылы әртүрлі байланысты сезінеді.

Адамдар арасындағы қарым-қатынас мәселесін жоғарыда айтып кеткендей, көптеген ғылымдар мен ғылымиаралық салалар зерттейді. Солардың бірі – психология және оның саласы. Қарым-қатынас психологиясы мынандай құбылыстарды зерттейді: ада-

мдардың бір-бірін қабылдауы және түсінуі, еліктеу, сендеру және нандыру, ұйымшылдық немесе жанжалдық, біріккен іс-әрекет және тұлғааралық қатынастар. Осы психологиялық құбылыстың әр түрлілігінде, олардың пайда болуының негізгі қайнар көзі адамдар арасындағы қарым-қатынас аймағы болып табылады [79].

Е.И.Ильин зерттеулері В.Н.Мясищевтің психологиядағы қарым-қатынас туралы ілімін қолдап, түсінігінің маңызын аша отырып, психологиялық тұрғыда тұлғаның белсенді, таңдамалы бағытының, іс-әрекетінің сипатын, мінез-құлығында байқалатын ерекшелігін көрсетеді [80].

Қарым-қатынас сипаты қоршаған ортадағы әрекетке тәуелді келеді, оның ортамен, дуниемен байланысын білдіреді, ішкі жан дүниесінен көрініс береді. Қарым-қатынас жүйесі адамның жеке дамуының жемісі болып табылады.

Қарым-қатынас жөнінде бірнеше көзқарастар бар. Солардың бірі – «Қарым-қатынас – әлеуметтік субъектілердің әрекеттесу үдерісі». Қарым-қатынас кезінде тұлғаның әлеуметтенуі мен өзін-өзі тануы жүреді. Аристотельдің пікірі бойынша, қарым-қатынасқа тұсу қабілеттілігі адамды «адами тұрғыда дамымай қалған тірі ағзадан» және «астам адамнан» ажыратады.

Педагогика және психология бойынша қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «Қарым-қатынас (общение) – біріккен іс-әрекет қажеттілігін туғызатын, адамдар арасындағы байланыстың дамуын орнататын күрделі, көп жоспарлы үдеріс. Адамдардың танымдық хабарлар алмасуы, өзара түсінісуі, бірін-бірі қабылдауы. Қарым-қатынастың үш жағы бар – интерактивті, коммуникативті, перцептивті. Қарым-қатынас деңгейлері – мезо, макро, микро, стандартты, шаблонды, жабайы, рухани, іскер, ойын, т.б. Қарым-қатынас түрлері – әлеуметтік бағдарлаушы, жеке бастық бағдарлаушы, топтық, топаралық және т.б.» - атап көрсетілген [81, 127б.]. Бұл қарым-қатынастың негізгі мазмұнын түсінуге бағдар беретін мазмұндаулар болып табылады.

Қарым-қатынас [82] - адамдар арасында бірлескен іс-әрекет қажеттілігін туғызып, байланыс орнататын күрделі үдеріс; екі немесе одан да көп адамдардың арасындағы танымдық немесе эмоционалды ақпарат, тәжірибе, білімдер, біліктер, дағдылар алмасу. Қарым-қатынас тұлғалар мен топтар дамуының және қалыптасуының қажетті шарты болып табылады [83].

Ғалымдар Э.С.Маркарян, М.И.Дьяченко қарым-қатынас ұғымына мотив ұғымының мазмұнын теңестіріп, философиялық-психологиялық түсінігін береді. Себебі мотив адамның ішкі ойы мен атқаратын іс-әрекеті туралы хабар береді, олай болса қарым-қатынас адамның белгілі мақсатқа

бағытталған әрекетінің көрінісін береді [84; 85].

Э.С.Маркарян коммуникация мәдениет типтерінің бәрінде де болуы мүмкін дейді, мәдениеттің өзі коммуникациясыз мүмкін емес және оның басым типтеріне тәуелді. Олай болса, мәдениет пен қарым-қатынастың байланысы даусыз.

Г.М.Андреева, А.А.Бодалев, Л.П.Буева қарым-қатынасты бағыттылықпен, позициялықпен, қызығушылықпен, белсенділікпен байланыстырады [86; 87; 88]. Олай болса, қарым-қатынас ұғымының философиялық-психологиялық мәні тұтас идеяны білдіреді.

«Қарым-қатынас» ұғымын педагогика мен психологияға алғаш рет А.Ф.Лазурский енгізген. Ол тұлғаның сыртқы объектіге, адамға, рухани байлыққа, материалдық дүниеге қатынасын білдіретін ұғым. Психологияда ең алғаш рет А.Ф.Лазурский тұлғаның қарым-қатынас проблемасын адамның мінезімен байланыстыруды. Ол қарым-қатынастың 15 тобын талқылап жіктеген, яғни қоғамға, табиғатқа, адамға, өзіне-өзі, т.б., с.с.

Ал В.Н.Мясищев А.Ф.Лазурский көзқарасын дамыта отырып, тұлға қарым-қатынасының психологиялық анықтамасын жасады. Адамның психологиялық құрылымы санағымен, өмірге қатынасымен анықталады. Саналы тұлға қарым-қатынастың күрделі динамикалық жүйесін білдіреді. Осы тұжырымға сүйене отырып, біз ғылыми жұмысымызды қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасу ерекшелігін анықтадық.

Тұлғааралық өзара қарым-қатынас мәдениет проблемасымен байланысты. С.Л.Рубинштейн айтқандай, дүние - адаммен ара-қатынасты білдіретін құбылыстар жиынтығы. Адам қоршаған ортада ерекше мәнге ие болады, сонымен бірге ол жеке тұлға бола тұра өз мәдениетін қалыптастыруды [89].

Педагогика ғылымында адам - қоғамның басты құндылығы, ол қоғамдық дамудың өзіндік мақсатымен, мәдени-рухани құндылықтармен шектеледі. Қоғамдағы жеке адам танымның, қарым-қатынастың, шығармашылықтың белсенді субъектісі ретінде беріледі. Олардың өмір сүруі тек қана қоғам талаптарына сай. Олай болса, қарым-қатынас адамзат болмысының өмір сүру шарты деп есептеледі. Қарым-қатынас барысында жеке адамның әлеуметтену үдерісі жүреді, соның нәтижесінде оның қоғамдық рухани және материалдық құндылықтарға жақындауы және дәстүрлермен танысу жағдайы қалыптасады. Адам қарым-қатынас

ұдерісінде жеке тұлғалық ерекшелігін көрсетеді, өзі үздіксіз қарым-қатынаста болатын қоғамға енеді. Коммуникация әрбір адамның әрекет барысындағы субъектісіне айналып, табиғат пен дүниені таниды, олармен қарым-қатынасты дамытады. Сөйтіп іс-әрекет барысында тұлғаның ішкі мәдени дамуы бірте-бірте қалыптаса бастайды.

Қоғамда мәдениеттіліктің қажетті шарты болып қарым-қатынас, жеке адамның дамуы үшін басты құралы ретінде жекелік қатынастар, өзара қатынастар мен қарым-қатынастың коммуникативтік мәдениеті енеді [90].

Қарым-қатынас дегеніміз – адамның өзге қоғам мүшелерімен өзара әрекеттесуінің айрықша формасы. Қарым-қатынастың вербалды, бейвербалды түрлері бар. Олар коммуникативтік, интегративтік, перцептивтік қызметтерді атқарады.

Қарым-қатынастың өзі адам болмысының рухани және мәдени формаларын біріктіре отырып, оның қажеттілігін дәделдейді. Бұл проблеманы зерттеуде педагогикалық этика және қарым-қатынас мәселесі бойынша тың идеялар өте көп [91]. Мәселен, Сократ адамның өзара қарым-қатынасындағы негізгі факторы моральдық нормалар мен моральдық сана деген. Осыған орай моральдық нормалар мен сана қарым-қатынас пен мәдениеттің мазмұнына байланысты мәдени нормалардың адамға тән белгілі шегі мен қалпын білдіреді, олардың қоғам талаптарына сай қалыптасуындағы саналылығын көрсетеді.

Мәселен, жер аударылған орыс аксүйектері (19-ғасыр) бұрынғы қолданыстарға лайықты. Қарым-қатынас формаларын, мінез-құлдық, мәдениет ережелерін, жүріс-тұрыс, яғни костюм формасына, жеке бас гигиенасына баса назар аударып, олардың мінез сактағандары туралы көркем фильмдік, әдеби-мемориалдық материалдар дәлел.

**Мораль** (лат. *Moralis* - өнегелі) – адаммен мойындалатын, этикалық құндылықтар жүйесі. Мораль – қоғамдық өмірдің әртүрлі саласындағы (отбасында, тұрмыста, саясатта, ғылымда, т.б.) адамдар қарым-қатынасы мен мінез-құлқын нормативті реттейтін маңызды тәсіл.

**Этика - 1.** Мораль туралы, оның дамуы, оның мәні мен принциптері, қоғамдағы нормалары жайындағы ілімдер жүйесі. **2.** Белгілі бір қоғам мүшелері үшін қафіда болып табылатын мінез-құлдықтың тәртіп нормасы.

**Этикет** - қарым-қатынастың (дипломатиялық ортада, сарай қызметкерлерінің арасында) қалыптасқан ұлгісі.

Этиканың маңызды категорияларына: «жақсы», «жаман», «әділдік»,

«игілік», «жауапкершілік», «қарыз», «ар-намыс» және т.б. ұғымдар кіреді.

Мораль нормаларының көрінісі өз-өзін идеалды ұстау туралы ортақ түсініктермен білінеді. Мораль үнемі өнегелі идеалдың болуын белгілейді. Ол идеал мазмұны мен мағынасы тарихи уақытта және әлеуметтік кеңістікте, яғни әртүрлі тарихи кезеңде және әртүрлі елдерде ауысып отырады.

Бірақ мораль талаптары адамдардың нақты мінез-құлықтарының нормаларымен сәйкес келе бермейді. Бір жағынан, адам өз-өзін өнегелі ұстауға ұмтылады, ал екінші жағынан ол өз қажеттілігін қанағаттандыру керек (бұл көп жағдайда адамгершілік нормаларды бұзумен байланысты).

Жоғары саналылық, әділеттілік, ақылдылық, өнегелілік - қарым-қатынас мәдениетінің жоғары шегі. Белсенділік - адамның жеке ерекшелігі мен қарым-қатынас мәдениетінің жалпы деңгейінің көрсеткіші. Қарым-қатынастағы моральдік қалып пен жеке мораль байланысы қарым-қатынас мәдениетіне тәуелді. Қарым-қатынас теориясында бұл мәселенің тереңдігіне көз жеткізуге болады. Әсіресе, іс-әрекет пен оның тәуелсіздігі проблемалары қарым-қатынастың философиялық негізін құрайды. Кейбір зерттеушілер іс-әрекеттегі қарым-қатынасты құбылыстың екі белгісіне теңдейді, ал кейбіреулері адамның өмір сүруінің екі жолы және формасы дейді.

Педагогика ғылымындағы кейбір позициялар қарым-қатынас іс-әрекеттің түрі деп тұжырымдайды. Олар қарым-қатынасты іс-әрекет түріне балайды. Тұлғааралық қатынастар өзінің негізгі сипаттамасына орай іс-әрекеттің ерекшелігін білдіреді және қарым-қатынас секілді ол қажеттіліктерді өтеуге бағытталады.

Қарым-қатынастың жалпы мәні адамның мақсатына байланысты, біріншіден, басқа адамдарды тану, сол адамдардың әсері арқылы өзін-өзі тану, бағалау болып табылады, екіншіден, басқамен өз әрекеттерін таңдауда мақсатты, саналы, белсенді жан иесі ретінде көрінеді.

Қарым-қатынастың жүйелі, көпқырлы, философиялық - біз анықтап отырған жан-жақты теориясы барлық пікірлеріміздің әдіснамалық негізі болады деп есептейміз. М.С.Коганның қарым-қатынас үдерісі туралы өзіндік жүйені бейнелеуін, оның рухани мәдениетті ерекше деуін, қарым-қатынас адамның әрекетін руханилыққа әкеледі деген пікірін Т.Сәрсенбаев толықтыра түседі [92].

Сонымен, тәмендегідей қарым-қатынас формаларының жүйесін

ұсынуға болады, яғни, біріншіден, субъектінің басқа адаммен қатынасы; екіншіден, субъектінің субъектіге қатынасы, яғни тірі, өлі табиғат әлемі, өнер, руханиландыру идеяларымен байланысы; үшіншіден, ақиқат субъектінің қиялдағы субъектімен, немесе қарым-қатынастағы квазисубъектімен қарым-қатынасы - субъектінің қарым-қатынастық мәдени құралы.

Адамзат қарым-қатынастың ауқымын кеңейтіп, оның формаларын көбейту арқылы мәдениеттің де құрамдас бөлігі бола алады. Қарым-қатынас мәдениетті сақтаушы, тасымалдаушы бола тұрып мәдени шынайы құндылықты құрайды, яғни, біріншіден, қарым-қатынас тәрбиелеу және өзін-өзі тәрбиелеу үдерісін болдырады.

Қарым-қатынасқа үздіксіздік, тұрақтылық және дағды тән. Қарым-қатынасқа арнайы ынталылық пен білім қажет етіледі.

Екіншіден, қарым-қатынас өмір салтымен сабактасқан жағдайда дамиды. Коммуникация ережесіне сәйкес адам әрекетінің мәртебесіне және қалыптасқан жүйесіне, кәсіби әрекетіне қарай жүреді. Ал ауыз еki немесе жазбаша түрде араласу қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасуына негіз бола алмайды. Тұлғааралық өмірлік қарым-қатынас көптеген сатылардан тұрады. Мысалы, қала адамдары, әдетте, көшеде немесе қала көліктерінде бір-бірімен сұхбаттаспайды, олардың бірімен-бірінің танысуы, қарым-қатынас ережелері функциялы ортада басталады.

Үшіншіден, бұқаралық қарым-қатынас осы заманың бұқаралық ақпарат құралдары шеңберінде қалыптасады. Ол адамдардың әлеуметтік мәртебесіне және мекен жайына қарай ақпарат құралдары арқылы жүзеге асырылады. Жаңа ақпараттық және коммуникативтік технологияның енгізілуі коммуникативтік үдерістерді өзгертіп қана қоймай, сонымен қатар адамдардың арасындағы байланыстардың түрлерін, материалдық және рухани өндірістің сипаттарын түбөгейлі өзгерtedі.

Сонымен, қарым-қатынастың жоғарыда көрсетілген ерекшеліктері – тікелей іс-әрекеттегі мәдениеттілік белгілері, ал тікелей іс-әрекет адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуының ең алғашқы сатысы. Тікелей іс-әрекетті менгеру барысындаған қарым-қатынастың алғашқы элементтерін байқаймыз.

Қарым-қатынас қажетті ақпарат алmasуда, басқаруда көрініс беретін тікелей іс-әрекеттің тиімділігін қамтамасыз ететін мәдениеттілік белгілері: белсенділік, идеяшылдық, еркіндік, ерекшеліктің субъектісі ретінде

танарады.

Екіншіден, қарым-қатынас жасау үшін адамға тән әлеуметтік сапаның пайда болуы, адамның мәдени қауымдастыққа жету мүмкіндігін ашады.

Үшіншіден, субъектінің өз құндылықтарына қатынасы көрінеді.

Сонымен, біздің пікірімізше, қарым-қатынас адамды тәрбиелеу үшін, дүниені қабылдау және түсіну үшін, адамдарға және өзіне өзара әрекет субъектісі ретінде қатынасының мәдени құралы ретінде беріледі.

Десек те қарым-қатынас болмаса, адамдар рухани, материалды даму деңгейінің жоғары дәрежесіне көтерілмеген болар еді. Адамдар алдымен өзінің негізгі қырларын, жеке қарым-қатынас тәжірибелерін жанұядығы, мектептегі, жұмыстағы, көшедегі тікелей қатынастар арқылы игереді. Бұл - микроорта. Микроортадағы қарым-қатынас арқылы адамдар әлеуметтік әлемді кеңінен таниды және қарым-қатынасқа түседі, яғни макроорта әсерін сезінеді.

Макроорта – бұл өз ғылыми, мәдениеті, идеологиясы, заны, қоғамдық өлшемдері бар қоғам.

Микро және макроортаның кездесетін жері, олардың өзара әрекеттесетін шек – бұл кіші топ, онда адамдар өмірінің белгілі сәті өтеді.

Қарым-қатынас тарихи алғашқы форма болып табылады, оның негізінде өркениет дамуының кейінгі кезеңдерінде қарым-қатынастың басқа түрлері пайда болды. Мысалы, жазбаша қарым-қатынас жазбашаның құралуынан кейін ғана пайда бола бастады. Адам адамдар арасында өмір сүріп және жұмыс істегендіктен кез-келген жағдайда өз тілектеріне тәуелсіз түрде адамдармен қарым-қатынасқа түседі.

Қарым-қатынасқа байланысты түрлі түсініктер бар екенін де жоққа шығаруға болмайды. Қарым-қатынасқа байланысты адамдар өмірінде байқалатыны:

- басқа адамдармен өзара әрекеттесіп, оларды қабылдау және бағалау;
- жиі түрлі естігендерімізді қызығушылықпен қабылдау;
- таныстарымыз немесе кездейсок адамдар арқылы өмірлік тәжірбиелерімізben алмасу;
- басқа адамдардың әсерін сезініп, оларға елікте, өз мінездің құлқымызды өзгерту;
- шешім қабылдағанда көп жағдайда қасындағы адамдардың пікірін есепке алу.

Келесі бір маңыздысы - қарым-қатынас стратегиясы. Ол (қарым-

қатынас стратегиясы) үшке бөлінеді:

1. Ашық-жабық қарым-қатынас. Ашық қарым-қатынаста әр адам өзінің көзқарасын жеткізе білуі және басқалардың позициясын тыңдауға әрдайым дайын болуы керек. Ал жабық қарым-қатынас ақпаратқа деген өзінің көзқарасын, қатынасын жеткізе алмауы, қарым-қатынасқа түсуге талпынбауы.

2. Монологты стратегия.

3. Рөлдік тұлғаарлық стратегия (мұғалім-оқушы, үлкен-кіші).

Қарым-қатынастың түрлері:

1. Маскілі қарым-қатынастар: бір күннің ішінде бірнеше маска кию. Формалды қарым-қатынас, яғни мұнда маскілерді пайдаланып, сұхбаттасуышылардың тұлғалық ерекшелігін түсіну ескеріледі (сыпайлық, каталдық, тұйықтық). Шынайы сұхбаттасуышыға деген сезімдерін, эмоцияларын қарым-қатынас барысында көрсетпейді.

2. Формалды рөлдік қарым-қатынас – мұнда сұхбаттасуышының тұлғасы мен әлеуметтік рөлі маңызды болып табылады.

3. Іскерлік қарым-қатынас – мұнда сұхбаттасуышының іске деген тұлғалық ерекшелігі, мінезі, жасы, көніл-күйі ескеріледі. Сонымен бірге оның іске деген қызығушылығы мәндік маңызды орын алады.

4. Достардың рухани және тұлғалық қарым-қатынасы – мұнда кез келген тақырыпқа әңгіме қозгауға болады, тек сөз арқылы ғана емес жест, мимика арқылы бірін-бірі жақсы түсінеді.

5. Манипулятивтік қарым-қатынас сұхбаттасуышыдан белгілі бір пайда табуға бағытталған. Ол үшін сұхбаттасуышының тұлғалық ерекшелігіне байланысты түрлі әдістер пайдаланады.

6. Вербалды және вербалды емес қарым-қатынас.

Сонымен, қарым-қатынас адамдар, әлеуметтік топтар, қоғамдар әрекеттесуі нәтижесінде олардың ақпаратпен, тәжірибелерімен, қабілеттігімен және іс-нәтижелерімен алмасу үдерісі ретінде қарастырылатынын көруге болады.

Қарым-қатынас кезеңдері: байланыс орнату; сұрақты, мәселені талқылау; шешім қабылдау; контактіден шығу.

Қарым-қатынас барлық тірі-тіршілік иелеріне тән қасиет, ал, адамдар арасында өте жоғары дәрежедегі мәнге ие. Қарым-қатынас дегеніміз – байланыс жасау барысында өзара алмасатын мәліметтердің сипаты.

Қарым-қатынастың негізгі функциялары:

- 1) Ақпараттық-коммуникативтік (ақпаратты алу және берумен, адамдардың бірін-бірі тануымен байланысты);
- 2) Реттеуші-коммуникативтік (адамдардың бір-бірінің мінез-құлқын реттеу, ортақ қызметті ұйымдастыру);
- 3) Аффектті-коммуникативтік (олар адамның эмоционалды саласымен байланысты).

Нақты қарым-қатынас кезінде барлық функциялар бір-бірімен байланысады. Қарым-қатынас кез-келген жағдайда бір-біріне әсер ету үдерісі. Бұл әсер ету үлкен және кіші, жасырын және тура, он және теріс болуы мүмкін. Оның күші тұлғаның рухани байлығына және адамның дербес қасиетіне байланысты.

Сондай-ақ, қарым-қатынастын келесі түрлері ажыратылады:

- 1) Коммуниканттардың кеңістік пен уақыттағы орналасуына байланысты – контактілі-дистантті;
- 2) Жанамалық «аппараттың» бар-жоқтығына байланысты – жалғамсыз-жанамалық;
- 3) Тілдің бар-жоқтығы көзқарасынан – ауызша, хат түрінде;
- 4) Мен – сөйлеуші және сен – тыңдаушы позициясының хаттық және тұрақты көзқарасынан – диалогті, монологті;
- 5) Қатысушы санына байланысты – өзара, топтық, бұқаралық;
- 6) Қарым-қатынасушылардың қоршаған жағдайына байланысты – дербес, ресми;
- 7) Әлеуметтік тепе-тендіктің сақталуы немесе бұзылуы кезіндегі қарым-қатынас және бағалаудың байланысты – кооперативті, жанжалды;
- 8) Жеткізілу мазмұнына байланысты – ақпаратты, деректі.

Қарым-қатынас негізінен екі түрде жүргізіледі: ауызша және хат жүзінде, бұлардың әрқайсысы өзіндік ерекшеліктеріне ие.

Қарым-қатынас үдерісінде сезімді оятуда, әріптесті өзіңе қаратып тартуда, жеткізілер ойдың ойдағыдай тасымалдануына, идеяны дамытуда, ең соңында керек болса көркемдік сезім мен эстетикалық талғамды дамытуда әсем-үнді дауыстың атқарар қызметі аз емес. Тыңдаушыға ойлы мазмұн - идеяға толы ақпаратты, олардағы ішкі мазмұнды айқын жеткізуде дауыстың икемдісі, мәнерлісі үлкен рөл атқарады деуге болады. Ой-пікірдің әсерлі ашылуы дауыс сазына тәуелді. Дауыс - адамның ең қажетті құралы.

Дауыс түрлері әр түрлі. Оларды әрбір адам өз дауысының, осы дауыс түрлерінің қайсысына жататындығын білу үшін әрі дауыс кеңістігі мүмкіндігіне қарай оны білуі шарт.

Дауыстың басты сапаларына оның диапозоны (дауыстың бір күйден екінші күйге ауысу қабілеті), тембрі (әр дауыстың өзіне тән болуы), қарқыны жатады. Дауыстың осындай сапаларын жетілдіру олардың белгілі қалыпқа түсүін қамтамасыз ету және пайдаға асыру қарым-қатынас үдерісіне өз иғі әсерін тигізеді.

Енді жанды сөздің қосалқы компоненттерінің (механизмдерінің) тілдің сипатына қарай оны күшейте түсетін қабілетіне келсек, олар мыналар:

Біріншіден, әңгімеге қатысушыға хабар-мәліметтердің аса маңызды жерлерін нұскап, көрсетіп бере алу қабілетінде. Асықпай, сөздер арасына кідіріс жасай отырып, телефон, т.б. номерлерді немесе цифrlарды есте сақтауға, жазып алуға мүмкіндік жасау мақсатында лепті үндеуді қолдану керек.

Екіншіден, айтылып жатқан пікір мазмұнына ой толықтыру, осы сөздің - көркемдеуші компоненттердің арқасында орындалады.

Үшіншіден, сөз барысында қосалқы белгілер әңгімедегі адамға деген қатынасын да білдіріп тұрады.

Төртіншіден, вербальды емес сөз белгілері арқылы қарым-қатынасқа түскен адмның қандай адам екендігін білуге болады. Оның білімділік деңгейін, психофизиологиялық және психологиялық қадір-қасиетін, сапа деңгейін ажыратуға болады.

Қарым-қатынастың тілдік емес түрінің табиғи формасына жататын - жанасу немесе дene түйсігі арқылы сенуімен өзара байланыста болатын түрі бар. Бұл байланыс белгісі, түрі әрбір адамның өмір сүруі мен дамуы үшін бірінші әрі ең негізі қажеттілігі болып саналады. Дене түйсігі арқылы байланыс сезімі, мәселен, сәби-ана немесе ана-сәби өмірінен байқалады. Ал сәби осы анасымен дene арқылы, сезіну байланысына түсү арқылы басқа адамдардың өмірімен де қарым-қатынасқа түсе бастайды.

Жанасу - жалпы серіктеспен болатын қарым-қатынаста көңіл-күй, сезімді білдіретін белгі. Алайда, жанасу уақыт сәтіне қарай қарым-қатынастың сөздік емес белгісі ретінде - белгі өмірге, ережеге, салтқа байланысты әр халықта шектеулерге түседі. Жанасудың түрлерін: нұку, құшақтау, қол салу, сүйісу, арқадан қағу, сипалау, т.с.с. десек, әр халық

кімге қандай жағдайда, қандай кезде қолдануға болатындығы жайлар ереже нормаларын, жолын, әдетін жазған.

Осы жанасудың түрлері әр түрлі әлеуметті, мәдени топтарда әр қылыштың қолданыста болады. Адамдардың қарым-қатынасына әсер жасайтын тілдік емес белгі қуралына кеңістіктегі адамдардың бір-біріне қатысты орналасу, яғни арақашықтықты ұсташа жағдайы да жатады.

Қарым-қатынас пен коммуникацияны ажыратып та қарау орын алған. Коммуникация өзара түсіністікке әкелетін, ақпараттың екі жақты алмасу үдерісі ретінде түсініледі. Коммуникациялық үдеріс – алынатын және берілетін ақпарат ұғынықтылығын қамтамасыз ету мақсатындағы адамдар арасындағы ақпарттың алмасуы. Коммуникацияның негізі функциялары: ақпараттық, интерактивті, перцептивті, экспрессивті.

Коммуникациялық жүйе – бұл алынатын және берілетін ақпаратты түсінуді қамтамасыз ету мақсатында адамдар арасындағы хабар алмасу.

Коммуникацияның негізгі функциялары мыналар:

1. Информативті – адамдар арасындағы өзара әрекеттесуді үйімдастыру.
2. Интерактивті – адамдар арасындағы өзара әрекеттесу түрлерін пайдалана отырып, сұхбаттасуышының көңіл-күйіне, сеніміне, мінездүлкінене әсер ету.
3. Перцептивті – қарым-қатынасқа түсуші серіктердің бірін-бірі қабылдауы және өзара түсінушілікті қалыптастыру.
4. Экспрессивті – эмоционалды бастап кешірuler сипатын өзгерту.

Хабар беру мына бағыттармен жүзеге асады:

- жоғарыдан төменге – жұмысшыларға бұйрық беру;
- төменнен жоғарыға – басшылармен пікір алмасу және т.б.

Қарым-қатынас пен коммуникацияны ажыратып та қарау орын алған. Коммуникация өзара түсіністікке әкелетін, ақпараттың екі жақты алмасу үдерісі ретінде түсініледі. Коммуникациялық үдеріс – алынатын және берілетін ақпарат ұғынықтылығын қамтамасыз ету мақсатындағы адамдар арасындағы ақпараттың алмасуы. Коммуникацияның негізі функциялары: ақпараттық, интерактивті, перцептивті, экспрессивті.

Коммуникация үдерісі жүзеге асу үшін мынадай төрт элемент керек.

1. Хабар беруші;
2. Мәлімет;
3. Арнайы ақпарат беру қуралы;

#### 4. Ақпарат алушы.

Десек те қарым-қатынас біріккен іс-әрекет қажеттілігін туғызатын адамдар арасындағы байланыстың дамуын орнататын күрделі, көп жоспарлы үдеріс. Адамдардың танымдық хабарлар алмасуы, өзара түсінісуі, бір-бірін қабылдауы. Мұндай қарым-қатынас адамның сөйлеуді менгеруінің арқасында іске асады. Ол өзінің ойын, білімін, өзінің сезімін басқа адамдарға хабарлай алады және өзі басқа адамдардың ойын түсіне алады, олардың сезімдері мен ұмтылыстары туралы білуге мүмкіндік алады. Тілдің көмегімен сөйлеу қарым-қатынасында әрбір адам білімнің көп бөлігін басқа адамдардан алады. Жинақталған тәжірибелі және білімді менгеруге оқыту үдерісі жатады. Сөйлеу - тілдің көмегімен адамдардың өзара қарым қатынас үдерісі.

Сонымен, адамдар арасындағы қарым-қатынастың басты мақсаты – өзара түсіністікке қол жеткізу. Қарым-қатынас жасауда қатынасқа түскен адамды тыңдалап, түсіне білудің маңызы зор. Бұл басқа адамның ішкі жан дүниесін түсініп, оған өз ойын дұрыс жеткізуге мүмкіндік береді. Адамдар басқаларға өз ойлары мен көзқарастарын түсіндіре отырып, түсініспеушілік, ұрыс-керіс пен дау-жанжал секілді жағымсыз құбылыстарды болдырмауға әрекет жасайды.

Адамдармен жақсы қарым-қатынас орнатуға мынадай ережелердің орындалуы көмектеседі: барлық адамдармен тен дәрежеде, дөрекіліксіз және жағымпаздықсыз қарым-қатынас жасау; сұхбаттасуышының жеке пікірін сыйлау; бүйрек емес, өтініш деңгейінде қарым-қатынас жасау; басқа адамның пікірін сыйлау және тәжірибесін қабылдай білу. Қарым-қатынас мәдениетін менгерген тұлға өзімен қатынас жасайтын адамға құрметпен қарап, сыйластық білдіреді. Адамға сыйластықпен қарау жақсы қарым-қатынас жасаудың негізгі өлшемі болып табылады [93].

Зерттеулерге сәйкес қарым-қатынастың төмендегідей түрлері ажыратылған:

*Педагогикалық қарым-қатынас.* Педагогикалық қарым-қатынас - белгілі бір педагогикалық қызмет атқаратын, жайлы психологиялық ахуал құруға және оқу іс-әрекетін, педагог пен оқушы арасындағы, оқушылар ұжымы ішіндегі қатынастарды психологиялық тиімді етуге бағытталған оқытушы мен оқушының сабактағы және сабактан тыс уақыттағы кәсіптік қарым-қатынасы.

*Перцептивтік қарым-қатынас.* Перцептивтік қарым-қатынас -

адамның парапар қабылдауы, оның ішкі дүниесіне бойлау, әрбір жеке сәтінде оның психикалық жағдайын сезіну дағдысы, оның тәртіп себебін түсіну дағдысы. Мұғалім өзінің перцептивтік қарым-қатынас қабілеттерін үдайы дамытады.

*Фатикалық қарым-қатынас.* Фатикалық қарым-қатынас (лат. fatuus - ақымақ) - қарым-қатынас үдерісі үшін ғана мазмұнсыз қарым-қатынас.

*Қарым-қатынастың жетекші түрі.* Қарым-қатынастың жетекші түрі - осы немесе өзге жас кезеңінде болатын қарым-қатынас түрі, бұл арқылы тұлға дамуының осы сатысына сәйкес негізгі тұлғалық қасиеттер қалыптасады [94].

Педагогикалық қарым-қатынас адамдар қарым-қатынасының жекеше түрі. Оған осы өзара әрекет формаларының жалпы қасиеттері де, білім беру үдерісіне тән қасиеттері де лайық [95].

Қарым-қатынас – адамдар арасында бірлескен іс-әрекет қажеттілігін туғызып, байланыс орнататын күрделі үдеріс, екі немесе одан да көп адамдардың арасындағы танымдық немесе эмоционалды ақпарат, тәжірибе, білімдер, біліктер, дағдылар алмасу. Қарым-қатынас тұлғалар мен топтар дамуының және қалыптасуының қажетті шарты болып табылады.

Қарым-қатынас үдерісін реттеу 3 деңгейде өтілуі шарт деп қарастырылады (В.А.Яров, А.А.Ухтомский, т.б.):

1-деңгей, яғни бағыт-бағдарды ажырату, қарым-қатынастағылардың қозғалысы, тұруы, т.б. іс-әрекеттер элементтерін өзара үйлестіру ойластырылмай-ақ, автоматты түрде орындалады.

2-деңгейдегі әлеуметтік ұстаным бағдары, адам мінезд-құлығын өздерінің әлеуметтік рөлді менгеруі арқылы реттейді.

3-деңгейде құндылық бағдар-ұстаным, адамның әлеуметтік мінезд-құлығының жалпы беталысын белгілеп береді.

Қарым-қатынас үдерісін жетілдіру үшін осы қарым-қатынас үдерісінде адамның үш бағыттағы көзқарасының маңызы ерекше екен.

Бұл біріншіден: адамның қарым-қатынас үдерісіне қатысты көзқарасы. Екіншіден қарым-қатынасқа түскен серіктесіне қатысты көзқарас; үшіншіден өзіне қатысты көзқарас әрбір бағытқа қатысты алғанда диспозицияның үш деңгейінде көрініс береді [58, 50-51бб.].

1. Қарым-қатынас үдерісіне қандай көзқараспен қарауымыз керек. Мұнда өмірдің талабына сай қойылған міндеттерді шешу мақсатында

қарым-қатынас үдерістерін белсенді түрде пайдалану бағдарын ұстану ықтималдығымен білінеді. Бұл жерде қойылған мақсатқа жеткізетін тиімді құрал ретінде қарым-қатынастың рөл атқара алғындығы туралы түсініктің орнығы іске асады. Сондай-ақ перспективаға оң эмоционалды көзқарас танытудан айналадағы адамдармен байланысқа тусу, серіктеспен өзара ықпалдастық үдерісін жақсы жолға қою үшін барлық күш-жігерді жұмсауға дайындық пен құштарлық таныту орын алады.

2. Қарым-қатынасқа түскен серіктестікке қатысты көзқарас. Табысты қарым-қатынасты қалау үшін ең бастысы алдыңғы бөтен адамға көніл бөлу аса қажеттілік. Ғылыми тілмен айтқанда, «әңгімелегенде доминантқа деген көніл бөлу өз алдына ерекше болу керек». Барлық күш-қайрат, ынта-жігер, жан шуағы, көніл-күй, яғни барлық «мақсаттағы бет алыс», қарама-қарсысында отырған адаммен өз арадағы тосқауылды, сезіктік, қудіктік пиғыл-ойды сейілтіп, «сен» сенімділік әлеміне жол ашуға жұмсалуы керек.

3 Өзіңе қатысты көзқарас. Өзің туралы, өзіңнің кім, қандай екендігінді елестете білу, өз бағанды білу, басқа адамдармен қарым-қатынас жасауға өзара ықпалдастықта болуға елеулі әсерін жасайды. Адамның өзін-өзі, өз орнын, бағасын білу, оның қоршаған органды түсінуінде, қабылдануында сезіліп тұрады. Өз-өзін білетін адам басқаның бойындағы бар асылды немесе керісінше кемшілікті реалистік-ақықатты тұрғыда көре алады.

Педагогикалық қарым-қатынас бір адам екінші адаммен тәжірибе (білім, икем, дағды, жалпы адамзаттық мәдениет, ұлттық құндылықтар, т.б.) алмасқанда болады; ол әрбір кәсіби қарым-қатынаста болады, сондықтан да педагогикалық стильдерді кейде бізben сипаттаған басшылық стильдеріне үқсатады.

Оқытушы мамандығын әр түрлі мінезді, әр түрлі темпераментті адамдар менгеретіндікten, қарым-қатынас стилі де әр түрлі болып келеді. Қарым-қатынас стилі ұғымына В.А.Кан-Калик: “Қарым-қатынас стилі деп біз педагог пен оқушының әлеуметтік-психологиялық арақатынасының жеке-типологиялық ерекшеліктерін айтамыз: а) мұғалімнің қатысымдық мүмкіндіктері; ә) педагог пен оқушының өзара қарым-қатынасының қалыптасуы; б) педагогтің шығармашылық тұлғасы; в) оқушы ұжымының ерекшеліктері” деген анықтама береді [96].

Қарым-қатынас түрлерінің жасаушысы, сақтаушысы және тасымалдаушысы - адамзат баласы өз өмірінің тарихында әртүрлі әлеуметтік-мәдени және дүниетанымдық деңгейлерді бастан кешірді. Осы тарихи мерзім аралығында жалпы биopsихологиялық талаптар мен қажеттіліктерді қанағаттандырудан бастап саналы іс-әрекеттер қауымдастырын қамтамасыз етуге, олардың жүйесі реттілігін қалауға, танымдық құралының бауына, сана-сезім, әрбір адам баласының өмірден өз орнын табуына мүмкіндік жасауға дейін алғы шарт қалаған қарым-қатынас өз субъектілерінің сипатына қарай әр салаға жіктелінген зерттеу нысандарына айналды.

Орыс ғалымы К.К.Платонов қарым-қатынас жасауға ықпал жасаушы дара тұлғаның динамикалық функционалдық концепциясын жасады. Концепцияға байланысты жеке адам қабілеті құрылымының ішінен 4 кіші құрылымды бөле-жара қарастырды [58, 49-50 б.].

1-кіші құрылым адамның адамгершілік танытатын ерекшелік белгілерін топтайды. Бұлар тәрбие жолымен қалыптасады. Мұны әлеуметтік кіші құрылым деп атауға болатыны ескертілген.

2-кіші құрылым адамдағы білім, іскерлік, дағды және әдеттерді (өз іс-әрекетін үйрену жолымен қалаған) топтайды. Мұны «тәжірибелік» кіші құрылымы деп атау ұсынылған. Кейде бұл кіші құрылымды «жекелік мәдениет» деп те атауға болатыны ескертіледі.

3-кіші құрылым адамдағы жеке даралық ерекшеліктің кейір психологиялық үдерістері: қабылдау, есте сақтау, ойлау, эмоция сияқтыларды топтастырады.

4-кіші құрылым адамдағы қызуқандылық, жыныстылық және жас ерекшеліктерді топтайды.

Қорыта айтқанда, адамның барлық қасиет-қадірі басқа адамдармен қалай қарым-қатынас жасағанынан білініп тұрады: оның бағыт-бағдары, білім менгеруі, біліктілігі мен дағдылары, есте сақтау ерекшелігі, ойлампаздылығы, эмоциясы мен қызуқандылығы қарым-қатынас жасау барысында көрініс береді екен.

Бірінші құрылымда көрсетілген адам бойындағы бағыты-бағдарлықты үстануда топталатын кіші құрылым қарым-қатынастың мазмұнына ықпал жасайды. Ал, білім, іскерлік, дағды қабылдау ерекшеліктері мен еске сақтау қабілеттіліктері қарым-қатынастың «технологиялық» жағын қамтамасыздандыра алады.

Әдетте, адам өзі туралы мәліметтерді іс-әрекеті барысында бақылай алады. Егерде қарым-қатынас өзінің тәжірибесімен, бейнесімен сәйкес қабылданбаса, онда жеке тұлға қарым-қатынаста теріс жағдайларды сезінеді. Осындай жағдайда қарым-қатынаста адам оқшаулану жағдайына енеді [97].

Адам қарым-қатынаста кейбір қыншылықтарды кездестіреді. Психолог В.А.Лабунская тұжырымдамасы бойынша қын қарым-қатынас әлеуметтік-психологиялық феномен ретінде, адамдардың өзара түсініспеушілік формасында шынайы жағдайларда байқалады. Қын қатынастың көрсеткіштері қатынас жасаудағы ұзак үзіліс, бір сөзді жауап беру, дауыс ырғағын жоғарылату, адамды тыңдай алмау, әңгімені жалғастырмау, байланысқа түсе білмеу, көздер байланысының болмауы, дөрекілік, серіктесін кемсіту, менсінбеу, жасықтық, ұялшақтық, келіспеушілік, өтірік, сенімсіздік, бірбеткейлік, серіктесінің пікіріне құлақ аспаушылық және т.б. [98].

Қарым-қатынас қыншылығы ішкі қүйзеліс, жағымсыз эмоциямен білінеді және қарым-қатынастың бұзылуы да тұлға үшін жеке қыншылықтар туғызады.

Жеке-даралық қатынастың бұзылуы – психологиялық көмекті талап ететін қатынас жүйесін өзгерту және түзету арқылы өтеді.

Психологтар өзара қарым-қатынас кедергілерінің алты типін көрсетеді:

- ситуациялық кедергілер, жағдайды әр түрлі түсіну, жағдайға әр түрлі деңгейде ену;
- мағыналық кедергілер, алдыңғы хабарға байланыссыз айтқанды қабылдау;
- мотивациялық кедергілер, бір-бірімен қатынасты не себепті жасайтынын түсінбеу;
- өзге адам туралы түсінігі болмау;
- өзге адамды мәдени деңгейіне, қажеттілігіне, қызығушылығына, бағыттылығына қарай қате бағалау;
- кері байланыстың болмауы.

Жеке қарым-қатынас кедергілері, біріншіден, алғашқы әсердің тиімділігі, екіншіден, әсердің бірлігі, үшіншіден әсердің қайталануы, төртіншіден, әсердің үздіксіздігі.

Егер өзара қарым-қатынасқа түсетін адамдар түсінушіліктің деңгейін

анықтай алса және қарым-қатынас жасаған адамды түсінемін деп өзіне сенімді болса, олардың арасында жарасымды қарым-қатынас пайда болады. Қарым-қатынасқа түсушілер өздерінің саналарында бір-бірінің ішкі жан дүниесін ұғуға, сезімдерін түсінуге, қылықтарының себебін анықтауға тырысады. Бөгде адамдарды тану ғана жеке адам қарым-қатынасы деңгейін жоғары дәрежеде анықтауға мүмкіндік береді. Қарым-қатынасқа түсушілер өзара бір-бірінің жан дүниесін дәл түсініп, қабылдағанда ғана қарым-қатынас деңгейі соғұрлым жоғары болмақ. Қарым-қатынастың дамуына ең аз дегенде екі адам қатынасады. Қатынасқа түсушілер бірін-бірі тануда, қабылдауда қарым-қатынас механизмдерін меңгеруі тиіс: олар идентификация, рефлексия және стереотипизация.

Идентификация – бұл бөгде адамды саналы түрде оның мінезін түсініп, оның орнында өзін сезінуі. Өзара қатынас кезінде адамдар бірінің орнына өзін қойып көру ниетімен оның жан дүниесін, ойын, әрекетін, сезімін ойша құрастырады. Қарым-қатынас үшін тек сырттай бөгде адам ретінде оны түсіну ғана емес, сондай-ақ онымен қарым-қатынасқа түскен жеке адам қалайша өзін қабылдап, түсініп тұрғанын назарына алу да маңызды. Қарым-қатынасқа түскендердің біреуі өзін қандай түрде қабылданып тұрғанын саналы ойласа бұл қарым-қатынас рефлексия деп аталады.

Рефлексия – бөгде адамды түсіну негізіне жатады. Бөгде адамды түсіну деген – сол адамның қарым-қатынасын қабылдаушы ретінде тек өзіне арналғандығын құптау. Осылайша, адамның адамды қабылдауы оның айнадағы бейнесі секілді.

Адам жеке адамды бейнелей отырып, өзін сол адамның қабылдау айнасында бейнелейді. Қарым-қатынас журу барысында идентификация мен рефлексия бірлікте болады. Егер де әрбір жеке адам өзі қарым-қатынасқа түскен адамдар туралы әрқашан толық ғылыми негіздерінен хабардар болса, онда ол өзара қарым-қатынасты ешқандай кемшіліксіз құра алады. Бірақ күнделікті өмірде, әрине, адам осы тәрізді дәл хабарға ие болмайды.

Стереотипизация – қылықтар түрлерінің формасы және кейде ешқандай негізсіз қылықтарды таныс немесе таныс сияқты көрінетін құбылыстарға жатқызу, яғни әлеуметтік стереотипке жауап беру. Стереотип бұл жерде өз бетінше қалыптастырған адам бейнесін әрдайым

белгі ретінде ұстану.

Стереотипизация – қарым-қатынас қорытындысы, жеке-дара қабылдаудың тәжірибесін жинақтау, кітаптар мен кинофильмдер, таныстарының есте қалған сөздері арқылы қалыптасуы мүмкін. Бұл ретте осы жинақталған білімдердің өзі дұрыс қорытындылармен сәйкес келмей, қате, теріс болуы мүмкін. Бұл жағдайда қалыптасқан жеке-даралық қабылдау стереотипі бөгде адамдарды түсінудің таңдалап алғанған эталоны және салыстырмалы жағдайы пайдаланылады.

Жоғарыда атап өтілгендей, қарым-қатынас жәй хабар алмастырумен ғана шектелуге тиісті емес.

Қарым-қатынас жоғары деңгейде болуы үшін міндетті түрде өзара хабар алмастыру тиімді болады.

Бөгде адамға бір нәрсені хабарлағанда, нұсқау бергенде немесе сұрақтар қойғанда, яғни онымен өзара байланыс жасағанда жеке адам өзінің қатынасының пайдалы екендігі жайында қажетті хабар алады.

Адам арасындағы қарым-қатынас және түсінушілікке жету басшы қолданатын әдіске байланысты. Сыйластық формасында басқару адамның тұлғасы, оның белсенділігінің, тәртіптілігінің, әділділігінің қалыптасуына мүмкіндік береді.

Сонау ерте замандардың өзінде-ақ адам жалғыз жүріп мақсат-мұратына жете алмайтынын, айналасындағылармен бірлесіп, өмір сұру адамдардың табиғи қажеттілігі екендігін, тіпті өмір сұрудің де мұнсыз мүмкін еместігін адамзат жақсы аңғарған.

Шығыстың екінші Аристотелі атанған ғұлама ғалым Әбу Насыр Әл-Фараби өз енбектерінде жақсы адамдармен бірлесіп, тірлік етіп, бас қосу да бақытқа жетудің басты шарттарының бірі деген екен [99].

Қарым-қатынаста «лидер», «жетекші» деген ұғымдарға ерекше мән беріледі. Зерттеушілер осы аталған ұғымдардың бір-бірінен айырмашылықтары мен ұқсастықтарын ажыратады. Мәселен, Б.Д.Парыгиннің зерттеулерінде «лидер», «жетекші» ұғымдарының айырмашылықтары жақсы көрсетілген. Лидерлер мен жетекшілердің стилінің үш түрі болады. Олар авторитарлық (өктем, директивалық басшылық деген мағынада), демократиялық, либеральдық болып бөлінеді. Басшылықтың осындай түрлері оқытушылар ұжымы арасында жиі кездеседі. Олар өздерінің мінезі мен жұмыс стиліне қарай оқушы ұжымын басқаруда түрлі әдістер мен айла-тәсілдер қолданады. Мәселен, басқару

жүйесіндегі кейбір оқытушылар жұртпен санасып жатпайды, түрлі тәрбиелік шараларды өз атынан жүргізіп, шәкірттер инициативасымен орындалған іске сенімсіздікпен қарайды, балалардың өзінше пікір айтуына шыдай алмайды. Мұндай ұстаз оқушылармен олардың ресми құқылары, міндеттері және жауапкершіліктері тұрғысынан ғана қатынас жасауға тырысады. Осындай жетекшіліктің басты кемшілігі – маңызды шешімдер мен шаралар қабылдауда жоспар мен жүйелі жинақтылықтың болмауы. Мұндай жетекшінің ең осал жері – ұжым мүшелерінің инициативасын басып, шығармашылық күшті жеке пайдаланғандықтан, кей жағдайда ұжымды рухани жағынан қанағаттанбаушылыққа соқтыруы мүмкін. Мұндай жерде еңбек тәртібі, жұмыстың белгілі бір жүйесі сақталмайды. Оқушылар арасында көнілсіздік, жайсыздық туады. Жетекші өз өктемдігін күшету мақсатымен болып, оқушылардың хал-жағдайын ойлауға мұршасы да келмейді, сөйтіп ұжымнан сырт қалу пайда болады. Осындай типтегі басқарушыларды авторитарлық жетекші деп атайды [100].

Демократиялық типтегі жетекші ұжым мүшелерінің пікірлерімен есептесіп қана шешім қабылдайды, жүрттың талаптары мен ұсыныстарын туындауды қалайды. Мұндай лидер - топ мүшелерінің бастамаларын мақулдайды, сөйтіп олардың рухани қанағаттануына жағдай жасайды. Ол жиналыш ұстінде сын мен өзара сын өрістеуіне мүмкіндік береді, ұжымнан ешнәрсе жасырмай, әр кез адамдардың көніл-күйіне жақсы әсер етіп, олардың ықыласы мен сеніміне бөленеді.

Жетекшіліктің үшінші бір типі либералдық деп аталағы. Мұндай тип ұжым ісіне аз араласады, кейде оларды бетімен жібереді. Ол көбінде басшылықты жүрдім-бардым жасайды. Эрине, мұндай жерде біркелкі жұмыс болмайды, ұйымдастыру, басқару жұмысының шырқы бұзылады. Осының салдарынан тәртіптілік, жинақтылық, ширактық жағы кем болады. Мұндай сәтте бетімен кетушілікке, анархиялық пікірлердің туындауына да жағдай тууы мүмкін.

Аталған типтердегі мекеме жетекшілерінің демократиялық типіне жататын жетекшілерінің бойында болуға тиіс мына қасиеттеріне назар аударған жөн:

- жауапкершілік, тәртіптілік, іскерлік, объективтік, принциптік, батылдық, ұйымдастыру қабілеті, еліктіре білу және өзін сыйлата білу;
- жетекшінің адамгершілік және әлеуметтік аспектідегі азаматтық

жауапкершілігі;

- өзін сыйлату және сана-сезімін жетілдіру; тұлға болуға әлеуметтік детерминдік сұранысы, қабілеттілігі;

- адамгершілік кемелділігі, жігерлілік, парасаттылық, кіршіксіз адалдық; қарапайымдылық, ақниеттілік, төзімділік пен төзе білу, салмақтылық, ынталылық, ақжүректілік, гуманизм; өзара сын және сынды қабылдау;

- кәсіби білім, басқару біліктілігі, «көре білу қасиеті», адамдардың, педагогикалық ұжымның, оқушылардың психологиясын білу;

- жоғары интеллектуалдық бейнесі: логикалық ойлау қабілеті, жинақтау, талдау, қорыту қабілеті;

- эмоциялық мәдениеті;

- руханилығы, жалпы мәдениеті; өнерді білуі, нәзік эстетикалық талғамы, шығармашылығы;

- іс-әрекетке: іс-қылышқа, қарым-қатынасқа байланысты адамгершілік-этикалық мәдениеті; қарым-қатынас негіздерін, нормалары мен қатынас ережелерін, диалогті, өзара қарым-катынасты, қатынас жасаудың дипломатиялық тәсілдерін;

- тәрбие берудің, гуманитарлық білім берудің теориясы мен практикасын білуі;

- өзін өзі жетілдіру (тұлғалық және кәсіпқойлық, тәрбие беру саласында);

- өзінің басқару, әлеуметтік маңызды қызметінде өзін-өзі таныту [101-110].

Кәсібилік-адамгершілік сапасына байланысты басшыға қойылатын талап-тілектерді зерттеу барысында, ең алдымен, мыналар ескеріледі: адамгершілік мәдениеті, жақсы мінездемесі, барлығына әділ қарайтындығы; өзіндік тәртібі; педагогикалық әдебі; қол астындағыларға қамқорлығы, оларды сыйлауы, оларға ықпал ете білуі, олармен бірге болу және сену; үнемі өзін-өзі жетілдіру.

Жетекшінің кәсібилік-адамгершілік қасиеттеріне қойылатын талаптар:

- жоғары құлықтық мәдениет пен ішкі құлықтық әдеп;

- іскерлік жағдаяттарда қалыптасатын жақсы міnez сапаларын игеру қабілеті;

- ақпарат шындығы;

- өз сөзіне жауап беру қабілеті;
- өзіне талап қоя білуі;
- өзін-өзі жетілдіру;
- қол астындағыларға парасатты реалистік көзқарас – олардың мұдделерін, ар-намысын ескеру;
- педагогикалық әдеп;
- қол астындағылармен өзара қарым-қатынаста шектен шықпау;
- әрбір мұғалім туралы қамқорлық, шынайы адамгершілік;
- эмоциялық-адамгершілік ықпал ету шеберлігі;
- ұжыммен адамгершілік бірлесу;
- жоғары адамгершілік талабына негізделетін қажетті адамгершілік принципіне сену.

Жоғарыда аталған тұлғалық, соның ішінде адамгершілік, кәсібилік дайындығына, жетекшінің жеке касиеттеріне негізделген ұйымдастырушылық - педагогикалық коммуникативтік қатынас және әдістемелік қызметтің жандандыратын моральдық-этикалық талаптарын қалыптастырамыз:

- басшының азаматтық жауапкершілігі (адамгершілік, кәсібилік және әлеуметтік мағынада); кәсібилік мақтаныш; өзіндік (адамгершілік)abyroй;
- сауаттылығы, жалпы мәдениеті; кәсіби біліктілігі; басқару мәдениеті;
- лайықты адамгершілік бейне; жоғары адамгершілік;
- зиялыштық, ақжарқындық, сыртқы түрі;
- жоғары интеллектуалдық әлеуеті;
- эстетикалық тәрбииленуі;
- көркемдік ой-өрісі;
- қарым-қатынас мәдениеті, әсіресе адамгершілік-этикалық мәдениеті, қарым-қатынас нормалары мен қағидаларын, диалогті (әсіресе іскерлік), педагогикалық кадрларға талап қоя білуі, тұлғааралық, жанама түрдегі қарым-қатынастың теориясы мен практикасын білу; өзара қарым-қатынастары (тұлғааралық, топтық, ұжымдық); қарым-қатынастың, әсіресе іскерлік қатынастың әдістері, тәсілдері мен құралдары;

#### Жеке касиеттері:

- эмоциялық мәдениеті, өзіндік сыйластық, өзіндік таным, тұлға болуға қабілеттілігі; әдептілік, адалдық, қарапайымдылық; толеранттық

пен қайырымдылық; шынайы әдеп, гуманизм; шығармашылық әлеуеті; өзіне талап қоя білу; белсенді өмір позициясы; өзін-өзі жетілдіру талабы; іскерлік қасиеттері:

- адалдық; жауапкершілік, ұйымдастырушылық, тәртіптілік, шапшаңдық, икемділік; объективтілік, принципшілдік; табандылық; талап етушілік; ұйымдастыру қабілеті; еліктіретін, сыйласымдылық; алдағыны көре білу, болжau, педагогикалық түйсік; педагогикалық бастамашылдық; жеке адамның, ұжымның, педагогтердің, оқушылардың психологиясын білу; олардың мудделерін және талап-тілектерін ескеру; оларға қамқорлық; өзара сын, объективті сынды қабылдау; «жұмысшылық ары» мен «намысы»;

- мінездің жақсы қасиеттерін пайдалану; қол астындағылармен қарым-қатынас жасағанда және педагогикалық ұжымда әр түрлі жағдаятта жеке өзінің неғұрлым онды қасиеттерін көрсете білуі;

- ақпараттың ақиқаттығы мен объективтілігі; сөз берістің бірлігі;  
қабілеттілігі мен ептілігі:

- педагогикалық кадрларды, бүкіл педагогикалық ұжымды, эмоциялық-моральдық және эмоциялық-адамгершілік ықпал ету арқылы көнілдендіру, еліктіру, жігерлендіру, жандандыру; сенім мен сыйластық табу; нақты мүмкіндіктерді ескере отырып, ұжымды ұйыстыру; өз ісіне бастамашыл-шығармашылық тұрғыда қарау;

- басқару ісінде ұйымдастыру-педагогикалық коммуникативтік қызметін өзіндік шығармашылықпен жүзеге асыру; бұл жолда жоғары адамгершілік талғамға жету;

- қол астындағылармен өзара қарым-қатынаста және өзара іс-әрекетте педагогикалық әдеп сактап, қанағатшыл болу;

- педагогикалық кадрлармен жұмыс істегендеге өзара байланыс (қарым-қатынас) пен жанама ықпал етуді тиімді пайдалану, оку орнындағы әр түрлі алқалық ұйымдар арқылы өзінің қарым-қатынас қызметінің тұжырымдамасына сүйене отырып, белгілі бір ұйымдастыру-басқару жүйесімен оқушыларға, ұжымға ықпал ету;

- ұжыммен идеялық-адамгершілік бірлікте болу;

- өзінің кәсіби, басқару біліктілігін жетілдіре түсу.

Мекеме жетекшісінің іскерлік қабілеті

- педагогикалық кадрларды тәрбие жұмысына жұмылдыру проблемасын шешудің маңызды факторы. Бұл арада белгілі бір

мақсаттылықты, тиісті принципті, қағида мен ептілікті, қабілет пен мүмкіндікті, орта кәсіптік білім беру мекемесі басшысының жете түсінін ерекше атап көрсетеміз.

Мекеме жетекшісінің қарым-қатынас қызметінің барысында мыналар талап етіледі:

- іскерлік мінез, оның мақсаттылығы;
- тәрбие берудің мақсаты мен міндеті;
- ұйымдастыру-іскерлік икемділігі;
- іскерлік мінезді жеке өзі жүзеге асыруы;
- педагогикалық кадрлардың тәрбие беру жұмысында нәтижелі көрсеткіштерге жетуі үшін кәсібілік-шығармашылық мүмкіндіктерін ашу;
- ұжымдық ынтымақтастыққа жету қабілеті;
- оқушыларға тәрбие беру барысында диалектикалық өзара бірлікке және ұжымдық нәтижеге жету үшін педагогикалық кадрларға көмек көрсету;
- қол астындағыларды - өз әріптестерін сыйлау;
- педагогикалық кадрлармен қарым-қатынас қызметінің барысында өзіндік талап етудің, өзара жауапкершіліктің, өзара толықтырудың, өзара стимулдың, өзара сыйластықтың, өзара қолдан-куаттаудың, өзара көмектің қажеттігін түсіну;
- жоспарлы және жоспарсыз істерді, шараларды (педагогикалық кадрлардың мұддесі, қабілеті мен талап-тілектері бойынша) тиімді пайдалану;
- басшының тәрбие беру үдерісіндегі түрлі жағдаяттарда қындықтан шыға білуі;
- әр түрлі тәрбие беру проблемаларын талдау мен шешуге қабілеттілігі;
- қол астындағылармен кәсіби қарым-қатынаста және іскерлік байланыста артық эмоциялық көріністерден аулақ болу; сөз бен істің бірлігі;
- қызмет нұсқауларын пайдалану;
- педагогикалық ұжымның алдында жауапкершілікті түсіну.

Қарым-қатынастық деңгейде ұйымдастырушылық-педагогикалық басшылық жасауда басшы мыналарды көздеуі тиіс:

- талап ету ахуалын;
- тәжірибелі оқытушыларды сыйлау;

- сенім; олардың пікірлерімен санасу, беделін түсірмей, адамға қамқорлығын қолдау;
- педагогикалық қызметтің перспективасы;
- қол астындағылардың кәсіби мүмкіндіктерін ашуға көмектесу;
- «әркім өз үлесін ортақ іске қосады» деген идеяны, ұжымның әрқайсысының маңызды іске - өскелен ұрпақты тәрбиелеуге қатысты екенін үнемі ескеріп отыру;
- ұжымдағы тәрбие жұмысын қарқынды жүргізуге, мұдделілігін арттыру және жігерлендіру;
- педагогикалық кадрларды тәрбие беру жұмысына жұмылдыруда бастамашылдықты қолдау мен ынталандыру.

Жетекші, басшы және оның қоғамдағы орны туралы қазақ халқының өткендегі рухани мұрасында да сындарлы пікірлер аз емес. Мәселен, Ш.Уәлиханов жақсы басшы ақылды, жан-жақты білімді, айналасындағы адамдарды бес саусағындағы білетін, жұрттың жақсы-жаман істерін әділ бағалайтын, табанды да қайсар, ерік-жігері күшті, ұйымдастыру туралы іліммен қаруланған, халыққа қиянат жасамайтын, жағымпаздық пен тамыр-таныстыққа жаны қас, өзіне жақсы жәрдемші таңдал ала білетін, көрегенді басшы болуы қажет дейді [111].

Топтағы адамдарды танып-білу мәселесі психологиялық үйлесім ұғымымен тығыз байланысты. Бұл - ұжымдағы ортақ істің табысты болуындағы адамдардың өз қызметінен рахат, ләззэт алуын қамтамасыз етуіне мүмкіндік беретін психологиялық жағдай.

Топтағы адамдардың бір-бірімен үйлесімділігі жарасса, яғни бірінің іс-қылышы екіншісіне ұнайтын болса, олар бір-бірінің мінез-құлқын, қарым-қатынасын жатырқамай дұрыс қабылдаса - онда психологиялық үйлесімділіктің болғаны. Ал мұндай ахуал жоқ жерде, яғни біреудің мінезін екіншісі ұнатпаған жағдайда, тіпті ақылға сыйымды нәрсенің өзі де кейде қолдау таппайды, біреуі екіншісін түсінбейді. Адамдар арасындағы көзқарас пен сенім бірлігі, не оның әр түрлілігі, мұдделері мен мінез бітістерінің, ерекшеліктерінің қарама-қайшылығы да үйлесімділікпен қатар үйлесімсіздікке де себеп болады. Егер адам шамадан тыс қазымыр, тұйық не беймаза, не тәкәппар, өркөкірек болса да топтағы адамдармен дұрыс сыйыса алмайды.

Басқару жүйесінде адамдар, сондай-ақ, түрлі топтарға тән әлеуметтік-психологиялық әуендерді де жақсы аңғара алатын болуы тиіс.

Мұндай көпшілікке тән құбылыстарға қоғамдық пікір, ұжымдық көңіл-күй, қажыр- қайрат, жарыс, еліктеу, ақыл-парасат бірлігі, үрей, уайым, т.б. жатады.

Топтың көңіл-күйі мән-мазмұнына қарай жағымды, жағымсыз болып бөлінеді Жағымсыз көңіл-күйдің бірі – үрей. Бұл жұрттың шырқын алып, тіршіліктің жүйелі ырғағына нұқсан келтіріп, қалыптасқан қатынасты бұзады.

Топтар мен ұжым мүшелерінің өзара қарым-қатынасы; көңіл күйі, өз ісіне деген қанағаттанғандық сезім, бір-бірін түсінісе алуы, барлығына ортақ тәртіп және жауапкершілік, іске пайда тигізетін сын мен өзара сын, талап-тілектерді қайшылықсыз бөлісу, топтың үйреншікті жұмыс стилі, ортақ пікірдің орнауы т.б. осы ұғымға кіреді. Зерттеулер барысында еңбек өнімділігі, оның нәтижелі болуы тек ұжымдағы адамдардың мамандығы, білімі, кәсіби шеберлігі белгілі дағдысы мен икемділіктеріне ғана тәуелді болмай, қалыптасқан тұрақты көңіл- күйіне де байланысты болатындығы анықталған.

Коммуникация – қарым-қатынасқа түсушілердің жеке-даралық қасиеттерін сақтай отырып, әлеуметтік бірлікке жетуді көздейді. Сөздің лингвистикалық коммуникативтік сапаларын зерттейтін саласы сөйлеу мәдениеті туралы ілім деп аталады. Оның пәні сөздің (сөзжасамның) оның коммуникативтік әсері тұрғысынан алғандағы тілдік құрылым.

Қарым-қатынас ұғымының психологиялық, философиялық мәні ғылыми мақалаларда көрініс тапқан. Оқу-тәрбие үдерісіндегі педагогтың қарым-қатынастары барысында және олардың басқаруы жолында педагогтың шығармашылық сезімі орын алуы тиіс. Оқушылармен жұмыс және қарым-қатынас жасау барысында мұғалімнің «шығарашибілік сезіміне» (К.С.Станиславскийдің термині) және өзінің психикалық жағдайын басқара білуіне байланысты педагогикалық қарым-қатынастың ең қызықты сәттері жүзеге асырылады [112]. «Педагогикалық қарым-қатынас» ерекше ұғым ретінде өзіндік сипатқа да ие болатынын көруге болады.

Мұндағы өзекті мәселелер көп: келешекте сыныпта болатын қарым-қатынасқа өзін шабыттандыра білу де, қайталанатын оқу материалына құпия да (екінші шығармашылық) және оқытушының жалпы және коммуникативті шабытымен байланысты басқа да көптеген педагогикалық қарым-қатынастың эмоционалды нығайған аспектілері де.

Шабыттың әртүрлі аспектілері болады, бірақ олар түсіндіруге оншалықты келе бермейді, көбінесе интуициямен байланысты.

Мұғалім балалармен қарым-қатынас жасау барысында өзінің шығармашылық сезімін басқаруға сүйеніш болатын қандай да бір қатынасты нақты, керек десеңіз, зандастырылған құрылымдар бар.

Л.С.Выготский былай жазған: «Өнердің шығармашылық актіне оқытуға болмайды, бірақ мұның барлығы тәрбиелеушінің оның пайда болуына ықпал етуіне болмайды дегенді білдірмейді. Сана-сезім арқылы сана- сезім дүниесіне кіре аламыз, біз белгілі бір кейіпте сана-сезімсіз үдерісті ашу үшін сана-сезімді үдерісті үйымдастыра аламыз...» [113].

Дәл осы тұрғыда, мұғалімнің коммуникативті даму және пайда болудың күрделі диалектикасын жақындастыруға ұмтылыш жасалады.

Мұғалімнің жұмысында қарым-қатынастың әртүрлі сатыларындағы эмоционалды сезімі маңызды рөл ойнайды: жұмысқа дайындалу үдерісінде, оны жүзеге асыру кезеңінде, мысалы сыныпта орындалған қарым-қатынастан кейін. Психикалық жағдайды басқаруға болады ма және сыныппен қарым-қатынас жасар алдында шығармашылық емес көніл-күйді жену жөнінде не білу қажет?

Педагогтың окушылардың шығармашылық сезімін ояту үшін орындаитын психологиялық жұмыс бағыттары әртүрлі және интеллектуалды, сондай-ақ эмоционалды саланы қамтиды. Көптеген педагогтардың келесі жұмысына эмоционалды тұрғыда терендеуге көмек беретін келесі қарым-қатынас мүмкін контурларын және қажетті шығармашылық ұстанымды болжамдауға ұмтылатыны сипатталды. Мұндай жұмыс сабак материалдарына жеке өзінің эмоционалды қарым-қатынастарды қалпына келтірумен байланысты екендігі сөзсіз. Бұл «жаңартылған» материалды сезінуінсіз жұмыстың өзімен айналысу өте қыын. Жаңа байланысы мен орталануын көруге көмек көрсететін, жеке тұлғалық тәжірибелі сабак материалдарына қатынастыру педагогтың шығармашылық үдерісі үшін көрнекілік. Дәл осында жұмыс материалы оқытушының өзі үшін қажетті шығармашылық тартымдылыққа ие болады.

Педагог шығармашылық көніл-күйін іздеу барысында өзінің біліміне, әдістемелік кеңестерге, жұмыс материалдарын жаңартуға көмек беретін оқыған және көрген сезіміне сүйенеді.

Дәрісханамен тікелей қарым-қатынас жүргізу шығармашылық емес

жағдайды, нашар көңіл-күйді женуге көмектеседі. Бұл шығармашылық емес жағдайды жоюдың типтік жолы.

Өзінізде шығармашылық көңіл-күйдің пайда болуының және дамуының жеке дара логикасын орнату үшін өзінізге мынадай сараптама жүргізуіңіз қажет. Педагогикалық қызметтің әртүрлі сатыларында өзінізге бақылау жасауға және шығармашылық көңіл-күйдің (шабыт, көңіл-күй, жұмыс істеуді қалау) пайда болу үдерісіне сараптама жасауға тырысының. Ол үшін арнайы бағдарламаны қолдануға болады [96, С.68-70].

#### *Сабакта дайындық*

1 Бағдарламаны зерделеу немесе оның тиісті бөлімін қайта қарап шығу.

2 Келесі сабак тақырыбы жөнінде ескі конспектілерді қарап шығу.

3 Келесі сабак тақырыбы немесе пәннің толық бөлімі жөнінде қойын дәптерлерді (өзінің және әріптестерінің) қарап шығу.

4 Келесі сабақтың мақсатын, оның тақырып бойынша сабақтардың барлық жүйесі мен қатынасын табу және анықтау.

5 Ұқсас сабакта өзінің жұмысына сараптама жасау, оған баға беру.

6 Келесі сабақта (іс-шарада) жоспарлаған ойдың алғашқы, жалпы және тең белгілерін қалыптастыру.

7 Сабақтың үзінділерін оймен қайталау.

8 Тың жағдайға жету, әдебиетпен жұмыс жасау тілегін туғызу.

9 Сыныппен келесі қарым-қатынасқа іштей дайындалу.

10 Келесі сабақтың материалдарын мүқият қарап шығу.

11 Қарым-қатынастың мүмкін әдістерін таңдау.

12 Толық конспекті құрастыру.

13 Келесі сабақтың педагогикалық мәселелерін нақты анықтау.

14 Олардың арасынан тартымды, шығармашылық мәнді мәселелерді бөліп көрсетуге тырысу.

15 Сабақтың әдістемелік құрылымын дайындау.

16 Қосымша шығармашылық материалдарды тарту: күнделіктер, жазбалар, конспектілер, репродукциялар, цитаталар, әріптестердің тәжірибесі, әдістемелік жұмыстар.

17 Материалды менгеруді ғана емес, сонымен қатар оны жақын, эмоционалды толғандыратын етуге тырысу.

18 Келесі сабақтың материалын өзінің жеке эмоционалды көңіл-күйінмен қатынастыру.

19 Сабактың конспект нұсқасын өзіңе, сыныпта болуы мүмкін жағдайларға іштей теңеу.

20 Сабактың конспектін сіздің сыныбыңызда қалыптасқан қарым-қатынас сипаттамасымен қатынастыру.

21 Келесі сабакты көз алдына елестету.

22 Сабактың эмоционалды сәтсіз сәттерін анықтау және оларды жазу.

23 Берілген тапсырмада жеке мінез-құлқынызды ойлау.

24 Оқушылардың сабакты сезінуінің мүмкін нұсқалары жөнінде ойлау.

25 Сабактан және сыныппен қарым-қатынастан ләzzат алу сезімінің пайда болуы.

26 Материалды толық менгеру сезімін сезіну және оның жүзеге асуы жемісті екендігіне сенімділік.

#### *Сабак барысындағы жұмыс*

1 Жұмыс істеуге талпындыратын тікелей сыныппен қарым-қатынас.

2 Жұмысқа деген тебіреніс, эмоционалды күйге келу және дайындық.

3 Сабактың болжанған бағдарламаға сәйкестігі.

4 Ішкі жегуді талап ететін, кенеттен пайда болатын педагогикалық мәселелерге жинақылық, шығармашылық дайындық.

5 Жүзеге асырылатын қызметке қызығушылық.

6 Сыныппен үйлесімді, эмоционалды ашық қарым-қатынас.

7 Сыныпта эмоционалды үндесуді жасауға тырысу, балалардың жұмысына қатысады белсендері.

8 Пайда болған қындықтарды женуге белсенді ықылас.

9 Сабак барысында пікір-таластыру.

10 Сыныптың әрекетсіздігін женуге ұмтылыс жасау.

11 Балалармен қарым-қатынастан, материалды сезінуден және жемісті жұмыстан ләzzат алу.

#### *Сабактан кейінгі жағдай*

1 Атқарылған жұмысты және қарым-қатынасты бағалау.

2 Өзі атқарылған жұмысқа эмоционалды-тұлғалық сараптама және баға беру.

3 Сабакты құру және жүзеге асыру нұсқалары мен жаңа идеяларды бекіту.

4 Осы сыныпта келесі оқытушының жұмысқа жаңа педагогикалық тұлғалы маңызды, эмоционалды тартымды мәселелерді құру.

5 Осы сыныпта келесі әрекеттер мен жұмыстың бастапқы ықтимал жиектерін бекіту.

6 Алдымен ойша, содан соң бүгінгі сабак нұсқасын нақты жазып отыру.

7 Бүгінгі сабакты және оның қорытындыларын осы тақырып бойынша болашақ сабактардың мәселелері мен бірынғай педагогикалық қызметтің қатынасы. Осы сабакта аса мағыналы тұрақты және педагогикалық қызметтің қажетті элементтерін табу және анықтау.

8 Өзіндік шығармашылық даралығыныңга сәйкес осы сабактың және оны жүзеге асыру үдерісінің жаңа жазбасын эмоционалды түргыда ұсыну.

Осы бағдарламаның негізінде Сізді шығармашылыққа қосатын Сізге тән кезектілік факторларын орнатуға тырысу. Сіздің шығармашылық көңіл-күйіндегі дамытуға жұмыс істейтін факторларды өзінізге жазып алыңыз. Сыныптағы жұмыс (қарым-қатынас) үдерісі және оған дайындық барысында өзініздің көңіл-күйіндегі ынталандыратын, өзініз анықтаған логикаға сүйенуге тырысыныңыз. Ол балалармен жұмыс барысында көңіл-күйді оятуға және құруға даралық жолдарды бекітуге көмектеседі.

Педагогикалық үдерісті ұйымдастыру кезіндегі қарым-қатынас функциясын толығырақ талдап көрелік. Қазіргі кезде оқыту барысында өзара әрекетте қарым-қатынастың ақпараттық қызметі туралы жиі айтылып жүр. Оны жүзеге асырудың алуан түрлі әдісі жайлы көптеген теориялық және қолданбалы еңбектер жарық көрген. Дегенмен, қарым-қатынас функциясы едәуір ауқымды. Оны педагогикалық еңбектер мазмұнинан көруге болады [114].

Қарым-қатынасты оқытудың оқу функциясын жүзеге асыру былайша қамтамасыз етіледі:

- мұғалімнің оқушылармен нағыз психологиялық байланысы;
- мұғалімнің оқушыларды оқыту үдерісін оқу әрекетіне айналдыру;
- оқытудың қолайлы жақтарын қалыптастыру;
- ұжымның танымдық ізденіс пен бірлесіп ойластырудың психологиялық жағдайының пайда болуы;
- оқу үдерісінде жеке адамның өз бетінше жүзеге асыруының және өзінің шығармашылық ойын айқындауы тиіс.

Қарым-қатынасты оқытудың тәрбиелік функциясы былайша қамтамасыз етіледі:

- оқу үдерісінде педагог пен балалардың психологиялық байланысы негізінде тәрбие қарым-қатынасы жүйесін орнату;
- оқу әрекетін ойдағыдай қамтамасыз ететін педагогикалық қарым-қатынас жүйесін қалыптастыру;
- жеке адамның тұластай танымдық бағытталушылығын қалыптастыру;
- оқу әрекеті үдерісінде (танымдық, жас ерекшелік, эмоциялық, дидактикалық т.б.) психологиялық кедергілерді жену;
- оқушыларға тұластай кешенді тәрбие ықпалын жүзеге асырудың мүмкіндігі;
- оқушылар ұжымындағы өзара қарым-қатынасты ойдағыдай қалыптастыру.

Қарым-қатынасты оқытудың дамуши функциясы былайша жүзеге асырылады:

- оқу әрекетінде жеке адамның жан-жақты тұластай дамуының әлеуметтік-психологиялық негізін орнату;
- жеке адамның дамуының қозғаушы күші ретінде көрінетін қарама-қайшылықтың диалектикалық жүйесін орнату;
- жеке адамның өз ойын жасырмай айтудына және өзінше дамуына (өз бетінше білім алуына және өзін-өзі тәрбиелеуіне) ықпал ететін әрі мүмкіндік беретін психологиялық жағдай орнату;
- қарым-қатынас үдерісінде жеке адамның дамуына бөгет жасайтын әлеуметтік-психологиялық факторларды (бұйырылық, ұялشاқтық, сенімсіздік т.б.) менгеру.

Байқап отырғанымыздай, қарым-қатынастың педагогикалық репертуары әр алуан екен, бірақ мұны педагогтар әрдайым ескере бермейді.

Педагогтың ниеті, педагогтың шығармашылық көңіл-күйі келесі қызметтің жалпы педагогикалық ниетті нақтылау, педагогикалық мәселелерді анықтау, қызметтің тартымды мақсаттарын құру және оның әдістемелік құрылымын ұйымдастыру үдерісінде, дайындау барысында дамиды [58, 71б.]. Шығармашылық көңіл-күйдің бұл сатысы, көбінесе педагогтың тәжірибесімен, оның жалпы эрудициясымен, мәдениетімен, әдістемелік жаракталаудымен, шығармашылық қорымен байланысты (жеке шығармашылық мұрағатының – күнделіктерінің, суреттерінің, көшірмелерінің, конспектілерінің, жобаларының, цитаталарының,

репродукцияларының және т.б. болуымен).

Осы кезеңмен қатар, сыныптың келесі материалды сезінуін белсенді ету болжамы жүреді, осы сезінудің ықтимал нұсқалары модельденеді, бірыңғай сыныптың және жеке оқушылардың материалды сезінуінің әртүрлі бағдарламаларын бастан кешеді, ойда келесі қызмет ахуалы қайта құрылады.

Бұл сатыда шығармашылық көңіл-күйдің қалыптасуына мынадай факторлар маңызды рөл атқарады:

- 1) сыныптың материалды күткен дәрежеде сезінуі;
- 2) сабактың әдістемелік құрылымында қызықты болуы;
- 3) педагогикалық ойлаудың және елестетудің ассоциативті жұмысы;
- 4) аудиториямен келесі қарым-қатынасының құрылымын модельдеу.

Осы факторлар педагогтың шығармашылық көңіл-күйін мағыналы түрде ынталандырады.

Жоспарды жүзеге асыру сатысында, яғни тікелей сабак барысында, педагогтың шығармашылық көңіл-күйі жаңа белсенді ынталандырушыны иеленеді – балалармен тікелей қарым-қатынас жасау, кенеттен пайда болған жаңа педагогикалық мәселелерді шешу. Бір жағынан, педагог алдын-ала дайындалған жоспарды жүзеге асыруға ұмтылады, ал екінші жағынан – қызметтің барлық енгізу сәттерінде (кенеттен болған, жоспарланбаған) сергек сезінеді. Ол алдын-ала моделденген материалды сезінуге және сонымен қатар, сыныптың реакциясын сезіну, оқушылардың сергек құлақ салу ерекшеліктеріне бағытталады. Егер де шығармашылық үдерістің өткен сатыларында шығармашылық көңіл-күйдің басты ресурстары педагогтың өзінде қарым-қатынастан күткен ерекшеліктерге және қызметтерге негізделген болса, енді мұнда педагогтың шығармашылық көңіл-күйінің басты жетелеуші факторы дәрісханамен тікелей қарым-қатынас үдерісі болып табылады [58, 71-72 б.].

Тағы да бір шығармашылық үдерісті аяқтайтын сатыны атап ету қажет. Бұл педагогтың шығармашылық қорытындыларына өзіндік баға беруі және сараптама жасауы. Ол сонымен қатар педагогтың шығармашылық көңіл-күйінің ынталандырушысы болып табылады, себебі қызметтің сәттілік – сәтсіздігін анықтау үдерісінде қанағаттану – қанағаттанбау сезімін бастан кешу барысында жаңа мәселелер пайда болады, ал ол келесі қызметке шығармашылық дайындық туындарады. Мұнда келешек қызметтің жиектері қаланады, келесі қызметке және

қарым-қатынасқа шығармашылық көніл-күйдің негізі түзіле бастайды. Бұл саты мазмұны бойынша шығармашылықтың жаңа жағдайларына өткелі болып табылады.

Педагогикалық қызметтің коммуникативті-шығармашылық құрылымында педагогтың белгілі коммуникативті жағдайын атап өтуге болады. Осы жағдайлардың эмоционалды, интеллектуалды және қүшжігерлі компоненттері оқу-тәрбие үдерісінде жүзеге асырылуы қарастырылады.

Адамдардың іс-әрекетінің барысында қарым-қатынас дамиды. Сонымен, «Қарым-қатынас» - бұл адамға адам қажеттіліктерін қанағаттандыру [115]. Біз сөз ететін қарым-қатынас оқушы мен мұғалім арасындағы іс-әрекет нәтижесінде туындастын қатынастар.

Балалар қарым-қатынасты бағалайды. Осы түрғыдан жеке қатынастың тұрақты жүйесін және кіші топтың рөлін еске алу қажет. Жеке қатынас жүйесінде әр бала өз орнын алады. Біреулері өзінің ерекшелігімен жолдастарының алдында беделді, ал екіншілерімен ешкімнің қарым-қатынас жасағысы келмейді. Бірақ барлық балалар қатынас жасауды қажет етеді. Балалардың осындай дербес аралық-қатынастарын мұғалім зерттеп, балалардың қарым-қатынасын реттеуге және дамытуда қамқоршы болуы тиіс.

Мұғалімдер мен оқушылардың өзара қарым-қатынастары ересек адамдардың тәрбие ықпалының маңызды жолдарының бірі. Мұғалім негізінен жақсы қарым-қатынасты ұйымдастыру және қолдануға біршама даяр, ол оқушының істің өрісінде, мектепте көреді, оның жолдастары мен достары біледі. Бұл бір жағынан араласу үшін көп материал береді.

Екіншіден, педагогтың тәрбиелік мақсатына жетуіне әсер етеді, себебі оқушылармен араласа отырып, оның өміріндегі көптеген факторларды ескере алады және оған сәйкес күнделікті тіршілікте көмектесе отырып, шәкірттерге ықпалын тигізеді.

Олай болуы бұл проблемалардың көпшілігі оқудан, жолдастарымен араласудан, қоғам жұмысынан, яғни басқа ересек адамдарға қарағанда мұғалімге әжептеуір таныс шәкірттер өмірінің өрістеуінен туындаиды.

Алайда практикада мұғалім мен оқушылар қарым-қатынасы әрдайым ұтымды қалыптаспайды. Көп жағдайда бұл әрбір педагогтің басқару ісіне тәуелді. Басқаша айтқанда, оның оқушылармен өзара ықпалды құрылатын функцияларды тәрбиешінің орындау мәнерлері мен тәсілдерінің түріне

байланысты.

Жұмысымыздың келесі тақырыбында қарым-қатынастың мәдениетпен байланысы және қарым-қатынас мәдениеті жөнінде мазмұндалатын болады. Қарым-қатынас мәдениетінің адамзат баласының негізгі іс-әрекет аймағы және оның мәні мен мазмұны бойынша да сөз қозғалады.

## **1.2 Қарым-қатынас мәдениетінің мәні мен мазмұны**

Жалпы мәдениет дегеніміз – адамның ойлау, айнала қоршаган ортаға талдау жасай білу қабілеті мен сапасы, білім деңгейі, біліктілігі, іскерлігі, еңбекке деген қатынасы, жалпы тәрбиелілігі, қызығушылық шенбері, күнделікті іс-әрекет көрінісі, мінез-құлқы және т.б., ол адамның ішкі адамгершілік зандарының көмегімен танылады.

Ал, кәсіби мәдениет дегеніміз – қоғамның әрбір кәсіптік қызметтегі адамдардың мәдениет деңгейіне қоятын талабы. Ол әрбір адамның кәсіби қызметін кез келген еңбек түрін орындаудың жалпы ең жоғары нормасына дейін көтереді. Кәсіби мәдениет тұлғаның әлеуметтік тұрғыда толығуының маңызды көрсеткіші бола отырып, өзінің маңызын қоғамда анықтай түсетін тұлғалық білім, біліктілік, іскерліктің жиынтығы болып табылады. Ол жеке адамның әлеуметтік деңгейде көрінуіне керекті жағдай және адамның кәсіби іс-әрекетінде жалпы мәдениетінің болу құралы ретінде қызмет етеді.

Қарым-қатынас белгілі бір нормалар мен ережелерге негізделеді. Соңда ғана ол мәдениеттілік сипатқа ие болады. Е.Омардың пікірінше: «белгілі бір құралдар арқылы (сөз, ишара-ым, т.с.с.) нақтылыққа – асатын, яғни адамдардың ғана арасында болатын саналы байланыс үдерісін қалайтын, қамтамасыз ететін адам баласына ғана тән қолданыстағы ерекше бір тәсілдегі іс-әрекеттерді мәдени қарым-қатынас» - деп атауға болады [58, 25-266.].

Шын мәнісінде мәдениеттілік – дұрыс сәлемдесуден басталады. Ә dep сақтап, мәдениетті болу кімге де болса қажет. «Әдептілік - әдемілік», - деп халқымыз тегін айтпаса керек. Оның бір белгісі – тіл мәдениеті. Өкінішке орай, көбіне осыған мән бермейтіні де орын алуша [116].

Нақтылы мінез-құлқы формаларына енгізілетін этикеттік, әдептіліктің ережелері екі жақтылы жүйелерінің бірлігін көрсетеді: моралды -

этикалық және эстетикалық, яғни қамқорлық, құрметтеу, қорғау және т.б. Екінші, эстетикалық жағы әсемдікті, мінез-құлық формасының көркемдігін күеландырады.

Мәдениетті адам кез келген сала маманымен әңгімелеседі, сұхбаттасады. Барлық дәрежедегі мамандарға ашық-жарқын ілтиппаттылық, сырайылық көрсетеді, құрметтейді.

Мұндай ашық-жарқын құрметтеушілік адам табиғатының құрамды бөлігі болуы тиісті. Ол адамдардың шыншылдықтарына сене білуі қажет. Тіпті бірінші рет адаммен жолығып сұхбаттасқан кезеңде ол адамды алдамшы, арамза, сіздің бірінші мүмкін болатын жағдайларда алдап, арбап кететін тұлға ретінде елестету қажет емес.

Мінез-құлықты бағалаудың негізінде шынайы бағалау жатуы тиісті: іскер әріптес - жақсы адам! Егер, әрине ол өзін теріс жағынан көрсете қоймаса.

**Қарым-қатынас мәдениеті** - адамдар арасындағы өзара тығыз байланысты қамтамасыз етуге, соның негізінде іс-әрекеттер жүйесін үйлестіріп, реттеуге, дұрыс бағыт түзеуге, ой-сананы дамытып, әркімнің өмірден лайықты орнын табуға мүмкіндік туғызу [58, 10 б.]. Бұл мәселені дұрыс әрі ғылыми негізде шешу қарым-қатынас мәдениеті функциясына қатысты жиі кездесетін ұғымдарды логикалық, диалектикалық, тарихнамалық, жүйелілік тұрғыдан талдап алу қажет. Ол ұғымдарға – «мәдениет», «мәдени орта», «мәдени әрекет», «мәдениеттілік», «өркениеттілік», «тәрбие», «әдеп», «педагогикалық мәдениет», т.с.с. басқалар да жатады.

«Мәдениет» деген ұғым алғашқы пайда болған кезде, ол адамдардың табиғатқа ықпал етуін анықтау үшін, яғни табиғаттың дүлей қүштерін бағындырып, өздерінің көздеген мақсатына жететіндігін білдіру үшін қолданылған. «Мәдениет» - адамдардың еңбегі мен қоғамдық қызметінің жемісі деп түсінгеніміз жөн. Ендеше, мәдениетті қоғам мен табиғаттың өзара байланысты қоғамдық сананың бір түрі ретінде мәдениеттің табиғаты мен мән-мағынасын тарихильтық принцип тұрғысынан зерттеудің дұрыстығы анықталған.

Көне заманда «культура» деген ұғым «жерді өндеу» деген мағынаны берген. Цицеронның еңбектерінде (б.э.д. 45 ж.) бұл сөздің мағынасы «теренен жанды жетілдіру» деген ұғымды білдірді. Уақыт өткен сайын европалық тілдерде мәдениет сөзі «білім беру», «даму», «қабілеттілік»,

«құрметтеу» сияқты мағыналарға ие бола бастады.

Мәдениет ұғымы тарихи қалыптасудың ұзақ даму жолынан өтті, оны алғашқы рет ғылыми түрғыдан анықтауға ұмтылған философтар болды. Бірақ, өкінішке орай, XVIII ғасырға, яғни Ағартушылық дәуірі кезеңіне дейін, басты құндылық - адам мен оның ақыл-ойы деген қағида жүзеге асқанға дейін «мәдениет» сөзі белгілі бір модельденген термин ретінде қолданылмады, бар болғаны жаңа ұғымдардың синонимі ретінде ғана пайдаланылды. Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, бұл терминнің алғашқы мағынасы жер-анамен, оны өндеп-баптаумен тығыз байланысты болды. Демек «мәдениет» ұғымы жерді жырту, бау-бақшаны өндеу, яғни өсімдіктер және жануарлар дүниесімен, дәлірек айтқанда, егіншілік пен ауыл шаруашылығымен тығыз байланыста қарастырылды. Оған қоса бізге үйреншікті болып кеткен «мәдениет» ұғымының тәрбиемен, біліммен байланыстылығының тамыры да сонау көне заманда жатыр. Білімсіз және тәрбиесіз адам еш уақытта мәдениетті бола алмайтыны ақиқат, ендеше білім мен тәрбие барлық халықтар мәдениетінің қайнар бұлағы болып табылады, сонымен бірге мәдениет сөзі «құрмет тұту, сыйлау, құрметтеу, табынушылық» деген мағыналарға да ие. Осылардың ішіндегі ең бастысы - дінгө табынушылық. Көне замандағы адамдар әруақытта да құдайлар қоршауында болды, олардың санасынан тәңірі берік орын алды. Үйде де, түзде де құдайлар адамдармен бірге болды, оларды жебеп, қорғап отырды. Құдайлар қалаларда тұрды, қала адамдары меп қала азаматтарын бәле-жалаған қорғады.

Адамдар арасындағы қарым-қатынас байланысы, қарым-қатынас мәдениеті, қарым-қатынас әдебі, қарым-қатынас тәрбиесі, қарым-қатынас өрекениеттігі, тағы сол сияқты әрбір адамға етене таныс сөздерді үйреншікті, қалыптасып қалған бар әдет ретінде күнделікті өмір ағымы барысында айтып та, естіп те жүреміз. Алайда, сөздердің мағынасына, яғни олардың функционалдық мазмұнына мән бере бермейміз. Жоғарыда айтып өткендей, олардың ішіндегі негізгісі - қарым-қатынас мәдениеті.

Қарым-қатынас мәдениеті ұғымы логикалық-гносеологиялық категория ретінде құбылыстардың мән-мағынасын ашады, олардың арасындағы өзара зандылықтарды байланыстырады. Қарым-қатынас мәдениетінің мәнін ашу үшін мәдениет ұғымының мазмұнына қысқаша тоқталуды қажет деп білеміз.

Жаңа заманда (XVII-XIX ғ.ғ.) мәдениеттің көптеген теориялары

өмірге келді. Бұл дәуірдің мәдениет теориясына үлес қосқан (Англияда – Голанд, Францияда – Вольтер мен Монтескье, Германияда – Лессинг, Шиллер, Гете) болды. Олар дүние мен адамзат жайындағы ақиқатты айту құқығын діннен тартып алғып, адамның ақыл-ойының тәуелсіздігін батыл қолдады. Сонымен қатар, мәдениеттің классикалық үлгісі, ұғымы мәдениетті адамзаттың тарихи дамуының нәтижесі және адамзат баласының саналы және адамгершілік қоғамдық қарым-қатынастарының қол жеткен дәрежесі деп қарастырды.

XIX ғасырда мәдениет мәселелерімен айналысқан ғалым, ағылшын ойшылы Э.Б.Тэйлор «мәдениет жөніндегі ғылым – реформалар жөніндегі ғылым» деп тұжырымдай отырып, мәдениетті үздіксіз даму үстіндегі үдеріс» - деп қарастырды [117]. Ал, ұлы ойшыл Г.В.Гегель мәдениетті эстетикалық тұрғыдан ұғынып-менгеруді басты орынга қойып, мәдениеттің басты мазмұны – адамдардың көркемдік қызметі деп жариялады [118].

Сонымен, ғасырлар бойы қалыптасқан мәдениет ұғымына біршама зерттеулерде оны «адамзат іс-әрекетінің әдісі» [119] десе, келесілері – «адамзаттың өзіндік іс-әрекеттінің көрінісі» [120] деп, ал үшіншілері – «құндылықтар жүйесі және оны іске асыру үдерісі» [121] деп қарастырады.

Мәдениет ұғымына ғылыми тұрғыда нақты түсінікті Ю.Л.Ожегов берген. Ол «мәдениет – әлеуметтік құндылықтарды игеру мен дамытудағы адамдардың шығармашылық қызметінің тәсілі мен нәтижесі, ол арқылы қоғам мен жеке адамның біркелкі дамуы қамтамасыз етіледі» дейді [122]. Бұл жағдайда мәдениет өндірістік, саяси және т.б. қызметтің ерекше түрі ретінде қарастырылмайды, олардың кез-келгенінің сапалық көрінісі ретінде қарастырылады. А.К.Уледов өзінің ғылыми еңбектерінде – «Мәдениет қоғамдық өмірдің, адамдардың өмірінің жеке шенберінің бөлігі ретінде болмайды. Ол қоғамдық өмірдің барлық сферасына, оның сапалық сипатына тән» - деп жазады [123].

Біздің көзқарасымыз бойынша, бүгінгі заман дамуының түрлі мазмұнына сай келетін мәдениет ұғымына теориялық-әдіснамалық тұрғыда жан-жақты түсінік «Қазақ мәдениеті» энциклопедиялық анықтамалығында берілген [124]. «Мәдениет (араб тілінде «маданият» - қала деген мағынаны білдіреді) – адамдардың әлеуметтік болмысты сақтау мен жаңарту жөніндегі қызметі және осы қызметтің жемістері мен

нәтижелері. Әлеуметтік болмыс адамсыз тірлік етпейді, оның табиғаттан айырмашылығы да осында. Ежелгі гректер күтімді, қолмен өндөлген мәдениет әлемін күтімсіз, өңдеусіз, жабайы әлемнен айырғанда осы туралы ойлаған еді. Осы айырмашылық жасанды, өнерлі мен табиғи, өнерсіз нәрселердің қарама-қайшылығынан да байқалады. Философия тұрғысынан мәселе мәдениеттің анықтамасында емес, адамзаттың әлеуметтік болмысын сақтау ісіндегі жетілу нұсқаларын анықтауда. Мұндағы ең басты нәрсе сақтау мен жаңарудың нақты кескіндерін суреттеуде, олардың өзара байланысын табуда. Мәдениеттану жағынан келсек, әрбір нақты мәдениет әлеуметтік болмыстың жандануы мен жаңаруының белгілі баспалдақтары ретінде көрінеді. Бұл тұрғыда мәдениеттің ең басты мәселесі адамзат болмысының жандану мен өзгеріске түсуінің немесе жаңару нұсқаларының арақатынасы. Бұл мәселенің жалпыға бірдей әмбебап шешімі жоқ».

Мағжан Жұмабаев мәдениетке қатысты өзінің төл тума «Пидагогика» еңбегінде: «Кітап – мәдениеттің негізі емес, мәдениеттің негізі – қол еңбегі, олай болса, кітап әншейін көмекші болып, мектеп басынан аяғына шейін қол еңбегі негізіне, яғни манупалистический негізде құрылсын депті Диюби, Зидель» деп жаза келіп, «Жоқ, мәдениеттің қол-аяғындағы құрсауды тас талқан қылыш, оны ерікке шығаратын – машина; олай болса кітаптың керегі шамалы, мектепке түскен адам бітіріп шыққанша машинаны айналдырысын, соны үйренсін, яғни мектеп индустрія негізінде құрылсын депті орыстың Блонскийі» - деп сипаттай келе, «Адам жанын байлап, машинаның құрбаны қылуға ұмтылу адамзат дүниесінің соңғы ауруы» - деп келтірген ой-пікір [125, 111-112 бб.], қазірде жүзеге асырылып жатқандығын көруге болады.

Педагогикалық сөздіктер мен энциклопедиялық анықтамалықтарда мәдениет: «адамдардың өмірді және іс-әрекетті ұйымдастыру тұрлері мен формаларында, олардың өз арақатынасында, сондай-ақ олардың өндірген материалдық және рухани құндылықтарында көрінетін, адамның шығармашылық күші мен қабілетінің, қоғамның дамуының тарихи анықталған деңгейі» [126, с. 221]; «адамның өзін, қоғамдық әлеуметтік қатынастарды жасау үдерісі”-деп көрсетілген [124, 437-438 бб.].

Сонымен қатар, қазіргі сөздіктерде мәдениетке төмендегідей анықтамалар берілген:

а) мәдениет - белгілі бір халықтың қол жеткен табыстары мен

шығармашылығының жиынтығы;

ә) мәдениет - адамзат қауымының белгілі бір тарихи кеңістіктегі қызметі мен өзіндік ерекшеліктері (палеолит мәдениеті, крит-микен мәдениеті, қазақ мәдениеті және т.б.);

б) мәдениет - адамдық өркениеттің белгілі бір саласының жетілу денгейі (сөйлеу мәдениеті, еңбек мәдениеті, құқық мәдениеті және т.б.);

в) агромәдениет (дәнді өсімдіктер мәдениеті, цитрустық мәдениет және т.б.).

«Мәдениет» деген түсінікке тоқталатын болсақ, мәдениет - деген ұғымға беті-қолын жуғаннан бастап, адамзат ақыл-ойының қазіргі жеткен ең соңғы биігіне дейінгі барлық ұғым енеді. Мәдениет туралы түсінікке әр ғалым әр түрлі анықтама береді. «Мәдениет - оқу-ағарту, ғылым, өнер, т.б. рухани өмір табыстарының жиынтығы», – дейді тілші-ғалым М.Балақаев [127].

Мәдениеттің өзі екіге бөлінеді: материалдық және рухани. Соның ішінде рухани мәдениетке төмендегілер жатады:

а) ойлай білу мәдениеті – өмірге талдау жасап, қындықтардан арылу жолын таба білу, ақылға салу, жасампаздыққа жеткізу;

ә) педагогикалық мәдениет – ұзак жылдар бойына жинақталған ең озық іс-әрекет, білім, үйрену нәтижесі;

б) тіл мәдениеті – коммуникативтік қарым-қатынас кезінде тілдік тәсілдерді дұрыс ұйымдастырып, белгілі бір тәртіппен жүйелі қолдану;

в) сөйлеу мәдениеті – тілдік тәсілдердің ширау, жетілу дәрежесі.

Сөйлеу мәдениеті - үлкен қасиет, мазмұны жағынан терен, ұтымды, әділетті, көркем, ғылыми, бай, халық тілі. Сөз қолдану мәдениетін арттыратын негізгі шаралардың бірі – тіл тазалығы. Сөйлеу мәдениеті жетілмейінше, ақыл-ой мәдениетіне жету қын. Қандай адам болмасын, ой-өрісінің, білімінің, мәдениеті мен рухани дүниесінің қаншалықты екені оның жазған жазуынан, сөйлеген сөзінен байқалады. «Кісіге қарап сөз алма, сөзіне қарап кісіні ал», – деп ұлы Абай тегін айтпаған. Ана тілінің мол байлығын игерген, құдіретін түсінген, күшіне тағым етіп, бас иген.

Мәдениет құрылымының төмендегідей иерархиямен сипатталу керектігі де зерттеулерде көрініс тапқан:

а) адамзат мәдениеті;

б) әлеуметтік топтар мәдениеті (этнос, ұлт, тап, сословие, кәсіптік топтар, отбасы және т.б.);

в) жеке тұлға мәдениеті (вариативті ерекшелікті және жалпының инвариантты жеке көрінуі ретінде) [128, с.10].

Адамның әртүрлі іс-әрекет формаларына сәйкес мәдениеттегі негізгі төрт жүйені бөліп қарастыруға да болады:

- а) өндірістік (материалдық игілік өндірісі, өндіріс құралы);
- б) онымен тығыз өмірлік қамтамасыз ету жүйесі бар байланыстар – тұрақ, азықтану, киім және т.б.
- в) әлеуметтік (құқық, мораль, дәстүр, салт, дін, басқа да әлеуметтік құрылымдар);
- г) танымдық (қоршаған орта жөніндегі білімдер, практикалық тәжірибе, өнер) [128, С.11-12].

Ұлттық (этнос) тұрғыдан мәдениеттің түрлік сипатына байланысты да зерттеу нәтижелерінен мәдениетке берілген анықтамаларды кездестіруге болады. Мәселен, этностық мәдениет - халқымыздың тұрмыстық өмір тіршілігіне тән білімдерді (қонақжайлыштық, ісмерлік, эстетикалық талғам, этностық мәдениеттілік), құбылыстарды сипаттайтын және жеке тұлғалық сапалық, жағымды қасиеттерін қалыптастырудағы тәрбиелік іс-әрекеттер, байланыстар, қатынастар; қазақ қыздарының этностық мәдениеті – қазақ қыздарының ұлттық дәстүрлі өнер үлгілерін танып білу мен әзірлеудегі және салт пен дәстүрді, жөн-жоралғыларды орындаудағы мәдени іс-әрекет үлгілері; еңбекке дайындық бағытындағы оқушы-қыздардың этностық мәдениеті – тұрмыстық өмір тіршілігіне тән еңбек іс-әрекетін технологиялық аса шеберлікпен орындауды салт пен дәстүр тұрғысынан жүзеге асыру, таңдал алынған іс-әрекет үстінде сапалық қасиеттерді менгеру және ұлттық тұрпаттық қалыптасу үдерісі [129]. Бұлардың барлығы да мәдениеттің іс-әрекетпен байланысты әрекет үлгілері болуы мүмкіндігін көрсетеді.

Мәдениет феномені көпқырлылығымен, құрделілігімен және қарама-қайшылығымен ерекшеленеді. Осындағы объективті себептен бүгінде біріңгай жалпы қабылданған мәдениет ұғымы жоқ. Француз ғалымы А.Моль оның 250-ден астам түсіндірмесін, ал А.Е.Кертман 400-ден астам түсіндірмесін анықтаған [130].

Демек, мәдениет теориясы мен практикасының зерттеу нәтижесіне сүйенсек, «мәдениет» жаңа жоғары жетістіктер құралатын және адамның үнемі даму үдерісі болатын, әр-түрлі қоғамдық-тариҳи тәжірибе аймағындағы адамдар қызметінің жоғары жетістіктерінің (этalon,

құндылық) сәйкестігі деп түсінік беретін зерттеушілердің көзқарастары деп есептеуге дұрыс болады [131; 132].

Мәдениет субъектісі ретінде қоғам, әлеуметтік топтар ғана емес, сонымен қатар жеке адамдар да қатысатындықтан «тұлға мәдениеті» түсінігін қалыптастыру қажеттілігі туады. Ал, мәдениеттілік – адамның тұлғалық қасиеттерінің көрінісі. Дәстүрлі әдеп жүйесіндегі әдептілік, имандылық, ізеттілік ұғымдарымен үндес. Адамның ұлттық мәдениет пен дәстүрлі құндылықтарды құрметтеуі және оны әрі қарай дамыту – мәдениеттіліктің белгісі. Мәдениеттілік адамның тарихи даму барысында сұрыпталып алынған, мәдени-рухани әлемге лайықты қасиеттерден құралады. Көшілік ортада әдеп сақтау, әдеппен сөйлеу, көрегенділік таныту, жан мен тән тазалығы, мұның бәрі мәдениеттілікке жатады. Мәдениеттілік адамдардың мінез-құлқына қойылатын этикалық, эстетикалық, занды, саяси, т.б. талаптардың орындалуын білдіреді. Дәстүрлі қазақ қоғамында адам бойында мәдениеттіліктің қалыптасып, дамуына ерекше көңіл бөлінген. Мәдениеттілік жөніндегі көзқарастар кемел адам ұғымымен үндестік тауып, адамгершілік, кіслік қасиеттерінің қалыптасуы арасында дамыды [124, 439 б.]

Адам тұлғасының мәдениеті – бұл оның маңызды, материалдық және рухани құндылықтарды құру мен тұтынудағы шығармашылық қызметінде қолданатын әдісінің жоғары даму деңгейі.

Қоғамның рухани өмірінде әлеуметтік ортаның дамуына әртүрлі бағыт беретін ерекше қасиеттерден тұратын құрылымдық мәдени элементтер бар. Оларға жататындар: нормалар, құндылықтар, дәстүрлер және т.б.

Нормалар (шама, өлшем, ереже) іс-әрекетті басынан аяғына дейін түгел емес, тек қана іс-әрекеттің белгілі өлшемін қамтиды. Ол мінез-құлқытың белгілі өлшемінің нұсқаларынан және олардың күрделенуінен тұрады. Әрбір қоғам немесе әлеуметтік топ алауыздық пен зорлық-зомбылықты, стихиялық көңіл-күйдің ықпалын, өздерінің арасындағы қарым-қатынастарын реттеу арқылы жолға қойып отырады.

Мұндай жағдайда жалпы қоғамда және оны құратын топтарда қалыптасқан тәртіпті сақтауға арналған нормалар болады.

Коммуникацияның тұрақты принциптері ол - жеке адам мен түрлі топтардың өзара әрекеттерін қолдайтын мәдени нормалар. Ол өз халқының тілінде сөйлеу, оқу, жазу, музыкасын сую, өз мәдениетінің

стилі мен символикаларын қолдау.

Нормалардың барлығы әлеуметтік құрылымдарға жіктелген. Олар топтарға бөлінеді, кәсіптік топтардың арасындағы қашықтықты сақтай отырып білім мен іс-әрекеттің механизмін қамтамасыз етеді. Олардың үлкендер мен кішілердің, ұстаздар мен шәкірттердің арасындағы әлеуметтік арақашықтықты сақтауын талап етеді. Олардың арасында бір-біріне назар аудару, ритуалдар, сөлемдесу, этикет сақтау сияқты мінез-құлықтың ерекше нормалары бар. Қатынасқа түскен адамдарға, жалпылама және күнделікті іс-әрекеттен бөлініп алғынып, талаптар қойылады.

Нормалардың тұрақты формалары ұзак уақыт ұрпақтар өмірінде сақталады, имандылыққа негізделеді, дін беделімен жиі түсіндіріледі және заңдан қолдау табады. Кейбір нормалар уақыт өтіп кетсе де, өзінің тиімділігін жоғалтса да, бос ритуалға, ескі стильге айналса да ұзак сақталады.

Бірақ мәдени өрісте нормативтікті жөнге келтіруде маңызды құрал ретінде және оның шегінен шығуда зор рөл атқарушы болып құндылықтар есептелінеді. Нормалардан кейін жүрсе де, құндылықтың олардан бір айырмашылығы жоғары деңгейде объектілерді, хал-жағдайды, қажеттілікті, мақсатты таңдауды түсіндіреді. Құндылықтар қоғам мен адамдарға жақсылық пен жамандықты, ақиқат пен адасуды, әсемдік пен сиықсыздықты, әділеттілік пен әділетсіздікті, рұқсаттылық пен тыым салушылықты, мәнді мен мәнсіздікті ажыратуға көмектеседі.

Кез-келген құндылықтарды түріне және деңгейіне қарап жіктеу оларға әлеуметтік және мәдени мәндер кіретіндіктен, әрқашан да шартты болып есептелінеді. Құндылықтарды шартты түрде реттілікпен жіктеуге болады.

Әлеуметтік құндылықтар – әлеуметтік орны, мәртебе, еңбекқорлық, байлық, еңбек, мамандық, отбасы, патриотизм, сабырлылық, тәртіп, кәсіпқойлық, тәуекелге бел байлаушылық, әлеуметтік тенденция, жыныс тенденгі, қол жеткізе білу қабілеттілігі, қоғам өміріне белсенді араласу, өткенге немесе болашаққа бағытталу, мемлекеттік, интернационалдылық, т.б.

Саяси құндылықтар – сөз еркіндігі, азаматтық еркіндік, зандылық, жақсы билеуші, тәртіп, конституция, азаматтық бейбітшілік, т.б.

Адамның негізгі құш-қуаты тек оның қызметінде, ең алдымен еңбек

нәтижесінде көрінеді. Тек қана еңбек іс-әрекеті арқылы адам қоғамға өзгеріс енгізе алады және өзінің қүші мен қабілетін іс жүзінде көрсете біледі. Мұндай іс-қимылды педагогикалық зерттеулерде «мәдени әрекет» деп түсінеді.

«Мәдени әрекет деп, әдетте, мәдени игіліктерін өндіруге, таратуға, танытуға бағытталған іс-әрекеттерді айтады. Осылардың қатарына мынадай адамдық қажеттіліктер жатады: шығармашылық талпыныс, альтуризм, гумандылық, т.б.» [124, 438 б.]. Мәдени іс-әрекет белгілі бір мәдени ортада жүзеге асырылады.

«Мәдени орта» ұғымы мәдениеттің коммуникациялық табиғатымен тығыз байланысты. Қайсыбір ұлттық мәдениетті алсақ та ондағы салт-дәстүрлер жүйесіне бірден назарымыз ауады. «Салт-дәстүр, – дейді белгілі философ И.Гердер, – тіл мен мәдениет бастауларының анасы». Мәдениет өзінің кең мағынасында бір ұрпақтың келесі ұрпаққа жолдаған өмір сүру тәсілі болғандықтан, осы жалғастықты, мұрагерлікті жүзеге асыратын салт-дәстүрлер жүйесі мәдениет өзегін құрастырады. Әсіресе, жазу-сызу болмаған ерте заманда мәдениет ырымдар мен сәуегейлікке, сенімнанымдарға, дәстүрлі түсініктерге иек артқан [133].

Осылайша, «іс-әрекет әдісі» түсінгі мәдениет феноменін сипаттағанда және оның теориялық мазмұнына негізгі категория ретінде ескеріледі.

Мәдениеттің бірынғай түсінігінде – оның материалдық және рухани жағын ерекшелеу керек. Материалдық мәдениетке адамның заттық пішінге түскен руханилығы, табиғи объект пен оның материалы заттарға, қасиеттер мен сапаларға айналған және мұның бәрі адам арқылы ғана болатын, демек, мәдени мақсатқа сәйкес міндепті және өркениеттік рөлі бар шығармашылық қызметтік нәтижелері жатады. Рухани мәдениетке қарағанда материалдық мәдениетке табиғи объектілердің сапалары мен белгілеріне, адам материалдық заттарды, жейтін тамақ және өмір сүру үшін қажет басқа да жабдықтарды жасағанда негізгі материал немесе шикізат ретінде пайдаланылатын заттар түрлері, энергия және ақпаратқа тікелей тәуелді. Материалдық мәденитке өндірістің әр түрлі құрал-жабдықтары, еңбек құралдары, өндіріс технологиясы және адам өмір сүретін органдың инфрақұрылымы, коммуникациясы мен көлік құралдары, тұрмыстың, ойын-сауықтың ғимараттары, пайдаланылатын әр түрлі құралдары, т.б. жатады.

Мәдениеттің адамзат болмысы материалдық қызметінің барлық

сферасын, оның нәтижелерін, қоғам өмірі мен адамның физикалық өмір сүруінің материалды жағдайын құрайтын барлық нәрсені қамтиды [133, 240 б.]. Өндіргіш күштердің дамуы деңгейімен анықтала отырып, ол рухани мәдениеттің қалыптасуы мен дамуының базасы ретінде қызмет атқарады.

Рухани мәдениет ретінде рухани құндылықтар жиынтығы (ғылым, білім беру, өнердегі ойлары мен жетістіктері), сонымен қатар құнделікті өмірде осы құндылықтарды бөлу мен ұтымды пайдалануға бағытталған, адамдардың ерекше ұйымдастырылған, әлеуметтік маңызды шығармашылық қызметі түсініледі.

Рухани мәдениетте бірнеше сфераны ерекшелейді, солардың ішінде: саяси, әлемтану, адамгершілік, эстетикалық, ғылыми, білім беру мен ағарту, еңбек мәдениеті және т.б. [134].

Абай ілімін жалғастырған, қазақ халқының рухани мәдениетіне із қалдырған тұлғаның бірі – Шәкәрім Құдайбердіұлы өз халқының мәдениеті мен өркениетінің мәнін түсіндіруге талпыныс жасаған [135].

Қазіргі уақытта бұл проблемаға философтар Ж.М.Әбділдин, Ә.Нысанбаев айрықша мән береді [136; 137].

Мәдениет құрылымының әлеуметтік-мәдени аспектін талдай келе, Г.К.Шалабаева оны еңбек және түрмис мәдениеті, дene шынықтыру мәдениеті мен ғылым, мораль, қарым-қатынас мәдениеті, т.б. құралатындығын, олардың өзара байланысын дәріптеген [138].

Яғни мәдениетке берілген анықтамалар баламасы көп және әр түрлі мазмұнда болып келеді. Ол түсініктердің мағыналары әр түрлі, олай болудың негізгі себебі, мәдениетке мүдделік негізіндегі және дүниетанымдық көзқарасының дәйектелуінде болып отыр. Бұлай болуы, жалпы мәдениеттің үлкен әлеуметтік құбылыс ретінде өте-мөте күрделілік сипатын аңғартады. Ал осы кезде қалыптасқан ортақ көзқарас негізіне сүйенетін болсақ, біздің пікірімізше, жалпы «мәдениет» - деп адамзаттың өмірі мен іс-әрекетінде өзіндік бір ерекшелігімен дараланатын амалдары, тәсілдері бар, осы амал-тәсілдер арқылы адамдардың қоғамдағы белсенділігін жан-жақты жүзеге асыруға, оларды жүйелеуге, бағдарламалашуға, ынта-жігер туғызуға бағытталған адам қызметін айтамыз.

Мәдениет туралы осындай көзқарастағы түсінікті алғашқы болып қалаған ағылшын этнографы Э.Тайлордың ұғымын осы заманғы белгілі

окымыстылар – мәдениеттанушылар мәдениеттанымдық ойды ғылыми тұрғыда қаастыра отырып, Э.С.Маркарян, Э.В.Соколов, А.И.Арнольдев, Н.Сәрсебаев, Ө.Жәнібеков, Х.Арғынбаев, т.б. өз еңбектеріндегі одан әрі дамытты. Ғалымдардың ортақ ой мен айтып отырган ұғымын зерделесек, «мәдениет» дегеніміз өзінен-өзі пайда болмайтын, тек қана саналымақсатты қызметі нәтижесінде ғана пайда болатын еңбек жемісі. Яғни, мәдениетке адам баласының қолымен жасалған дүниелер ғана жатады. Адамдар осы өзі жасаған дүнилердің көмегімен әлемдегі қоршаған ортаға, әлемге өзгеріс жасайды, оларды зерттейді, құпия сырларын ашады, осы жолды жүзеге асыруда адамдармен жан-жақты қарым-қатынас орнатады.

Сайып келгенде, біздің түйіндеуіміз бойынша «мәдениет» дегеніміз - адам ойының, ақыл-есінің нақтылы жемісі. Осы мәдениеттің пайда болу жолында адам баласының өзіндік амал-тәсілі бар, сол тәсілдер қолданған қызмет деп қарағандықтан, адам технологиямен бағаланбайды, яғни шенденестірілмейді. Алайда технология да адам қызметінің жемісі болып табылады. Ал «қарым-қатынас мәдениеті» туралы сөз болғанда біз ең өуелі қалайша адам баласы өзінің айналасындағы адамдармен әрекеттестіктегі бола алады деген мәселеге назар аударуымыз керек. Әрбір адамның бақылауымен қалайша, қандай әсерде болуы керек деген мәселе қарым-қатынас нысанасы болғандықтан, «қарым-қатынас» орнату және қалау тікелей адам қадір-қасиетін көрсететін мінез-құлық мәдениетіне тәуелді болғандығын анғартады. Ал мінез-құлық мәдениеті адамдардың күнделікті өмірдегі көрінісінде тауып жүрген мінез-құлық түрлерінің жиынтығы. Осы жиынтық арқылы мінез-құлықтың моралдық-эстетикалық, өнегелі-өркенді нормаларының сыртқы болмысы, яғни көрінісі саналады. Адам баласындағы мінез-құлық мәдениеті адамдар арасындағы болатын қарым-қатынас мәдениетімен салыстырып қарағанда, қеңістік ұғымдағы құбылыс болып табылуымен танылады. Олай болса, қарым-қатынас мәдениеті туынды мәдениет, яғни мінез-құлық мәдениеті құрамындағы құраушылардың бірі болып табылады. Әрбір адамның өз жеке бас бюджетіндегі уақытты тиімді ұйымдастыру, пайдалану мәдениеті, тұтыну заттарын таңдау талғамы, жеке бас гигиенасын сактау, т.с.с. мәдениет элементтері әрбір адамның мінез-құлық мәдениетін құраушылар болып табылады. Мәдениеттің осындай күрделі элементтері арасынан адамдар арасындағы қарым-қатынастың амалдары, тәсілдері,

құралдары көп жайды жеке-дара зерделеу, талдау нысанасы ретінде қарастырылады. Осы мәселе адам баласы қоғамының даму тарихында қажеттілігімен, ал қазіргі жағдайда да ерекше қызығушылықпен қарau талаптарымен дараланып тұр.

Философ В.С.Библердің пікірі бойынша, тұлғаны мәдениет мәнмәтінінде көру – оның бүкіл қайталанбайтын жекелік, жалпылық ерекшелігін білдіреді. Тұлғаның қарым-қатынасы – оны дамытушы факторлардың ең негізгісі және үрпаққа жеткізуши құралы [139].

Сонымен қатар, қарым-қатынас адамның тіршілік әрекетінің мәдени феномені, яғни адамзат болмысының даму жолы. Қазіргі ғылыми жетістіктер қарым-қатынасты әлеуметтік өмірдегі адам дамуының ішкі және сыртқы жағдайларын құруши себеп-салдар ретінде де дәлелдейді [96; 140; 141; 142].

Қарым-қатынас пен мәдениеттің ажырамас тұтастығын көрсететін негізгі жол – кемел тұлғаны дамытуда, тәрбиелеуде, қалыптастыруда оның қоршаған дүниені қабылдауы, менгеруі және табиғи, әрекеттік, әлеуметтік қатынасы.

Теориялық-әдіснамалық зерттеулер бұл тұрғыда әртүрлі бағыттар ұсынады, яғни тұлғаның мәдени дамуын қарым-қатынас реттейді, оны басқаратын және жіктейтін механизмдердің зандылықтарын анықтайды.

Қарым-қатынас мәдениеті - ұғымының теориясы, оны жан-жақты талдаудың қажеттілігін көрсетеді. Ғылыми әдебиеттерде ұғымның мағынасы зерттеушілердің теориялық көзқарасына және ұғымның терендігіне тәуелді.

Қазіргі ғылыми-педагогикалық зерттеулерде «қарым-қатынас мәдениеті» ұғымы бір жағынан дәлелдеуді қажет етпейтін қисынды ұғым болса, екіншіден көпмағыналы тіл мәдениеті, этикеті, мінез-құлқы, тұрмысы, салты, т.б. болып жіктеледі.

Қарым-қатынас мәдениеті адамзат үшін әртүрлі деңгейде, әртүрлі кезеңде қалыптастыруды қажет ететін күрделі әлеуметтік құбылыс.

Болашақ кәсіпті игеру жолында да оның өзіндік ерекшеліктері, өлшемдері, бағыттары бар. Осыған орай, қарым-қатынас мәдениеті ұғымын аксеология ғылымында қарастырылатын жалпы құндылықтардан ажырата қарастыру үшін кәсіби қарым-қатынас мәдениеті ұғымын қолдануға болады.

Заманауи қоғам сұраныстары рухани және материалдық сфералар

аясында қарым-қатынас проблемасын өте маңызды етіп көрсетеді, яғни, қарым-қатынас адамның өмірлік іс-әрекетінің, әсіресе білім, ғылым, спорт, өнер салаларында бөлінбейтін бөлшегі болып табылады. Оның дәлелі ретінде білім мен мәдениеттің терең интегративтік байланысын айтуға болады.

Мәдениет – көпқырлы үдеріс. Өйткені, адамның өмірлік іс-әрекетінің барлық сфераларында мәдениетті көреміз. Ең алдымен, сана мен болмыста адамзаттың әлеуметтік даму бағытындағы шығармашылық іс-әрекетін түсінуге болады, өзінің ішкі жан дүниесіне қарай адамның әлеуметтік тұлға ретінде даму үдерісі, оның – таным, қарым-қатынас, іс-әрекет субъектісі ретінде өмір сұру әдісі, жекелік, шығармашылық, әлеуметтік, адамгершілік, эстетикалық жетілуі бойынша ерекшеленеді.

Мәдениет өзі пайда болатын және қалыптасатын мәдени ортада оның үздіксіз даму сипатында болады және адамзат қоғамынан бөлінбейді. Қоғамда тұластай жеке адамның даму деңгейі мен қасиетін мәдениет анықтайды. Олай болса, мәдениет - адамның құндылығы, оның қайталанбайтын белгісі.

Мәдениет өзінің ішкі механизмдерімен адам тұлғасына тән болғандықтан, ол өзін-өзі танып білу немесе адамның рухани өміrbаяны деп есептелінеді. Мәдениеттің өмір сұруінің шарты, ол бір ұрпақтан екінші ұрпаққа сабактастықпен беріліп отырады. Сондықтан мәдениет өзін-өзі тарату мәселесін алдыңғы орынға қояды. Яғни мәдениеттаным қабылдаудың, принциптердің, түсініктердің жүйесі болып саналады да, солар арқылы мәдениетті іс жүзіне асыратын үдерісі іске асады. Бұл жүйе адам тұлғасының өлшемі туралы мәдениетте жинақталған тиесілі білімді, іскерлікті, шеберлікті, тәжірибелі қамтамасыз етеді. Біздің ғылыми жұмысымызда мәдениет іс-әрекеттің ерекше үдерісі, ол қарым-қатынасты туғызады, материалдық және рухани, психикалық тұлғалық қалыптасуды тудырады.

Ұшан-теңіз әлемге бетпе-бет келген адам, онда адамның ақыл-ойына сыймайтын зандар мен нормалардың бар екендігін байқайды, бірақ, онда жоғары ақыл-естің және жоғары әділеттің бар екендігін үлкен қуанышпен және үмітпен түсінеді. Мәдениет адамның алдында табиғаты бұзылмаған, толықтырылған сенім арқылы оның қабілетін, ақыл-ойын қайта өндөу ретінде қажет болғандай қайта тұрады. Адамның алдында бұрын болып көрмеген әлем кеңістігінің есігін ашады.

Адамның өзін-өзі танып білуі мүмкін емес, өйткені оның алдынан жаңының тұпсіздігі және өте сирек кездесетіндігі көрініс береді. Адамның бақыты мен еркіндігі оның тәуелсіздігі емес, қайта оның ең жоғары мәртебелі күш пен рухани туыстастығын жете түсінуінде. Сонда адам өзін-өзі жеңе білуді, қолы жетпейтін нәрсеге жетуді үйренеді. Мәдениет адамның өлшемді, үйлесім мен тәртіпті тәрбиелеуден бастамай, қайта сарқылмайтындықты, тұлғаның шексіз шыңырау екендігін және тұрақты рухани жетілдірудің шектілігін жеңуге бағыттайды.

Ұлы неміс философы Иммануил Кант екі дүниенің бір-бірінен тарихи сапа жағынан айырмашылығын көрсетті, табиғат әлемі және еркіндік әлемі. Олардың тек екіншісі нақты адам әлемі немесе мәдениет әлемі болып табылады деген [143].

Бұл күндері мәдениет туралы түсініктер жалпы қоғамтану және гуманитарлық білім саласында негізгі білімдермен қатар тұр. Ол – адам дүниесін зерттеп-талдауда, физикадағы гравитация, биологиядағы эволюция түсініктері сияқты өте маңызды рөл атқарады.

Мәдениет түсінігінің бір ғана қалыптасқан анықтамасы жоқ, әр зерттеуші өзінше түсінік беруге тырысады. Мысалы, Американың көрнекті социологы Нейл Смелзер жалпы әлеуметтануға арналған оқулығында сенімді, құндылықты, көркемдік құралды қазіргі замандағы мәдениет түсінігінің анықтамасының символы ретінде есептейді. Бұлар кейбір топқа жалпы болып есептелінеді, күнделікті тәжірибелерін біріктіріп және сол топтың мүшелерінің қарым-қатынастарын, мінез-құлыштарын реттейді. Ол мәдениетті - құндылықтардың, нормалардың, тәртіп үлгілерінің жиынтығы деп түсіндіреді. Ол - адамдардың қылыштарын, олардың бір-біріне қарым-қатынастарын, қоғамға және табиғатқа қатынастарын реттейді деп атап көрсетеді [143, 23 б.].

Ағылшынның қазіргі заманғы әлеуметтанушысы Энтони Гиденс мәдениеттің құндылығы адамдардың кейбір топтары жасаған нормалардан, өмір талаптарынан материалдық өндірістерінің негізінде пайда болатын идеялардан тұрады. Жоғары құндылық ретінде абстракциялық идеал жатады, ал нормалар болатын болса, олар адамдар өздері өмір бойы орындастын, рұқсат етілген не етілмеген принциптер мен ережелердің жиынтығы дейді [144, 18 б.].

Мәдениетке дәл осылай көзқараспен келу, оның аса терең мағыналы екендігін, сонымен қатар оның әлеуметтің бойына даруы, қоғамның

өмірімен біте қайнасуы оның тек қана адам баласының тегіне тән екендігін көрсетеді.

Сонымен, мәдениет - бұл адамның ақылы, таланты, еңбек таңбалары бар, бізді қоршаған заттар мен құбылыстардың әлемі деуге болады. Бұл – өзінен-өзі туындаратын табиғаттан айырмашылығы бар адамдар әлемі. Оның әртүрлі анықтамалары мәдениеттің түрлі сферасын сипаттайтын.

Мәдениеттанның бағытында қарым-қатынас мәдениеті бір жағынан дәлелдеуді қажет етпейтін қисынды ұғым десе, екіншіден көпмағыналы тіл мәдениеті, этикеті, мінез-құлқы, тұрмысы мен салты деп жіктеледі.

Жоғарыдағы анықтамаларды негізге ала отырып, біз өз зерттеу жұмысымыздың мақсат-міндеттеріне қарай «қарым-қатынас мәдениеті» ұғымын былайша тұжырымдадық: қарым-қатынас мәдениеті – адамзаттың құндылық сапаларын жақындастыруға бағытталған адамгершілік, саналылық әрекеттері.

Барлық кәсіптік мәдениеттің жүйесін құрушы элементтерді үш деңгейді қамтитын кәсіптік этикаға бөлуге болады:

- кәсіби еңбектің нәтижесін қажет етушіге деген адамгершілік сипаттағы қарым-қатынас;
- өз ұжымы мен сол саладағы қызметтес әріптерлеріне деген адамгершілік сипаттағы қарым-қатынас;
- өзінің кәсібіне, еңбегіне, ұжымына деген жеке тұлғаның адамгершілік сипаты.

Дене шынықтыру және спорт саласындағы маманның кәсіптік мәдениетінің ерекшелігі жеке тұлғаның маман ретіндегі кәсіби – еңбек қызметінің ерекшеліктеріне ұқсас.

Жалпы мәдениет – кәсіби білім мен іскерлікті шындаі түсудің, сонымен қатар оны қызмет түріне ұштастырудың қайнар көзі. Маманнның жалпы мәдениеті оның кәсіби қызметіне айқын әсер етеді. Оның деңгейі дене шынықтыру және спорт саласындағы маманның кәсіптік мәдениетінің дамуын айқындаиды. Жалпы мәдениет тұлғаның зиялыштық қасиеттері арқылы көрінеді.

Ал, зиялыштық (латынның *intelligentis* сөзінен шыққан - білетін, түсінетін, парасатты) – адамның мәдениетке, парасатқа, түсінуге ден қоюшылығынан, мәдениеттің құндылығы мен қажеттілігін түйсінуінен көрінетін қасиеті. Зиялыштық мәдени құбылыстарын қайсыбір жалпылама ақиқаттарды, зандарды, нормаларды ұғындыруға болмайтын, өздігінен

бағалы аяқталған авторлық туындылар деп білумен, осы бір ерекше, ештеңемен алмастырылмайтын авторлық туындыны түсінуімен және терең сезінумен байланысты. Осы себепті зиялыштықты жеке тұлғалықтан ажыратуға келмейді, оның зияткерлік, мәдениет саласындағы шығармашылықпен шұғылданатын адамдарға тән болуы әсте де міндепті емес. Шығармашылық әлеует зиялыштықты бір мәнде анықтамайды, оның үстіне, тіпті оған қарама-қайшы келеді. Әрбір шығармашылық жаңашылдық, дәстүрлі қирату (оны жеңіп өту), басқалардың есебінен өз шындығын максималистікпен орнықтыру, қайсыбір пафос болып шығады. Зиялыштық болса әр уақытта пафосқа қарсы, қиратуға қарсы, мәдениеттің құндылығын бағдар етеді. Сондықтан да қайсыбір зор шығармашылық күші бар жазушылар, ғалымдар және т.б. әр кезде бірдей зиялыштық одан да өзі туынды беруден гөрі басқаның шығармашылығына ден қоюмен, басқаның мәдениетін ұғынумен байланысты. Зиялыштық адамдарға тән жаңашырлық, аяушылық кейде босандық делінетін болса да, олардың күші де осында, ол өзі сөйлеуге ғана емес, басқа адамды туыңдауға және түсінуге қабілеттілікке саяды. Қазіргі қарқыны жедел өмірлік жағдайда бұл қасиет ерекше маңызды. Зиялыштықты түсіну ұстанымы оның өмірлік қарекетінің зияттық, шығармашылық, тұрмыстық салаларының берінде көрінеді. Басқалармен жүздескенде ол үшін ең бастысы бір сәттік қимыл, эмоция емес, ең алдымен, қарым-қатынас, сұхбатасып түсінгісі келу. Зиялыштық адам серіктесін ықпал жасайтын объект емес, пікірі басқа, мәдениеті басқа, нақ сонысымен бағалы адам деп біледі. Зиялыштық басқаларға қатысты төзбестікпен, ымырасыздықпен үйлеспейді. Зиялыштық құлықтылықпен ажырағысыз байланысты. Зиялыштық мәдениет құбылыстарын өздігінен құнды туындылар деп ұғынуга қабілеттілігі өзіндегі және басқалардағы тұлғалық даралықты, қайталанбас бірегейлікті құрметтеуінен көрінеді. Зиялыштық таптан, ұлттан тыс, мұндай шектеушілікке бармайды. Әрбір жеке тұлғаның құндылығын ұғынуга, сезінуге ұмтылуыштығымен зиялыштықтың әлсіздер мен қорғансыздарды қорғаушы болып шығады, көпшіліктің пікіріне қарсы болуы, өзін жалғыздыққа душар ететін жағдайға ойысуы мүмкін. Өзінің ұстанымы бойынша әрекет жасауға мүмкіндік бола бермейтіндіктен, оған батылдық, ұстамдылық, сезім ырқына берілмеушілік тән болып келеді. Зиялыштық, анығында, адамгершіл демократиялық қоғамда тәлім-тәрбие ісінің мұраты болуға тиіс. Сонымен қатар зиялыштықтың қалыптасуына көптеген

факторлардың: қоғамның әлеуметтік дамуы мен мәдениет деңгейінің, әлеуметтік ортаның, тәрбие жүйесінің әсер-ықпалы көп [144].

Сонымен, маманның жалпы мәдениетін құраушылар оның кәсіптік мәдениетінің компоненттеріне айналады және керісінше кәсіптік мәдениеттің дамуы маманның жалпы мәдениеті деңгейінің өсуіне ықпал етеді. Осындай құраушылардың қатарына саяси, адамгершілік, құқықтық, ұйымдастырушылық, психологиялық, педагогикалық және басқа да аспектілері жатады. Бұл қасиеттерді иелену қажеттілігі қазіргі дең шынықтыру, спорт саласы мамандарының тұлғасына қойылатын талаптарға негізделген.

Осылайша, маманның қарым-қатынас мәдениеті тұлғаның жалпы мәдениетін құраушы бола отырып, оның мәдениетінің осы негізгі екі элементінің өзара байланысы нәтижесінде кәсіби мәдениеттің компонентіне айналады. Осыдан қарым-қатынас мәдениеті қазіргі маман тұлғасының кәсіби маңызды қасиеттеріне айналады.

Қарым-қатынас мәдениеті ұғымы ғылымда оны жан-жақты талдаудың қажеттілігін көрсетеді. Қарым-қатынас пен мәдениеттің ажырамас тұтастығын көрсететін негізгі жол кемел тұлғаны дамытуда, тәрбиелеуде, қалыптастыруды оның қоршаған дүниені қабылдауы, менгеруі және табиғи, әрекеттік, әлеуметтік қатынасы. М.С.Коган өз еңбектерінде қарым-қатынас мәдениетін рухани және қатынастық материалдық құндылықтар байлығы, адамзат санасы, тұрмысы, өткені мен бүгіні деген анықтама береді [119].

Мұғалімнің қарым-қатынас мәдениеті үшін педагогикалық қарым-қатынас негіздерін білу қажет. Педагогикалық қарым-қатынас - қатынасты ұйымдастыру және дамыту үдерісі, педагог пен тәрбиеленушінің арасындағы өзара түсінушілік пен өзара іс-әрекет. Ол жөніндегі оқу материалдары ғылыми жұмыстың алдыңғы тақырыбында қарастырылды.

Сонымен, мәдени қарым-қатынасты тәрбиелеу үдерісін ішкі мән-мазмұнын құраушы коммуникативті қабілеттіліктерді қалыптастыру - белгілі бір бағыттылықты ұстануды, білім алу үшін оқуды, дағды мен біліктілікті қалауды, таным, қабылдау, есте сақтау, ойланымпаздылық т.с.с. психологиялық үдерістерді жетілдіріп тұруды қажет етеді.

Әрбір адамның қарым-қатынас мәдениеті, оның дара тұлға ретінде қалыптасуы өткен белгілі бір әлеуметтік топтың мәдениетін менгерген жағдайда ғана орнығады.

Адам әлеуметтену барысында тілді үйренеді, мінез-құлық үлгілерін, қарым-қатынас нормалары мен ережелерін меңгереді, мәдениет сырын таниды. Бұларды меңгеру дегеніміз - адамның олардың пайdasы туралы мәліметтерді білумен ғана шектелмей, өз игілігіне де айналдыруы. Сайып келгенде, адам сөйлеуді үйреніп, басқа адамдарды түсіне бастайды, олардың іс-әрекеттерін аңғарады, өзінің жеке басы мінез-құлықтарын қалыптастырады және реттейді, ішкі байлық жүйесін жасайды. Қарым-қатынастың мәдениет формалары жеке игілігіне асуы үшін кемінде екі үдерістің өтуі шарт. Олар: біріншіден, қарым-қатынастың мәдени құралдарымен танысу; екіншіден, осы құралдарды өз деңгейінде игеру мақсатында адамдардың белсенді өзара ықпалдастықта болуы және оларды қолдануды үйрену, қарым-қатынастың жаңа амалдарын іздеу, оны өздерінің жасауы.

### **1.3 Мұғалімнің қарым-қатынас мәдениеті – болашақ педагогтарды даярлау бағдары**

Мектеп мұғалімдерінің көпшілігі оқушылармен, жаттықтырушылар жас спортшылармен жұмыс істеу қындағанын атап өтуде. Дегенмен біздің қолданылатын әдісіміз «Өмірдің мәңгі жасыл ағашы» - өскелен ұрпақтың қажеттілігін қанағаттандырмайды.

Негізгі рөлді педагогтың шеберлігі атқарады. Бүгінгі күнде техникалық өзгерістер мұғалімнің мектептегі қызметін күрделендірді. Ол тек қана ақпарат беруші емес, тәрбие мен білім беруді ұштастырып, баланың дамуына ықпал етуші. Бүгінгі таңда оқушы орта есеппен 80% дейін ақпаратты мектептен тыс жерде алады. Бұл жағдайға кедергі болу үшін алғашқы білімді ұстаздан алыш отырса, қарым-қатынасты, сонымен бірге әлеуметтік-психологиялық ахуалды жақсартады. Оқыту мен тәрбие үдерісінің бірігуі мұғалімнің, тәрбиешінің педагогикалық мәдениетінің артуына негіз болады. Сонымен бірге оқушы тұлғасына талап күшіне тусаді.

Ұстаздың ең негізгі қасиеті шәкірттермен үйлесімді қарым-қатынас орната білуінде, оларды басқара алуында. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде іс-әрекеттің нәтижелі болуы үшін мұғалімнің коммуникативті қабілеттерін көбірек атап көрсетеді.

Әрине, балалармен позитивті қатынас жасау оқушыға

сүйіспеншілікпен қарауға негіз болуы керек. В.А.Сухомлинский осы жағдайларды дұрыс түсінген. Оның пікірі бойынша, баланы жақсы көруді үйрену ешбір оку орында, ешбір кітапта жазылмайды. Бұл қабілет тұлғаның қоғамда өмір сүріп, басқа адамдармен қарым-қатынас жасауды нәтижесінде дамып отырады.

Бірақ табиғатта педагогикалық еңбек күнделікті қатынаста тұлғаға болған сенім мен сүйіспеншілік жоғарыда атап өтілгеннің бәрі педагогикалық қарым-қатынас занылыштарын білуді талап етеді немесе баламен қарым-қатынас негізінде оқыту мен білім беруді, алдыңғы қатарға қояды. Бұл кеңес зерттеуші-ғалымдары Ю.П.Азаров, А.А.Бодалев, Н.В.Кузьмина, А.А.Леонтьев, А.В.Петровский және т.б. еңбектерінде зерттелген [96, с.7].

Педагогикалық тәжірибелерге сәйкес мұғалімнің ғылыми білімді болу жеткіліксіз, оған оқыту-тәрбие әдістемесін білу қажет. Өйткені, оның барлық білімі мен тәжірибесі оқушылармен қарым-қатынас нәтижесінде үлгі болуы мүмкін және болады.

Күнделікті көп салалы педагогикалық үдерісті елестетін болсақ, онда оның компоненттерін көреміз. Көpsалалының ішінен үш көрсеткішті атап ету керек, олар:

- мазмұндық;
- әдістемелік;
- әлеуметтік-психологиялық компоненттер.

Жоғарыда аталғандар ішкі құрылым және білім беру, сонымен бірге тәрбиенің мазмұндық аспектісіне тоқталсақ, олар оның: тәрбие және білім беру мазмұны. Әдістемелік білім беру мен тәрбие аспектілері кеңінен зерттелген. Өкінішке орай, ең негізгі мәселе - әлеуметтік-психологиялық, дәлірек айтсақ, жалпы құрылым, мазмұндық, әдістемелік білім беру деңгейіне сай болып тәрбие үдерісінің жүзеге асуын қамтамасыз етеді.

Педагогикалық қатынасты әрбір мұғалім менгеруі керек. Себебі, ең қызықты, нәтижелі оқыту мен тәрбие құралдары, заманауи прогрессивті оку-тәрбие әдістері өз жемісін береді, әрине, егер педагогикалық қарым-қатынасты дұрыс ұйымдастыра алсақ.

Педагогикалық тәжірибелерді зерттейтін болсақ, еріксіз педагогикалық қарым-қатынас әр түрлі жағдайлардағы қатынастың маңыздылығына көніл бөлінеді.

- Сабакқа келдің, дайындалып, білгенінді, түйгенінді жеткізейін деп,

ал оқушылар болса тыңдал та отырған жоқ...

- Мен оларға Абай Құнанбаев жөнінде айтсам олардың ойы мүлдем басқада...

Бұл жағдай көбінесе дұрыс ұйымдастырылмаған қарым-қатынас нәтижесі. Осыған байланысты мектепке жаңадан келген мұғалімдердің оқу-тәрбие барысында кездесетін кейбір қыындықтарды атап көрсетуге болады, олар:

- 1) Үйлесімді қарым-қатынас орната алмау.
- 2) Оқушылардың ішкі психикалық позициясын ескермеу.
- 3) Сабак уақтысында қатынасты басқару қыындығы.
- 4) Педагогикалық міндеттерге байланысты қарым-қатынасты сәйкестендіре алмау.
- 5) Дұрыс сөйлей алмау.
- 6) Қарым-қатынас барысында психологиялық жағдайды тиімді басқара алмау.

Назар аударатыны, мұғалімнің эмоциялық жағдайы білім беру барысында қаншалықты маңызды екені, білім алушылардың көңіл-куйіне, педагогикалық үдеріске әсері қаншалықты екекндігі.

Дұрыс дауыс ырғағы, бет әлпеті, іс-әрекеті, қимылы жас мұғалімге жетіспей жатады. Оқытушының тіл байлығы да өте маңызды, ол тәрбие мен білім беру барысында туындаитын көптеген қарама-қайшылықты болдырмайды немесе орын алған қайшылықты онай шешуде құдыретті күш. Даналар бекер айтпаған: «Білім жүрекке жылу ұялатпайды, егер ол түбіне дейін бармаса». Бұл жоғары дәрежеде актерлік, шешендік өнер бірлігінің нәтижесінде жүзеге асады.

Педагогикалық үдерісте – білім беру барысында қарым-қатынас тәрбиесінің маңызды бөлігі қалыптасады. Көптеген мұғалімдерге таныс: мұғалімде болған қатынас оның беретін пәніне әсерін тигізіп отырады. Бұл көптеген педагогикалық-психологиялық зерттеулер барысында анықталған. Педагогикалық үдерісте қарым-қатынас материя сияқты алдыңғы орында тұрады. Соның негізінде білім мен тәрбие қоректенеді. Барлығы жиналып жеке тұлға ретінде қалыптасуына септігін тигізеді. Дегенмен, олардың өзара қарым-қатынасы, психологиялық, технологиялық қабаты - педагогтар тарапынан іс-әрекеттерінің биіктегені. Мұндай жағдаяттан шығудың бір ғана жолы бар, ол - мұғалімнің қоғамдық жұмыстарын зерттеу.

Кезінде өндірістік кәсіби техникалық білім беру жүйесінде арнағы зерттеу жүргізілген. Бұрынғы жұмысшылар өздерінің педагогикалық қабілеттерін тексеріп көреді. Зерттеуде көзделген мақсат: педагогикалық іс-әрекет барысын талқылау. Солардың ішінде төмендегілері атап өтілген [96, с.10]:

- 1) іс-әрекеттің өзгермелі жағдайлары, оның шығармашылық сипаты, жаңа міндеттерді тұрақты шешуге қажеттілік;
- 2) коммуникативтік іс-әрекет педагогикалық еңбектің міндетті құраушысы ретінде;
- 3) дауыс аппаратының, сөйлеуінің, ым-ишарапты мүмкіндіктерінің, т.б. дамығандығы.
- 4) кәсіби талап ретінде адамдармен қарым-қатынаста өзінің психологиялық жағдайын басқару қажеттілігі.

Көріп отырғанымыздай, педагогикалық еңбектің екі жақты аспектісі нақтыланады: балалармен қарым-қатынас барысындағы шығармашылық және педагогикалық шығармашылық үдерісінде балалармен қатынас жасау.

Педагог пен білім алушының қарым-қатынас үдерісінің өзі педагогикалық іс-әрекеттің басты кәсіби категориясы ретінде көрінеді [145].

«Педагог - білім алушы» жүйесінде педагогикалық қатынас кәсіби қатынастың түрі болып табылады және ұйымдастырушының, тәрбиешінің, жетекшінің, өндірістік оқыту шеберінің, дәрігердің және т.б. іс-әрекетінің ажырамайтын элементі ретінде көрініс табады.

Педагогикалық іс-әрекетте күнделікті қарым-қатынасты кәсібілендіруді интенсивті үдеріс ету жүруде. В.А.Сухомлинскийдің айтуы бойынша: «Мұғалім сөзі - тәрбиеленушілердің жанына жылулық ұялататын құрал. Мұғалімнің шеберлігі ең алдымен сөз байлығында, адам жүрегіне жол таба алуында» [146]. Педагог әрқашанда көп қырлы коммуникативті іс-әрекетте болады. Сол себепті негізгі рөлді болашақ педагог мамандарын даярлауда қарым-қатынастың қыр-сырларын үйрету негізгі рөлге ие.

Тағы бір педагогикалық қарым-қатынас аспектісі - өзін-өзі басқару қабілеті, психологиялық жағдайларын игере алуы, психологиялық кедергілерден өтуі, шығармашылық қабілеттің оятуы, әр қашанда оптимист бола білуі. Мұғалімнің көңіл-күйі сыныптағы оқушыларда байқалады.

Осы жағдайды есте сақтау және өз эмоциянызды игеріп үйрену керек.

Сөйлеу қабілеті және оның педагогикалық қатынастағы рөлі.

Мұғалімдердің қызметін талдау олардың әдеби көркем сөздермен нығайтылмағанын, бірақ жақсы дайындалған сабак өз оқушылары мен тәрбиеленушілерінің мүмкіншіліктерін жүзеге асыруды толығымен қамти алмайтындығын көрсетеді. Сондықтан да педагогтің сөйлеу мәдениетінің дамуын, біріншіден, оқытудың онтайлығын арттыру құралы ретінде, екіншіден, тәрбие беруді қүшайтетін фактор ретінде қарастырады.

Сөйлеу қабілеті мұғалімнің коммуникативті қабілетінің, жалпы алғанда мәдениетінің құрамдас бөлігі болып табылады. Психологтар сөйлеу қабілетінің келесідей компоненттерін бөліп көрсетеді: жақсы ауызекі есте сақтау, тілдік құралдарды дұрыс таңдай білу, логикалық дұрыс құра білу және дұрыс айтуды, сұхбаттасуышы адамға сөзді бағыттай білу, т.б. Сондай-ақ, сөйлеу қабілетін жүзеге асыруда маңызды рөлге мұғалімнің жалпы білімділігі мен мәдениеті ие болады.

Педагогикалық қарым-қатынас үздіксіз үдеріс ретінде құралуы тиіс, мұндай болмаған жағдайда сабактың коммуникативті бағыттылығы бұзылады, педагогикалық сапалылығы төмендейді. Педагогикалық қарым-қатынас сабактың жалпы коммуникативті құрылымын бейнелейтін сансыз көп коммуникативті міндеттер жүйесі болып табылады. Әрекет ету – қарым-қатынас үздіксіз болып отырады. Тіпті педагог үндемей отырып, оқушыны тыңдайды, оқушының дене жаттығуларын бақылайды. Мұғалім сабак барысында отырады, тұрады, сөйлейді, тыңдайды, яғни үнемі әрекет етеді. Оның әрекеті әртүрлі формада болады. Оқушылар осында педагогтың ішкі психикалық әрекетін, яғни тыңдау, талдау, салыстыруын қабылдауы керек, өйтпесе бірлесіп іздену аясын жоғалтып алады [147].

Педагог өзіне тән моделді қалыптаиды. Адам, оның ішінде мұғалім де өзінің мінез-құлышық моделін қалыптастырады. Мінез-құлышық моделін таңдал алу критерийлері:

1. Өнегелілік. Модельді субъективті ғылыми жүйелеуге қарағанда, жалпы қабылдаған түсініктемелер бар, яғни олар шыншылдық, әділеттілік, намыс.
2. Нақты жағдайды есепке алу, ол жағдайда тұлға іс-әрекеттер жасайды немесе жүйеге байланысты әрекетте болады.
3. Мақсат - тұлғаның алдына жүйелеп қоятын мақсат.

4. Өзіндік сынды бағалану - нақтылы мінез-құлықты модельді өзіндік қолдану мүмкіншілігі.

Мінез-құлық модельдерінің айшықты белгілерін өзіндік өмірлік жүйеде тиімді қолдана білу - имиджелогияның маңызды ережелерінің бірі.

Педагог тәртібі оның педагогикалық әрекеттерін адамгершілік тұрғыдан реттейді, барынша толыққанды кәсіби-этикалық сипаты мен мақсатқа сәйкестігі педагогикалық тәртіптің келесі сипаттарында (мінез-құлықта) ұсынылған [148]:

- талапшылдық, жеке бастың қасиетін қорламау, тұртпектей бермеуінде;
- қарым-қатынас барысында табиғильтік, қарапайымдылық танытып, мәймөнделік пен өрескелдікке жол бермеуінде;
- бірбеткейліксіз ұстанымшылдығы және табандылығында;
- аса дабыраламайтын зеректік пен сезімталдығында;
- тұлғаның жеке басын қорламайтын әзіл-сықақ қолдана білуінде;
- иландыру, нандыру, ескерту, ұсыныс жасау және қысымшылық пен қорлықсыз жазалай білуінде;
- өз білімі мен кәсіби даярлық деңгейінің артықшылығын атап айтпай-ак, білім алушыларды оқыта және тәрбиелей білу қабілетінде;
- білім алушыларды тыңдай білуі, оның және өзгелердің сұрақтарға берген жауаптарына тыңғылықты қарай білуінде;

Жоғарыда аталған педагогикалық тәртіп тұрларі педагогтың тұрлі оку-тәрбие міндеттерін шешу барысында көрініп, олардың кәсіби қызметінің тиімділігі мен сапасын арттыруға ықпал етеді.

#### **Кәсіби әдеп сипаты келесі жағдайда көрінеді:**

- педагогтың сыртқы келбетінен;
  - кез келген орын алған жағдайды жылдам және дұрыс бағалай білуі, сондай-ақ өз тәрбиеленушілерінің тәртібі мен қабілеті туралы қорытынды жасауға асықпауынан;
  - өз-өзін ұстай білу, қыын жағдайда сезімге жол бермей, салқынқандылық танытуынан;
  - оқушыларына қоятын талаптарының ойға сыйымдылығы мен оларға деген сезімталдығынан;
  - оқушылардың жас және жеке-дара ерекшеліктерін жақсы білуінен;
  - өз еңбегіне сынни көзқараспен бағалай білуінен.
- Әдепті педагог жұмысқа, іскерлік кездесулерге уақытында келеді;

өзінің әріптеріне, оқушыларына, олардың ата-аналарынан алған заттарын уақтылы қайтарады; айналасындағы адамдарға залал келтіретін, алып-қашпа сыйыс пен расталмаған фактілерді дауыстап қайталамайды.

Педагогикалық тәртіп қолданылатын педагогикалық әсер етудегі әдіс, тәсілдердің негізділігімен және икемділігімен сипатталады. Ол бір қалыптылық пен формализмге төтеп бермейді. Тәртіп негізі – педагогтың шыдамдылығы мен салмақтылығында. Педагог ретінде шығармашыл ұжымды басқарушы тәртіпті басшының басты қасиеті - жоғары талап қоя білу, тәрбиеленушілерге шынайы құрмет көрсету. «Тәртіп» түсінігі көптеген жиынтықтардан құралады, бірақ, олардың бәрі кішкентай адаммен және оған деген ерекше сезімталдықпен, қамқорлықпен байланысты. Педагогикалық тәртіп - мұғалімнің педагогикалық қызметіндегі сан түрлі жоспарлы рөлі шартты мұғалім мінезі мен тактикасының икемділігін көздейді. Сабакта - нақтылық, сипайылық, ұжым сабакқа дайын болмағанда қаталдық. Сабактан тыс уақытта - жеке әңгімелесу, саяхат кезінде, серуен барысында аса қажет болатын шынайылық, ақжарқындық.

Педагогикалық тәртіп икемділігінің орнына айқай салу, көп сөйлеу, ызақорлық таныту кезінде педагогикалық кәсіби қызметті тез арада, керісінше, сипаттағы педагогикалық әлсіздікке айналдыруға болады деп тұжырымдайды психологтар. Бұл дәрігердің сырқат адамға көмек көрсетудің орнына, оны ұрып тастауымен пара-пар деген сөз.

Кәсіби-педагогикалық қарым-қатынас әдебінде стиль де маңызды рөл атқарады. Педагогтың оқушыларымен ара-қатынас **стилі** – бұл әлеуметтік және адамгершілік категория. Ол көптеген маңызды факторларға сай қалыптасуымен қатар, соған тәуелді болады:

- адамның психикалық қалыптасуына;
- оның құндылық бағытына;
- білім деңгейі мен жалпы мәдениетіне;
- маңындағы әлеуметтік органдың әсеріне;
- адамдардың беделіне (педагогтың қалыптасуына барынша ықпал еткен тәжірибелі педагогдардың өнегесі).

Ешқандай саулнама жинақтары мен ешбір саул-сұрақ өткізу жұмыстары мұғалім мен оқушы, тәрбиеші мен тәрбиеленуші арасындағы тікелей қарым-қатынасты ауыстыра алмайтынын тәжірибе көрсетіп отыр. Бұл үдерісте мұғалім тарапынан көбіне ақпараттық мәлімдеме басым

болады. Мұғалім осындағы қысым көрсеткен жағдайда, қарым-қатынас жоғалып, түсініспеушілік орын алады. Мектеп педагогы өзінің оқушыға жасайтын психологиялық ықпалын ескере бермейді, ал бұл болса назардан тыс қалмайтын жағдай. Педагог әр баланың жүргегіне жол тауып, оның жан дүниесінің «құлпын» аша білуі тиіс. Ол өзінің бір ауыз сөзі бала өмірінде үлкен рөл атқаратынын және оны өмір бойы есіне сақтап қалатынын білуі керек.

Педагог пен оқушы қарым-қатынасының талаптарын қалыптастыру қажет десек, олар:

- сенімділік;
- баланы тыңдай білу;
- өз ара түсінушілікті негізге алу;
- іскерлік қарым-қатынас;
- ықпал етуден өзара әрекет жасауға көшу қабілеті;

Бұл үдерістің барысындағы ең маңыздысы мұғалімнің қарым-қатынас шығармашылығы болып табылады. Бірдей тапсырманы, бірдей әңгімені мұғалім әр түрлі ырғакпен, әр түрлі көңіл-күймен беріп, өткізе алады.

Адамдармен жақсы қарым-қатынас құру мұғалімнің кәсіби қасиеті - оқушыны тыңдай, ести білуіне тәуелді. Педагогтың ең маңызды кәсіби қасиетінің бірі – көшбасшылық қабілетінде.

Мұғалім еңбегінің сан қырлылығы осыдан өрбиді және оларды төмендегіше көрсетуге болады:

- мұғалімнің өз пәнін менгеруі;
- оны үздіксіз ұштай, шыңдай түсуі;
- мұғалімнің тілді менгеруі, сөйлеу шеберлігі;
- байқағыштық сезімі – көрегендігі;
- жасампаздығы;
- жан-жақты дарындылығы;
- үздіксіз, тынымсыз ізденімпаздығы;
- үлгі-өнегесі немесе педагогикалық әдеп-этикасы.

Мұғалімнің келбеті, сыртқы мәдениеті, қарым-қатынасы, өзін-өзі басқаруы, бақылауы, сөйлеу мәдениеті, үнемі жаңа сипатқа ие болып отыруы мұғалімдік мамандыққа тән қасиет. Сөз өнері – халықтың ішінен орақ тілді, от ауызды небір шешендерді шығарған. Олардың айтқан сөздері ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, ғасырлар бойы жасап келеді [149].

Педагогикалық мәдениет – бұл күрделі мағынадан құрылған, өзінің

мазмұны бойынша кең және ерекше категория. Оның құрылымын анықтау, бір жағынан ғылыми-педагогикалық қызығушылық тудырады, өйткені теориялық көзқарастардың жетілдіруіне ықпал етеді, басқаша жағынан – болашақ мамандардың педагогикалық мәдениетінің қалыптасуына берік негіз бола алады. Логикалық-этимологиялық түрғыдан алғанда «педагогикалық мәдениет» сөзі іргелі және «кәсіптік-педагогикалық» пен «педагогикалық шеберлік» сөздеріне қарағанда кеңірек түсіндіріледі. Педагогикалық мәдениет негізінде таным, дәстүр, тәжірибе және жаңашылдық жолымен педагогикалық кәсіби дағды қалыптасады, ал оның дамыған жоғары деңгейі педагогикалық шеберлікке айналады.

Аталған мәселеге авторлардың [150,151,156] түрлі көзқарастары мен пікірлерін талдау «педагогикалық мәдениет» құрылымынан келесі төрт негізгі блокты ажыратуға мүмкіндік берді:

*1. Педагогикалық тұлғаның арнайы қабілеттері және қасиеттері.*

- Іскерлік қасиеттер (адалдық, жауапкершілік, еңбексүйгіштік, тәртіптілік, жігерлілік, дәлдік.)

- Рефлексивтік қасиеттер (ұқыптылық, жинақылық, өзіне өзі сын көзімен қараушылық, кең дүниетаным, білімдарлық).

- Коммуникативтік қасиеттер (ықыластылық, шыншылдық, сенімділік, әділдік, ұстанымдылық, талап қоюшылық, міндеттілік).

- Эмпатиялық қасиеттер (ізгіліктілік, өзара түсінушілік, мейірім, әдептілік, міндеттілік, сырласу және аттракцияға қабілет).

*2. Педагогтің идеялық-адамгершілік қасиеттері.*

- Идеялық-адамгершілік қасиеттері (сенушілік, табандылық, отансүйгіштік, ұжымшылдық, парасаттылық, зиялышылық).

*3. Педагогтің кәсібілік-мінез-құлық әдебі.*

- Тұлғаның өмірінің айрықша қалпымен, оның адам тәрбиелеу және оқыту саласындағы көзқарастары мен пікірлерінің, арнайы қарым-қатынас жүйесін тұрақты түрде жетілдіруге орай бағытталуымен және ұмтылышымен сипатталады.

*4. Педагогикалық шеберлік.*

- Пәнін терең білуі (кәсіби құзырлылығы, арнаулы-әдептілік даярлығы, оқыту және тәрбиелеу тәжірибесі, ғылыми дәрежесі).

- Педагогикалық технология (сөйлеу техникасы және мәнерлілігі, ойының терендігі және жүйелілігі, пікірінің сенімділігі, ым-ишарапың

мәнерлілігі, үлгілі қалып, қажетті әдістерді таңдай білу шеберлігі).

- Педагогикалық шығармашылық (шығармашылық қиял, ізденімпаздық ой ұшқырлығы, жаңа ақпарат іздеу қажеттілігі, экспериментке ұмтылыс).

- Педагогикалық стиль (педагогтік сенушілік, өзінің және өзгенің іс-әрекетін теңбе-тең қабылдау және бағалау қабілеті, педагогикалық бағытты қарым-қатынас және мінез-құлық, педагогикалық әдеп, тыңдай, ести білу қабілеті, адамдардың ішкі жандуниесін тануға деген қызығушылық).

Педагогикалық мәдениеттің берілген құрылымы оның концептуалдық моделін (үлгісін) кеңірек түрде қарауға мүмкіндік береді.

«Педагогикалық мәдениет» түсінігінің құрылымын [151,152] зерттей келе, оның құрамындағыларды көп ажыратқан сайын біз бұл ұғымға тән анық мәнінен алшақтай беретіндігімізді мойындауға тұра келеді. Педагогикалық мәдениет - арнаулы мазмұнына қарай кең категория. Педагогикалық мәдениетті жүзеге асырушы жеке мінез-құлық сипатында көрінетін, өзіне тән қажеттіліктер, қызығушылықтар, көзқарастар, мұрат-мақсаттар жүйесіне белгілі бір тұлға болып табылады.

Ғалым-педагог М.А.Құдайқұлов кез-келген әрекеттің тиімділігі адамда қалыптасқан білім, дағды, іскерліктен тұратынын дәлелдеді. Оның ойынша, бұл сапалар еңбек үдерісі мәдениетінің негізінде әртүрлі деңгейде болады. Білім саласындағы мәдениеттанымдық – тұлғаны өркениеттілікке, мәдениетке, жоғары сауаттылыққа, кәсіби деңгейге көтереді. Ал, ол «педагогикалық мәдениет» ұғымымен байланыста болады [153].

«Педагогикалық мәдениет» - педагогика санаты ретінде нақты ғылыми анықтамамен гуманитарлық ғылымдар және педагогика ғылымының аппаратына ене бастады. Қазіргі уақытта ғалымдар тарапынан педагогикалық мәдениет санаты айтарлықтай қызығушылық туғызып отыр. Педагогикалық мәдениет – адамның жалпы мәдениетінің бір бөлігі.

Педагогикалық мәдениет даму деңгейінде төмендегі құрылымдардан тұрады: әлеуметтік-педагогикалық, ғылыми-педагогикалық, кәсіби-педагогикалық. Педагогикалық мәдениетті әртүрлі көзқарас тұрғысынан зерттеуге болады: біріншіден, педагогикалық іс-әрекет жүйесі ретінде, екіншіден, педагогикалық іс-әрекет бағыты ретінде, үшіншіден, педагог

тұлғасының жалпы көрінісі ретінде.

Біздер ғылыми еңбегімізде педагогика және мәдениеттаным ғылымдары арақатынасынан шығатын бұл идеяларды толық қуаттаймыз.

Педагогикалық мәдениет – бұл жалпы адамның мәдени шығармашылық деңгейі, мәдени бағыт-бағдары. Кейбір ғылыми еңбектерде «Педагогикалық мәдениет» түсінігіне мынадай анықтама беріледі: педагогикалық мәдениет оқытушының қоғамды, өзін, органды менгерудегі, теорияны тәжірибемен ұштастырудың гуманистік қарым-қатынастың қалыптасуы, сараланған сапалық іс-тәжірибесі [154].

Педагогикалық мәдениет мазмұны (адамгершілік түрғыдан алғанда) өзге жоспарға ие: білім беру, оқыту; бағыт сілтеу - бұл оқытушының негізгі, бірақ ең маңыздысы іс-әрекетінің өмірлік мәні. Басқа адамдар көзімен қарағанда ол әлеуметтік кемелденудің рухтанған өнегесі қалпында танылады. Оның дүниетанымдық мінез-құлқына, өміріне, әр құбылысқа көзқарасына қарап, ұқсауға ұмтылады [155].

Гуманист-педагог адамдарға психологиялық-педагогикалық ықпал ету барысында аттракциялық, эмпатиялық, рефлексиялық қасиеттерін анық танытады [156].

Аттракция (латын сөзі *attractīc-* өзіне тарту) - педагогтың өзіне жүртты тартатын күшке ие болу, қоршаған адамдарды баурап алу, ашық, әсерлі болу қабілеті.

Эмпатия – педагогтың басқа адамды, оның реніштерін, іс-әрекетінің себептерін және сыртқы ортаға әсерін қырағылықпен сезе білу шеберлігі; бұл жақын адамның ішкі жан-дүниесін түсіну, оның көңіл-куйінің жағдайын онымен бірге бөлісу.

Рефлексия - бұл педагогтың өз жағдайын, өзінің психологиялық қалпын ұғыну, өзіне сырт көзben қарап, басқа адамдар қалай бағалайтындығын сезіну қабілеті.

Педагогикалық іс-әрекетті талдау барысында айқын және бейнелі сөз қолданбаған сабактарда оқыту-тәрбиелеу мүмкіндіктері толық жүзеге асырыла алмайтындығы байқалады. Педагогтың сөйлеу мәдениетін дамыту оқытуды белсендеру және тәрбиелік ықпал етуді күшету үшін қажет. Оқытушы жақсы ауызша, сөз зердесіне ие болуына, тілдік құралдарды дұрыс таңдай білуге, ойын жүйелі жеткізе білуге, сөзін тыңдаушысына сай бағдарлауға, сонымен бірге сөзінің әсер ету нәтижесін сезіне білуге міндетті. Ауызша қарым-қатынасының мәдениеті мен

білімдарлығы да ерекше рөлге ие.

Сөйлеу мәдениеті туралы ілім Ежелгі Гречияда және Ежелгі Римде – шешендік өнердің теориясы мен практикасында пайда болған.

Я.А. Коменский педагог оқушылардың зейінін толық аудара алатындағы деңгейде сөзді игеруі міндепті деп есептейді. Ол оқытушының тілі дәл және айқын, оқушылар үшін жағымды және мәнерлі болуы керектігін жазады [157].

Сөйлеу мәдениеті - педагогтың рухани байлығының, оның ойлау мәдениетінің маңызды көрсеткіші және тұлға қалыптастырудың зор құралы болып табылады. «Сөйлеу мәдениеті» ұғымы үш мағынада қолданылады:

- Әуелі сөйлеудің белгілері мен қасиеттері, ол оның коммуникативтік кемелдігін көрсетеді.

- Сөйлеу мәдениеті - бұл адамның дағды және білімдерінің жиынтығы, ол қарым-қатынас үшін тілді тиімді түрде қолдануды қамтамасыз етеді.

- Сөйлеу мәдениеті - бұл сөйлеу туралы оның коммуникативтік қасиеттері жүйесі және жиынтығы ретіндегі лингвистикалық білімдердің саласы.

Сөйлеудің коммуникативтік қасиеттерін студенттерге ықпал ету үшін қажетті екендігін ескере отырып, біз сөйлеу мәдениетінің ілім ретіндегі пәнінен оның коммуникативтік әсер етуіндегі тілдік құрылымынан қарастыратын боламыз.

Тіл мен сөйлеу әрдайым бірлікте қарастырылады, алайда олар бірдей ұғымдар емес. Тіл ретінде жалпы қабылданған мазмұны бекітілген, сөйлеу практикасында өндөлген тілдік белгілер жүйесі түсініледі. Сөйлеу - жеке дербес тұлғалардың тілдік іс-әрекеті, мұнда тіл нақты іс жүзінде қолданыс табады [158].

Тіл мен сөйлеу бірін-бірі толықтырып отырады, олардың арасындағы айырмашылықтар қарама-қайшы емес.

Егер тіл қарым-қатынас құралдарының жүйесі болса, онда сөйлеу - бұл жүйені жүзеге асыру (тікелей айту, мәтіндер). Сөйлеу тіл ережелері бойынша жүргізіледі. Тілдің маңызды қоғамдық функциялары төмендегілер болып табылады [159]:

- қарым-қатынас - күнделікті ауызша әңгімелесу стилі;
- хабарлау - іскерлік және ғылыми стиль;

- әсер ету – публицистикалық және көркем-әдеби стиль.

Тілдік құралдарды түрліше пайдалануға болады, дегенмен дәл коммуникация құрылымын таңдаудан жалпы мәдениет, әсіресе педагог мәдениеті танылады.

Егер оқытушы аудиториямен қарым-қатынасын тиімді жүргізгісі келсе, оның мынадай міндеттерін нақтылап алғаны жөн: ол не мақсатпен сөйлеуі керек, нені айтуы қажет, сөзін қалай көркемдеу керек. Педагог сөзі оку міндеттерінің ғана шешімін таппайды. Сөйлеу тәрбиесі үздіксіз жүріп жатады, өйткені оқушылар оқытушыға ұқсауға тырысады.

В.А. Сухомлинский мұғалімнің педагогикалық шеберлігі оның сөздің тәрбиелік қасиеттерін игеру шеберлігіне тікелей қатысты деп есептеген [146, б.73]. Педагогикалық мамандарды даярлаудың маңызды шарты - барлық мамандық студенттерінің тілге деген мұқият және ойлы қарым-қатынасын тәрбиелеуді мақсат ету, олардың тілдерін дамыту.

К. Паустовский былай деп жазған екен: «Әр адамның өз тіліне қарым-қатынасы бойынша оның мәдени деңгейі ғана емес, азаматтық құндылығын да тануға болады. Еліне деген шынайы махаббат өз тіліне сүйіспеншіліксіз мүмкін емес» [160].

Тілден және тіл арқылы әр адамның өз елінің, халқының кешегісі мен бүгінгісінің ажырағысыз байланысы танылады. Міне, сондықтан да сөз тәрбиесі туралы, туган тілдің тазалығы жөнінде, сөйлеу мәдениетін көтеру жайында үнемі қамқорлық қажет. Мәтіннің, жанрдың және т.б. маңызды сипаттамасы тілдік құралдардың құрамы болып табылады. Мысалы, ғылыми еңбекте - арнайы лексиканы көп кездестіруге болады, газет-журналда - қоғамдық-саяси, публицистикалық, тарихи романда – архаизм, историзмдерді, драмалық шығармада ауызша сөйлеу лексикасын кездестіреміз.

Педагогтың сөйлеу мәдениеті – бұл сөйлеу шеберлігі, стильтік жағынан сәйкес нұсқасын таңдай білу, ойын мәнерлі және түсінікті баяндай білу шеберлігі. Мұны педагогикалық практика барысында біртіндең қалыптастыруымыз керек.

Адам сөзі, сөйлеуі – бұл күрделі және көп құрамды түсінік. Педагог ауызша және жазбаша әдеби тіл нормаларын, яғни айту, екпін, грамматикалық, сөз ережелерін қолдана білуі міндетті. Әдетте, осы көзқарас түрғысынан сөйлеуді дұрыс не бұрыс деп бағалайды.

Педагогтың сөйлеу мәдениеті, кез-келген зиялды адамның да жалпы

мәдениеттің жоғары деңгейінен және туған тіліне махаббатынан көрінеді. Эстетикалық әсем дауысқа бай, мазмұнды және бейнелі тілге ие педагог оқу-тәрбие міндеттерінің жемісті түрде шешімін таба алады. Сөйлеудің күші, ыргағы, әуені, сонымен бірге шынайылығы мен табиғильтің да үлкен мәнгеге ие.

Мұғалім қазіргі жағдайда еркін бағдар алатын және бейімделетін құзыретті болуы керек. Сонымен қатар, педагогикалық, кәсіби мәдениетті менгерген болуы тиіс.

Оның кең тараған сөйлеу мәдениетінің ережелері төмендегідей:

1. Педагог қатты сөйлемеуі қажет, бірақ оны бәрі де еститіндей болуы тиіс, тыңдау үдерісі тәрбиеленушілердің күшпен зер салуын тудырмауы керек.

2. Педагог анық сөйлеу керек.

3. Педагогтың сөйлеу жылдамдығы минутына 120 сез.

4. Мәнерлі сөйлеу үшін логикалық және психологиялық кідірістердің қолдана білу керек. Логикалық кідіріссіз сөйлеу тілі - сауатсыз, ал психологиялық – түсініксіз болады.

5. Педагог интонациямен сөйлей білу керек, яғни логикалық екпінді қоя білу керек, айтылғанды жеткізу үшін кейбір сөздерді бөле білген жөн.

6. Әуендердің педагогика жеке дара түс беріп, баланың эмоционалды жағдайына жақсы әсерін тигізеді: дәрттендердің, қызықтырып, тыныштандырады [161]. Ұстаздың қарым-қатынасының ауызша емес мәдениеті де жоғары болуы тиіс. Ауызша емес қарым-қатынас - бұл бейнелі және қызу мазмұнды білдіретін форма емес, сөзсіз, яғни ымдар, мимика, кейіп, визуалды қатынас және сипау...

Ауызша емес қарым-қатынас вербалды қарым-қатынас сияқты маңызды. Зерттеулер көрсеткендегі, әңгімелесу барысында ақпараттың 45% сөзбен берілсе, ал 55% - вербальды емес түрінде жеткізіледі екен.

Педагогтың вербальды емес әрекеті оның психикалық жағдайымен байланысты болып, оны көрсету құралы болып табылады. Қарым-қатынастың кейбір вербалды емес түрлерін қарастырып көрейік.

*Ақпаратты беру кезіндегі мимиканың рөлі.*

Ақпаратты беру кезіндегі негізгі рөл мимикаға беріледі - бет бұлшық етінің қимылы. Мимика дәурен сүрілетін күйлер, қатынасты білдіреді.

Зерттеулерге сәйкес ұстаздың ақпаратты беру кезінде

беті қозғалмаса, 10-15%-ға дейін мәліметті жоғалтатынын көрсетеді.

*Дененің мың бұралуындағы айқындылық.*

Педагог кейіпі еркін болуы тиіс, еш қысымсыз, психологиялық шектеусіз, «қатып қалу» (мысалы, кеуде тұсындағы қолды айқастыра тік тұру).

*Қарым-қатынас кезінде кейбір принциптерді ұстану қажет:*

- бала қандай болса, солай қабылдау;
- әр адам қайталанбас еkenін ескеру;
- тәрбиеленушінің қабілеттілігіне сену;
- олардың шығармашылық белсенділігін қуаттау;
- бала тұлғасын сыйлау, әрқайсысына жетістікке жету жағдайын жасау;
- бала қадірін кемітпеу;
- балаларды бір-бірімен салыстырмау, іс-әрекет нәтижесін ғана салыстыру;
- әркімнің қателесуі мүмкін еkenін ескеру;
- әркімнің өз ойын айтуға еркі бар, ешкімнің өз ойын айтқанына күлуге құқығы жоқ.

Педагогикалық қарым-қатынаста және қарым-қатынас мәдениетінде мұғалімнің сөйлеу мәдениеті басты мәнге ие. Сөйлеу мәдениеті ғылым ретінде – тілдік пән, мәдениет құралы ретінде тілді зерттеумен және жетілдірумен айналысады.

*Сөйлеу мәдениеті* – сөйлеудің тілдік нормаларын игеру, екпін және сөзді қолдану, сонымен қатар қарым-қатынас кезінде мақсат-мазмұнына сәйкес әртүрлі жағдайларда тілдің мәнерлі құралдарын қолдана білу.

*Педагогтың сөйлеу мәдениетінің компоненттері:*

- фразаларды құрастыру кезіндегі сауаттылық;
- құнделікті өмірде сөздерді сауатты айту: сөздерде екпінді дұрыс қойып, жергілікті диалектіні қолданбау;
- баяндаудағы қарапайымдылық пен түсініктілік: аз сөйлеу.

**Мәнерлілік:**

- интонация және үндестілік;
- сөйлеу қарқыны, кідірістер;
- дауыс ырғағының динамикасы;
- сөздік қоры;

- сөйлеу бейнесі;
- дикция.

Арнайы терминологияны дұрыс қолдану:

- құлаққа ерсі естілетін фразеологиялық тіркестерді қолданбау;
- артық сөздерді қолданбау;
- «сәнді» сөздерді қолданбау [162].

Сонымен қатар, педагогтың (мұғалімнің, тәрбиешінің, жаттықтырушының) сөйлеу кезінде жиі жіберетін қателіктегі де болады, олар:

- кішірейте-мейірімсіну сөздерін жиі қолдану;
- артық сөздерді жиі қолдану: иә, міне, яғни, бұл...;
- дыбысталу сөздерін орынсыз қолдану;
- сөйлеу тіліндегі қателік: бар ватыр, ал ватыр.

Педагогтың (мұғалімнің, тәрбиешінің, жаттықтырушының) сөйлеу мәдениетінен баланың сөйлеу мәдениеті байланысты.

Осыны ескере отырып, педагог өзі тәрбиелеп отырған балалардың ана тілін жетік білу үшін, өз тілін үздіксіз жетілдіруді өзінің кәсіби міндеті деп санауды тиіс.

Қытай даналығында: «Елтеп алдыға ұмтылудан қорықпаңыз, әрекетсіз қалғаннан қорқыңызы» деген қағиданы назарға алу керек сияқты.

Ғылыми мақалаларда мұғалім сөзі туралы және педагогтардың, ағартушылардың мұғалімнің сөйлеу мәдениеті жөнінде айтқан пікірлерін көпtep кездестіруге болады. В.А.Сухомлинский «Тәрбие өнері дегеніміз – ең алдымен, сөйлей білу, адам жүргегіне жол таба білу өнері. Мұғалім сөзі – шекірт жүргегіне жол табуда теңдесі жоқ құрал» деген болатын. Бұл сөзде шын мәнісінде үлкен шындық жатыр. Себебі, сабак мұғалімнің сәлемдесуімен басталып, қоштасуымен аяқталады. Негізгі тұлға – сыныптағы мұғалім. Сондықтан да сыныпта шекірттің сөйлеу тілін қадағалаумен бірге, мұғалім өзінің тіліне де айрықша мән беруі керек. А.С.Макаренко да мұғалімнің осы қасиетіне ерекше мән берген. «Оқушылар - деп, жазды ол, - сіздің сөзіңізден өзіңіздің еркінізді, сіздің мәдениетіңізді, жеке ерекшелігіңізді сезіне алатындей болуы керек» [163].

Мұғалімнің дауыс ырғағы оқушыларға түрліше әсер етеді. Сондықтан мұғалім сөзін оқушыларды қуантатын жерде қуантып, қолайсыз көріністерге реніш туғызатындағы етіп құруы тиіс. Өз сабағына жантәнімен берілген мұғалім шын жүректен оқушыларды еліктіре баурап

әкетеді. Сабак бергенде мұғалімнің даусы оқушылардың бас миына жеткілікті қозу аймағын туғыза алатында көтеріңкі ашық шығуы керек. Мұғалімнің қолында әр уақытта оқытатын сабағының жоспары болуы тиіс. «Кіріспеде, негізгі бөлімде, қорытындыда нелер айтылуы керек? Қандай мысалдарды айрықша түсіндіру керек» деген тапсырмалар алдын ала белгілі болуы шарт. Яғни, мұғалім ойын айтып түсіндіру үшін оған лайықты сөз таба білуге тиіс. Жоспар жүйелі құрылған болса, ой түсінікті болады. Сөз белгілі бір мазмұнды білдіреді және мұғалімнің осы мазмұнға қатынасын көрсетеді. Сөйлеудің бұл сипаты – оның мәнерлілігі. Сабак түсіндіргенде, дәріс, баяндама жасағанда мәнерсіз сөйлеу ол қаншама мазмұнды ойға толы болса да әсерсіз болады. Ұстаз ауызша сөйлеуде эмоциямен, мимикамен, ишарамен де білдіре алады. Мұғалімнің сөзі оның мінезіне байланысты да болуы мүмкін [164, Б.11-13]. Бірақ сөзде орфоэпиялық нормалардың бұзылмауы керек, диалектілік сөздердің араласпағаны жөн.

Мұғалімнің сөйлеу мәдениетіне қойылатын талаптарды былай топтауға болады:

- сөздің жүйелі, түсінікті болуы;
- сөздің оқушының жасерекшелігіне сай құрылупы;
- сөйлегенде дыбыстардың дұрыс айтылуы;
- дауыс күшінің сақталуы;
- сауатты, қатесіз жазу;
- сөздердің тізбегін табиғи зандылықтармен дыбыстау;
- сөйлегенде сөз тұлғаларын сақтау, қосымша сөздерді өз орнымен қолдану;
- сөйлеу әдебінің сақталуы;
- сөйлегенде ойдың көлемі мен мазмұндық құрылымын сақтау [164].

Осы көрсетілген талаптар ұстаз бойынан табылатын болса, мұғалімнің сөйлеу мәдениетін жоғары деп санауға болады. Оқушыларды сөйлеу мәдениетіне тәрбиелеу – барлық пән мұғалімдерімен қатар тәрбиешілердің де міндеттерінің бірі.

Оқытушылар сабактарда айтылғанды оқушылардың бүрмалап түсінуінің қауіптілігін үнемі сезінеді. Бұл қауіптің алдын алушың және жоюдың басты құралы - терминдер мен ұғымдарды айқын, жүйелі, дәл түсіндіру. «Сөз мағынасын түсіндіріңдер, сонда сендер адамзатты оның адасуының жарасынан айықтырасындар,»-деп жазыпты Р. Декарт [165].

Лингвист Б.Н. Головин сөйлеу мәдениетінің келесі бөліктерін айқындайды:

- сөйлеудің дұрыстығы: екпін нормалары;
- сөйлеудің дұрыстығы: грамматика нормалары;
- сөйлеудің дәлдігі;
- сөйлеудің жүйелілігі;
- сөйлеудің тазалығы;
- сөйлеудің мәнерлілігі;
- сөйлеудің байлығы, түрлі бейнелілігі;
- сөйлеудің үйлесімділігі;
- тілдік және сөйлеу стильдері [166].

Тілдің бай сөздік – лексикалық құрамы педагогтың сөйлеу мәдениетінің елеулі белгісі болып табылады. Алайда тіл байлығы сөз санымен ғана емес, сөзді бірнеше мәнде қолдану мүмкіндігімен анықталады.

Педагогикалық қарым-қатынас үдерісінде сөйлеуге қойылатын қажетті талаптардың бірі – ауызша ой жеткізудің мәнді белгісі ретінде қысқалық әрі қарапайымдылық болып табылады. Педагог сөзі жанды және мәнерлі болуы керек. Бұл талапқа штамп және жаттанды тіркестер сәйкес келмейді, мысалы, «мәселе қою», «орын алады», «өтілген уақыт аралығында». Сөйлеудің грамматикалық дұрыстығы – бұл нормаға сай және сөз тіркесі, сөйлем құрауда сөз тұлғаларының қолданылуы.

Мұғалім сөзінде оқушылар түсінігіне жеңіл жай, курделі емес сөйлемдер басым болғаны дұрыс [166].

Педагог сөзі дұрыс қана емес, мәнерлі, бейнелі, эмоционалды болуы керек. Бұған тұрақты тіркестерді, мақал-мәтелдерді, қанатты сөздер мен дана пікірлерді шебер қолдану арқылы жетуге болады. Тұрақты тіркестер өмірдің түрлі құбылыстарының өткір сипаттамасы бола алады, сөзді мәнерлі әрі әсем етеді. Болашақ педагог «Мақалсыз тіл - тұзсыз ас» екендігін еске сақтауы қажет.

Ауызша сөйлеу үшін сөздің жаны – дауыс ырғағы үлкен мәнге ие. Оның екі түрі бар: логикалық және эмоционалдық-экспрессивтік. Алғашқысының мақсаты – мағыналық жүкке ие жекеленген сөздердің және сөйлемдердің баса айту. Екіншісінің мақсаты – мұғалімге әңгімелесуші өз қарым-қатынасын, өз сезімін жеткізуға көмектесу. Дауыс ырғағы табиғи, не оқытушының шынайы сезімі мен көніл-күйін білдіруі керек, бұлай

болмаған жағдайда, ол оқушыларға қажетті әсер етпейді.

Болашақ педагог сөзі пән жөнінде ақпарат берумен шектелмей, оқушылардың ойы мен сезіміне қозғау салар болса, көздеген мақсатына жетері сөзсіз.

Оқу-жаттығу сабактарын және тәрбие жұмысын жүргізу барысында оқытушының оқушыларға ықпал етуінің негізгі құралы жанды сөз болып табылады. Жаттықтыруши – оқытушы сөздің көмегімен оқу үдерісін басқарады, практикалық іс-әрекеттерге жетекшілік етеді, шәкірттеріне қажетті білімді жеткізеді, дұрыс мінез-құлық дағдыларын бойларына сініреді. Сөйлеу ым-ишара және дene қозғалысымен оқушыларға сөздің эстетикалық және эмоциялық әсерін арттырады. Жаттықтыруши ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетін көтеруге, дұрыстық, тазалық, дәлдік, жүйелілік, мәнерлілік, білімділік, ашықтық, сөз үйлесімділігі сияқты коммуникативтік қасиеттердің жақсаруына ұмтылғаны жөн. Дұрыс сөйлеу деп қазіргі заманға сай әдеби тіл нормалары сақталатын сөз аталағы. Дегенмен сөйлеудің жоғары мәдениеті тіл нормаларын сақтаумен шектелмейді. Ол өзінің ойын білдіру үшін дәл құрал табу шеберлігімен қоса, ең түсінікті (яғни ең мәнерлі) және ең орынды, яғни берілген жағдайға ең сәйкес келетіні, сондықтан стильдік жағынан дұрысы болып табылады.

Мұғалімнің оқушының іс-әрекетін құптаған немесе басқа уақытта жаттығу техникаларындағы кемшілігін не артықшылығын талқылаған кездегі сөзінің мағыналық маңызы зор. Эрине, әңгіме дауыс көтерусіз, қалыпты жағдайда жүргізілуі керек; дегенмен мақтау сөздер айтқанда немесе белгілі бір қылышын талқылаған уақытта дауыс көтеріп, қаттырақ айтқан пайдалы. Тәртіп, спорттық жаттығу режимін бұзған кезде, өзімшілдік көріністерінде, «жұлдызды ауру» белгілерінде, өзін ұжымға қарсы қою жағдайларында кінәлі жаттықтыруши дауысынан қатты ренжу мен көнілі толмаушылықты сезінуі қажет, сөзінде өрескел сөздер болмауы міндепті. Әңгіменің айтылу мәнері шәкірттің психикалық жағдайына, жарыстағы сәтсіздіктері, жағымсыз хабарлар әсеріне де байланысты. Иландыру тәрбиеленушінің елеулі түрде шаршаған кезінде жақсы әсер етеді.

Педагогтың және оқушының өзара қарым-қатынасы үдерісінде жан тебіренісін жеткізуде коммуникативтік құралдар басты рөлге ие. Жаттықтырушының жақсы, мәнерлі сөзben, ырғақты мәнерлілікпен,

дұрыс коммуникативтік құралдармен жеткізілмеген ойы мен сезімдерін оқушылар түйсіне алмайды.

Психологиялық тұрғыда қатынас адам үшін әдеттегі түрде және құралдармен жүзеге асырылады, өйткені адамдар арасындағы қатынаста тұлғаның өмірлік құндылықтары, дуниетанымы және әдептілік қағидалары іске асады [168]. Тұлға үшін коммуникативтік міндеттердің шешімін табуға бағытталған, қарым-қатынас ұйымдастырудың салыстырмалы түрде тұрақты және нақты тәсілдері мен әдістерінің жиынтығы қатынас стилі деп аталады.

Дегенмен, қазірде қарым-қатынас мәдениеті жоғары, оның ішінде сөйлеу мәдениеті жетілген мұғалімнің болмысын түрліше айтып жүрген педагогтарды көруге болады [169]. Сөйлеу мәдениеттілігі жоғары деңгейде қалыптасқан ұстаз тұлғасы төмендегідей:

1) ұстаздық еткен жолындағы алғашқы қадамы шәкірттің окуға деген ынтысина мән беріп, шәкірт жүргегіне жол тауып, атқарылатын іске шын қызықтыра баулу;

2) ар-ождан алдындағы басты парызың - мамандықтың басты шарты болғандықтан, ол сенен төзімділікті, ұстамдылықты, шыдамдылықты, шыншылдықты, әділдікті талап етеді. Оған машиқтанып, дағылану;

3) нақты педагогикалық міндеттерге сәйкес оқушыларды таңдандыра, қызықтыра, шабыттандыра білу;

4) педагогикалық қызметтің ойдағыдай болуының қажетті шарты – оқушыны жақсы көру, жылы жүзбен қарау, жеке басын сыйлау;

5) өз халқының мәдениетіне, тіліне, тарихына, салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына құрметпен қарайтын нағыз адам қалыптастыру.

Мұғалімдердің сөйлеу мәдениеттілігінің тұлғаның қалыптасуы мен дамуына әсері мол. Сол себепті де, мұғалімнің қарым-қатынас мәдениетін жоғары оку орындарында қалыптастыру барысында сөйлеу мәдениеттілігіне де басты назар аудару қажеттілік болып табылады.

Жұмыссыздың келесі бөлімінде болашақ мұғалімдердің – студенттердің қарым-қатынас мәдениетін жоғары оку орындарында қалыптастыру барысы баяндалатын болады.

## **2 БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТИН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗІ**

### **2.1 Болашақ педагогтардың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық және психологиялық проблемалары**

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық түрғыдан тұрақты өсуі мен дамуын қамтамасыз етудің негізгі факторларының бірі - жоғары білім беру жүйесінің тиімділігін арттыру, соның ішінде болашақ мамандарды сапалы даярлауға жоғары талаптар қойылуда. Бұл мәселе Республикамыздың Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы мен Ұлт жоспары «100 нақты қадам» бағдарламасының 76 және 77 қадамында «адам капиталының сапасын көтеру, оқыту стандарттарын жаңарту, жоғары оқу орнында білікті кадрларды әзірлеу, кейіннен бұл тәжірибелі еліміздің басқа оқу орындарында тарату» бағыттары түрғысынан көрсетілген [2;3].

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында да жоғарыда аталған маңызды міндеттер қатарында «білім беру жүйесін жоғары білікті кадрлармен қамтамасыз ету, білім беруді дамытудың мониторинг жүйесін жетілдіру, оның ішінде халықаралық талаптарды ескере отырып, ұлттық білім статистикасын құру, еліміздің әлеуметтік-экономикалық бүгінгі қоғам талаптарына лайықты сапалы мамандар даярлау» көрініс тапқан [170]. Аталған мәселе білім беру жүйесін жоғары білікті мамандармен қамтамасыз ету міндеттерін ЖОО алдына қояды.

Болашақ мұғалімнің жеке тұлғасын қалыптастыруда ұстаз-тәлімгер - оқытушының рөлі аса зор. Ол жөнінде біздер алдынғы тақырыпта кеңінен қарастырған болатынбыз. Мұғалімнің жеке басының кәсіптік қалыптасуының негізгі міндеті – болашақ педагогтың Отан алдындағы жоғары азаматтық борышы сезімін ояту, тандаған мамандығына сүйіспеншілігін тудыру, арнаулы және психологиялық-педагогикалық білімнің негіздерімен қаруландыру болып табылады. Мәселен, В.Сластенин болашақ жас маман сапасының негізгі талаптарының бірі ретінде оның жалпы ғылыми даярлығын ерекше атайды [171].

Болашақ мұғалімді кәсіби психологиялық-педагогикалық түрғыда дайындауда әрі оның мамандыққа сүйіспеншілігін тәрбиелеуде және

мектепте оқу мен тәрбие жұмысына қажетті іскерлік пен дағдыны қалыптастыруда психологиялық, педагогикалық пәндерді оқытудың мәні ерекше. Сонымен қатар, басқа да проблемалар орын алады. Олардың бірі мамандықты дұрыс тандауды жүзеге асыру.

Ұстаздық ету - уақыт ұту емес, өзгенің бақытын аялау, өзінің уақытынды аямау. Бірақ бұған өкінбеу керек. Жер үстінде адам тәрбиелеуден асқан абырайлы іс, ардақты жұмыс жоқ.

Шөлдеген жанға бір жұтым су берген адам жұмаққа барады дейді. Ал, мұғалімнің жеткіншек ұрпаққа берген мол білімі, тәлім-тәрбиесі, үлкен жүрегі, мейірімі - уыстап жүтқызыған өмір шәрбеті, тіршілік зэмзәмі. Сол себепті де ол туралы «Бұл адам – Мұғалім», «Ол – Ұстаз» - деп бекер айтпаса керек.

Болашақ мамандардың кәсіпті дұрыс тандауы оқу-тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыруға негіз болады. Бұл бағытта жазылған жұмыстар да аз емес [172; 173]. Ал, кәсіптік бағдар берудің басты элементтерінің бірі – кәсіптік кеңес беру. Кәсіптік кеңесті үшке бөлуге болады: дайындық, бағдарлау және анықтау.

1. Дайындық кеңесі - бүкіл мектеп жылдары ішінде оқушыларға үнемі дұрыс кәсіптік бағдар беріп отырады.

2. Кәсіби бағдарлау кеңесі - оқушылар мен маман мұғалімдер біргелікте ұйымдастырады.

3. Кәсіптік анықтау кеңесі - жоғары оқу орындарында, кәсіпорындарда өткізіледі.

Кәсіптік бағдар берудегі кеңестің негізгі мақсаты: біріншіден б тандаған мамандыққа жеке адамның денсаулығының сәйкестігін анықтау, екіншіден, жеке адамның тандаған мамандықты игерудегі психофизикалық дайындығын білу, үшіншіден б еңбектің мазмұны және жұмысқа орналастыру жөнінде анықтамалық ақпарат алу.

В.Сухомлинскийдің еңбектері ең маңызды ой-пікір, педагогтың мынадай екі мәселені шешуіне арналады. Біріншісі – оқушыларға білім қорын жинақтауға мүмкіндік беру, екіншісі – оқушыларды ұдайы өз білімін толықтырып отыруға, әсіресе, адамзат мәдениетінің қазынасын тиімді пайдалануға үйрету [174].

Жоғары оқу орнына оқуға түсken білім алушы дайындығын жетілдіреді, оның ішінде білім ерекше рөл атқарады. Ғалымдардың пікірінше, білім – шығармашылық үдеріс және оқыту, білім беру, тәрбие

бір-бірімен тығыз байланысты әрі бірін-бірі толықтырып, кезекпе-кезек жалғасып отыратын тарихи үдеріс [175].

«Адамның білім арқылы жұмыс істеуге үйренуі – адамгершіліктің ең жоғары мұраты», - деп тұжырымдайды В. Сухомлинский [174]. Ал, Н. Крупская оқыту мазмұны мектептен кейінгі өмірге жол сілтеуі тиіс екендігін, оқушыға белгілі бір мамандықты таңдауға көмектесуі қажеттілігін атап көрсеткен [176].

Студенттердің кәсіптік дайындығы оның жоғары оқу орнын (педагогикалық, т.б.) бітірумен аяқталмайды, ол мұғалімнің кәсіптік қызметінің бүкіл кезеңін қамтиды. Сонымен бірге оның кәсіптік білімін үздіксіз көтеріп отыруы оның шығармашылық қабілетін және дербес педагогикалық тәжірибесін үнемі дамытып отыруды талап етеді. Егер әрбір студент қоғамдық ортада белсенді болса, дербес тәжірибесі әлеуметтік және педагогикалық тәжірибемен ұштасып жатса, мұғалімнің кәсіптік шеберлігі мен педагогикалық мәдениеті арта түседі және барынша жемісті болады. Бұл жерде мұғалімнің ғылыми-әдістемелік дайындығын жетілдірудегі өмірлік және кәсіптік бағдары, кәсіптік деңгейі мен тәжірибесі ескерілуі тиіс. Мұғалімнің кәсіптік қызметі арнаулы пәндік білімдермен ғана шектелмейді, педагогика мен психологияны, оқыту мен тәрбие технологиясын менгеруін, арнайы психологиялық-педагогикалық дайындығын қажет етеді.

Л.Толстой: «Қандай мұғалім болсын әдістерді неғұрлым көп білуге тырысуға, оларды көмекші шара ретінде қабыл алуға тиіс. Ендеше, оқушының сабак түсінбеуіндегі қыншылығы қандай да болса оның кемшілігі емес, қайта оқытудағы мұғалімнің кемшілігі деп қабылдауға тиіспіз», - деп жазды [177].

Бұл, негізінен, мұғалімнің педагогикалық мәдениетіне, оның қарым-қатынасына тікелей байланысты. Педагогикалық мәдениет аясында соңғы кезеңдерде көптеген іргелі зерттеулер жүргізілгендейгін ғылыми әдебиеттерден көруге болады. Солардың бірі - З.А.Исаева болашақ мұғалімдердің кәсіби-зерттеушілік мәдениетін қалыптастырудың мазмұндық-құрылымдық үлгісін жасады. Бұл үлгіде негізгі компоненттері (мотивациялық, когнитивті, операциялық) өзінің – білімі мен қызығушылығын үнемі жетілдіріп отыруы, педагогика теориясы мен әдіснамасы, зерттеушілік іскерлігі сияқты көрсеткіштерді қамтиды. Мұнда мұғалімнің кәсіби зерттеушілік мәдениетінің мәдениеттанымдық

аспектілеріне, кәсіби педагогикалық іс-әрекеттегі даярлық деңгейіне талдау жасалады. Бұл еңбекте студенттердің кәсіби зерттеушілік мәдениетін қалыптастырудың дидактикалық шарттары жасалып, практикалық түрғыда дәлелденеді [178].

Елімізде білім беру жүйелерінің мақсат, міндеттерін айқындайтын жаңа мазмұнды заңдар мен тұжырымдамалар қабылданып, халықтың рухани дамуына, діні мен тіл мәдениетінің өркендеуіне қолайы жағдайлар туғызылып жатқан кезде қарым-қатынас мәдениеті көкейкесті мәселелердің бірі болып келеді. Білім беру мен тәрбие мақсатын көздеңген мемлекеттік құжаттар аясында мәдениеттілік жаңғырып, ол ерекше маңызға ие бола бастады [179; 180; 181; 182].

Мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік қарқынды дамуы мәдени-рухани өмірдің өркендеуімен үйлесімділік тауып, білім мен тәрбие беру үдерісіне жауапты да басты міндеттер жүктеп отыр.

Болашақ мамандардың, қазіргі студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру төмендегі Қазақстандық ғалымдардың зерттеу проблемаларына негізделеді:

- біртұтас педагогикалық үдеріс (Хмель Н.Д. және т.б.);
- болашақ мұғалімдердің дидактикалық даярлығы (Абылқасымова А.Е., Құдайқұлов М.А., Сабыров Т.С.);
- адамгершілік мәдениеті (Трифонов В.В., Урунбасарова Э.А.);
- еңбек және технологиялық мәдениеті (Сейтешов А.П., Хайруллин Г.Т., Сыздықов О.);
- дене шынықтыру мәдениеті (Қуанышев Т.Ш., Сапарбаев М.Б. т.б.);
- зерттеушілік мәдениеті (Таубаева Ш.Т., т.б.)
- ақпараттық мәдениеті (Кеңесбаев С., Пошаев Д.К., т.б.) [183; 184; 185; 186; 36; 187-204].

Студенттердің қарым-қатынасын қалыптастыру теориялары ғылыми-зерттеу нәтижелерінде баяндалған [205].

Қоғамдағы қалыптасқан оқу-тәрбие үдерісінің сипаты - ұрпақтың қоғам жинақтаған мәдениетті менгеруі, тарихи – мәдени жағдайларға қарай оны өмір белестерінде іске асыруы. Мәдениетті білім саласына мақсатты түрде енгізу қажеттілігін айқындайды.

Болашақ дене шынықтыру, спорт мамандарының қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру проблемасының теориялық негізін айқындау «мәдениет», «қарым-қатынас», «қарым-қатынас мәдениеті» ұғымдарының

бірлігі мен ерекшеліктерін қарастырумен тығыз байланысты. Жеке тұлғаның мәдениетін қалыптастыру және дамыту үшін оның ғылыми әдебиеттерде кездесетін қайнар көздерін, түпкі нәтижелерін анықтауға назар аударылды. Осыған байланысты психологиялық, педагогикалық түрғыдан қарым-қатынас мәдениетінің мәні және құрылымы алдыңғы тарауда (бөлімде) ашып көрсетілді.

Мәдениеттің қалыптасуына В.С.Библер ерекше мән береді. Оның пікірінше: «мәдениет адамдардың қарым-қатынасы мен бір кезендегі болмысы, өмірінің, санасының, ойлауының формасы, қайта іске асыру жолдары» [206].

Жоғарыда көрсетілгендей, қарым-қатынас проблемасын шешуде тек қана білім жеткіліксіз, сондықтан да жеке тұлғада адам мен адамның үйлесімді қарым-қатынасын қамтамасыз ететін қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру қажеттігі туындайды. Себебі, қарым-қатынас мәдениеті белсенділікке, нақты іс-әрекетке бағыттайтын құрал болып саналады.

Осыған байланысты жоғары оку орындарында студенттерге теориялық білім беру және оларды кәсіби біліктілікке тәрбиелеуде қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру қажеттілігі айқындалды.

Педагогика өкілдерінің бірі П.П.Блонский: «мұғалім қызметіндегі «техника» мен «өнердің» қатысын неғұрлым дұрыс түсінді, ал тәрбиеші тәрбиелеу техникасын берілген жағдайдаң жеке шарттарына сәйкес және өзінің және тәрбиеленушінің жеке басына сай, өзі құруы тиіс»-, деп көрсетті [207]. Бұл үшін педагогикалық талант (дарын) қажет. Бірақ тәрбиешінің жеке қасиеттері мен дарыны бұдан тек педагогикалық істің техникасын менгеруде ұтады. Бұл жерден оның педагогикалық интуициясының педагогикалық әсердегі жүйе құруышы фактор ретіндегі идеясы шығады.

Бәрімізге белгілі, ЖОО-да студенттерді теориялық дайындау оның мектептегі жұмысқа деген тәжірибелік нағыз дайындығын әлі айқындаиды, тіпті ұзақ енбек өтілі де әрқашанда мұғалімнің психологиялық талаптарына сай келе бермейді. В.А.Сухомлинскийдің пікірінше, педагогикалық мәдениет адамдардың өзара қарым-қатынасының мәдени деңгейімен байланысты.

Кәсіби-педагогикалық қарым-қатынас термині оның мағыналық мәнін анықтауды талап етеді.

Х.И. Лимметс және басқа да ғалымдар, қарым-қатынас туралы сөз

қозғай отырып, құбылыстың біркелкі емес шеңберін, әр түрлі белгілерін айтады, яғни бұл түсініктің көлемі әр түрлі түсіндіріледі. Мұндай жағдай қарым-қатынас мәселесін әрі қарай талдауды қынданатады.

Ғылымның әрбір саласы (қарым-қатынас мәселесімен байланысты) өз мағынасын осы түсінікке салады, өзінің бағыттылығының шеңберін көрсетеді.

Нормативті (қарым-қатынас этикасы әдебиетінде) эталондар әрекетімен тығыз байланысты объективті құбылыс ретінде қарастырылады.

Әстетикада қарым-қатынас субъектілердің: ақпарат берудің интеллектуалды-эмоционалды, шығармашылық байланысын жүзеге асыруши ретінде қаралады.

Қарым-қатынас қызметінің педагогикалық мәні туралы да пікірлер әр түрлі. Мысалы, Л.С.Выготский былай деп есептейді: ұжымда адамдар арасындағы құрылған қатынас жеке адамның психикалық қасиеттері мен қызметіне айналады: «Басқалар арқылы біз өзімізге айналамыз» [208].

Б.Ананьевтің пікірінше, тек қоғамдаған қарым-қатынастың мәдени тарихи құралдарының көмегімен, басқа адамға және адамның әрбір секундтағы қатынасында, адам текті сапаларды менгереді және жеке адам ретінде ерекшеленеді [209].

А.Н.Леонтьев қарым-қатынас қызметі қарым-қатынасты жан-жақты коммуникативтік қызмет ретінде психологиялық түсіну деп қорытындылаған [210].

Бірақ, қарым-қатынастың мұндай түсінігі оның зерттеу сферасын тарылтады, қарым-қатынас коммуникация түсінігінде ақпарат алмасуды үйгараады. Ал, мұндай түсінік беру «қарым-қатынас» түсінігін женілдетеді, (оның үстіне, кәсіби-педагогикалық қарым-қатынастың түсінігін женілдетеді).

В.А.Кан-Калик пен Н.Д.Никандров кәсіби-педагогикалық қарым-қатынас үдерісіндегі шығармашылық, бірнеше түрде көрінеді және пайда болады деп есептейді. Бұл шығармашылық мұғалімдердің оқушыларды тану барысында, олармен өзара әрекет жүйесінде, тәрбиеленушілерге тікелей әсер етуді үйымдастыруда және өзара қарым-қатынас үлгілерін жасауда, өзінің жеке мінез-құлқын басқаруда және қарым-қатынастағы өзін-өзі реттеуде көрінеді.

Мұндай образ бер қарым-қатынас кәсіби шығармашылық

категориясы ретінде педагогикалық қызметте көптеген коммуникативтік жағдайда алдымен оның талдауы жасалады, сосын шешімнің мүмкін нұсқалары іріктеледі, тиімді әдісі таңдал алынады және әсер ету үйымдастырылады.

Бұл үшін педагогикалық өзара әсер ету арқылы өткізілетін, қарым-қатынас жүйесінің іріктелген, ұқсас әсер ету әдісін табу керек. Жалпы педагогикалық міндетті орындау үдерісінде шешуге тұра келетін коммуникативтік міндет аспаптық сипатта болады. Егер педагог коммуникативтік міндеттерін өз іс-әрекетінің (қызметінің) аспаптық компоненттері ретінде сезінсе, ол педагогикалық әсер етуді анық, айқын және дәл етуге қабілетті.

Кәсіби-педагогикалық қарым-қатынас негіздерін менгерудің мынадай жолдары белгілі:

1 Кәсіби-педагогикалық қарым-қатынастың үздіксіз үдерісінің зандары мен құрылымын, табиғатын зерттеу (тәнін түсіну), ұғыну;

2 Педагогикалық коммуникацияның технологиясы мен процедурасын менгеру, кәсіби-педагогикалық қарым-қатынастың дағдылары мен шеберліктерін қалыптастыру, коммуникативтік қабілетті дамыту.

Осы себеппен В.А.Кан-Калик және Н.Д.Никандров осы екі бағыттың, кәсіби-педагогикалық қарым-қатынастың дағдыларын менгеру үдерісін толық қамтамасыз етпейтінін әділ бағалаған.

Қарым-қатынас көптеген функциялармен: ақпараттық-коммуникативтік, реттеуші-коммуникативтік, аффективтік-коммуникативтік қызметтермен жүйе ретінде болады. Қарым-қатынас үдерісінде бұл барлық қызметтер тұтас (жинақты), бірге дамуы тиіс, әйтпесе, қарым-қатынастың тиімділігі мәнсіз болады. Бұл педагогикалық қарым-қатынастың өнегелі мазмұндылығын көтеруді талап етеді, өйткені дәл сол өнегеліктің басын қалыптастыруға бейім әлеуметтік-педагогикалық, тәрбиелеу және өнегелі міндеттер педагогтың коммуникативтік іс-әрекетіне мәнді талаптар қояды.

Қазіргі заманғы әлеуметтік-психологиялық зерттеулер мынаны көрсетеді, яғни адам қоғамда оның инициаторы немесе субъектісі ретінде әрекет ете алады.

Кәсіби қарым-қатынастың педагогикадағы өзгешелігі сол, бұл жерде белсенділік қарым-қатынасты басқару тәсілі ретінде болады және осыған сай, тұтас оку-тәрбиелік үдерісі болады. Әлеуметтік-психологиялық

жоспарды басқару сабакта танымдық ізденіспен және педагогтың шығармашылық жұмысымен және оқушылардың бірлескен әрекетімен, дұрыс үйимдастырылған қарым-қатынас жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Болашақ педагогтардың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру жолдары ғылыми мақалаларда көрініс тапқан [211].

Педагогтың шеберлігі қарым-қатынастың өзгеріп отыратын жағдайларында дұрыс әрі тез бағдарлауын, коммуникация жүйесін дұрыс жоспарлауды және жүзеге асыруды болжайды. Қарым-қатынастың барлық нұсқаларын бағдарламалау қаншалықты мүмкін болмаса да күтпеген, дайындалмаған коммуникативтік жағдайларды еркін менгерудің принципті мәні бар.

А.В.Мудрик қарым-қатынасты үйимдастыруға деген қабілеттілікті анықтайтын жекеліктің мынадай параметрлерін анықтады: ойлаудың сәйкес ерекшелігі, сөзді сөйлеуді еркін менгеру, көпшілік қабылдаудың эмпатиясы және тосындылығы, белгілі бір әлеуметтік қондырғылар (мысалы, қарым-қатынас үдерісінің өзіне деген тек оның нәтижесіне емес) қызығушылық, коммуникативтік шеберліктер – уақытта, серікtestікте, қарым-қатынаста, ситуацияда бағдарлай білу [212].

Мұғалімнің кәсіби қарым-қатынасының маңызды кіріктірілген сипаттамасы сөйлеу мәдениеті болып табылады. Дәстүрлі педагогика тілдік нормаларды айтуды менгеру, екпін және сөзді қолдану, сол сияқты қарым-қатынастың әр түрлі жағдайларында, оның мақсаты мен мазмұнына сай мәнерлі тілдік құралдарды қолдана білу деп түсіндірледі.

Дәстүрлі педагогикада мұғалім қарым-қатынас міндеттерін қарым-қатынастың өзіндік стилін тауып шешуі тиіс. Бірінші кезекте, мұғалім қарым-қатынас стилін табу мәселесін коммуникативтік қабілеттер, сөйлей білу, сөз мәдениеті деңгейінде шешуі тиіс. Дәстүрлі педагогика мәдениет мәселелерінде мұғалімнің ішкі параметрлеріне: сауатты мәдениет, педагогтың стилистикалық сөйлеуі, сыртқы бейнесі, мінез-құлық мәнері және т.б. бағытталды.

Біздің үлгіміздегі кәсіби-педагогикалық сөйлеу түрлерінің бірі бірлестікке қабілеттілік пен педагогикалыққа негізделген сөздің интонациялық лексикалық байлығы болып табылады.

Адамдардың дene қозғалыстары кейіпі сияқты мінез-құлық аспектілерінде де көптеген белгілер, яғни тілдік емес қарым-қатынас құрал элементтері бар. Жүріс-тұрыс, қимыл түрлері мен олардың

жиілігінен, т.б. адамның мінезіндегі қыр-сырын ажырату, оның өзіне-өзінің сенімділік деңгейін, т.б. ажыратылады. Жүріс-тұрыс қозғалыс мәнерлерінен адамдардың әлеуметтік мәртебесі білінеді.

Мінез-құлық мәнері – адамды қоршаған ортадағы адамдарға танымал болуына ықпал жасайды. Қарым-қатынас жасау мәнерінде ілтипаттылық, сыртайылық рөлдері жоғары.

Қошеметті жағымды пікірді айтуда – сезімталдық шегі қажет. Педагогтың оқушыларды өзіне тарта білуінің ең қолданбалы әдістерінің бірі – оған қошемет, жағымды пікірлер айту, марапаттау болып табылады. Қошемет, жағымды пікірлер адамның оң эмоциялық жүйесіндегі психологиялық қажеттіліктерді қанағаттандырады. Психологтар қызықты эксперимент жүргізген: олар мимиқалы түрде 25 адамнан жақсы көңіл-күйді бейнелеулерін өтінген. Нәтижесі: «барлық» жымия күлімдеушілер шын мәнісінде эмоционалдық жоғарылауды, көңіл-үйлерінің көтерілгенін байқаған.

Осы айтылғандардың келешекте спорт және дene шынықтыру мұғалімдері мен жаттықтырушылар болатын студенттерде қарастыруда оқушылармен соның ішінде қын оқушылармен қарым-қатынас жасаудағы спорттың рөліне де әдіснамалық тұрғыда көзқарас білдіруді жөн көрдік.

Қоғамның даму барысында білім беру ісі де дамытылды. Солардың бірі ретінде XX ғ. соңғы кезеңдеріндегі реформаны айтуға болады [114]. Мектеп реформасының негізгі бағыттарында былай деп жазылған (1984ж.) «Болашақ мұғалімдерге, тәрбиешілерге ең осы заманғы білім мен жақсы практикалық даярлық беру керек». Жоғары оқу орындарында педагогтарды даярлауды жетілдірудің негізгі жолдары да белгіленген.

1. Жаңа оқу жоспарлары жасалады, онда студенттерді тиянақты даярлаумен қоса, оқытудың практикалық бағытына да айрықша көңіл бөлінеді. Жаңа оқу жоспарларында студенттерге жан-жақты педагогикалық мамандық беруге, атап айтқанда, бірнеше оқу пәнінен оқытуға, оқушылармен тәрбие жұмысын жүргізуге даярлау белгіленген. Онда студенттерді қазіргі өндіріс және компьютерлендіру негіздерімен таныстыру, этиканы, эстетиканы, логиканы, құқықты, тәрбиелу жұмысының әдістемелерін жүйелі оқыту көзделген, бірінші курстан бастап үздіксіз педагогикалық практика өткізу енгізіледі.

2. Жаңа оқулықтар жасалып, қолданылып жүрген оқу бағдарламалары

мен оқулықтар жетілдіріледі. Онда оқуды өмірмен және студенттердің практикалық ісімен байланыстыру қүшейтіледі. Мұғалімдерді арнайы даярлықтан өткізу айқындалады - болашақ мұғалімдер арнайы оку орындары мен орта кәсіптік-техникалық училищелерде жұмыс істеуге даяр болуы тиіс. Халықта білім беру жүйесінің барлық буындарында барлық мұғалімдер мен тәрбиешілер үшін жоғары педагогикалық білім алу міндеті қойылған.

3. Студенттердің оқуы, еңбегі, тәртібі жөніндегі жеке жауапкершілігі арттырылады. Болашақ маман өзінде қоғамдық белсенділікті, ұжымда өмір сұру мен жұмыс істей алуды, алуан түрлі іскерлік пен дағдыны қалыптастыруды дамытуы тиіс,-мұның барлығы мұғалім өмірін барынша қызығылықты әрі мазмұнды ете түседі және де мектепте тәрбие жұмысын тиімді өткізуіне ықпал етеді. Студент білімінің сапасына ерекше талап қойылады. Тұйықта тірелуден шығатын уақыт жетті: орташа студент - надан мұғалім - нашар абитуриент.

Барлық жерде экономикалық және ғылыми-техникалық прогрестін, әлеуметтік шығармашылықтың, рухани дамудың барлық бағыттарында оларға есікті айқара ашу. Мұны істеу - жігіттер мен қыздарға дербестік үшін өріс ашу, оларды ұсақ-түйек қамқоршылық пен бақылаудан құтқару, нақты іспен және нақты жауапкершілікпен - сеніммен тәрбиелеу деген сөз.

4. Педагогикалық жоғары оқу орындарында оқитын жастарды іріктеуді жақсарту, мұнда педагогикалық институттарға, университеттерге тұсу үшін жолдама берген мектептер мен басқа да оқу орындарының ұйымы мен педагогикалық кеңестердің рөлі мен жауапкершілігін арттыру міндеті қойылған. Тұсу емтиханы қысқартылған жағдайда әңгіме өткізу белгіленген, ондағы мақсат - талапкердің болашақ тәрбиеші-мұғалімнің жұмысына жарамдылығын білу.

5. Партия мен үкімет КСРО Педагогика ғылымдары академиясының мекемелерінен, педагогика институттары мен университеттерінен педагогиканың көкейкесті проблемаларын, бірінші кезекте, мектеп пен мұғалім мұқтаж болып отырған проблемаларды тезірек шешуді талап етті.

Болашақ мұғалімді кәсіби педагогикалық дайындауда мұғалімдік мамандықта сүйіспеншілігін тәрбиелеуде, мектепте оқу және тәрбие жұмысына қажетті іскерлік пен дағдыны қалыптастыруда педагогикалық институттарда және университеттерде педагогикалық пәндерді оқытудың

алатын орны ерекше. Болашақ мұғалімдерді психологиялық, педагогикалық дайындаудың мазмұнын жетілдіру бірден бір өзекті мәселе.

Егер мұғалім шәкірт психологиясын терең түсінсе, оқыту әдісін, тәрбие өнерін меңгере білгенде ғана бұл міндепті жемісті орындаі алады.

И.Т.Огородников былай деп жазған: «Педагогикалық білім беру саласындағы бұрынғы жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмысын тек қана қалпына келтіру емес, педагогика ғылымы дамуының қазіргі міндептеріне жауап беретіндей жоғары деңгейге көтеру қажет». Бұл пікірдің жоғары педагогикалық білім беру саласында ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуі дұрыс жолға қоюда мәні зор [213].

Оқу жоспары мен бағдарламасында болашақ мұғалімнің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру бағытында, психологиялық, педагогикалық даярлығын жетілдіруде педагогика, психология цикліндегі пәндерді оқытудың тәмендегідей бірізділігі ұсынылған:

1. Педагогикалық пәндерді оқыту «Мамандыққа кіріспе» пәнін оқытудан басталады.

2. Екінші семестрде жаңа курс «Жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы» оқытылады.

3. Келесі кезекте «Педагогика» және «Педагогика тарихы» курстары зерделенеді.

4. «Психология» курсынан кейінгі семестрлерде «Жас және педагогикалық психология» курсы оқытылады.

«Мамандыққа кіріспе» курсы педагогикалық мамандықтың мәнін ашып көрсетіп, болашақ маман даярлаудың кәсіби жүйесімен, бұл үдерістегі өз бетімен жұмыстың рөлімен таныстыруда мәні зор. Осыған орай, педагогика пәні бойынша лекциялық және практикалық сабактарды өткізгенде оқытылатын материалды қазіргі мектептің өмірімен тығыз байланыстырып, студенттерді жаңа педагогикалық идеялармен хабардар етуге барлық күш- жігерді жұмсау қажет.

Педагогикалық кадрларды кәсіби даярлау мақсатында оқу орындарында оқу жоспарларын қайта қарастырып, педагогикалық пәндердің көлемін арттыру маңызды. Студенттердің көбінің мектепке жұмыс істеуге қызығушылығын арттыратын практикалық қажеттігін ерекше атап өткен жөн.

Әрбір педагог кәсіптік іс-әрекетін жобалаудың әдіснамасы мен

технологиясын игерген, өз жұмысында оңтайлы әдістерді ойлап табуға және оны іске асыруға қабілетті болуы керек.

Кәсіптік іс-әрекет туралы рефлексивті білімдерді игерудің заңдылықтары педагогикалық білімнің құрамдас бөлігін құрайды. Соңдықтан студенттердің педагогикалық пәндерді білудегі мақсат – кәсіби міндеттері мен мазмұнын жетік игеруде, болашақ педагогтің өзін-өзі түсінуі мен дамытудың, іс-әрекеттері мен мінез-құлықтың даралық сипаттарын қалыптастыруы мен өзге де қасиеттерінің өрістеп отырына ықпал етеді.

Келесі кезекте мектепте және ЖОО оқыту мазмұнын жетілдіру мақсатында этнопедагикалық білім мен тәрбиеге басымдық берілуі. Бұл өз кезегінде болашақ мұғалімдерден арнайы дайындықты талап етті [214]. Себебі, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруды дәстүрлі халық педагогикасының құралдарын пайдалануды кеңінен қолға алу жұмыстарын жандандыру басымдыққа ие болды.

Қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу мәселесінде халық педагогикасына үлкен мән берілген. Әрбір халықтың өз адамдары, ұрпақтары қандай болу керек, талап-тілек үдесінен шығуы үшін не істеу керек, қандай болу керек, қалай қол жеткізуға болады деген ойлары, үғымдары, пікірі болады. Осы ойлар халық педагогикасының теориялық негізін қалады. Қарым-қатынастың дағылары мен өркениеттілікке ұстаным алуды жасау үдерісі балалар өсіп жатқан әрбір отбасының күнделікті өмірінде қамтылып жатты. Бала дүниеге келген күннен бастап, ертегі, мақал-мәтел, ән-жыр, аңыз-әңгімелерді, жаңылтпаши-санамақтарды, т.с.с. естіп, өнеге-өситетке толы үлгілі істерден мағлұматтар алып жатады. Ал бұл рухани дүниелерде өмірдегі үлгілі, ізгі әдет нормалары мен ережелері, қағидалары әлеуметтік өмір салтының озық нұсқаулары оларға үйреніп, үйреншікті дағдыдан әдетке айналдырудың жолдары, өркениетті өмір салтына қайшы келетін іс-әрекеттерге қарсы амалдар жинақталған. Осы дүниелер негізінде жас сәбілерге одан мінез-құлығындағы үлгілі нұсқаулармен қалыптасқан өмірге қайшы айып саналатын мінез-құлық түрлерін көрсетіп келді. Баланың жасаған қылыштарына лайықты есінде бірден қалатындағы әсерлі, өнегелі, үлгілі істерді мысалға келтіре отырып, әділ бағаларды беретін болған. Ал мұндай амалдардың әсері қашанда тиімді болған.

Халық педагогикасы деген шүбесіз сенім, оның дәстүрлерінің

дұрыстығына деген көнілдің әрқашанда тазалығы, өсиет-өнегелер мазмұны, міндеп-аманаттары осы аманаттарға негізделген ата-ана және аға үрпақтың жастар мінез-құлықтарының басқару құқығы ешқашанда терістеленбеуімен, күмән келтірмеуімен дәлелденіп отыр.

ХХ ғ. сонында жоғары оқу орындарында оқытуудың жүйелерін жетілдіру бағытындағы жұмыстар жүргізді және олар болашақ мамандарды даярлауда өзінің үлестерін қоса білді. Солардың бірі - оқытуудың модульді-рейтинглік жүйесі. Көптеген жоғары оқу орындарында модульді-рейтинглік (МРЖ) оқыту жүйесі және студенттер білімін бағалау және оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру, студенттердің білімін және біліктілігін үнемі қадағалап отыру, семестр бойы оқыған пәні бойынша кәсіптік сапасын анықтайтын сандық көрсеткіш - рейтинглеу көп деңгейлі білім беру кешенінің бір бөлігін сипаттайды.

МРЖ - оқыту жүйесінде студенттердің өз бетінше орындаітын жұмыстарға қызығушылығын арттырады.

Оның орындалу сапасының жоғарылауы:

- студенттерге өз білімдерінің объективті бағасын алудын;
- рейтингі мәніне байланысты студенттердің білімдері деңгейін ранглеуге және осының негізінде оларды моралдық және материалдық марапаттауды;
- көпденгейлі дайындау жүйесінде студенттер білімі мен біліктіліктері рейтингісі әрбір студенттің келесі деңгейдегі бақылауға көшуіне объективті баға беруді қамтамасыз етеді.

Келесі кезекте болашақ мамандарды даярлауда білім берудің қашықтықтан оқыту жүйесі қолға алынды. Бұл Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 07 маусымдағы «Білім туралы Заңына» сәйкес жоғары мамандықты білім берудің қашықтықтан оқыту жүйесінің ережесінің жасалынғаны.

Қашықтықтан оқыту - білім беру ұйымдастырылған орыннан қашықта тұратын студенттерді оқу-тәрбие үдерісін электрондық және телкоммуникациялық құралдары мен әдістемелік басқаруды ұйымдастыру арқылы оқыту формасы. Қашықтықтан оқыту үдерісінің дидактикалық құралдары электрондық және мультимедиялық оқулықтар, теле-бейне, аудио лекциялар болып табылады. Оқыту үдерісі базалық жоғары оқу орыны арқылы және оның құрған оқу орталықтары арқылы жүзеге асырылды.

Мұндай оқулар мүмкіндіктері жоқ студенттер үшін білім алушының мекен-жайында ұйымдастырылады. Жеке оқыту үдерісін білім алушының базалық ЖОО-мен немесе оқыту орталығымен телекоммуникациялық байланыс мүмкіндігіне қарай ұйымдастырылады. Алдынғы оқытууды ұйымдастырудың екінші түрінде оқитын студенттер, әдетте, күндізгі оқу түріне жатқызылса, кейінгісі сырттай білім алу жүйесі іспетті орын алады.

Десекте те бұл студенттердің, яғни болашақ мұғалімдердің қарым-қатынас мәдениетін жоғары деңгейде қалыптастыра алмады. Бірақ коммуникативтік дағдыларды жетілдіруге септігін тигізді.

Келесі кезекте жоғары оқу орындарында кредиттік технология бойынша оқыту үдерісін ұйымдастыру. Бұл үдерістің ерекшелігі студенттердің өз бетінше жұмыс жасау дағдыларын, өз бетінше білім алуға бағытталғандығы баршаға белгілі.

Педагогикалық жоғары оқу орындарында негізгі пәндер ретінде психология ғылыминың салалары: жалпы, жас ерекшелігі, педагогикалық, әлеуметтік психология, сала (еңбек, спорт, т.б.) психологиясын оқытып үйрену талаптары қойылады. Біздің пікірімізше, педагогиканың, психологияның білім мазмұнын осындай жолмен қалыптастыру әдіснамалық түрғыдан дұрыс, өйткені қабылданған нормаларға сәйкес психологияның әрбір саласы қолданбалы өз ғылыминың зерттеу және күру қисынына сүйенеді. Ғылыми негізде құрылған теориялық білімдерді педагогикалық практикада пайдалану үшін оларды оқып үйрену мен кәсіби білімдерге айналдыруда ерекше әдіснамалық және дидактикалық нұсқаулар қажет.

Еліміздегі кейінгі жылдары жүргізіліп жатқан білім беру реформасы көптеген мәселелердің мән-жайын айқындады. Білім берудің тұтастық әртүрлі баламалы бағдарламалар мен мекемелердің түрлі типтерінің пайда болуы, осы саладағы барлық мәселелерді тиянақты шешкен жоқ. «Білім туралы Занда» жеке тұлғаны дамыту үшін қажетті жағдайларды жасау, жеке тұлғаны қалыптастыру жолдарын іздестіру екендігі көрсетілген [1].

Жоғары педагогикалық білім беруді және оны жетілдіру мәселесі жоғары мектептің алдына қойған мақсат-міндеттерімен тығыз байланысты, ондай міндеттерге мынадай мәселелер жатады:

- студенттердің болашақ іс-әрекетке кәсіби дайындығын жетілдіруді көтеру мен оны шешіп отыру;
- оқытуудың белсенді әдістері мен формаларын енгізу;

- оқыту іс-әрекетінде студенттердің танымдық және кәсіби іс-әрекетін дамытуға аса көңіл бөлу және т.б. істерге жетекшілік көрсету.

Қазіргі кезде жоғары оқу орындарында педагогика пәндерінің әдістемесін оқытуда педагогика мен психология ғылымдары арасындағы өзара байланысты күшайте отырып, білімді игеру үшін окушының танымдық тәсілдері мен тәрбиесі жүйесіне байланысты ұғынуын дамыту қажеттігі айқын көрінеді. Педагогикалық жоғары оқу орнын білімді игеру тәсілдерін ұсына отырып, ойлау әрекеттері арқылы студенттердің ұғынуына қажетті субъективті түрдегі қабылдаудың диагностикалық әдістерін қамтамасыз ету қажет. Оқу бағдарламасы студенттердің жеке тұлғалық, кәсіби дайындық, жалпы танымын және ұстаздық еңбегіндегі кәсіби өзгерістер мен қойылатын талаптарды жете түсінуі керек. Педагогикалық білім беруді дамыту – білім беру әдістері мен тәсілдерін менгеру, оқытумен қатар, болашақ мұғалімнің оқушы белсенділігін дамытуды жоспарлап, шәкірттерінің іскерлігін қалыптастыруға дайындау.

Оқу орындарында оқу-тәрбие жұмысы теорияның практикамен байланысы принципінде құрылады. Ол студенттердің теориялық білімдері мен практикалық іскерліктері, дағылары жүйесінің арасындағы қажетті байланысты білдіреді. Осьдан педагогикалық оқу орындарындағы педагогикалық практика ерекше, ал ол болашақ мұғалімдерді даярлау уақытының үштен бір бөлігін алады. Педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерде педагогикалық практиканы жетілдіру мәселелеріне тоқталған [1; 215]. Оларда оқу жұмыстарының мүмкіндіктері, оларды үйимдастыру формалары мен әдістері қамтылған.

Болашақ маманың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда лекцияның өзіндік орны бар. Лекция барысында түсіндіру, әңгіме және эвристикалық сұхбат әдістері, т.б. кеңінен қолданылады [216]. Оқытушы күрделі мәселелердің студенттер алдына қойылуына мән береді. Күрделі жағдаяттардың құрылуды оқушылардың назарын аударады, олар қойылған міндеттердің шешілу жолдарын іздеуге жетелейді, ойлау дербестілігін жетілдіреді.

Лекциялық сабактарда, өткен материал бойынша қысқа әңгімелесуден кейін, тақырыпты одан әрі қарай мазмұндау жоспарын жазып алу үсынылады:

- оқыту қағидасы;
- теорияның практикамен байланыс қағидасы;

- жеке көзқарас қағидасы.

Оқытушы бірінші мәселе бойынша материалды түсіндіреді. Басқа екі мәселе бойынша оқулықтан өз бетімен материал ұсынылады.

Осындағанда тәсілмен, берілген сабактағы жаңа материалды оқуға байланысты студенттердің дербес жұмыстарының көлемі, алдыңғы екі сабакпен салыстырғанда, айтарлықтай арта түседі (бірінші сабакта тыңдалған лекция материалдарының оқу ережелерін ғана таңдап алады, екіншісінде – студенттер оқытушының түсіндірген материалдарын оқулықтан оқылған мәтін негізінде толықтыратын болса, ал үшіншісінде – олар енді жаңа қағидаларды оқулық бойынша оқиды).

Лекция - оқу материалын жүйелі, бірізді айтып беру, оқыту барысының құрамды бөлігі, оқыту әдістерінің бірі екені белгілі. Лекциялар - бағытты сілтейтін, шолу жасайтын, жиынтық және т.б. түрінде болуы мүмкін. Лекцияға қойылатын негізгі дидактикалық талаптар: жоғары теориялық деңгей, тақырыптың біртұтас ашылуы, нақты деректер мен құбылыстардың біртұтастық тұрғысында талдануы, олардың жинақталуы, қорытындылар, дәлелдемелерінің айқындығы мен ғылыми дәлелденуі. Сондықтан лекциялық сабактар лектор тарапынан болсын, студент тарапынан болсын белгілі бір бағыттылықты қажет етеді. Студенттердің лекцияға дайындығы ұғымына бірнеше элементтер енеді [217].

Біріншіден, студент лекцияда физикалық тұрғыдан сергек болуы керек. Егер студент шаршау, үйқысы қанбаған, не өртенгі тамағына үлгірмеген болса, ол үшін лекция босқа кетеді.

Екіншіден, студенттің лекцияны ұғуға психологиялық дайындығы болуы керек. Бұл үшін ол көлденен, өзге ойлардан арылған және жаңа материалды оқып үйренуге бейім болуы тиіс. Психологиялық дайындығы бар студент теріс эмоциялық әсерлер ықпалынан арылған, танып білуге құштарлық танытқан студент.

Үшіншіден, студенттің лекцияға дайындығы, осы сөзге тұра мағынада дайын болуы: ол қонырауға дейін лектордың келуіне дейін өз орнында болуы; қажетті құрал-саймандары сай болуы тиіс.

Төртіншіден, бастысы: лекцияға дайындығы бар студент - лекцияны түсінетін студент.

ЖОО студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға бағытталған келесі оқу жұмысының түрі – практикалық сабак. Оларды

өткізу жүйесінде кәсіптік іс-әрекетті модельдеу, оқытудың белсенді әдістерін пайдалану, ойын әдістерін қолданудың әдіснамасын игеруге барлық мүмкіндіктер жасалатын болса, онда тәжірибелік дәрістердің нәтижелері соғұрлым пайдалы болмақ. Студенттердің кәсіптік педагогикалық даярлығы, оқыту құрылымындағы өзін-өзі тәрбиелеу өз бетінше білім алуды дамытуға арналған бағдарларды қалыптастырады.

Практикалық сабак теориялық сабак барысында қалыптасқан білімдері негізінде студенттердің іс-әрекетін ұйымдастыруға арналады. Мұнда орындалатын іс-әрекет мазмұны, орындалу реті теориялық білім негізінде басқарылады. (Мысалы, қарым-қатынас мәдениеті ережесі қағидалары бойынша оны орындауға қатысты іс-әрекест сияқты). Соңдықтан практикалық сабактың мақсаты:

- бар білімді нақтылы жағдайға пайдалану;
- білімді, оны практикалық іс-әрекетке қалай пайдалану реті бойынша жүйелеу;
- жұмыс барысында әрекет реттілігін бекіту;
- студенттердің өзбетінше жұмыс жасауына дайындығын анықтау болып табылады.

Практикалық сабактарда қолданылатын бірден-бір әдіс - жаттығу.

Жаттығудың мәні студент оқытушы жетекшілігінде бірнеше рет алға қойылған міндетті (тапсырманы) шешеді, бірқатар қажетті әрекеттерді, біліктілік және дағдыларды менгереді.

Жаттығу мазмұнына және мақсатына байланысты әртүрлі оқыту тәсілдерін пайдалана отырып, нақтылы құрылымға ие болады.

Жалпы, барлық жаттығуларға тән құрылым:

- алдын-ала жеке іс-әрекеттерді оқып үйрену;
- тікелей, не нәрсені менгеру керекгігін бақылау;
- бірнеше рет менгеруге тиіс іс-әрекетті оқытушының жетекшілігінде қайталау;
- бір әрекетті бірнеше өзгерген түрде қайталау;
- негізгі міндетті шешу үдерісін жүйелі түрде ретімен қайталау.

Жаттығу студенттен: әрекетті орындау ережесін; орындалу шарттарын ескеруді; жеткен нәтижесін ескеруді; жіберілген қателіктерді түсінуді және оларды жою жолдарын анықтауды талап етеді.

Практикалық жұмыс мақсаты студенттерді өндірістік іс-әрекеттерге дайындығын, белгілі әрекеттерді, қажетті дағдылар мен біліктіліктерді

қалыптастыру мақсатында жүргізілетін жұмыс.

Қоғамдық пәндер бойынша семинар сабактарында студент өзбетінше оқылған материалдардың құрылымдық логикасын түзуді, яғни оны жеткізу жоспарын жасау, өзінің ойы мен тұжырымын дәйектеуі қажет.

Жоғарыда студенттердің әр түрлі өзбетінше орындаітын жұмыстарына тоқталдық. Бұлар, сонымен қоса, лекциялық материалдарды жүйелі қайта толықтырып отыру және әртүрлі оку тапсырмаларын орындау және кезектегі аудиториялық сабактарға дайындалу.

Студенттердің өзбетінше жұмыстарына сонымен қатар, ғылыми-зерттеу жұмыстары, қоғамдық іс-әрекеттері т.с.с. кіреді. Десек те өзбетінше орындауға арналған сабактар студентке белгілі бір жұмыс көлемін орындауға ғана емес, олар өзбетінше білімдерін және біліктіліктерін кітаптың көмегімен толықтыруға, ойлау қабілетін дамытуға және өзінің шығармашылық әлеуетін көтеруге арналады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 Қаулысымен бекітілген «Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» бойынша оқытушылардың білім алушылармен өзіндік жұмысы негізгі үш функцияны қамтиды [218]:

Бірінші, нұсқамалық/бағыттаушы-бағдарлаушылық (мақсат қою, тапсырма беру, материалдарды мазмұндаудың негізгі бөлімдерінің өзара қатынасын анықтау, оку-әдістемелік құралдармен жұмыс істеуге нұсқау беру және т.б.). Осы берілген нұсқамалық кеңестер білім алушылардың алдағы уақытта өзіндік жұмысты (СӨЖ) орындауына жеткілікті болуы қажет.

Оқытушының екінші функциясы – консультативтік көмек және жеке консультация беру арқылы білім алушының өзіндік жұмысына түзету енгізу. Бұл – білім алушының өзіндік жұмысында оку әрекетін жүзеге асыруда консультативтік көмек беру, жеке консультация жүргізу және тиісті түзету жұмыстарын жүзеге асыру. Білім беру үдерісінде бұл функцияны тыторлар атқарады.

Оқытушының үшінші функциясы – бақылаушы, бағалаушы функциясы. Білім алушының білімін, пәнді менгеру деңгейін әр түрлі әдістерді (тест, ауызша, жазбаша бақылау жұмыстары, коллоквиум, т.б.) қолданып анықтау. Кейбір кездесетін негізгі қыындықтарды анықтау бойынша диалог үйімдастыру, оқытушының сарапшы немесе бақылаушы ретінде «дұрыс» әрекеттерді, өзара әрекеттестікті, эталондық тәсілдерді

көрсетуін қарастырады.

Білім алушылардың оқытушымен өзіндік жұмысы негізгі 4 функцияны қамтиды:

- біріншісі, білім алушылар оқу пәні бойынша сабак барысында оқытушыдан қабылдаған ақпаратты белсенді түрде жүзеге асыруы керек;
- екіншісі, білім алушылар оқытушының кеңесін негізге ала отырып, өз беттерімен оқу-әдістемелік құралдарды, әдебиеттерді оқып, үй тапсырмаларын, бақылау және курстық жұмыстарды орындаиды. Бұл кезенде білім алушылар жұмыс атқару әдістерін біле отырып, өздеріне қатаң талап қоя білуі керек;
- үшіншісі, білім алушылар қурделі ситуацияларды талдай отырып, бір жүйеге келтіріп, бұлардың себептерін түсініп, оқу материалын менгере отырып, басқа да оқу әрекеттерін орындауды керек. Білім алушылар шешілмейтін мәселелер, проблемалық жағдайлар туралы оқытушыға сұрақтар қояды, сұрақтардың жауаптарын өздері де дайындаиды;
- төртіншісі, білім алушылар оқытушыдан түсініктеме, кеңес, консультация алу үшін келеді.

Шын мәнісінде бұл студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру бірқатар мәселелерге байланысты өзіндік орнын дұрыс таба алмай жатыр. Біріншіден, оқытушылардың жүктемесі артып отыр, бұл – олардың студентпен жұмыс жасаудың мүмкіндік бермейді. Екіншіден, өзіндік және оқытушы басшылығымен орындаитын жұмыс тақырыптары дұрыс айқындалмаған. Үшіншіден, мазмұнды менгеруге бөлінген уақыт бюджеті нақтыланбаған. Осыдан басқа да кемшіліктердің орын алып, проблема шығып жатқандығын көруге болады.

Осыншалық көлемді және қыын да міндеттерді өзбетінше орындалатын жұмыстар ауқымына сыйғызу оларды тиімді ұйымдастыру, оларды аудиториядан тыс жоспарлау және қатаң ой еңбегінің гигиенасын сақтау арқылы іске асады. Ол демалыспен де, уақытпен де үйлесімділігін табуы шарт. Әрбір студент үшін төрт сағат шамасында күнделікті өзбетінше жұмыс ұйымдастырылуы керек. Десек те көптеген студенттер нашар білім деңгейін уақыттың жетіспеуіне жабады. Мұндай шағымдар негізінен өзбетінше орындалатын жұмыстарды дұрыс жоспарлау және тандаған әдістеменің болмауынан деп түсіну керек.

Студенттердің өзбетінше жұмысын дұрыс жоспарлай алмауының және бір себебі, мектеп практикасында олар күніне төрт-алты сағат қана

дайындалады. Ал университетте мұндай әдеппен қоштасуға туралады.

Әйткені, студентке жинақы және белгілі бағытта бірнеше пәндермен жұмыс жасауда жағдай жасылынған. Осы мақсатта оқу жоспары және сабак кестесі, студенттің апта ішіндегі жұмыс күніне негізгі пәндердің біреуіне ғана дайындалуға толық мүмкіндігі болатын етіп құрылған.

Бұл бір күн ішінде лекциялық материалдарды қарап шығуға және лабораториялық, практикалық сабактарға дайындалуға болатындығының айғағы.

Тіпті өз мамандығың бойынша негізгі пәндерден басқа, мысалы күніне 20-30 минут шет тіліне қатысты сөздік қорын жинақтау ой еңбегін жеңілдетеді.

Өзбетінше жұмыс істеу әдістемесінің дұрыс ұйымдастырылмауының тағы бір себебі - жаттау. Материалдарды ой елегінен өткізбестен, құрғақ жаттау зиян келтіреді. Құрғақ жатталған материал тез ұмытылады, ал бұл өз кезегінде, әсіресе практикалық жұмыстарды ұйымдастыру барысында бірқатар олқылықтарға соқтырады.

Студенттердің өзбетінше жұмысы тек конспектілермен немесе кітаптармен ғана дұрыс ұйымдастырылауда ғана болмайтыны жоғарыда айтылды да. Студент кітаппен жұмыс істеу барысында оның мазмұнына жүгірте қарап шыққанның өзінде, анық өзінің білімін қаншалықты қенеятетініне және терендететіне көніл бөлуі тиіс.

Сондықтан да студенттердің ғылыми білім көзі ретінде кітапқа сүйіспеншілікті және құрметі, онымен өзбетінше жұмыс істеуі қандай пәнді болмасын оқытудың ең маңызды міндеттері болып табылады.

Студенттерде оқу және қосымша ғылыми әдебиеттермен өзбетінше жұмыс жүргізуі калыптастыру - студенттердің өзбетінше білім алуды және оны терендетуі проблемасының бөлігі.

Кітаппен жұмыс істеу өзбетінше қалыптасады деу дұрыс емес. Бұдан шығатын қорытынды студенттерді кітаппен жұмыс істеу тәсілдеріне үйрету қажет.

Оқу үдерісі барысында студенттер кітаппен жұмыс істеуде:

- маңызды мәселені көре білуі;
- өзбетінше математикалық формуларды талдай білуі және олардың физикалық, басқа да мән-мағынасын түсіне білуі;
- кестелер, графиктер, сыйбалармен пайдалана білуі;
- оқығанды логикалық түрде, рет-ретімен өз сөзімен қайталай және

қосымша әдебиеттерден алынған мәліметтермен толықтыра білуі;

- мазмұн мен пәннің және автордың аты-жөні көрсеткіштерімен пайдалана білуі;

- каталогпен жұмыс істей, библиография түзе білу біліктіліктері мен дағдылары қалыптасуы тиіс.

Жоғары педагогикалық оқу орнында педагогтарды даярлауда әрқашанда оқушының жеке басының тұлғалық бейнесін, оның үлгілері мен тәртібін, дамуын, қалыптасуын бақылап, бағалап отыруда педагогикалық пәндер мен педагогикалық практиканың маңызы зор.

Педагогикалық практиканың болашақ мұғалімдерге тәрбиелік әсері аса зор, ол студенттің идеялық сенімін, адамгершілік бейнесін қалыптастырады. Студенттер педагогикалық практикаға дейін ғылыми-педагогикалық нақты білімдер алуы тиіс. Болашақ мұғалімдердің педагогикалық даярлықтар жүйесін жетілдірудің міндеттері, олардың теориялық білімдерімен қаруландыру ғана емес, олардың алған білімдерін мектепте, педагогикалық практика кезінде қолдана алуы.

Сабакта жаңа материалды оқыған кезде, оқушылардың дербес жұмысын пайдалану тәжірибесі, осындай жұмыс түрі мұғалімнің тақырыпты түсіндіруінен көбірек уақыт алады деген пікірді толығымен жоққа шығарады.

Алайда, студенттердің дербес жұмысын басқа әдістермен тиімді үйлестіру керек, әрі оны оқу үдерісінде барлық буындардың табиғи бөлігі болып енетіндей жоспарлау қажет. Бұл жағдайларда студенттердің дербес жұмысы тек білімді игеруіне ғана емес, олардың қабілетінің дамуына да ықпалын тигізетін болады.

Оқыту қағидаларымен бірге, дидактикалық оқыту ережелері бар. Әр қағиданың зерттелуі бір жоспармен жүргізіледі: бастапқыда қағиданың мәні ашылады (оның нені талап ететіні), сосын психологиялық-педагогикалық негіздеуі беріледі (оқу қағидаларын жүзеге асырудары ойлау, зейін мен қабылдау үдерістерінің, сөз және басқа факторлардың есебі), пайдалану ауқымы көрсетіледі, оқу барысындағы қағиданы жүзеге асыру ережелері (әдіс-тәсілдері) қарастырылады [219; 220].

Педагогикалық практикада студенттердің осы тәсілмен сабакқа педагогикалық талдау жасауына байланысты тапсырма беріледі.

Тапсырманың өзі де күрделендіріледі: студенттер сабакта мұғалімнің қандай оқу қағидаларын іске асырганын айқындаап, тындалған сабакқа

көзқарасын білдіруі және оны негіздеуі керек. Нәтижесінде студенттер осы сабак бойынша жазба есеп құрайды, оны оқытушы қарап шығып, бағасын береді.

Жауап түрлері барлық студенттер үшін бірдей: оны тапсырманың мазмұнымен, оны орындау тәртібімен айқындайды.

Мысалы: 2-курс есебі келесі мәселелерді қамтиды:

1. Сабак барысын суреттеу.
2. Оқытушының сабак барысында қандай қағидаларды жүзеге асырғанын айқындау.
3. Тыңдалған сабакқа өзінің көзқарасын білдіру және оны негіздеу.

Сабактың кемшіліктегі мен олқылықтары мынаған келіп саяды:

1. Саулнама жоспары жария етілмеді. Мұғалім танымдық міндетті оқушылардың алдына түсініксіз түрінде қойды.
2. Сабактағы тәртіп нашар болды, мұғалім сабактың барлық кезеңінде оқушылардың ынтасы мен белсенділігіне қол жеткізе алмады, оларды оку материалдарымен қызықтыра алмады.
3. Плакаттар сабак басталардан бұрын ілінді, бұл оқушылардың көнілін бөлді.
4. Мұғалім оқушыларға сұрақ қойды да, олардың ойлануына мүмкіндік бермesten, жауаптарды аяғына дейін тыңдамастан, қосымша сұрақтар қоюға асықты.
5. Сабак жоспарынан едәуір ауытқушылық болды, сабакта оқыту қағидасының басым бөлігі қолданылмады; олар оку материалын нашар игерді және сабакта белсенді жұмыс істелмеді, мұны сабак соңындағы оқушылардың саулнамаға жауаптары мен әңгімелесулер көрсетті.

Педагогикалық практика – болашақ дене тәрбиесі маманын даярлаудың ең тиімді жолы екені даусыз. Педагогикалық практиканың жүйелі түрде дұрыс ұйымдастырылуы және ынтымақты түрде өткізілуі, оның мазмұны мен міндеттерінің айқындылығы, өз кезегінде, болашақ маманның жоспарланған оқу-тәрбие жұмыстарын сапалы жүзеге асырылуының кепілі болып табылады.

Студенттердің болашақ мамандығына деген қызығушылығы, ынта-ықыласы олардың педагогикалық практика кезіндегі педагогтік қызметке тікелей араласуымен байланысты. Болашақ маманның педагогикалық практика барысындағы алдында тұрған негізгі мақсаттары мен міндеттері қандай деген саулға жауап беретін болсақ, ең алдымен әрбір болашақ

маман:

- педагогикалық практикаға не мақсатпен баратынын;
- оқушыларға тың жаңалық, пайдалы тәлім, қызғылықты ұсыныстар айта біletіндей;
- тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда қолданатын әдіс-тәсілдерін нақты біліп, оқушылардың оқу-танымдық әрекетін ұйымдастырудың тиімді жолдарын қарастырып;
- өзі ұсынатын оқу-тәрбие жұмыстарының нәтижелі болуына қол жеткізе біletіндей болып;
- өзі қалаған кәсіп иесіне лайықты сапалық қасиеттерді игеруге барынша күш салып, болашақ мамандығын мақтан тұтатындай болуы керек;
- әрбір болашақ маман өзі қалаған мамандықтың қыры мен сырына терең бойлап, мамандыққа лайықты дағдылар мен іскерліктерді менгеруге үмтүлұы шарт.

Педагогикалық практиканы ұйымдастыру барысында оқытуудың, тәрбиелеудің және дамытуудың бірлігі принципі басшылыққа алынуы тиіс. Студенттер тәрбие ұғымы, негізінен жеке тұлғаның жан-жақты дамуына басшылық жасау үдерісі болып табылатынын ескеруі керек. Бұл мәселеде педагогикалық мәдениет ұғымының мәні зор.

Дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша жоғары кәсіби білім беру стандартының соңғы үлгісі 2010 жылдың белгілі [221]. Аталған стандартта оқу пәндері және олардың циклдері бойынша қалыптастырылатын білім мен іскерліктер көрсетілген болатын, олар төмендегідей.

Бітірушілер философия, психология, педагогика, тарих, мәдениеттану салаларында негізінен:

- тәрбиелеу және білім беру барысында бала мен жасөспірімнің психикасының даму негіздері, жеке-технологиялық әрекшеліктерін, адам қарым-қатынасына әлеуметтік-психологиялық әсер ету механизмін білуі;
- оқыту үдерісінің психологиялық негіздерін жасап, оны ұйымдастыра білуі, жеке адамның қасиеттерін анықтай отырып, оның өздігінен жетілуін басқара білу;
- адамды мақсатты түрде қалыптастыруға бағытталған, қазіргі уақыттағы іс-әрекетті жүйелі ұйымдастыру негіздерін, қазіргі

уақыттағы білім, соның ішінде әр түрлі бағыттардағы оқу жұмыстары мазмұнының даму барысын, оқыту және тәрбиелеу әдістері мен формаларын, білім беру бағдарламаларын іске асыру технологиясын, жалпы тәрбиелеу мен білім берудің, соның ішінде қазақ халқының тәрбиелеу мен білім берудегі психологиялық-педагогикалық дәстүрлерінің даму тарихын білу;

- адамды шығармашылыққа бастайтын белсенді тұлға болып қалыптасуына әсер ететін қоғамдық-тарихи үдерістердің мазмұны мен адамзат тарихында құралған жалпы рухани байлық жайынан хабары болуы керек, т.б.

Филология саласында:

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілін және ресми тілі - орыс тілін еркін менгеру;
- өз жұмысында кәсіби лексиканы білуі және орнымен қолдана білуі тиіс;
- шет тілдерінің бірінде лексикалық минимумды менгеруі керек;
- шет тілінде диалог сипатта әңгімелесе білуі тиіс.

Арнаулы пәндер циклы маманның кәсіби-педагогикалық білім мазмұнын шағын сала бойынша ары қарай дамытуы керек. Арнаулы пәндер - циклының мақсаты ЖОО таңдаған сала бойынша білім, біліктілік және дағды деңгейін көтеру. ЖОО (факультет) өз мүмкіндіктерін ескере отырып, арнаулы пәндер циклынан тұратын бірнеше нұсқаларын ұсынуы мүмкін.

Әлеуметтік қолдау тапқан мінез-құлық формаларын игілікке айналдыруды қамтамасыз етудің негізгі шарттары болып төмендегілер саналады:

- тәрбие үдерісіне түскендердің әр түрлі өмір сәті жағдайындағы белсенді нақтылы өзара әсерлері;
- тәрбиелеушілердің тәрбиленушілерге берген қайтымды байланыстары;
- әлеуметтік қолдау алған мінез-құлық формаларының артықшылығының болуы мен еліктеуге түрарлық мінез-құлық формаларының үлгілі түрінің болуы.

Еліміздің Болон үдерісі қағидаларын басшылыққа алumen құзыретті маман даярлау жүйесіне көшуі кең көлемде жүзеге асырылуда [222]. Осылан байланысты әлі де болса, ЖОО маманның білімі мен

іскерліктеріне басым көніл бөлуді басшылыққа алу. Себебі, құзыретті маман даярлығында олардың әмоционалдық-құндылық қатынастары да өрістетілуі және бағалануы тиіс.

Корыта айтқанда, қоғамның дәстүрлі мәдениеті жағдайында қарым-қатынас мәдениетін тиімді қалыптастыруға мына факторлар:

- күмән келтірмейтін, пікір туғызбайтын құндылық жүйесінің бар болуы;
- кез-келген жағдайға сай өзінді қалай ұстау әдебіне жол көрсететін құндылықтар жүйесінің игілікке асырылуы;
- қарым-қатынас формаларын жеткізетін амалдар мен білімдердің тәжірибеде қалыптасқан түрлерінің болуы;
- олардың осы қарым-қатынас формаларының әрбір адам игілігіне асу ықпалының мол болуы алғы шарттар жасайды.

Сонымен, ЖОО болашақ мұғалімдерді даярлауда қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда педагогикалық жүйе құраушылары түрғысынан төмендегідей проблемаларды айтуға болады:

- оқыту мазмұны түрғысынан міндетті пәндердің оқу жоспарынан қысқаруы (мамандыққа кіріспе, жас ерекшеліктер психологиясы, педагогикалық шеберлік, этнопедагогика, т.б. курстардың алынып тасталуы);
- оқу жұмыстарында жеткілікті түрде заманауи әдістердің кеңінен қолданбауы (тренинг, педагогикалық жағдаяттарды шешу, жоба орындау, т.б.);
- кәсіби қазақ тілі курсарын тіл мамандарының ұйымдастыруы (олардың кәсіби терминологияны жетік білмеуі);
- педагогикалық практикалардың өз деңгейінде ұйымдастырылмауы (психологиялық пәндер бойынша практиканың ұйымдастырылмауы, психологтарды практикаға өз деңгейінде тартылмауы, уақыт мөлшерінің азауы немесе оқу жұмыстарынан тыс емес үзіліссіз ұйымдастырылуы, т.б.);
- оқытушының басшылығымен ұйымдастырылатын студенттің өзіндік жұмысының оқытушы жүктемесіне енбеуі, т.б.

Бұл орын алған мәселелер болашақ мұғалімнің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың ерекшеліктері мен қазіргі жағдайын терең талдауды кеңінен қарастыруға алып келеді. Жұмыстың келесі тақырыбында аталған мәселе тереңінен қарастырылатын болады.

Жоғарыдағы зерттеулерге талдау жасай келе, біздің зерттеу проблемамыз төнгірегінде мынадай қорытынды жасауға болады: педагогикалық үдерісте мотивациялық, танымдық, технологиялық компоненттер тұрғысында міндеттерді шеше отырып, болашақ мамандарға кәсіби біліктілікті менгертуде жоғары нәтижелерге қол жеткізуға болады.

## **2.2 Болашақ педагогтардың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың ерекшеліктері мен қазіргі жағдайы**

Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2005-2010 және 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында айқындалған міндеттерді жүзеге асыру сапалы білім беру арқылы білікті мамандарды қалыптастыруды көздейді. Қоғамның сұранысына қажет педагогикалық мамандарды даярлау, білім мен ғылымды интеграциялау арқылы білім берудің сапасын арттыру, әсіресе білім беру мекемелерін басқару саласын жетілдіру дүниежүзілік озық тәжірибене сай реформалауды пәрменді жүргізуі талап етеді. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Занында, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту Тұжырымдамасында» да осы мәселеге баса назар аударылған.

Еліміздің президенті Н.Ә.Назарбаев педагогикалық оқу орындарының алдына бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелей алатын жаңа формация педагогын даярлау міндеттің қойып отыр. Осы айтылғандарға байланысты бүгінгі күнгі мамандарды, оның ішінде дене шынықтыру және спорт саласындағы мамандарды даярлаудың жоғары дәрежедегі көрінетін тұлғалық сипаты, оның жалпы және кәсіби мәдениетінде деп түсіну қажет.

Білім беруді ізгілендіру, гуманизм принциптеріне сәйкес қарым-қатынасқа түсуші әр қатынас жасайтын басқа адамдар бағалы болып табылады. Қатынас гуманизмі дербестік рөлдік позицияны саналы түрде өзгерте алады. Қарым-қатынастағы серіктестікті қалай қабылдайтыны аса маңызды. Егер педагог баланы әсер ететін нысанан ретінде көретін болса, өзара қатынаста гуманистік, ізгілікті ештеңе болуы мүмкін емес. Психолог Я.Л.Коломинскийдің тұжырымдамасы бойынша қарым-қатынастың екі деңгейі болады: сыртқы деңгей тәртіптілік, операциялы-техникалық және ішкі деңгей жеке - маңызды тереңдігін қозғайтын [223]. Сол себепті де,

әлеуметтік-психологиялық жаттығулар мен тренингтерді үйымдастыруда қарым-қатынас мәдениетін адамның ішкі үйлесімімен байланыстыру қажет.

В.А.Кан-Калик адамдар бір-бірінің мүмкіндіктерін бағалаудан олардың бірлесе орындаған әрекетінің өту сипаты мен нәтижесіне байланысты деген [96, с.136].

Қарым-қатынас жетістігі көп жағдайда әлеуметтік перцепция (естілім) деңгейімен анықталады, яғни адамдардың бірін-бірі, топта, әлеуметтік бірлестікте, өзін-өзі түсінуі және бағалауы қабылданады.

Америка психологтарының тұжырымдамасына сәйкес адамның өзі туралы пікірінің қалыптасуы үш әлеуметтік блоктан тұрады: когнитивті, эмоциялық – бағалаушы, реттеуші. Когнитивтік блоктың қызметі – өзі туралы мәліметті қорыту және сақтау, эмоциялық-бағаланушы қызмет – өзінің мүмкіндігі мен қабілеттілігін бағалап, өзіне деген көзқарасты бағалау, реттеуші блоктың қызметі - өз тәртібін және іс-әрекетін реттеп, кері байланыс арқылы өзі туралы мағлұматты түзету. Өзін-өзі қабылдау дегеніміз – адамдардың өзін басқалармен салыстыруы, өзін басқалардың қабылдауын сезінуі, өз әрекетінің нәтижесіне сәйкестігі және сыртқы кейпін қабылдаудан тұрады.

Осыған орай, қарым-қатынастағы сөйлеудің мына төмендегідей түрлерін білу аbzal: - сөйлесу (диалог) – тану – ойлау – түсіну – шешім шығару – қызмет (диалогтық): субъект-объектілік диалогтық өзара байланыс.

Сөйлесудің (диалогтің) түрлері:

- ақпараттық (мысалы, ақпараттық-әдістемелік);
- интерпретациялық (мысалы, кезекті тәрбие проблемасы);
- үйымдастырушылық-педагогикалық (осы не басқа тәрбие проблемасын шешуге бағыт беру, шешуді қарастыруға бағыт беру);
- перспективалық-болжамдық, мақсатты-талап қоюшылық (тәрбие жұмысының перспективаларын ашу);
- реттегіштік (тәрбие міндетін шешу мәселесі бойынша мұғалімнің үйымдастырушылық-педагогикалық қызметін ретке келтіру).

Сөйлесу (диалог) мына жағдайларға тәуелді:

- сөйлесудің мақсаттылық қажеттілігі;
- сөйлесу мәтіні, оның мазмұны;
- сөйлесу әріптестерінің ойлау қызметі;

- сөйлесу ортасын, оның көркемдік-эстетикалық қалыптасуын қамтамасыз ету;
- сөйлесудің қажетті принциптерін, нормалары мен ережелерін сақтау;
- сөйлесу (диалог) субъектісі мен объектісін өз бетінше бақылау [223; 224; 225; 226; 227].

Артық шапшаң қимылдар дәрісханамен байланысқа түсуге кедергі болады. Экспрессивті психологияны құнделікті қолдану маңызды қимыл-қозғалысты дамытып қана қоймайды, сонымен қатар жалпы жеке адамның қалыптасуына әсер етеді.

Жеке даралық қатынаста өзі туралы мәлімет, өзінің тәртібі, сонымен қатар өзге адамдардың қылышына жауапты реакцияны көрсету маңызды. Кері байланыс арқылы адам өзінің тәртібін икемдеп, оның тиімді жолдарын қарастырып, өзін-өзі бағалауды қалыптастырады. Кері байланыс жасай білуі қарым-қатынас жүйесінде құзыреттілікті көрсетеді.

Педагогтың басты да бағалы қасиеттерінің бірі - психологиялық көрегендік. Мұның өзі балалардың мінез-құлқын, іс-әрекетін бақылай білуге, оның педагогикалық психологиясының жалпы заңдылықтарын қаншалықты терең меңгергеніне байланысты дамып қалыптасады.

Педагогикалық құндылықтар адамның жеке құндылықтары ұғымынан тыс өмір сүрмейді. Қогамдағы әлеуметтік рухани сфералар өзара әсер етуі нәтижесінде жалпы даму өзгерістеріне әкеледі. Мәдениеттің барлық жүйелері, соның ішінде білім беру үдерісі де дамудың тұтас динамикалық жүйесін құрайды.

Білім берудің әлемдік жүйесінің өзгерісі, әсіресе, аймақтық өзгерістер оның даму динамикасының сипатын аша түседі.

Ғылым және тәрбие практикасында кейбір құбылыстар жаңа уақыт талабына сай іздену сатыларынан өтуде.

Қазіргі дағдарыстардың социомәдени сипаттамасы мәдени әрекеттің, субъектілер арасындағы қатынастың құлдырауымен, білім беруді мәдени іс-әрекет ретінде жаңа принциптер негізінде түсінудің пайда болуымен байланысты.

Педагогиканың мәдени теориялық негізін жасауда мәдени диалогтар идеясы жеке адам дамуындағы мәдени әдістер, жеке адам, жеке қарым-қатынас шенберінің мәдени әдістері проблемалары елеулі орын алады. Бұл еңбектер мәдени антропология мектебінің практикалық базасын

нығайтатын және қазіргі педагогикалық зерттеулермен байланысты шарттары. Осы негізде білім саласында жаңа мәдени проблемалар пайда болды [188; 228].

Тәрбиенің жаңа антропологиялық, яғни философиялық, мәдени-әлеуметтік, тарихи, педагогикалық діни бағыттары жинақталған мәдени білімдер контексінен өз мәнін табады.

Педагогикалық теорияларда мәдениеттану қажеттілігіне, мәдени сұраныстарға байланысты гуманитарлық білім негіздері қалыптасуда. Сондықтан білім мен мәдениеттің арақатынасына және мағынасына байланысты төмендегі бағыттарды бөліп көрсетуге болады:

- білім және сарапап білім беру әдістерінің мәдени бағыттары;
- білім берудің және білім технологиясының мәдени мазмұны;
- оқу орындарының мәдени модельдері;
- оқытушы және оқушының қарым-қатынас мәдениеті;
- оқу орындарының мәдени ортасы;
- оқу орындарынан тыс мәдени орта;
- қоғамда қалыптасқан социомәдени ерекшеліктер;
- жеке тұлғаның өзін-өзі бақылауына байланысты мәдени әрекеттер;
- жеке тұлғаның дамуына әсер ететін нақты қоғамдық мәдени әрекеттер.

Мәдени білімнің көрсетілген проблемалары қазіргі тәрбие мен білімді, жеке адамның дамуын әртүрлі макро және микро мәдени үдерістердің өзара байланыстарымен түсіндіретін бағыттар.

Білімнің мәдени-гуманистік және философиялық демократиямен тығыз байланыстылығы кездейсоқ емес, оның ортақ түбірі - әлеуметтік, мәдени мораль негізін құрайтын дәлелдері.

Білім және мәдениеттің көп жылдар бойына қалыптасқан тарихы қазіргі кезеңде ұрпақты жалпы адамзаттық мораль негізінде тәрбиелеуге бағытталады.

Отандық білім мен мәдениет тұтастыры көзқарасымыз бойынша көптеген жылдар бойы назардан тыс болды. Қазіргі уақытта қоғамда ең алдымен жеке адамның мәдени анықталуы мен дамуына негізделген білім берудің мәдени мақсатын іске асыру қажеттілігі туындалады.

Бұл үдеріс мәдениетке жақындау, болашақ мұғалімдерді мәдениеттілікке үйретудің басты ерекшелігі, білім беруде оны мазмұндық есепке алу.

Жеке адам социопсихологиялық және социомәдени мінез-құлық, қарым-қатынас, іс-әрекет иесі ретінде ғана жоғары білімдік пен мәдениеттілікке ие болады [229; 230].

Бұл орайда, студенттердің сұраныстары мен қызығуларын зерттеу, жоғары оку орындарының оқу жоспарлары мен бағдарламаларын талдау қазіргі жоғары білім беруде қарым-қатынас мәдениетін оқытудың қажеттілігін дәлелдейді. Кешегі мектеп түлектері жоғары мектепте кездесетін қиналыстармен бірге, жаңа ортаға бейімделу мәдениеттілігінің кедергілеріне көзігеді. Соңғы жылдардағы практикалық тәжірибе болашақ кәсіпке даярлауда мәдениеттілікке тәрбиелеу қажеттілігін білдіреді.

Адамдық мәдениетті өн бойында тәрбиелеу – өзімізді қоғам алдында ұстау, қылықтарымыз, тілегіміз, білімділігіміз.

Адамдар арасындағы қарым-қатынастар әр түрлі құралдармен іс-жүзіне асырылатындығы жалпы белгілі. Мәдениет коммуникациялық жүйе, символдар мен образдар арқылы ақпаратпен алмаса отырып, қатынастың басқа түрлерін қамтамасыз етеді. Коммуникациясыз қатынастардың, әрекет түрлерінің іс-жүзіне асуы мүмкін емес.

Жалпы бірегей ойлаудың мағынасын тілмен бейнелеу құралдарымен орнықтыру - коммуникацияның негізі болып табылады. Сөйлеген сөзді ести отыра, адамдар олардың мағынасына назар аударады, олардың өз сөздерінің реакциясының әртүрлігіне қарамастан, адамдардың арасында, аздал та болса өзара түсінушілік болады.

Кез келген үйымдасқан топтарда адамдардың өзара іс-әрекеттері және олардың сыртқы стимулдарға реакциясы тілмен, моральдық нормалармен, сеніммен, нықталған және мәдени нормалармен жанамаланған. Адамдардың әрекеті мен қажеттілігінің олар қабылдайтын және басшылыққа алатын мағыналардың жүйесінің арақатынасын анықтамай, мәдениетті немесе қоғамдағы болып жатқан оқиғаларды түсіну мүмкін емес.

Бірақ коммуникативтік типтердің тарихи ауысып тұруы оның мазмұнын жоққа шығара алмайды. Сондықтан аталмыш тәсілдерді жіктеу тек қана тарихқа емес, осы заманға да қатысы бар.

Олай болса, дәстүрлі түрі – бірін-бірі аздал та болса білетін, әр адамның рөлі оның жасы мен өмір салтына қарай белгілі болған, ал қарым-қатынас нормалары барлығына бала шағынан немесе соңғы бірнеше жылдар таныс болған ауылдық орта.

Білім жалпылама қоғамдық қалыптасу сатысында өзіне тән саяси және мәдени қарым-қатынас арқасында кеңінен таныла бастады. Жеке адамға, топқа, тапқа тән нормалар мен құндылықтар ғана емес, сонымен қатар идеялар, ойдың типтері және коммуникацияның мазмұндары да бір-бірінен айырмашылығының бар екендігін көреміз. Бұл айырмашылықтар олардың өзара бірін-бірі түсінушілігіне және нормада қарым-қатынас жасауларына алып келеді.

Мәндер – адам мен табиғатты немесе жалпы субъекті мен объектіні белгілер арқылы қауыштыратын арнайы мәдени құралдар. Егер экономикалық әрекетте сыртқы дүниемен шаруашылықты жүргізу, саясатта билеп-төстеу қатынастары арқылы қауышса, мәдениет қоғамдағы фактілерді, құбылыстарды, үдерістерді мәндендіреді. Одан әрі мәдениет күрделі және әр алуан қордаланатын, қолдайтын, ұйымдастыратын белгілер қалыптастырады. Белгілер жүйесінің қатарына табиғи және жасанды тілдер, әр түрлі сигнализациялар жүйесі, бейнелеу жүйесінің тілдері, образдар, символикалар.

Қоғам тәжірибесінде бір-бірімен ара-қатынаста болатын жүйеленген және келесі ұрпаққа жалғастыруға болатын, жалпылама символдарды нығайтуы қажет.

Мәдени құралдармен қиялда жаңғырық табатын жоқ заттардың бейнесін, олардың тізбегін және үйлесімін жүйелейтін белгілерді, есімдерді, атауларды жасайды. Солардың арқасында тармақталған мәндердің жүйесі дүниеге келеді. Соның көмегімен өте нәзік көніл-күйлерді немесе көзге көрінетін дүниені бір-бірінен ажыратуға болады. Қалыптасқан бағалардың күрделі иерархиясы көптеген ұрпақтардың тәжірибесін жинақтайды. Адамдар құбылыстарды белгілей және бағалай отырып, оларды реттейді, талқылайды, дүниедегі және болмыстағы өз орнын ой елегінен өткізеді, шындықта бағыт, болжам алуға мүмкіндік алады. Мәнге ат беру деген сөз – оны танып-білуге жасалған алғашқы қадам деген сөз. Мәдени мәнділік жүйесінен тыс жерде патша мен қызметкердің, әулие мен құнәһардың, әсемдік пен сиықсыздықтың айырмашылығын білу мүмкін емес. Мәдени нормалардың өзгеруі және мәнділіктердің күйреуі сияқты тым шұғыл жағдайларда алдыңғы айырмашылықтар жойылады.

Сөздердің мәндері, олардың шындықтағы заттармен, құбылыстармен немесе үдерістермен сәйкес келе бермейтіндігі мәлім. Олар мәдениет

негізінде адам мен табиғаттың өзара әрекетке түсіү және заттар мен өмір сүру ортасының символикалық қалыптасуының нәтижесінде бір жүйеге келеді.

Адамдар жасаған мәндер жүйесінің аса маңыздысы тіл, өйткені ол басқа белгілер жүйесіне қарағанда ең әмбебап құрал болып табылады. Тілдің уақыт өлшемдерін қазіргі, өткен, келер шақтар, модальдықты, шырайды және т.б. анықтап береді. Адамның өз ойын жеткізе білумен қатар, мәдениеттілік алғашқы сатыларында маңызды рөл атқарған өлшем болып табылады.

Өзіндік-өзінше мәндер бейтарап күйде болуы мүмкін, өйткені қоғамдағы пайдалану белгілерінің ауқымы өте кең. Алайда, олардың кейбіреулері нормалармен және құндылықтармен қосыла отырып, құнделікті кездесетін басқалардан жоғары дәрежеге көтеріліп, мәртебеге ие болуы мүмкін.

Бұл бағытта жеке тұлға мен ұрпақтың қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу, қалыптастыру төмендегі ерекшеліктерді қамтиды:

- гносеологиялық;
- іс-әрекеттік;
- субъективтік.

Гносеологиялық аспект мәдениеттану философиясында мәдени компоненттер қылықтық нормалар, білімдер мен мәндер, құндылықтар мен символдарға ие болады. Адамның мәдени нормалары әлеуметтік мінез-құлық пен нормалар, оның рөлдік функцияларына байланысты.

Сонымен қатар, нормаларды игеру сана мен мінез-құлықта көрініс беретін адам психологиясының стереотиптері ретінде психологиялық мәдениет мұрасымен байланысты.

Білім адамның өзін және басқаларды тану үдерісінің құбылыстарда, ұғымда, теорияда көрініс табуы, ғылымның даму үдерісінің нәтижесі.

Мәнділік – белгілердің адамдардың дүниемен бірлескен мәдени құралы. Мәндер – бейнелерде, шарттарда, белгілерде, ишарада, сөзде, келбетте жинақталады.

Символдар – іс-әрекеттің көрінісі, адам әрекетінің қалыпты әсерлері.

Сонымен, қарым-қатынас мәдениетін түсіндіретін қағидалар адамның негізгі құндылықтарымен бір мәнмәтінде дамиды.

Қарым-қатынас мәдениетінің іс-әрекеттік дамуы оның құрылымының тәсілдері мен әдістеріне тәуелді.

Қарым-қатынас мәдениеті іс-әрекетті талдауда, жас кезеңдеріне сай оларды игеруге де тәуелді келеді.

Білімді игеру мәдениет әлемінде екі жол арқылы іске асырылады. Біріншіден, белгілі тәжірибе мен шығармашылық арқылы зандар, құбылыстарды игеру. Екіншіден, тіршілік әрекетіне қарай "инсайттық" менгерулер немесе жаңалыққа үмтүлу.

Білімнің, іс-әрекет теориясының (Я.Л.Коломинский, Н.Н.Хан, С.Г.Тәжібаева, С.А.Ұзақбаева, Қ.Б.Жарықбаев) жетістіктеріне сүйеніп, оның ішкі мәдени құндылықтарының негізі жасалса, ал мәдениетті игерумен тәрбие негізі қаланатыны белгілі [231; 40; 232; 233; 234].

Қарым-қатынас мәдениет әлеміне тән әдістерін құрай келе, ұрпақтың шығармашылық белсенділігін арттыру жолдары белгіленді (В.С.Библер [139, 112 б.], В.О.Егоров, Н.Румянцева) [235; 236].

Бұл екі жолдың мазмұны мен құрылымының принципті түрде әртүрлілігіне қарамай, олардың шығу нұктесіне жасаған іс-әрекеті, қол жеткен табыстары, қыншылықтары, өзіне тән қатынасының міндетті байланысын білдіреді.

Субъективті талдаудың мәдени объективті компоненттері оның қарым-қатынас тілі, мінез-құлқы сезімі, ойлауы мен мүмкіндіктері.

Соңғы кезеңдегі көптеген зерттеулерде педагогикалық үдерістің ерекшеліктерінен тыс қарым-қатынас мәдениетінің компоненттері беріледі.

Айта кететін жағдай, жоғарыда көрсетілген жеке адам мәдениетінің қалыптасуы әрекет етудің бүкіл жүйесінің тиімді жолы болып табылады және білім компоненттерін біріктіру қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасу кезеңдерін, деңгейлерін, өлшемдерін, ұғымдық мағынасына қарай енгізуге үмтүлады.

«Коммуникативтік мәдениет», «мінез-құлқы мәдениеті», «ойлау мәдениеті» ұғымдарын пайдалану қарым-қатынас мәдениеті ұғымының толық түсінігін бере алмайды. Мысалы, «коммуникативтік мәдениет» ұғымына берілген анықтама адамдардың бір-бірімен өзара әрекеттің іске асыратын дағдылары мен икемдер қарым-қатынастың мүмкін жолдары, тиімді шешімдер жиынтығы, жеке адам дамуының нәтижесі мен білімнің жиынтығы бағыттарын ғана ашады.

Түрлі зерттеу жұмыстарындағы мазмұндық талдауға тоқтала келе, білім берудің жағдайы мен мақсатын анықтайтын өлшемдер негізінде

қарым-қатынас мәдениетінің келесі педагогикалық жолдарын бөліп көрсетуге болады:

- қарым-қатынас мәдениетіндегі сауаттылық;
- қарым-қатынас құзыреттілігі;
- құндылықтардың игерілуі;
- рефлексия.

Мәдени сауаттылық – қарым-қатынас мәдениетінің басқы әліппесі, яғни жас кезеңіне байланысты жекелік ерекшелігі, ұлттық және басқа да ерекшеліктерді игеруді білдіреді.

Сауаттылық білімдерді, фактілерді, көріністерді, ұғымдарды, зандарды, икемділікті, символдарды, мінез-құлық, іс-әрекет, қарым-қатынас сферасындағы нормативтерді, ережелерді білдіреді. Мәдени сауаттылық - әр түрлі құбылыстардың ғылыми негізі, сонымен қатар, ақпарат құралдары белгілеген адамның басқалармен тікелей қарым-қатынасының дәстүрлері мен әдеттерінен шығатын тұрмыстық тәжірибе ретінде адамның ой-өрісінде, жан-жақтылығында көрініс беруі. «Мәдени сауаттылық» белгілеріне таным қабілеттілігін де жатқызуға болады.

Мәдени құзыреттілік – арнаулы білімдер жүйесінің құрылымдық ерекше түрі. Ол өзіне сәйкес іс-әрекет барысында тиімді шешім табуға мүмкіндік береді. Психология теориясында қарым-қатынас құзыреттілігі адамның жеке басының құзырлылығы деп қарастырылады.

Қарым-қатынас мәдениетіндегі мәдени сауаттылық пен құзыреттіліктің негізгі айырмашылығы сауатты жеке тұлға, яғни адамның өзін-өзі ұстай білуі, ситуациядан шыға алуы, адамның қандай проблема болса да оны жоғары білімділік негізінде шеше білуі. Құзыреттілікті дамыту адамды жай ғана тану емес, оны өмір тәжірибесіне үйрету.

Құндылықтар – қарым-қатынас мәдениетіндегі жеке мәндердің, идеалдар мен көзқарастардың, позициялардың сенімдер мен қатынастардың, әрекеттердің өзара жиынтығы.

Құндылықтардың нормадан, нормативтерден айырмашылығы тандау мүмкіндіктерінің болуы. Сондықтан адам мәдениетіндегі құндылықтар қарым-қатынастың мағыналығын ашады.

Рефлексия – қарым-қатынас мәдениетін игерумен қатар, адам өзінде болып жатқан ішкі өзгерістерін сезінуі, іс-әрекетінің нәтижелерін, мақсатын байқауға тырысуы.

Казіргі психологиялық, педагогикалық әдебиетте «басшы еңбегінің

мәдениеті», «басқару мәдениеті», «басқару қызметінің этикасы» сияқты түсініктер кездеседі. Д.Н.Карпухиннің көзқарасы бойынша басшы еңбегінің мәдениеті оның жұмыс стилінің маңызды бөлігі. Автор «басқару мәдениеті» түсінігі басқару ғылымының жетістіктері мен нұсқауларын тәрбиеленушілердің игеру мен қолдану дәрежесін, олардың білімдерінің толықтығын, басшылар жұмысының жетілдіру деңгейін, олардың мамандану деңгейін қамтиды деп есептейді. Сонымен қатар оған ұжымдағы спорттық ұйымдастыруды көрсететін жағдайларды білу мен ережелерді сақтау, педагогикалық талаптарды орындау, құжаттарды сауатты толтыра білу, қазіргі жаңа басқару техникасын пайдалану мен басқалай бірқатар талаптарды қамтиды

Көбінесе жетекші қызметінің мәдениеті спорт саласында жаттығушылар мәдениеті арқылы көрініс табады.

В.П.Эфроимсонның көзқарасы бойынша жетекшінің жұмысындағы мәдениет пен басқару қызметінің этикасы, яғни қарамағындағылармен қарым-қатынас әрекетінің тәртібі тығыз байланысты. Этика тәртібін сақтау, негізінен, қоғамдық ықпал арқылы қамтамасыз етіледі. Басқару қызметінің этикасы сонымен қатар жетекшінің қарамағындағылар мен қатынасы негізінде жасалған белгілі этикетті сақтауды талап етеді [237].

Біздің көзқарасымыз бойынша спорттық жетекші еңбегінің мәдениеті немесе басқару мәдениеті кезінде басшының басқару қызметінің этикасын қарастыратын басшының қарым-қатынас мәдениетін қамтиды. Н.И.Дейнеко ұйымдастырушы мамандарға қойылатын талаптар жүйесін ұсынады. Олардың құрамына мыналар да енеді.

- 1) Жалпы мәдениет.
- 2) Арнайы мәдениет (арнайы дайындық деңгейі).
- 3) Икемділігі, іскерлігі.
- 4) Тәжірибесі [238].

Спорт, дene шынықтыру саласының жетекшілерінің жалпы мәдениеті оның білімділігінің, ой-өрісінің кеңдігін, спорт, дene шынықтыру саласындағы эрудицияны да қамтиды.

Ұйымдастырушының арнайы мәдениеті қызметтің нақты саласында ұйымдастырушылық, экономикалық, құқықтық, математикалық, графикалық, психологиялық-педагогикалық және сирек кездесетін кәсіптер бойынша білімдер сияқты мәдениеттің түрлерін қамтиды [238].

Ұйымдастыру мәдениеті.

Н.И. Дейнеконның көзқарасы бойынша ұйымдастыру мәдениетінің нәтижесі жанама түрде басқа адамдардың еңбегінен, олардың тәрбие нәтижесінен көрінеді.

Ұйымдастыру мәдениеті басқару теориясына сүйене, ұйымдастыру жұмыстарының әдістері, тәжірибе, қабілет, арқылы көрініс табады. Әр түрлі ұйымдастыру іс-әрекеттерінде жүзеге асыра алу дәрежесі сипатталады [238, 123 б.]. Спорттық жетекшілердің жоғары ұйымдастырушылық мәдениеті мынадай білімділігі мен іскерлігінен көрініп тұрады.

- жеке топтарды, спортшыларды ұйымдастыруды жобалау, яғни спортқа бейім адамдарды таңдай білу;

- секция тәлімгерлеріне жауапкершілікті тапсырмаларды бөліп беру;
- олардың жұмыстарын жоспарлау;
- спорттық жаттығуды тиімді ұйымдастыру;
- өзінің жеке жұмысын сауатты ұйымдастыру;
- өз уақытын жоспарлау;
- ұйымдағы адамдардың жұмыстарын біркелкі реттеп отыру;
- жұмысты, тапсырманы, жаттығуды орындау дәрежесін тиімді бақылауды ұйымдастыру.

Спорттық ұйымдастырушының экономикалық мәдениеті жетекшінің экономикалық сауаттылығын сипаттайты.

Құқықтық мәдениет – бапкердің заң негіздерін білуін, оның құқықтық нормаларға ілесіп тәжірибиеде қолдана алуын сипаттайты. Экономикалық, еңбек, ұйымдастыру-әкімшілік, және т.б. қатынастарды реттеуге, қолданылатын құқықтық тәсілдерді білуін қарастырады.

Техникалық мәдениет – бұл қазіргі ұйымдастырушылық және есептеуіш техниканы, оның мүмкіндіктерін, пайдалану облыстарын, қолдануды ұйымдастыра білуі.

Мәліметтік мәдениет – мәліметпен жұмыс істеу сауаттылығын, тәжірибесін, іскерлігін сипаттайты.

Спорт, дene шынықтыру жетекшісінің психологиялық, педагогикалық мәдениеттері Н.И. Дейнеконың көзқарасы бойынша, психология, әлеуметтік психология, басқарудың әлеуметтік негіздерін, педагогиканы білуін талап етеді. Ол жетекшінің мамандық құрылымында спорттық басқару – ең алдымен адамдарды басқару болғандықтан, ерекше орын алады. Осыған байланысты жетекші тұлға, тұлғааралық қатынас спорттық

ұжымдағы қақтығыс жағдайлары, ұжымның қалыптасу әдістері, қарамағындағыларды тәрбиелеу туралы көп білуі керек [238, 144 б.].

Жаттықтырушының барлық мәдениетінің жалпы белгілерінің, басқаша айтқанда құрылымының бірдей екендігін жоғарыда айтылғандардан көруге болады. Олардың барлығы жаттықтырушыда білімнің, іскерліктің, дағдының мәдениетінің әрбір түрінің, белгілі ерекшелігінің болуын қарастырады.

Маманның жалпы мәдениеті – бұл кәсіби іс-әрекетін, қызметін жүзеге асыру үшін адамға керекті жеке қасиетімен үйлескен психологиялық-педагогикалық дайындығының жоғары деңгейі.

Психологиялық-педагогикалық дайындықтың жоғары деңгейі, өз кезегінде, спорт, дене шынықтыру маманның кәсібіне тән психологиялық-педагогикалық білім мен іскерліктің болуын талап етеді. Мектеп, спорт мектебінен мысалдар келтірейік.

Теориялық зерттеулерді қарастыру нәтижесі балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің (БЖСМ) практикалық жұмысы тәжірибесін біздің мәселе бойынша зерттеуге деген бірқатар талаптарды анықтады. Өз кезегінде, бұқаралық тәжірибелі талдау бізге спорт қызметі барысында қыын жеткіншектерді қофам талабына сай адамгершілікке тәрбиелеуде эксперименттік жұмыстардың міндеттерін белгілеуге септігін тигізді.

Жалпы дидактикалық аспектіде қыын жеткіншектерді адамгершілікке тәрбиелеуді жетілдірудің төмендегі жолдары анықталды:

1. Ұжымдық жағдайда тәрбиелеу.
2. Спорттық жаттығулар арқылы тәрбиелеу.
3. Еңбектік қызмет жағдайында тәрбиелеу.
4. Өзін-өзі тәрбиелеу дағдыларын қалыптастыру.

Ескеретін жәйт, жоғарыда көрсетілгеннің барлығы спортпен айналысу ісіне тікелей қосылады: әдетте, мұндай істер ұжымда ұйымдастырылады: бұл жерде белсенді қызмет тұрақты өсіп отыратын дене күші арқылы болады; спортпен айналысу өзін-өзі жетілдіру үдерісінсіз қисынға келмейді. Ұжымның арқасында қыын жеткіншектердің санасындағы моральдық адами құндылықтар туралы түсініктердің туыннататын адамгершілік үлгілерінің маңыздылары қалыптасады. Спорт қызметінде жеке тұлға сез берілмейтін жағдайда және ұжымның барлық

мүшелерінің көзқарастының бірлігіне байланысты болатын соңғы нәтиже жағдайында болады. Бұл жерде жалпы адамгершіліктік талаптар жеке тұлғаның түбегейлі қызығушылықтарымен байланысты және олардың қажеттіліктеріне жүгінеді, сонымен бірге олардың іштей көз жеткізулері бойынша орындалады. Спорт ұжымдарында пайда болатын дау-жанжал жағдайлары тез және дұрыс шешілуді қажет етеді. Демек, қарым-қатынас мәдениеті қажет. Дене шынықтырумен айналысу – қүшін пайдаланумен, қызығушылығының тұрақты болуымен және адамгершілік зандары туралы дәл көзқарасының болуынан сипатталатын қызметтің ерекше түрі. Оқушылар әйтеуір бір бірінші орын иелену мен сыйлық алуға тиісті емес, олай еткен жағдайда оның бойында эгоистік және рақымсыздық қасиет пайда болуы мүмкін. Жеке бастың қызығушылығы қоғамдық қызығушылығымен қарама-қарсы қойылады, мінез-құлқының мақсаттары мен сарыны ерекше маңызға ие болады және амалдарды таңдап алуына дұрыс ықпал етеді. Спорtpен айналысу, жаттығулар мен жарыстарға қатты күйзелудің, жеке эмоционалдық тәжірибелінән жинақталуының бай қайнар көзі. Бұл тек күш салу шоғыры ғана емес, сонымен бірге моральдық мөлшерлер мен қағидаларды жетілдіру. Жарыстарға қатысушылар ожарлық немесе дөрекілік пен қатыгездік көрсеткен жағдайлар да кездеседі.

Мұндай жағдайлардың маңызын жеке тұлғаның сезінуі адамгершілік көзқарастың қалыптастырады, бұл жеткіншектің тек эмпирикалық тұрғыда ғана емес сондай-ақ, жаттықтырушы-ұстазбен ұйымдастырылған этикалық іс-әрекеті арқасында алынған белгілі бір білімі шеңберінің болуын білдіреді. Осылайша, спорттық қызметте жеке тұлғалық адамгершілік қағидалары мен мөлшерлерінің маңызы қалыптасады, сезіледі, моральдық құндылықтарды іріктеуі өтеді, бұл одан арғы жеткіншектің әрбір нақты жағдайды бағдарлай алуына ықпал етеді.

Адамгершілік үлгілерді жетілдіру, оны мінез-құлық қасиетіне айналдыру тәрбиешінің жетекшілігі арқасында жүзеге асады, ол спортың қызметте жеткіншектің өзін-өзі жетілдіре түсіне ұмтылуды қалыптастырады. Осындай ұмтылудың арқасында оқушы өзін-өзі жете сезіне түседі, өзіндік қасиеттерін айқындауды және оны түзете түседі. Өзін-өзі адамгершілік тұрғыда бағалауы өзін-өзі жетілдірудің жолын табуға жетелейді, ал спорtpен шұғылдану басқа қызметтер түрлері алдында, сөзсіз, басымдылыққа ие болады: оқушы өзінің болашақ

мақсатын белгілейді, межесін анықтайды, осыларға қол жеткізуге ұмтыла отырып, өз мінез-құлқын, оның нәтижелері мен сол нәтижеге жету амалдарын (мысалы, ашуланшақтықты тыйып, ұстамды болу; күнделікті тәртіпті қатаң қолдану, т.б.) едәуір объективті түрде сараптайды және бағалайды.

Жаттықтырушы-ұстаздан оқушылар өз міндеттерінің рөлі туралы, жеке ережелердің жасалуы мен оларды сақтау туралы, өзі көз жеткізулері туралы, өзін-өзі қадағалау мен өзіне есеп беру туралы сабак алады. Аталған түсініктердің мәнін сезіну қын жеткіншектерге алдымен жаттықтырушының арқасында, одан кейін өзіндік тұрғыда өз қылықтарын талдай білуге, жағымсыз қасиеттерін жойып, ұнамды қасиеттерді жетілдіре білудің маңызын сезінуге мүмкіндік береді.

Аталған бағыттарды қын жеткіншектерді тәрбиелеуде қолдану олардың кез-келген жағдайдағы адамгершілік қағидалары мен талаптарына өзіндік саналы және дәйекті түрде келуіне игі өсер етеді. Спорттық қызмет шексіз мүмкіндіктер береді, өйткені жеткіншектердің денелері физикалық жақсы дамыған, еңбекке және спортқа психологиялық тұрғыда дайын. Алайда, оларды кез-келген жұмыс тартпайды және «асылдандырмайды», тек қана жоғары мақсатпен байланысты, зеректікті, шығармашылық ойлауды талап етеді, бастамаларға ауқымды кеңістік береді. Қын жеткіншектердің өзімішлідігін, тәртіпсіздігін, жауапсыздығын үздік жаттықтырушылар табысты түрде дұрыс жолға қояды, өмірін, қызметін, өзін-өзі тәрбиелеуін қадағалайды.

Жас спортшылардың өзін-өзі бағалауы мен өзара бағалауының ерекшеліктерін білу, жаттықтырушыға олардың достыққа қажеттілігін, белгілі бір топқа қатыстырығын, ескере отырып, тәрбиелеу мен қайта тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Оқушылардың мұндай категорияларымен жұмыс істей отырып, алдыңғы қатардағы жаттықтырушылар «жеке-қоғамдық қозғаушылардың» алуан түрін, яғни жеке-орталықтандырылған ынтаны кеңінен қолданады. Бұл орайдағы қозғаушы әдісте жаттықтыруши әлсіздендеретін күшті жойып, одан әрі жетекші сарынды араластырмайды, керісінше, барынша мұндай араластыруды жоғары адамгершілік сарынды құратын этикалық жарамсыз сарынмен алмастыру үшін кеңінен қолданады. Өйткені жаттықтырушының алдында мынадай міндет тұрады: мұндай жеткіншектерді ұжыммен санасуға, ақылға сыйымды амалдарды тауып,

жүзеге асыруға мәжбүр етеді, бұл талаптар педагогикалық қын жеткіншектердің оқу-спорттық қызметте белсенді етеді және жағымсыз мінез-құлыққа жол бермейді.

Мұндай жеткіншектер талаптардың әдеттегі түрлерін кейде елемейді, жаттықтырушыға әрбір жекелеген жағдайда мүмкіндіктердің ауқымын кеңейту туралы ойлауға тұра келеді, оларды бетімен кеткен балаға әсер ететін факторлармен байланыстыруы керек және бұл әдіс олар үшін нақты маңызға ие болады. Келесі міндеттерді жаттықтырушылар мына жағдайдан көреді: оқушыны тәртіптің қажетті тәртібінде ұстай отырып, оның спорт қызметі арқылы өмірдегі адамгершілік сарынын оятады, жеке тұлға мен ұжым арасындағы қарама-қайшылықты болдырмайды, ондағы мәжбүрлік элементтерді аластайды.

Жаттықтырушы қын жеткіншекке спорт ұжымының құқықтарын сезіндіреді, оны қажет деңгейге дейін қүшейтеді, өйткені тәрбиеленуші олармен санасуы тиіс. Сонымен бірге, ұстаздар жеткіншектің спорт ұжымында моральдық оқшаулануына қол жеткізуге тырысады, қын жеткіншектің басқа тәрбиеленушілерге әсер етуіне белсенді қарсы тұруға шақырады. Осылайша, қын жеткіншекті қоршаған орта жағдайына қоя отырып, оның өзіндік сенімін түсіре отырып, тәрбиешілер тәрбиеленушінің түйсігінің пайда болуына ықпал етеді. Жаттықтырушылар баланың оқу-жаттығу қызметіне белсенді қосылуына, енді басқа, яғни адамгершілік қасиетте ұжыммен қайта жақындасуына көмектеседі.

Жаттықтырушылар, әсіресе, алғашқы сабактарда қын жеткіншек үшін жауапты да тартымды оқу-спорт жұмысын іздеуге тырысады.

Мұндай жұмыс өзінің мазмұнымен тәрбиеленушіні жағымсыз қылыштардан назарын алыстатуы, оған тезірек спорт ұжымында онды ұстанымдар алуға және өз мәртебесін көтеруге мүмкіндік беруі тиіс. Яғни болашақ спорт саласы маманында осы тұрғыда қарым-қатынас мәдениеті элементтері болу керектігі осылардан да көрініп тұр.

Сонымен бірге, педагогтар баланың бойында өз беделін сезінуді оятады, бұл орайда бала үшін қызмет «қорқыныштан» емес, «абырой» үшін жасалатынына баулиды, сонымен бірге, қызмет құрмет пен спорт ұжымына деген қызығушылығын білдіретінін ұғындырады. Кентау қаласындағы балалар мен жасөспірімдер спорт мектептеріндегі (БЖСМ) қын балаларға тәжірибелік қызметтердің әсерінің кейбір онды

мысалдарын талдайық.

Нұркен мектепте нашар оқиды, сабаққа сирек қатысады. Шешесі кондуктор болып жұмыс істейді, жиі ішеді, жанжалқой. Бала ешкімді тыңдамайды, жеткіншектермен тебелеседі, ұсақ ұрлық та жасаған. Жаттықтырушы оның көршілерімен сөйлесу арқылы Нұркеннің жанұясы жөнінде көп нәрсені біледі. Ерікті спорт клубында жаттығуға шакырады. Шешесі оған бокс секциясына қатысуға рұқсат береді. Жаттықтырушы Нұркеннің үйіне жиі барып тұрады, мектебіндегі Серік деген досымен жақын танысады.

Нұркен мен оның досы алдарына дереу мақсат (болашақ жоспар) қояды: оларды алда не күтіп тұр, спортпен айналысқанда олар болашақта кім болмақ? Бастапқыда Нұркен сақ және ирониялық кекесінмен, біртебірте оған құрметпен, сеніммен жақыннады, ұжыммен достасып жаттықтырушы балаларға Нұркен туралы ештеңе айтқан жоқ, ол тек оқу барысында көмектесуді сұранды. Жаттықтырушы балаға ұжым арқылы әсер етті. Басында Нұркен лас, қалай болса солай жүрді, жеткіншектер оған ескертулер жасай отырып, дұрыс кенестер берді. Келесі жаттығуларда ол таза трикода, үтіктелген майкада, қолдарын таза жуып келетін болды.

Жаттықтырушы сабақтарда қозғалмалы ойындар қолданды. Алғашқыда шеттеп жүрді, бірақ балалардың әсері арқасында жақындей түсті. Әдетте, мұндай балалар қындықтардан қашады және физикалық жүктемелерді өте ұнатпайды. Жаттығу жасау кезінде балалар жаттықтырушының тапсырмаларын орындаиды, Нұркен олардан бөлінуге тырысады, бірақ жан-жағына қарайды: барлығы жаттығуларды құлшыныспен орындал жатқанын көреді де өз қылышына ұлады, олда жұмысқа кіріседі.

Бір айдан кейін жаттықтырушы Нұркеннің алдына шарт қояды: «Егер окуда алға жылжысан, барлық балалармен бірге спорт лагеріне барасың». Мектептегі Нұркеннің ұстаздарымен сөйлесе отырып, олардың балаға көп көніл бөлуін сұранады. Біраз уақыттан кейін қуанған жеткіншек ботаникадан «4» алғанын қуанышпен хабарлайды. Жаттықтырушы оны мақтап, былай дейді: «бұл әлі аз, сен енді орыс тілінен алған екіліктерінді жоюың керек».

Содан кейін жаттықтырушы баланың бар өмірін сараптап, оның педагогикалық қараусыз қалу себебін табуды көздейді. Ол үшін баланың

үйіндегі және мектептегі өмірінің жағдайын, сонымен бірге көшедегі оның байланыстарын зерттеу керек болды. Бастапқыда жаттықтыруышыға барлық нәрсе шынықтыруда деген ой келді: шешесі іshedі, әкесі жоқ, демек бала қараусыз қалған. Бұл, әрине, Нұркенге әсер етпей қоймайды. Жаттықтыруыш оның мектепте бір жыл бұрын жақсы оқығанын, оның жаман қылыштары байқалмағанын біледі. Баланың ауладағы өмірін зерттей келе, жаттықтыруыш баланың тәртібіне ауладағы болған жағдайдың көрі әсер еткенін сезеді.

Аулада балалар алаңқайы болған: шет-шетінде орындықтар болды, ортасында, үш «саңырауқұлақ», олардың астында сары құм жатқан. Бір күні балалар футбол ойнайды, кейін бұл ойыннан тояды. Олар құмнан қамал соғуға кіріседі. Енді біткен кезде, балалар ойланады: әрқайсысы әртүрлі өздерінің ұлы, /өзі өзімшіл, ата-анасының жалғыз ұлы/ балалар оны «құрылышқа» қоспағандықтан, аяғымен ең биік «мұнарасын» басып қалады. Бас кезінде балалар не болғанын түсінбей қалады. Кейіннен барып Нұркен өз қамалына ара түсіп, Дидаңдың қойып қалады. Келесі айқайда ара түсуші көмектесушілер келеді. Терезеден Дидаңдың шешесі айқайлайды: «Мен саған көрсетейін, онбаған!» Балалар тым-тыракай қашады. Ерік бір өзі қалады. Оның жабылғандарға шыдауына тұра келеді. «Оған сол керек!»-деп өтіп бара жаткан оған да қосылады: «бұлар бала емес шпанан!» Дидаңдың шешесі Нұркенді жетектеп шешесіне алып келеді, баласын айыптап ұрысады, оны қатты жазалауды талап етеді, бұл оқиға бір сағатқа созылады, оған көршілер күә болады, өйткені бұл ұрыс, дау-жанжал баспалдақта өтеді. Үлкендер Нұркенді қатты сөгеді, кінәләйді. Сезімтал бала барлығын жүрегіне жақын қабылдайды, кіжінеді, бірақ үнсіз бәрін ішіне жиып алады. Үлкендер өз баласына да, басқа балаларға да назарды дұрыс аударуы керек еді,-егер бөтен баланы жазалау керек болса, жағдайды дұрыстап біліп алуы тиіс.

Жаттықтыруыш екі белсенді спортшыға Нұркенмен дос болуына көздерін жеткізеді, оны үйіне ертіп барып, спорттық значоктар мен маркаларды көрсетуге кеңес береді. Бастапқыда жеткіншектер спорттық борыш ретінде жақындақсанымен, кейіннен нағыз дос болады. Бұл достық Нұркенге өте пайдалы болды. Ол көшедегі өзінің байланыстарының үзілгеніне өкінбейді, достары ұсынған сабактағы көмектерін қабылдайды, бірте-бірте олардың арқасында спорт секциясындағы ұжыммен жақындей

түсті. Нәтижесінде жеткіншектің бойында ұжымға деген үйірлік сезімі нығая түсті, олардың алдындағы жауапкершілігі де арта түсті.

Ол жалпы мектептегі жарыстарда спорт секциясының нәтижелеріне қызыға түсті. Нұркеннің кемшіліктері мейірімді ескертіліп тұрды. Жекелеген үзілістер сирей бастады. Нұркеннің аргы спорттық және қоғамдық белсенділігінің артуы ұжыммен қактығыссыз қарқынды өсе бастады.

9-, 10-сыныптарда бұл оқушы барлық спорттық жарыстарға, ұжымдық жұмыстарға ықыласпен қатысты, жалпы білім беретін мектепте де жаман оқыған жоқ. Балалар мен жеткіншектердің спорт мектептерінің дене шынықтыру оқытушылары мен жаттықтырушыларының қын жеткіншектерді спорт қызметі барысындағы қоғамдық бағытын қалыптастыру мәселелерін шешу үшін қолданылатын формалардың, әдістер мен тәсілдердің көрінуіне деген ара-қатынасын анықтау үшін 15 жаттықтырушы мен дене шынықтыру мұғалімдеріне анкеталық сұрақтар жүргізілді, 86 жаттығулық сабакқа қатысып, талдау жасалды. Сұрақтар қойылған 15 оқытуши мен жаттықтырушының 23-і қоғамдық бағытты қалыптастыру бойынша өз жұмыстарын, ең алдымен, жеке тұлға мен ұжымдық қызметті ұйымдастыру әдістерімен, онды қызметке назар аударумен байланыстырады. Қын жеткіншектермен тұрақты айналысу ахуалы, оларды аландатудың мүмкін еместігі, өсе түсетін қызығушылығы өзінше бір адамгершілік жаттығулары мен моральды әдеттердің, жинақылықтың, ұйымдастырушылықтың ширатылуы болып саналады. Оларды нығайта түсуге оқу-жаттығу сабактарындағы, спорттық-бұқаралық іс-шаралар мен қоғамдық-пайдалы еңбек барысындағы белгілі бір әрекеттер мен қылыштарға тыйым салу әсері ықпал етеді.

Оқушылардың спорт қызметінің ерекшелігі мақсатқа ұмтылудың, ұжым мен жолдастары алдында бастама көтеру мен жауапкершілік сезімдерінің міндетті түрде пайда болу қажеттілігін шарттастырады. Оқу-жаттығу сабактары барысындағы әртүрлі қындықтарды жеңу аталған қасиеттерге тәрбиелейді және дамытады.

Үздік педагогтар барынша жоғары қысыммен ақыл-ой және дене қүштерін пайдаланатын жаттығуларды аса маңызды тәрбиелік мүмкіндіктердің бірі деп анықтама береді. Біз қатысқан жаттығулардағы оқушылардың оқу-жаттығу сабактарының іскерлік ахуалы (сабакқа дайындығы, нақты бастамасы- рапорт, сәлемдесу, сапқа түру, барынша

жоғары жүктеме, қызмет түрінің ауысуы, жаттығу уақыттарының әрбір минутын толық және ұтымды пайдалану, әрқайсысының табысына деген қызығушылық) окушылардың қоғамдық бағытын тәрбиелеуге септігін тигізеді.

Алайда оқу-жаттығу сабактарын талдағаннан кейінгі дene шынықтыру оқытушыларымен, жаттықтырушыларымен болған әңгіме, бұқаралық сұрақтар қою адамгершілік бағытының мәнділігін түсінудегі сияқты, оған тәрбиелеудегі жолдарды анықтаудағы біржақтылықты көрсетті.

Ескеретін жәйт, дene тәрбиесі оқытушылары мен жаттықтырушыларының бірқатары тәрбиелеудің негізгі әдісі деп көз жеткізу әдісін санайды. Бізге көрінгені, жаттығулардан көз жеткізулердің алынып тасталуы қын жеткіншектерді тәрбиелеу жұмыстары тәжірибесінде орын алмауы тиіс. Алдыңғы қатарлы тәжірибелі зерттеудің көрсеткені: жаттықтырушы-педагогтың міндеті сол, жеткіншек не істеу керектігін, дұрыс қылыштар жасауға жаттығуын білуі керек. Осылайша, білімдер мен көз жеткізулердің, еңбек пен жаттығулардың бірлігінің диалектикасы туралы мәселе қою керек.

Білімдер жеткіншектің әр түрлі және нақты болатын жағдайларда не істеу керектігін түсінуі үшін қажет. Тәжірибе, жаттығулар, көпреттік жаттығу жұмыстары қын тәрбиеленушінің не істеу керектігін тұрақты мінез-құлыштарына айналдыру үшін қажет.

Біздің көзқарасымыз бойынша, маңызды болатыны, балалар мен жеткіншектердің моральдық түсініктерін жетілдіру мүмкіндігін анықтау болып табылады. Ойлаудың түсіністік формалары мектептегі жеткіншектік жаста құрала бастайды. Бұл жастағы моральдық түсініктерді жетілдіру, егер мақсаттылық пен жүйелілік болмаған жағдайда, уақыт өтуіне қарай маңызды түрде жылжиды.

Біз әртүрлі жаттықтырушыларда жаттығып жүрген қын жеткіншектердің моральдық көзге елестетулеріне талдау жүргіздік.

Оқу-жаттығу және жаттығудан тыс уақыттарда адамгершілік-тәрбиелік жұмыстарын арнайы жоспарлайтын жаттықтырушылар мен жекелеген «тәрбиелік сәттердерді» шектейтін осы міндеттерді арнайы бөле-жара көрсетпейтін педагогтардың топтарындағы балалардың жауаптарын салыстыра отырып, біз жаттықтырушылардың бірінші топтарындағы жеткіншектердің жауаптарындағы талдау

терендігін және жаттықтырушылардың екінші топтарындағы тәрбиеленушілердің пікірлерінің кемеліне келмегендігін айқындағық. Адамгершілік түсініктерін тұрақты ойлау мен жетілдіру қажеттігін елемеген жаттықтырушылар тәрбиелейтін жеткіншектердің жауаптары салыстырмалы кемеліне толмаушылықты сипаттады.

Спорт саласындағы маманның психологиялық–педагогикалық сауаттылығының сапасы өзіне педагогикалық және әлеуметтік психологиялық білімдерді қамтуы керек. Педагогикалық білім маманда тәрбиелеу үдерісінің мәні, мақсаттары мен занұлықтары, сонымен қатар жеке тұлғаға және ұжымға толығымен әсер ету құралдары, әдістері мен тәсілдері туралы түсініктің болуын, жеке адамның әлеуметтік–психологиялық дамуының жеке ерекшеліктері, тұлғааралық қатынасының теориясы мен тәжірибесінің ерекше негіздерін және т.б. туралы түсініктің болуын қарастырады. Алғашқы ұжымның басшысына керекті психологиялық–педагогикалық білімнің ерекшеліктері біршама зерттеулерде көрсетілген [239; 240].

Мысалы, С.А.Братиенко мен В.А.Якунин ұжымның басшысы ретіндегі жұмысқа студенттің психологиялық дайындығының қамтамасыз етілуінің келесі сұрақтарын түзеді: адамдардың іс-әрекетінің ерекшеліктерін білу, топтық біріккен қызметтің және оны басқару стилінің, тұлғааралық қарым-қатынастың психологиялық механизмдерінің занұлықтары, өз қызметін нақты мәселелі жағдайлар жиынтығы ретінде талдай алыу, тұлғааралық қарым-қатынасты жүзеге асыру, өзінің және басқалардың жеке ерекшеліктерін дұрыс түсіну. Осы ерекшеліктерге сүйене отырып, бірге қызметті құру, сезіну, диалогтық қатынасқа әлеуметтік белгілер құру қабілеті, сонымен қатар дұрыс өзін-өзі бағалау қабілеті [241].

Сонымен педагогикалық мәдениетті жаттықтырушы-басшы төмендегілерді білуі керек деп есептейміз:

1. Қарамағындағылар, тәлімгерлермен және әріптестерімен қарым-қатынас жасау үдерісінің мәнін, мақсаттарын және занұлықтарын.
2. Қарамағындағылар мен әріптестеріне әсер ету тәсілдері.
3. Тұлғаның ұжым мен жаттығу нәтижесінде дамуы мен қалыптасу занұлығы, ұжым мүшелерінің жеке ерекшеліктері.
4. Ұжымның құрылу ерекшелігі және оның жеке тұлғаға тигізетін әсері.

Біздің пікірімізше, бүгінгі күнгі мамандарды оның ішінде дene шынықтыру және спорт саласындағы мамандарды даярлаудың жоғары дәрежедегі көрінетін сипаты оның жалпы және кәсіби мәдениетінде. Сондықтан дene шынықтыру және спорт мамандығы студенттерінің алдында тұрган нақты педагогикалық талап жоғары қарым-қатынас мәдениеті болып табылады. Ол ұйымдастыру мәдениетін басқару теориясындағы педагогикалық іскерліктің толық мазмұндалған мынадай қосымша үш тобын игеруін қарастырады: гностикалық, ұйымдастырушылық және коммуникативтік (Н.И.Дейнеко).

Гностикалық іскерлік педагогикалық қызметі үнемі өзгермелі жағдайда жүзеге асырылатындықтан және адамдармен қарым-қатынас жасау шенберінде шығармашылық шешім қабылдауды талап ететіндіктен алғашқысы болып табылады. Н.И.Дейнеконың жоғарыда ұсынған жіктемесі мен тұжырымдары бізге өз зерттеуімізге байланысты дene шынықтыру және спорт мамандығы студенттерінің гностикалық іскерлігіне қойылатын төмендегідей талаптарды анықтауға мүмкіндік береді:

1. Қарамағындағылармен, әріптестермен тиімді қарым-қатынасты ұйымдастырудың тапсырмаларын тұзу, осы тапсырмаларды жүзеге асыруда өзінің рөлін анықтай білуі.
2. Ұжымның дамуында, қызметкерлер арасындағы қатынас жағдайы мен қалыптасқан тенденцияларды зерттей, дұрыс бағалай білуі.
3. Өзінің қызметіндегі қолайсыздық себептерін түсінуі және оларды мақсатты жоя білуі.
4. Қызмет үдерісінде жетекші ретіндегі өзінің күшті жақтарына дұрыс сүйенуі.
5. Ұжымдағы өзінің қызмет үдерісінің және нәтижесінің есебі мен талдауын жасай алуы.
6. Өз іс-әрекетіне тәлімгерлердің, жаттығушылардың көзқарасын дұрыс қабылдауы, есепке алуы және оны сәйкес қоя алуы.

Студенттердің қарым-қатынас мәдениетінің негізгі компоненттерінің қатарына жалпы және арнайы білімдер мен дағдылар негізінде алынған қабілетін көрсететін, түрлі өзгермелі құбылыс жағдайында адамдар мен олардың қызметіне бағытты әсер ететін ұйымдастырушылық, тәлім-тәрбиелік іскерлігі енеді.

1. Ұжымға тұтасымен және жекелеген мүшелерге тиімді әсер етуді ұйымдастыра алуы.

2. Алдыңғы қатарлы спортшыларды, жаттығушыларды зерттеуді қамтуды және таратуды ұйымдастыра алуы.

3. Қойған тапсырманы жетістікпен атқаруда ұжымды ұйымдастыру қабілеті.

4. Спорттық ұжымның барлық мүшелерінің жұмысын дұрыс бақылауды есепке алууды және бағалауды ұйымдастыра алуы.

Бапкердің коммуникативті іскерлігі бұл жетекшінің тұлғааралық қатынас үдерісіне белсенді қатысуға және қарамағындағыларға керекті әсер етуге мүмкіндік беретін қарым-қатынас пен іс-әрекет түрінің ең жақсы тәсілі.

Коммуникативті іскерлікке төмендегілер енеді:

1. Өзінің қарым-қатынасын өзара сенім, бірлестік пен жауапкершілік негізінде құра білуі.

2. Ұжымда қолайлы іскерлік және жеке өзара қарым-қатынасты құру, оларды іскерлікпен реттей білуі.

3. Ұжымның әрбір мүшесімен өзара қарым-қатынасына талап және әділеттілік шараларын қоя білуі.

4. Өзінің көніл-күйін басқара алуы, қолайсыз жағдайларда өзіне-өзі ие болуы, тұлғааралық қатынаста әдел сақтай білуі.

5. Ұжымдағы қақтығыс жағдайларды алдын ала, ескерте және шеше білуі.

6. Өз қызметінде ұжымдағы белсенділерге сүйене отырып, ұжымды құру және нығайту, ол арқылы ұжымдағы қатынастарды басқара білуі.

Ең соңында дene шынықтыру және спорт мамандығы студенттерінің мәдениеттілігінің үшінші компонентіне, біздің көзқарасымыз бойынша, оның жалпы адамдармен жақсы қарым – қатынас жасауға қажетті жеке қасиеттерді жатқызуға болады.

Бұрынғырақтың өзінде Платон өзін-өзі басқара алмаған адам басқаны басқара алмайды деп айтқан.

Осыдан В.А. Яқуниннің көзқарасы бойынша, басшы тұлғасының кәсіби және әлеуметтік маңызды қасиеттерінің болуы мен даму деңгейі, кәсіби қызметті өз деңгейіне атқаруды қамтамасыз ететін жинақтылығы адамды басшылық немесе педагогикалық жұмысқа лайықтылығын бағалау критерийі ретінде қабылданылуы мүмкін [242].

Басшы мен педагог тұлғасының кәсіби маңызды қасиеттерін қарастыра отырып В.А.Якунин кәсіби қызметтің осы түрін жетістіктен жүзеге асыруды қамтамасыз ететін жеке қасиеттердің келесі түрлерін айтады: мақсатты бағыттылық (тұлғаның жалпы және кәсіби бағыттылығы және олар арқылы анықталатын белсенділігі мен бастамашылдығы), жалпы және кәсіби эрудициясы мен компоненттілігі, ұзақты көруі мүмкін нәтижелерді болжau қабілеті ретінде шешім қабылдау қабілеті көрінетін шешімділігі, шығармашылық пен жаңалығы, өзіне және басқаларға ұйымдастырушылығы, атқарушылығы мен талаптылығы, тұлғаның интегралды және коммуникативті қасиеттерін көрсететін көпшілділігі; жоғары өзін-өзі бақылау ретіндегі жауапкершілік және т.б. [242, 280 б. ].

Мұндай қасиеттер жоғары білімді мамандардың жеке қасиеттерінің тізбегі тұрғысынан тізбегі біршама басқа зерттеулерде де келісілген [242, 3056.].

Спорт, дене шынықтыру мамандарының жоғары мәдениет деңгейін сипаттайтын жеке жағдайлары біздің көзқарастарымыз бойынша төмендегі қасиеттерді қамтуы керек:

а) Жаттықтырушының кәсіби және педагогикалық бағыттылығын сипаттайтын қасиет: қошеметтілігі, байқампаздығы, ұзақты көруі және педагогикалық алдын-ала болжауы, шешімділігі, педагогикалық оптимизм, көпшілдігі және коммуникабельділігі, педагогикалық интуициясы.

Бағыттылық тұлғаның ортаңғы және алғы қасиетінің бірі болып табылады. Көбінесе кәсіби бағыттылық ретінде кәсіпке қызығушылық пен онымен айналысуға деген икемділік түсініледі. Жаттықтырушының педагогикалық бағыттылығын біз одан ерекше жеке қасиеттердің толық қатарының болуын талап ететін, адамдармен жұмыс істеу бағыты ретінде қарастырамыз.

Жаттықтырушының құзыреттілігі жалпы және кәсіби эрудициясының болуы ретінде өзінің қарамағындағылар мен әріптестері арасында беделді болу да маңызды рөл атқарады.

Байқампаздық бір қарағанда жетекшіге байқалмайтын құбылыстармен, белгілермен тұлғаның даму тенденциясын көруге, оның жағдайындағы іс-әркетті түсіндіруге, ондағы жаңа қасиеттіліктер мен мұдделердің тууына, жаңа дағдыларды игеру мен оны жоғалтуда, және

көбінесе қарамағындағы тұлғадағы қолайсыз жағдайларды дер кезінде байқауға көмегін тигізуі керек.

Болашақты көруі және педагогикалық болжаудың әсер ету нәтижесін алдын ала білу, тұлғаның дамуын жобалау жаттықтырушы қарым-қатынасы мәдениетінің маңызды компоненті болып табылады.

Тез шешім қабылдау ең дұрыс және тиімді шешім қабылдау қабілеті ретінде нағыз жаттықтырушының ажырамас қасиеті болып табылады.

Педагогикалық оптимизм тұлғаға сенім ретінде, оның дамуы мен жетілу мүмкіндігінде өзінің қарамағындағылармен өзара қарым-қатынаста жетекшінің принциптерінің бірі болуы керек.

Көпшілдік басқа адамдармен жеңіл қарым-қатынасқа тұсу ретінде тұлғаның интегралдық коммуникативтік қасиетін сипаттайтын және жаттықтырушы тұлғасының кәсіби-маңызды қасиетінің бірі болып табылады.

Б.Г. Ананьев көпшілдікті мінездің маңызды жағы деп атайды: ол, бұл – адамның араласу тәжірибесінде қалыптасатын жеке қасиеті деп есептейді [243]. Б.Г. Ананьевтің көзқарасы бойынша көпшілдік белгілі адамның қарым-қатынасы арқылы ғана емес, осы қарым-қатынастың тәсілі мен бағыттылығында көрінеді. Бұған адамның адамдармен өзінің әр түрлі қоғамдық жағдайлары, ақыл-ойының дамуы, жынысы, жасы арқылы араласатындығы және осы адамдармен адамның қалай қатынас жасайтындығы енеді және т.б.

Б.Г. Ананьев көпшілдіктегі ең маңызды кезең оның ішкі жағы екенін, яғни осы адамның басқа адамдардың ішкі жандүниесін, мінезі мен ойын түсінуі деп атап көрсетеді. Басқа адамдарды түсіну және адамдардың тәжірибелік білімі көпшілдіктің маңызды жағын, оны жеке қасиетін құрайды.

Жақсы басшыға көпшілдік керек, басқаларға «ашық» болуы, адамдар мен қарым-қатынас жасап, қатынасуы үшін керекті жәйттерді таба білуі керек.

Педагогикалық интуиция - жинақталған тәжірибие мен бұрын игерілген сауаттылық негізінде жаңашаны ойланбай-ақ ашу қабілеті. Бұл қарым-қатынастағы мәдениетті басшыны сипаттайтын.

б) Басшының адамгершілік тәрбиесін сипаттайтын қасиеттер: адалдық, тәртіптілік, қарапайымдылық, инабаттылық, ұстамдылық, принциптілік, ұйымдастырушылық, жуапкершілік, міндеттілік,

еңбексүйгіштік, ұяттылық.

Тұлғаның адамгершілік тәрбиелілігі – жоғары адамгершілігі бар мәдениетті адамның эталонына сәйкес келетін маңызды қасиет болуы.

Қарапайымдылық - бұл жетекшінің қарамағындағылар мен әріптестері алдында өзінің артықшылығын сезінудегі ұстамдылығы.

Принциптілігі - іс-әрекеттің белгілі түріне деген ададығы. Өзін-өзі бақылауы бұл басшының іс-әркеттерін бақылау қабілеті.

Өзін-өзі сынауы жаттықтыруышының өзіне сынмен қарауын, өзінің кемшіліктері мен әлсіз жақтарын сезіну қабілетін білдіреді.

Талаптылық мінез белгісі ретінде жаттықтыруышы өзіне деген жоғары талаптылық негізінде жаттығушыларға қатаң талап қою қабілеті.

Ұйымдастыруышылық, тәртіптілік, міндеттілік, еңбексүйгіштік, жоғары педагогикалық мәдениетті басшының жеке қасиеті ретінде өзінің кәсіптік қызметін жеңіспен жүзеге асыруға мүмкіндік береді, екінші жағынан өзінің қарамағындағылар мен әріптестеріне үлгі бола отырып, олардың алдында беделге ие болуға мүмкіндік береді.

в) Жаттықтыруышының жаттығушылармен, әріптестерімен дұрыс қарым-қатынасты орнату қабілетін сипаттайтын қасиеті болады. Олар: сезімділігі, берілгендік, кішіпейілділік, біркелкілігі, шыншылдық, қарамақайшылықсыздық, сенімділік, ұстамдылық, өзін-өзі басқару, тыныштық, сабырлық, жұмсақтық, шыдамдылық, ақжарқындық, табиғилық, қарапайымдылық.

Осыларға жеке тоқтала кетейік.

Басшының сөйлеу мәдениетін сипаттайтын қасиеттер: дұрыстылық; қысқалық; анықтылық; жеңілділік; ой-қабілеттілік; сендірушілік; эмоционалдығы; мәнерлілігі:

Сөйлеу мәдениеті - бұл тілдің әдеби нормасын иеленуі; өз ойының стилін дұрыс құра алуы, яғни араласу жағдайына тән тілдік құралды таңдай алуы, өз ойын анық, кірісті образды түсіндіре алуы және т.б.

Жаттықтыруышыға артист сияқты жақсы дикция, дауыс, мәнерлілік, сөйлеу эмоциональдығы керек.

Жоғарыда қарастырылған қасиеттер жиынтығы жетекшінің кәсіби қызметінің әлеуметтік аспектісіне негізделген және оның әлеуметтік бағыттылық, өзін-өзі бағалау сипаты, қактығыстық дәрежесі, жеке сезіктену деңгейі мен жаттығушыны тыңдай білуі сияқты ерекшеліктерімен тығыз байланысты.

Жаттықтырушының кәсіби қызметінің жетістігі оның осы қызметті дұрыс бағалай алуна тәуелді болады. Басшының өзін дұрыс бағалай білуі оған қарамағындағылармен, әріптерімен дұрыс қарым-қатынасты орнатуға көмектеседі, оның өзіне деген сыншылдығы мен талаптылығы дәрежесін, жеке жетістіктері мен жеңілістеріне қатынас сипатын анықтайды. Соңғы есепте өзіне-өзі бағалау басшының кәсіби қызметінің тиімділігі мен оның тұлғасының одан әрі дамуна әсер етеді.

Өзін-өзі бағалау басшының жеке сезіктілігі мен қақтығысу дәрежесі мен тығыз байланысты. Өзін-өзі дұрыс бағаламау қақтығыста іс-әрекеттің өнімсіз тактикасына бейім эмоционалды тұрақсыз, жоғары сезікті тұлғаны сипаттайды. Сондықтан, біздің көзқарасымыз бойынша, өзін-өзі дұрыс бағалау, жеке сезіктіліктің тиімді деңгейі мен қақтығысудың төменгі деңгейі жаттықтырушының адамгершілік тәрбиелілігін жеке қасиеттерінің қамтуши көрсеткіштері болып табылады.

Сонымен қатар, жақсы жетекшіні өз кезегінде көрегенділік пен сөйлеу мәдениеті сияқты жеке қасиеттердің қамтуши көрсеткіші болып есептелетін, жаттығушыны тыңдай алуы сипаттайды.


1-суретте дene шынықтыру және спорт мамандығы студенттерінің жеке қасиеттері мен оның жоғарыда қарастырылған тұлғалық ерекшеліктері арасындағы өзара байланыстың құрылымы сипатталған.

Бүгінгі студент ертеңгі жаттықтырушының педагогикалық мәдениеті – бұл басшыда оның кәсібіне тән ерекше психологиялық-педагогикалық білім мен іскерліктің және кәсіби қызметті жүзеге асыру үдерісінде жетекшінің жаттығушылармен, әріптерімен тиімді өзара қарым-қатынаста болуын қамтамасыз ететін жеке қасиеттерінің жиынтығының болуын қарастыратын кәсіби маңызды қасиет.

Дене шынықтыру және спорт мамандығы студенттерінің қарым-қатынас мәдениеті басшының кәсіби қасиетіне жатады. Бұл түсінік қазірде психологиялық, педагогикалық әдебиеттерде кездеспейді. Спорт және дене шынықтыру жетекшісінің педагогикалық мәдениетін қалыптастыру мен жетілдіру ерекше стихиялық сипатта болады.

Бапкердің қарым-қатынас мәдениетінің құрылымына енетін психологиялық, педагогикалық білім мен іскерлік туралы айтқанда, оның өзінің кәсіби қызметінің психологиялық, педагогикалық ерекшеліктері туралы түсінігін есепке аламыз. Яғни, басшының педагогикалық кәсіби білімі, оқытушының білім жүйесіне қарағанда спорттың жалпы

мақсаттары, әсер объектісі болатын нақты адамдар, осы әсерлердің ең жақсы құралдары, формалары мен әдістері туралы түсініктерді талқылауды қамтиды.



Сурет 1 – Дене шынықтыру және спорт мамандығы студенттерінің жеке қасиеттерінің оның тұлғасының ерекшеліктерімен өзара байланысы

Сонымен қатар, жаттықтырушының психологиялық, педагогикалық іскерлігі оқытушының іскерлігімен салыстырғанда басқаша болады. Педагогикалық тапсырмаларды бапкердің өнімді шешуі онда гностикалық, коммуникативті және ұйымдастырушылық іскерліктердің қалыптасуына тәуелді болады. Осы іскерліктер басшыға өзінің және ұжымның қызметінің мазмұнын, объектісін, үдерісін және нәтижесін дұрыс талдауға; талап пен өз беделін есепке ала отырып қарамағындағылармен педагогикалық мақсатты өзара қарым-қатынаста болуға, өзінің және ұжымның жұмысында оң нәтижеге жетуге мүмкіндік береді.

### **2.3 Болашақ педагогтардың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру моделі**

Жоғары оқу орнында дене шынықтыру және спорт мамандығы студенттерінің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру үдерісін модельдеуді, ойша эксперимент жасау әдісін қолдануды қажет етеді. Модельді құрастыру – демек арнайы ұқсастықтарды белгілеу жолымен нақты бар жүйені материалдық немесе ойша ұқсатуды іске асыру, бұл жағдайда ұқсастықтарда осы жүйенің ұйымдастыру және жұмыс істей принциптері көрсетіледі. (В.П.Беспалько, Б.Г.Гершунский, В.А.Штофф және т.б.) [244; 245; 246; 247].

«Модель» ұғымын сипаттауда М.К.Мамардашвили модельде «эмпирикалық түрде байқалатын шындықтың барлық толып жатқан қасиеттері мен байланыстары тізілетін сияқты, олар бұл жағдайда тек ғылыми жолмен алынады; адам оларға қатысты зерттеуші болады» деп атап көрсетеді [247]. Алайда біздің зерттеудің мақсаттарына неғұрлым сәйкес келетін «модель» ұғымын В.А.Штофф анықтаған. Бұл «ойша елестетілген немесе материалдық жүзеге асырылған жүйе, ол зерттеу объектісін бейнелей отыра немесе қайта жаңғырту арқылы, оның орнын басуға қабілетті болады, бұл жағдайда оны қарастыру бұл объект жөнінде бізге жаңа ақпарат береді» [246; 248]. Біздің зерттеу жұмысымыз үшін тапқан және баяндаған модельдің болуы жөніндегі керекті және жеткілікті шарттары негізгі бола алады.

Атап айтқанда,

- модель мен тұпнұсқа арасында ұқсастық қатынастыры болады, оның формасы айқын көрсетілген және дәл анықталған (бейнелеу және ұқсастықты анықтау шарттары);

- модель ғылыми таным үдерісінде зерттелетін объектінің орынын басатын болады (репрезентативтік шартты).

Әдіснамалық тұрғыдан модель ұғымына Б.А.Глинский, Б.С.Грязнов, Б.С.Дынина және Е.Д.Никитина берген түсініктемелері біз үшін құнды болады: «Модель - дербес объект, ол танылатын объекті мен оның зерттеу объектісіне біраз сәйкестікте болады (бірдей емес және мұлде өзгеше емес), кейбір қатынастарда соңғысының орнын баса алады және зерттеуде белгілі ақпаратты береді, сәйкестіктің белгілі ережелері бойынша моделденетін объектіге ауыса алады. Моделге қажеттілік сонда пайда болады, егер бізге керекті объектіні қарастыру кейбір себептермен тиімсіз немесе мүмкін болмаса» [249].

Сонымен, модель объект жөнінде белгілі дәрежеде «квазиақпарат» береді, сондықтан моделдің өзін және моделді зерттеудің нәтижесінде алынған ақпараттан объект жөніндегі ақпаратқа ауысады құрудың анықталған ережелері қажет.

Педагогикалық зерттеулердегі моделді құру ережелері, біздің көзқарасымыз бойынша, оның жұмыс істеуі және нәтижеге жетуі ескертілетін белгілі «шекаралық» шарттарды қамтуы керек. Педагогикалық зерттеулердегі құрылған моделдерді талдау, бұл құрулар сөздің дәлме-дәл мағынасында моделдер болмайтындығын көрсетеді.

Енді американдық философ М.Вартофскийдің көзқарасын жеке қарастырайық. Ол моделді болашақ әрекетке бағдарланған прототип деп атауды ұсынады. «Ең алдымен менің есептейтінім, моделдер - біздің техникалық жабдықтауымыздың жоғары мамандырылған бөлігі, олардың өзіндік функциялары болашақты жасауда тұрады... модель ретінде мен кейбір мәнді ғана емес, осы мәнді анықтайтын әрекет тәсілін көремін. Бұл мағынада моделдер – мақсаттарды іске асыру және сонымен қатар осы мақсаттарды іске асыратын инструменттер... Модель бір мезгілде мақсатты ескереді және оның жүзеге асуын кепілдейді» [250].

Моделдің мұндай түсінігі педагогикалық зерттеулердегі «моделдеу» үшін принциптік маңызы бар. Педагогикалық моделді қарастыру үдерісінде зерттеушінің алатын білім құндылығы анықталған білім беру немесе оқу мақсатына жетуді қамтамасыз ететін белгілі инструменталдық

құралдарды іздестіруде болады.

Жоғарыда аталғандарға сәйкес, педагогикалық зерттеулерге қатысты, өзінен-өзі мынадай қорытындылар келіп шығады:

Бірінші - «модель» термині шартты сипатта болады, солай болғандықтан талаптардың бірі, оған, дағдыдағыдай, педагогикалық моделдер қанағаттандырымайды, нәтиженің жетістігінің ерекшеліктерін ескертетін айқындалған «шекаралық» шарттар жиынтығының болмайтындығында тұрады. Екінші - моделді қарастыру үдерісінде зерттеуші алатын ақпараттың құндылығы, ол берілген нәтижеге жету технологиясын анықтауда және оны алуда инструменталдық құралдардың жеткіліктілігін бағалауда және ғылыми-педагикалық әдебиетте «моделдеу» ұғымына әр түрлі түрғыдан қарауды табуға болады.

Ресейдің педагогикалық энциклопедиясында моделдеуді, бір жағынан, табиғи немесе әлеуметтік шындықтың белгілі үзіндісінің моделдерге-аналогтарға объектілерді зерттеудің әдісі ретінде, ал екінші жағынан нақты бар нәрселер мен құбылыстардың немесе құрастырылатын объектілердің моделін қарастыру және қарастыру үдерісі ретінде анықтайды.

Ал, педагогика және психология түсіндірме сөздігінде моделдеу әдісі «Мұндай моделдер бірнеше топқа бөлінеді. Олар белгілерді моделдеу (бейнелік, математикалық сөздік және т.б.), бағдарламалық моделдер (блок-жүйе, алгоритм, эвристика және т.б.), заттық моделдеу (бионика)... Эрбір нақты жағдайда модель өзінің рөлін түпнұсқаға ұқсас болғанда ғана дұрыс орындаі алады» деп тұжырымдалады [251].

Н.Д.Хмель моделдеуді біртұтас педагогикалық үдерісті жүзеге асырудың маңызды бөлігі болады деп есептейді: «Яғни, зерттеуші-ұстаз үшін моделдеу зерттелінетін құбылыстың идеалдық моделін қайта жасаудың тәсілі болады. Практик-ұстаз үшін моделдеу іс-әрекетінің мақсатына сәйкес оның жағдайын ұстаз өзгертуінің келетін белгілі бір педагогикалық құбылысты немесе үдерісті тұтасымен ойша (алдын ала) қайта құру тәсілі болады. Басқаша айтқанда, моделдеу ұстаз үшін педагогикалық теория мен нақтылы практикалық іс-әрекет арасындағы бөлік болады» [252].

Ю.А.Конаржевский моделдеуді «объектіні жанама түрде практикалық немесе теориялық пайдалану әдісі, бұл жағдайда бізге керекті объект тікелей зерттелмейді, керісінше, танылатын объектімен белгілі объективті

сәйкестілікте тұратын көмекші немесе жасанды жүйе (квазиобъект) пайдаланылады, ол танымның белгілі кезеңінде оның орнын ауыстыра алады және оны зерттеуде сол моделденетін объекті жөнінде ақпарат бере алады» деп анықтайды [253].

А.3.Зак моделдеу әрекетін «қарастыратын объектіні басқамен, сол үшін арнайы жасалғанмен орын ауыстыру» дейді [254].

Осы белгілеуден кейін, біз «педагогикалық модель» ұғымын мына түрде анықтаймыз: педагогикалық модель деген педагогикалық жүйенің нақтылы феноменінің жинақтап қорытындыланған дерексіз – қонымды бейнесі, ол сұраныстағы көрнекі түрде – ұсынылған және моделдеу объектісі жөнінде жаңа білім бере алатын, педагогикалық зерттеу объектісінің маңызды құрылымдық-функционалдық байланысын бейнелеп көрсетеді.

Біздің пайымдауымызша, моделдеу дегенді зерттеушінің менгеруіне қолайлы түрде жинақтап қорытындыланған, дерексіз-қонымды бейнені жасау үдерісі деп түсіну керек.

Педагогикада моделдеу мына жағдайларда қолданылады:

- педагогикалық міндеттерді және педагогикалық жағдаяттарды моделдеу;
- оқыту, тәрбие, үйренушілерді дамыту үдерісін моделдеу;
- білім беру мекемелерін басқару жүйесі жағдайын моделдеу.

Біз зерттеу жұмысымызда моделдеу әдісін болашақ дене шынықтыру және спорт мамандарының қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру моделін жасауда пайдаланамыз.

Қарастыратын феноменің моделін құрастыруды теориялық модель бейнелейді деген тұжырымдарға сүйенеді:

- талаптарды, олар қоғам тарапынан болашақ мамандарды кәсіби даярлаудың сапасына қойылады;
- зерттеулердің негізгі идеяларын, олар болашақ қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруды онтайландыру проблемасы бойынша ұсынылады;
- болашақ қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру педагогикалық жоғары оқу орындарында (университеттерде) оқытудың біртұтас педагогикалық үдерісін ұйымдастыруды;
- тәрбие мазмұнын, ғылыми, жалпы кәсіби және тереңдетілген кәсіби сипаттағы білім, іскерліктер мен дағдылар түрінде алынуда;

- негізгі өлшемдерді және деңгейлер көрсеткіштерін, болашақ маманды даярлаудың сапасын анықтауда.

Ал, енді біздің зерттеуде жасалған моделді көрсетейік және оның мазмұнын толығырақ қарастырайық (Сурет 2).

Қарым-қатынастағы құрделі мәселелердің бірі, кәсіби қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасқан түрлерін анықтау болып табылады. Осы берілген жағдайда, біздің пікірімізше (модель) құрылымы мотивациялық, когнитивтік, эмоциональдық-еріктік және рефлексифтік болатын жекелік теориясынан шығу керек.

Көрсетілген компоненттердің әрқайсысына жеке және толығымен ауқымды әдебиеттер арналған, сондықтан біз олардың әрқайсысына жете тоқталмаймыз. Осылай қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасқан критерийлік базасы ретінде біз мотивациялық, когнитивтік, эмоционалдық-еріктік және рефлекситивтік критерийлерін таңдап алдық.



Мотивациялық компонент - қарым-қатынас мәдениетінің қажеттілігі, оның дene шынықтыру және спорт мамандығы студенттеріндегі ерекшеліктері, қарым-қатынас мәдениетінің технологиясы, оның көрінісі туралы мәселелерін қамтиды.

Қарым-қатынас мәдениеті құрылымында когнитивті компонент тіршілік әрекеті негізі ретіндегі қарым-қатынас, қарым-қатынас мәдениеті туралы білімдер мен түсініктер жиынтығын, адамның оны менгеруін, қарым-қатынастың құндылығын және нормаларын анықтайды.

Студенттің дene шынықтыруға дene шынықтыру-сауықтыру құралдарын қолдану және оларды жүйелендіру жолымен келу шеберлігінің анағұрлым маңыздырақ топтары үшін біз болашақ мұғалімнің кәсіби қызметіне ерекше көзқарасты қолдандық. Мұндай көзқарасқа негіз болғаны нысанның қызметі мен құрылымының маңызы туралы ой.

Эмоционалдық-еріктік компоненті қарым-қатынас мәдениеті құрылымында студенттерге осы бағытта іс-әрекетті жетілдіру, қарым-қатынастағы әсерлерін және эмоциональды сезімді қалыптастыру және дамытуды қамтамасыз етеді.

Рефлексивтік компоненті – қарым-қатынас мәдениеті құрылымында өзін-өзі тануды, рефлексивтік қабілеттілікті дамытуды, өзін-өзі реттеу, яғни тәсілдерін менгеруді, қарым-қатынастағы өзін-өзі қылпастыру мен өзін-өзі білдіруді қамтамасыз етеді.



**Сурет 2 – Дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру моделі**

Рефлексия дегеніміз – жеке тұлғаның өз ойларының мазмұнына назарын жинақтау (Соловьева А.Е. [255]), өз назарын өзінің ішкі дүниесіне аудару қасиеті және жаңа білімнің алынуына қол жеткізетін кейбір білімді сараптау тәсілі есебінде айқындалады.

Психологияда бірқатар зерттеушілер берілген құбылысты жеке сананың, ойдың, өз санасын белсенді түрде қайтадан ұғыну механизмі ретінде (В.В.Сериков, т.б.) [256]. өзін-өзі танытудың тілдік-ой деңгейін білдіретін (Е.С.Михайлова, 1990) [257]; мұғалімнің өз қызметіне қатысты сараптамалық тұрғыдан келу қабілетінен байқалатын психологиялық құбылыс ретінде (А.К.Маркова) [258] қарайды. Педагогика ғылымында рефлексия мұғалімнің өз қызметі мен өзі ұйымдастыратын оку-тәрбие барысын реттеу, стратегия мен педагогикалық ықпалын айқындау құралы ретінде ұсынады (В.А.Дружинин) [259]. Бұл мұғалімнің алынатын нәтижені тұжырымдауына, одан әрі қарайғы жұмыс мақсатын айқындауына, өзінің ағартушылық жолын үйлестіруіне көмектеседі. Рефлексияның толық анықтамасын біз В.А.Дружининнен табамыз, ол берілген құбылысты зерттеулердің түрлі бағыттарын біріктірді.

Дене шынықтыру және спорт мамандығы студенттерінің қарым-қатынас мәдениетінің мотивациялық, когнитивтік, эмоциональды-еріктік және рефлексивтік компоненттерінің өзара байланыстарың тұтастай ескере отырып, біз осы құрылымның көрсеткіштерін анықтауга мүмкіндік алдық.

Студенттердің қарым-қатынас мәдениетінің өлшемдерін қарамастан бұрын, «өлшем» («критерий»), «сипаттама» («характеристика»), «параметр», «көрсеткіш» («показатель») сияқты ұғымдарға біраз терминологиялық анықтамалар енгізейік.

Кеңестік энциклопедиялық сөздік «өлшем» терминіне мына түсіндіруді береді: «өлшем – белгі, оның негізінде баға жасалады, бір нәрсені анықтау немесе топтастыру; бағаның өлшемі» [260].

«Сипаттама - бір нәрсенің немесе біреудің өзіне тән ерекше сапаларының, белгілерінің, қасиеттерінің сипаттамасы» [260].

«Параметр - шама, ол үдерістің, құбылыстың немесе жүйенің қандай да бір негізгі қасиетін сипаттайты» [260].

«Параметр» ұғымына шетелдік сөздер сөздігі мынадай анықтама береді: «параметр – шама, құрылғының, үдерістің, заттың қандай да бір қасиетін сипаттайты; немесе көрсеткіш» [260].

Біздің пікірімізше, өлшем құбылыстың сапалы жағының өлшеуіші болып табылады. Бұл жағдайда «өлшеу» белгілі бір дәрежеде абстрактілі жүзеге асады. Өлшемді квалиметрлік салаға ауыстыру үшін нақтылы көрсеткіштер пайдаланылады, олар берілген сапаның жеткен деңгейін зерттеуші қабылдаған өлшеудің бірліктерімен бағалауға мүмкіндік тудырады. Сонымен, көрсеткіш зерттелетін объектінің (үдерістің немесе құбылыстың) сапалы немесе сандық жағын зерттеуші қабылдаған өлшеудің бірліктерімен сипатталады.

Е.М.Роговтың пікірінше, өлшемді сипаттамадан және параметрден ажырату керек. Сипаттаманы құбылыстың жеке жақтарын мазмұнды баяндауы ретінде түсіну керек [261].

Біздің пікірімізше, көрсеткіш немесе параметр зерттелетін объектінің (құрылғының, құбылыстың, үдерістің, заттың) қандай да бір қасиетін (негізгі болу міндетті емес) зерттеуші қабылдаған өлшеудің бірліктерімен сипаттайтын шама деп тұра айтуда болады. Көрсеткіштер динамикалы немесе статистикалы түрде болуы мүмкін. Сапалық бойынша, көрсеткіш «жақсырақ - жаманырақ», ал сандық көзқарас бойынша «улкенірек-кішірек» талабына сәйкес келуі керек.

Сипаттама – зерттелетін объектінің берілген жағдайларда оның бет алысы (жұмыс істеуі) жөнінде толық түсінік беретін елеулі маңызды (негізгі) сапаларын, ерекшеліктерін, қасиеттерін баяндау.

«Өлшем» – маңызды белгі, оның негізінде зерттелетін объектінің абстрактілі сапалы бағасы, анықтамасы немесе класификациясы (жіктеуі, топтастыруы) жасалынып шығарылады.

Болашақ мұғалімдерді даярлау жүйесі тиімділігінің өлшемдерін жасау процедурасы ең аз дегендегі екі кезеңді қамтиды:

Бірінші – теориялық ұғымды барынша өрістетуді ескертетін, объектінің эмпирикалық сипаттамаларының өлшемдік бағалау торын құру. Мұнда анықталған белгілер бойынша ұғымның маңызды қасиеттерін бөлу керек және барлық ең маңызды компоненттерін тұтас қарастыру қажет. Ұғымның эмпирикалық түсініктемелеуіне жеткілікті факторлар саны әсер етеді, алайда жүйе құрушы ретінде зерттеу тақырыбы болады, біздің жағдайда бұл жоғары оку орнында жаратылыстану пәндері мұғалімін даярлау болып табылады.

Екінші бағаланатын құбылысты сипаттайтын басты жүйе құрушы белгілерді тандау. Осы елеулі белгілер қарастыратын жүйенің маңызы

төмендеу белгілерін репрезантативті түрде беру керек.

Олшемге мазмұны жағынан ең аз дегенде үш талап қойылады (Бодалев А.А. және т.б.) [262].

а) біріншіден, ол өзі өлшеуіш болатын құбылысқа барабар болу керек. Бұл дегеніміз: онда өлшенетін құбылыстың табиғаты және өлшемі арқылы білінетін қасиеттің өзгеру динамикасы дәл бейнеленуі керек;

б) екіншіден, өлшем дефинициялар арқылы көрсетілуі қажет. Бұл дегеніміз әр түрлі құбылыстардың бір фактіге негізделген мәндері, оларға өлшемді қолданғанда бірдей сапалы мәндерді беру керек;

в) үшіншіден, өлшем қарапайым болуы тиіс, яғни қын емес әдістемелерді, сауалнамаларды, тестілерді пайдалана отырып, өлшеудің қарапайым тәсілдеріне рұқсат етілу керек.

Мұғалім студенттерді белгілі бір іс-әрекетке даярлау жүйесі, нақтырақ айтқанда, оның технологиясын ұйымдастырушы, жалпы (интегративті) және жеке өлшемдер жүйесін жасауды қарастырады. Жалпы өлшемдерге біз: педагогикалық жүйенің мақсаттылығын; мұғалімді даярлаудың біртұтастылығын және жүйелілігін; педагогикалық жүйенің оңтайлылығын жатқызамыз. Педагогикалық жүйенің мақсаттылығы белгіленген мамандандыруына сәйкес даярлауға бағдарланғанымен көрсетіледі.

Педагогикалық жүйенің біртұтастылығы және жүйелілігі иерархияға формалды сәйкестілігі бойынша анықталады: жалпы кәсіби, содан кейін терендетілген кәсіби даярлау.

Педагогикалық жүйенің оңтайлылығы оны толықтыруды қамтамасыз ететін арнайы пәндер жиынтығымен, білім беру және өндіріс салаларының талаптарына сәйкестігімен және экономиканың нақты секторында жұмысқа орналаса алғындығына негіз беретіндігімен бағаланады. Осы өлшем оқу жоспарының базалық және аймақтық компоненттерінің өзара қатынастырын қамтып көрсететін көрсеткішімен белгіленуі мүмкін.

Аталған өлшемдердің жиынтығы технологиялық даярлау мақсаттарының бірі педагогикалық жоғары оқу орны немесе университет жағдайында орындалуы жөнінде түсінік беруі керек, ол – маманды өндірісте жұмыс істеу үшін даярлау мүмкіндігі.

Студенттерді жоғары оқу орнында даярлау жүйесінің жұмыс істеудегі тиімділігін бағалайтын өлшемдермен қатар, интегративті (жалпы)

өлшемдердің мазмұнын нақтылауға мүмкіндік беретін жеке өлшемдер керек.

«Критерий» ұғымының мәнісін анықтап алу қажет, оны түсіндірме сөздікте «бағалау өлшемі, пайымдау» деп қарастырады, «ерекшелік белгісі, оның негізінде қайсыбір құбылыстық іс-әрекетке баға беріледі» (Философиялық энциклопедиялық сөздік) [263].

Өлшем үш сәтін айқындауы тиіс: нысан неліктен және не үшін әрекет етеді, ол нені және қалай атқарады, қандай құралдарды және қандай жағдайда пайдаланады. Біз студенттердің дene шынықтыру-сауықтыру құралдарын пайдаланып, жұмыс істеуге даярлық деңгейін іріктеңеде және болжамдық әдістемелерді тандаған кезде осындай талаптарды ескердік.

Дене шынықтыру және спорт мамандығы студенттерінің қарым-қатынас мәдениетінің өлшемдеріне мыналар жатады:

- қарым-қатынасқа ұмтылу, қажеттілік, талаптар;
- қарым-қатынас туралы түсініктер жиынтығы;
- қарым-қатынастағы әсерлер мен сезім;
- рефлексивтік қабілетті дамыту тәсілдері.

Бұдан келіп шығатын кәсіби қарым-қатынас мәдениетінің көрсеткіштеріне келетін болсак, олар:

- дene тәрбиесі және спорт мамандығы студенттерінде күнделікті өмірде жаттығу кезінде қарым-қатынас мәдениетінің керектігі, оны менгеру технологиясының қажеттілігін сезіну;
- болашақ спортшы бапкер-педагог ретінде қарым-қатынас элементтерін, мазмұнын түсіну. Жағдайға байланысты қатынас түрлерін білу.

- Қарым-қатынасты эмоционалды сезіммен қабылдау. Әсерде болу, көңілден шығу.

- Этика ережелерін сақтау, әдет-ғұрып, өзін-өзі басқару тәсілдерін менгеру және оларды дамыту.

Осы түрғыда енді дene шынықтыру және спорт мамандығы студенттерінде қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасу деңгейін *жоғары, жеткілікті жоғары, орта және төмен* деп сипаттауды анықтадық.

Мұнда студенттердің қарым-қатынас мәдениетінің төменгі деңгейіне дene шынықтыру және спортта қарым-қатынас мәдениетінің керектігін білу, бірақ оны менгеру технологиясының қажеттілігін сезіну ғана болып,

басқа барлық қалған көрсеткіштер бұл деңгейде көрініс таба бермейді.

Қарым-қатынас мәдениетінің *орташа* деңгейінде бұл салалық көрсеткіштердің керектігін біледі, түсінеді, бірақ менгеру технологияларын сезбейді, жағдайға байланысты қатынас түрлерін білмейді, әсерде болу, көнілден шығу орташа этикетті менгеру мен оларды дамыту төмен дәрежеде болады.

*Жеткілікті* көрініс элементтері барлық өлшем элементтерін қамтыған, бірақ жоғары дәрежеде емес жағдайында болады.

*Жоғары* деңгейде дене шынықтыру және спорт мамандығы студенттерінің қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасуына барлық өлшемдер бойынша ескерілгенін білдіреді.

Осылайша, біз деңгейлерді ескере отырып, қолданылатын әдістәсілдер арқылы дене шынықтыру және спорт мамандығы студенттерінде қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруды сандық, сапалық көрсеткіштермен сараладық.

Біздің зерттеуіміздің мақсаты – дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша студенттердің қарым-қатынас мәдениетінің қалыптастыру болғандықтан, студенттерді оқытуда арнайы педагогикалық жүйені жасау және енгізу келесі міндеттерді алға қойып отыр:

1. Дене шынықтыру және спорт мамандығы студенттерінің қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасуының жоғары деңгейіне негізделген факторларды анықтау.

2. Дене шынықтыру және спорт мамандығы студенттерінің қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасу деңгейін педагогикалық анықтаудың тәсілін жасау.

3. Жаттықтырушылар мен дене шынықтыру және спорт мамандығындағы студенттердің қарым-қатынас мәдениеті деңгейін анықтау.

4. Жоғары оқу орындарында болашақ бапкер-басшылар – студенттердің қарым-қатынас мәдениеті қалыптасуының эксперименттері жүйесін жасау және оның тиімділігін тексеру.

Зерттеудің осы аталған міндеттері жұмыстың негізгі тәсілдерін таңдау мен әмпирicalық мәліметтерді өндөуді, зерттеуді таңдау сипатын анықтады.

Зерттеудің спорт алаңдарында жұмыс істейтін әр түрлі деңгейдегі 50 бапкер (бокс, күрес, жеңіл атлетика, футбол, волейбол, баскетбол, т.б.). 5

жоғары оқу орны оқытушылары және денешынықтыру, спорт мамандықтағы 352 студентті құрады.

Біздің зерттеуде пайдаланылған барлық тәсілдерді үш топқа бөлуге болады:

- 1) ұйымдастырушылық;
- 2) әмпирикалық;
- 3) мәліметтерді өндөу, жүйелеу тәсілі.

Ұйымдастыру тәсілі зерттеудің барлығына қатысты және оның жалпы стратегиясы мен бағытын анықтайды. Біз салыстырмалы принципті ұйымдастырудың түрі ретінде пайдаландық.

Зерттеуде спорт ерекшеліктері мен қарым-қатынас мәдениеті әр түрлі деңгейдегі бапкер тұлғасын салыстыру, спортшының жоғары деңгейдегі мәдениеттілігінің қалыптасуына әсер ететін факторларды және жағдайларды талдау талап етілді.

Салыстырмалы тәсілде санымен қатар біз белгілі оқу кезеңінде студент тұлғасының кәсіби маңызды қасиеті мен сапасының даму деңгейін бекітүге, спорттық мамандық алудың әр түрлі сатысында болашақ спортшылардың қарым-қатынас мәдениетінің құрылу динамикасын анықтауға талпындық.

Зерттеудің әмпирикалық тәсілдеріне ғылыми факторларды алудың барлық тәсілдері жатады. Бұл обсервациялық (бақылау), диагностикалық, эксперименттік, праксиметриялық және биографикалық тәсілдері.

Зерттеуде біз обсервациялық (рейтинг, өзін-өзі бағалау), диагностикалық (тестілер, анкеталар), эксперименттік және праксиметриялық (контент-талдау) тәсілдерді қолдандық. Бұл тәсілді жанама бақылау және компетентті төреші тәсілі деп атайды. Онда зерттеуші құбылысқа және төреші қызметін біршама уақыт бойы бағалайтын адам тұлғасының қасиетіне баға беруді сұранады. Төрешіні талқылауы сандық формада болады, яғни зерттеу нәтижесі математикалық статистика тәсілдерінің көмегімен жүзеге асырылады.

Біз рейтингті жоғары оқу орындарының студенттері мен спорт залдардан жаттықтырушылардың қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін пайдаландық. Нағыз төрешілер ретінде олардың қарамағындағылар мен жаттығушылар қатысты. Студенттерді кафедра мұғалімдері бағалайды.

Өзін-өзі бағалау тәсілі зерттеудің жеке жағдайы болып табылады. Өзін-өзі бағалау – бірқатар компоненттерді қамтитын күрделі құбылыс. Б.Т. Ананьевтің көзқарасы бойынша «өзін өзі бағалау адамның танымдық қызметінің дамуының ең күрделі өнімі» болып табылады [243, 115 б.].

Өзін-өзі бағалау оның шынайлығына байланысты және оны көпшіліктің бағалауына сәйкес қалыптасады. Өзін өзі бағалауда адам белгілі қасиет пен әрекет арқылы қайсыбір ерекше құндылық қатынасында өзін өзі көрсетеді.

Д.Н.Узнадзенің берген анықтамасы бойынша «өзін өзі бағалау үйлесімді және эмоционалды комоненттерден тұрады, тұлғаның қоғамдық құндылықтар мен оларға қатынасын сезінуін қамтиды. Оның негізгі қызметі тұлғаралық қатынаста тұлғаның әрекетін реттеуде. Ол тұлғаның өзін өзі реттеуінде ерекше механизм ретінде болады. Оған өзін өзі бақылау, өзін өзі игеру, өзін өзі реттеу, өзін өзі сынау, тұлғаның өзін өзі жетілдіруі негізделген» [264; 253].

Тұлғаның кәсіби іскерлігінің маңызды бөлігі өзін өзі кәсіби сезінуі, онсыз тұлғаның кәсіби қызметін қайта құру мен жетілдіру жөніндегі жұмыстарды бастау мүмкін емес.

В.А.Сластениннің зерттеулерінде кәсіптік өзін-өзі бағалау мәселелері қарастырылған [265]. Автор өзін-өзі бағалаудың үш түрін ерекшелейді: гармоникалық, көтермеленген және төмендетілген. Өзін өзі бағалаудың формалары тұлғаның белсенділігіне әсер ететіндігін көрсетеді. Өте төменгі өзін-өзі бағлау әлеуметтік тартымдылықты төмендетеді. Адамда өзінің мүмкіншіліктеріне, өмірдегі болашағына деген сенімсіздік туады. Бұл эмоционалдық құлдырауға және ішкі қақтығысқа әкеледі. Көтермеленген өзін-өзі бағалау өзінің мүмкіндіктерін асыруға, дұрыс емес іс-әрекет жасауға әкеліп соғады. Гармониялық өзін-өзі бағалау сындарлы түрде қарайтын тұлғаларға тән. Ол өзінің білім, іскерлік деңгейін дұрыс бағалайды, өз қызметінің әлсіз жақтарын анық белшектейді, кемшіліктерді жою жолдарын белгілейді. Осыған байланысты төмендегідей қорытынды жасауға болады. Спорт маманы, бапкер өз қызметін қаншалықты дұрыс бағалай алса, ең бірінші қызметтің жетістігі, оның қарамағындағылармен қатынас сипаты, оның педагогикалық мәдениеті осыған тәуелді болады.

Біз өзін-өзі бағалауды болашақ спорт мамандықтары студенттерінің, бапкерлердің қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасу деңгейін анықтау

үшін пайдаландық.

Экспериментті тәсілдер тобынан біз констативті және құраушы эксперименттерді пайдаландық. Педагогикалық эксперименттің негізгі мақсаты әсер ету мен оның нәтижелерінің педагогикалық жүйесінің жекелеген элементтері арасындағы гипотезаларды тексеруде.

*Анықтауышы экспериментті* біз студенттер, яғни болашақ мамандардың педагогикалық мәдениетінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін пайдаландық.

Жоғары оқу орындары жағдайында болашақ дene шынықтыру және спорт мамандықтарындағы қарым-қатынас мәдениетінің құрамының біз ұсынған педагогикалық жүйе мен жоғары оқу орындарын бітіруші студенттердің қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасу деңгейі арасындағы тәуелділікті анықтау үшін біз қалыптастыру эксперименттің қолдандық.

Біз анкетаны дene шынықтыру және спорт мамандығы жұмыстарының ерекшеліктерін, оның кәсіби қызметінде атқарылатын қызмет сипатын анықтауға қолдандық. Біздің жаттықтырушылардың қарамағындағылармен қарым-қатынас үдерісіндегі алдына қойылған нақты педагогикалық тапсырмалар мен осы тапсырмаларды орындаудағы қыншылықтары, мүмкін болатын қыншылықтардың себептері қызықтырады. Ұжымдағы әлеуметтік-психологиялық ахуалдың ерекшеліктерін анықтау үшін біз ұжымда қактығыстардың шығу жиілігі, олардың себептері, жаттықтырушының беделі, оның неге негізделетіні, неге тәуелді екені туралы сұрақтарды пайдаландық. Сынаққа түскендерге, сонымен қатар, жаттықтырушының педагогикалық мәдениетіне анықтама беру, оның құрылымдық компоненттері туралы өз ойларын айтуда, өзін-өзі бағалаудың құрылымдық компоненттерінің 5 балдық шкала көмегімен өз қарым-қатынас мәдениетін (білім, іскерлік, жеке қасиеттер) бағалау ұсынылады.

Анкета үш нұсқада құрылды: жаттықтырушылар, оқытушылар, студенттер үшін (1 және 2 қосымша).

Студенттер үшін жасалған анкетаға болашақ кәсіпті таңдау себептері, болашақ кәсіби қызметінің сипаты мен ерекшеліктері туралы мәлімет деңгейіне бағалау сұрақтары енді. Осы сұрақтар көмегімен біз студенттердің кәсіптік бағыттылық деңгейін өлшедік.

Біздің зерттеуде, сонымен қатар, әртүрлі қарым-қатынас мәдениет деңгейіндегі жаттықтырушылардың, оқытушылар мен студенттердің

біршама жеке мінездемелерін зерттеу мақсатында диагностикалық тестілер қолданылады. Негізгі ғылыми болжамынан біз қарым-қатынас мәдениет деңгейі мен мәдениеттің белгілі деңгейіне ие тұлғаның ерекшеліктері арасындағы өзара байланысты бекітуге ұмтылдық. Ол үшін біз тұлғаның бағыттылығының, қақтығыс жағдайындағы оның іс-әрекет тактикасының, оның басқа адамдарды тындай алуының диагностикасын жасадық және ең соңындағы оның жеке сезіктену деңгейін өлшедік.

Педагогтардың, оның ішінде болашақ дене тәрбиесі және спорт мамандарының қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру барысы ғылыми мақалаларда көрініс тапқан [266].

С.Л.Рубинштейн тұлғаралалық келіспеушіліктің субъективті факторларының арасында ситуациялық және мінезді негізді бөлуді ұсынады. Біріншісіне адамның сәйкес психикалық жағдайы (қанағат алмауы, шаршауы, өзіне деген әділетсіздікті сезінуі), соңғысына тұлғаралық қарым-қатынастағы қыыншылыққа әкелетін тұлғаның тұрақты қасиеті жатады [267]. Жаттықтырушының келіспеушілік жағдайындағы іс-әрекетінің ерекшелігі өз кезегінде оның педагогикалық мәдениетін анықтайтын жеке қасиетіне тәуелді екенін айта кеткен жөн. Біздің зерттеуде К. Томастың тәсілін қолдану осымен түсіндіріледі.

Бұл сұрақтардың авторы келіспеушілік жағдайындағы адамдар өз мақсаттарына әр түрлі деңгейде жетудің бағытын әртүрлі деңгейде табады және қарама-қарсы жақтардың мұдделерін есепке алуға ұмтылуы келіспеушілікте іс-әрекеттің келесі түрлеріне икемді болады: 1) бәсекелестік өзінікіне басқалардың мұддесіне зиян келтіре қол жеткізуге ұмтылу ретінде, 2) икемделу – өзінің мұдделерін басқа үшін құрбан ету, қарама-қарсы форма, 3) компромисс – серікtestердің өзара шегінуі.

Біздің көзқарасымыз бойынша, жаттықтырушы өзінің жаттығушыларды тыңдал, оның мәселелері мен қыыншылықтарына сезіммен қарau керек. Дейл Карнеги адамдарды өзіне қаратудың алты тәсілін құрастыра отырып, жақсы тыңдаушы болуды, басқалардың өзі туралы айтуына дұрыс көзқараспен қарауды ерекшелейді. Осы іскерлікті иелену дәрежесі біздің көзқарасымыз бойынша жаттықтырушының қарым-қатынас мәдениетінің деңгейін сипаттайты.

«Тыңдай білу» тестін К.К.Платонов [268]. құрастырған және он сұрақтан тұрады. Әрбір жауап тәмендегіше бағаланады: «әрдайым» - 2 балл; «көп жағдайда» - 4 балл, «кей кездे» - 6 балл; «сирек» - 8 балл;

«ешқашан» - 10 балл. баллдардың нәтижелілік сомасы респонденттің тыңдай білуінің даму деңгейін сипаттайты. Осымен қатар осы іскерліктің дамуының орташа деңгейі 64 баллға тең (3 қосымша).

Тұлғаның эмоционалдылығын оның сезіктенуі арқылы зерттеу үшін біз Ю.Л.Ханин икемдеген Ч.Д.Спилбергеннің сұрақтамасын қолдандық. Тұлғаның сезіктілік деңгейі қайсыбір адамның сезіктілік жағдайға тап болу жиілігі мен қарқындылығын сипаттайты.

Сезіктілік адамның жеке типтік мінездемесіне жатады. Ол адамның іс-әрекетті шешуіне, шешім қабылдау жылдамдығы мен үдерісіне тікелей әсер етеді. Тұлғалық сезіктілік тұрақты икемділікті сипаттайты:

- А) жағдайлардың көбін қауіпті деп қабылдау;
- Б) осы жағдайларға сезіктілікпен қарау.

Сезіктілік жағдайы қабылдаумен, қауіптенумен сипатталады, ол адамға қасындағылармен бірқалыпты қарым-қатынас жасауға маңызды кедергі келтіреді. Алғашында сезіктілік жағымсыз белгі деп айтуға болмайды. Сезіктіліктің белгілі деңгейі – белсенді, іскер тұлғаның табиғи және міндетті ерекшелігі. Сонымен бірге әрбір адамға «тиімді сезіктіліктің» пайдалы деңгейі бар.

Бағыттылықтың пайда болуы тұлғалық сезіктілікпен де байланысты. Ол тәрбиеші де жоғары болған сайын қоғамдық жұмыста тәрбиеленушілерге әр түрлі формада қолданады, яғни жаттықтырушының сезіктілігі бағыныштылықтың эмоционалдық компоненті ретінде жалпы іс-әрекеттің эмоционалдық ауа-райына толығымен қолайлы әсер етеді. Әрбір жаттықтырушының тұлғалық сезіктілігі мен педагогикалық мәдениеті деңгейлерінің арасындағы байланысты аша тұсу үшін біз Ю.Л.Ханин икемдеген Ч.Ю.Спилбергендтің әдістемесін қолдандық.

Саялнамада тұра және кері сұрақтар орналастырылған. Тікелей сұрақтар «иә» жауабын, ал керісі – «жоқ» жауаптарын қарастырады. Тесті өндөу арнайы кілтпен жүргізіледі.

Жаттықтырушының педагогикалық мәдениетінің қалыптасу деңгейінің көрсеткіштерінің бірі, біздің көзқарасымыз бойынша ол спорт ұжымындағы әлеуметтік-психологиялық ахуалдың сипаты.

Әлеуметтік-психологиялық ахуал топтық жерлерде көрінетін интегративті қасиет болып табылады: көніл-күйде, ұжымның ойында, дәстүрінде, ұжымның нормасы мен мұдделерінде, жеке сезіммен өмір сүру деңгейі мен тұлға қызметін бағалауда, оның эмоционалдық

күйзелісінде.

Ұжымдағы әлеуметтік-психологиялық ахуалдың типін анықтауда өндірістік ұжымдар үшін А.Ю. Шалыго мен О.С. Михайлук жасаған экспресс-әдісі кеңінен пайдаланылады.

Осы әдістің авторларының көзқарасы бойынша әлеуметтік-психологиялық ахуалының индикаторының негізінде «қатынас» категориясы жатыр. Алғашқы команданың, ұжымның психологиялық ахуалының негізінде спортшылардың және тұтасымен команданың әлеуметтік негізделген салыстырмалы тұрақты қатынас жүйесі жатыр. Өзара қарым-қатынас З компонеті құрылымына сәйкес анкета ұжымға деген адамның іс-әрекеті, жағымсыз, эмоционалды жақтары ерекшеленген.

Сандық мәліметтерді өңдеу үшін тәсілдердің үшінші тобы – корреляциялық және факторлы талдау арқылы көрінетін математикалық статистикалық тәсілдер арқылы жүзеге асады. Түзетушілік талдау деп кездейсоқ құбылыстар жүйесінің құрылымдық ерекшеліктерін анықтау мен математикалық түсінікке бағытталған тәсілдер тобы айтылады. Бұл жерде құрылым психологиялық-педагогикалық құбылыстың сандық және сапалық мінездемесін модельдейтін жүйенің элементтерінің көптеген өзара байланысы ретінде қарастырылады және корреляциялық талдануды жаттықтырушының оның қалыптасу деңгейіне байланысты педагогикалық мәдениетінің құрылымдылық ерекшеліктерін анықтау үшін және жоғары оқу орындарының студенттерінің қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасу динамикасын анықтау үшін пайдаланылды.

Факторлы талдау белгілердің алғашқы жиынтығын қарапайым мазмұнды түрге айналдыру үшін керекті моделдер мен әдістердің жүйесін көрсетеді. Ол болжауға негізделеді, бақыланатын құбылыс факторлар деп аталатын жасырын мінездемелердің көп санымен түсіндірілуі мүмкін. Біршама ғалымдардың көзқарасы бойынша факторлы құрылымның белгілерінің ең жақсы концепциясын анықтауға фактор осытерін қарапайым құрылым алғанға дейін айналдыру процедуrasesы арқылы қол жеткізіледі [256].

Факторлы талдауды жаттықтырушының қарым-қатынас мәдениетінің факторлы құрылымы мен олардың деңгейіне ең маңызды әсер ететін жағдайды анықтау үшін пайдаланылады.

Зерттеуде қолданылған тәсілдер жүйесі мәселені терең зерттеуге

мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында «Дене шынықтыру және спорттағы қарым-қатынас мәдениеті» курсы бойынша студенттердің алған білімдерін жүйелу, бекіту мақсатында сабактарды әр түрлі формада түрлендіріп өткізуге талпындық.

Зерттеу жұмысындағы мазмұндық талдауға тоқтала келе, қарым-қатынас мәдениетін студенттердің бойында қалыптастыру деңгейін анықтаушы тәмендегідей өлшемдер белгіленді. Оның төрт компонентін атап көрсетуге болады:

- мотивациялық;
- когнитивтік;
- эмоционалдық-еріктік;
- рефлексивтік.

*Мотивациялық компонент* қарым-қатынас мәдениетінің қажеттілігі оның дене шынықтыру және спорт мамандығы студенттеріндегі ерекшеліктері, қарым-қатынас мәдениетінің педагогикалық технологиясы, оның көрінісі туралы мәселелерін қамтитындығы дәлелденді.

Қарым-қатынас мәдениеті құрылымында *когнитивті компонент* тіршілік әрекетінің негізі ретінде қарым-қатынас туралы білімдер мен түсініктер жиынтығын, адамның оны меңгеруін, қарым-қатынастың құндылығын және нормаларын анықтайтындығына тоқталдық.

*Эмоциональдық-еріктік* компоненті қарым-қатынас мәдениеті құрылымында студенттерге осы бағытта іс-әрекетті жетілдіру қарым-қатынасындағы әсерлерді және эмоционалды сезімді қалыптастыруды және дамытуды қамтамасыз етеді.

*Рефлексивтік компоненті* қарым-қатынас мәдениеті құрылымында өзін-өзі тануды, рефлексивтік қабілеттілікті дамытуды, өзін-өзі реттеу, яғни тәсілдерін меңгеруді, қарым-қатынастағы өзін-өзі қалыптастыру мен өзін-өзі білдіруді қамтамасыз ететіндігін көрдік.

Дене шынықтыру және спорт мамандығы студенттерінің қарым-қатынас мәдениетін мотивациялық, когнитивтік, эмоциональды-еріктік және рефлексивтік компоненттерімен өзара байланыста тұластай ескере отырып, біз осы құрылымның көрсеткіштерін анықтауға мүмкіндік алдық.

Демек, қорыта келе, осы (2-тараудағы) дене шынықтыру және спорт мамандығы студенттерінің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың теориялық мәселелерін былайша тұжырымдауға болады:

1. Тұлғаның мәдениеті – материалды және рухани құндылықтарды көрсету мен тұтынудағы, оны өткізу мен шығармашылық қызметінің тәсілдері. Оның маңызды жағының дамуының ең жоғары деңгейі.

2. Қарым-қатынас мәдениеті – тұлғаның жалпы мәдениетінің маңызды бір бөлігі. Ол педагогикалық қызмет үдерісі мен нәтижелерін және таным, қабілет пен қажеттіліктің қалыптасу деңгейін, сонымен қатар олардың іс-әрекетте белсенді көрінуін сипаттайтын тұлғаның интегралды әлеуметтік қасиетін көрсетеді.

3. Тұлғаның қарым-қатынас мәдениеті – кез келген іс-әрекет үдерісінде адамдарға оң әсер ете білудің дамыған түрі. Ол басқа адамға, оны өзгерту мақсатында әсер етуді қарастырады, сондықтан ол тұлғаның мәдениетінің қалған түрлерінің барлығын қамтиды.

4. Дене шынықтыру және спорт мамандығы студенттерінің қарым-қатынас мәдениеті болашақ кәсіби этиканың негізгі категориясы ретінде жақсы қалыптасқан адамгершілік пен жеке адам дамуының жоғары сатысының болуын қарастырады.

5. Қарым-қатынас мәдениеті кез келген маманның өзінің кәсіби қызметінің барысында адамдармен оларға белгілі әсер ете отырып араласатын кәсіби маңызды қасиетіне айналады.

6. Қазіргі кезде жаттықтырушы-басшының алдына бірқатар нақты және маңызды педагогикалық тапсырмаларды қояды. Осы тапсырмалардың жетістікпен шешілуі бапкерлердекарым-қатынас мәдениеті жоғары деңгейлі болған кезде ғана мүмкін.

7. Спорт және дене шынықтыру мамандарының қарым-қатынас мәдениеті – бұл басшыда, оның кәсібіне және еркше психологиялық-педагогикалық білім, іскерлік пен кәсіби қызметін жүзеге асыруда жаттықтырушылармен, қарамағындағылармен, әріптестерімен және жоғары басшыларымен тиімді өзара қарым-қатынас бағыттылығын сипаттайтын тұлғалық қасиеттер жиынтығының болуын қарастыратын кәсіби маңызды қасиеті.

8. Жаттықтырушылардың қарым-қатынас мәдениетін сипаттайтын тұлғалық қасиеті оның әлеуметтік бағыттылық, кәсіби қызметін өзі бағалау сипаты, қақтығысу дәрежесі, жеке сезіктілік деңгейі мен сұхбаттасуышысын тыңдай алу сияқты жеке ерекшеліктерімен тығыз байланысты.

9. Студенттердің қарым-қатынас мәдениеті мотивациялық, когнитивтік, эмоционалдық-еріктік және рефлексифтік компоненттерді құратын модуль тұлғасында берілді. Көрсеткіштері мен мүмкін болатын деңгейлері келтірілді.

### **3 БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТИН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ**

#### **3.1 Болашақ педагогтардың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мазмұны**

Бұгінгі таңда білім мен тәрбие беру мазмұны әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге байланысты түбекейлі қайта қаралуы, оқутәрбие әдістемесінде де елеулі өзгерістер ендіруге ықпал етіп отыр. Мұның өзі жаңа Қазақстан қоғамының әлеуметтік дамуына сай белсенді, мәдениетті, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған тәрбие үдерісінің мазмұнын қайта құруды, жетілдіруді қажет етеді.

Жас ұрпаққа терең де жүйелі білім беруде, оларды қоғам талабына сай азamat етіп тәрбиелеуде қарым-қатынас мәдениетінің маңызы артып отыр. Алдыңғы тақырыптарда атып өткендей, «қарым-қатынас мәдениеті дегеніміз - оны қалыптастырудың негізгі шартынан туындайтын сөз мәдениеті, мінез-құлық мәдениеті, сыртқы түр мәдениеті (имидж)». Бұлардың қайсысының болсын педагогикалық мүмкіндіктері жоғары және өзіне тән мазмұны, ерекшеліктері бар. Оның кейбірінің мазмұны мен тәрбиелік мүмкіндіктерін қарастыруға болады.

Қарым-қатынас іс-әрекет түрі және оның тиімділік критерийлері: қарым-қатынас адам өмірінің барлық салаларына терең енуі. Оның мән-мазмұнының сан алуан екендігіне күмән жоқ. Қарым-қатынас тіршілік атаулының, оның ішінде адам өмірі үшін ерекше. Қалыптылығын сақтауды қамтудан бастап, адам табиғатында толымды өмір сұру жолын жетілдіру, оның амалдарын табу, таңдау, өңдеу, оларды өмір салты құралдарына айналдыру мақсатындағы саналы байланысын, өткені мен бұғінің және болашақтың сабактастырын қамтамасыз етеді. Қарым-қатынас жеке көңіл-күй әсерін жеткізуден бастап, ақпараттар тасымалдау, алмасу, жекеленген адамдардың, ықшам және әлеуметтік топтардың, халықтардың, ұрпақтардың мақсаты өзара ықпалдастырын орнатып, жүзеге асыратын негізгі құрал. Осы айтылған ой-пікірлердің өзі қарым-қатынасқа берілер сипаттар мен анықтамалар мүмкіндігінің толассыз болатындығын көрсетіп отыр. Біздің негізгі мақсатымыз осы қарым-қатынас туралы берілген сипаттамалар мен анықтамалар ішінен мәні жоғары деп саналатын, яғни қалыпты жағдайда «қарым-қатынасты» іс-

әрекет түрі деп санайтын мәселеге ерекше тоқталып, орнын ажырата көрсету болып отыр. Іс-әрекет белгілі мақсатқа жүгінеді, нормаға тәуелді. Ендеше, оның берер нәтижесі бар, яғни белгілі бір жағдайда өзінің тиімділігін көрсетеді деген сөз. Қарым-қатынастың мақсатына әрбір жеке адамның немесе тұтас алып қарағанда қоғамның бірлескен қызметіне түзетулер ендіру мен жоспарлау жатады, яғни қарым-қатынас басқа коммуникативті емес қызметтерді де қамтиды. Олай болған жағдайда қарым-қатынас нақтылы өнімді қызмет түріне жатады. Іс-әрекеттің бұл түрі материалдық және рухани сипаты бар өзгешелігімен сипатталады.

Қарым-қатынас барысындағы идеалдар, сенімдер, позициялар, өзара әрекеттестік жиынтығы. Өзге адамдағы ішкі өзгерістерді сезінуі, іс-әрекеттің мақсаты мен нәтижесін бақылай алуы, қазіргі тілмен рефлексияны менгеру деп атайды.

Мәндер - адам мен табиғатты немесе объекті мен субъектіні жақындастыратын мәдени құралдар. Мәдени мәнділік - қоғамдағы фактілерді, құбылыстарды, ұдерістерді мәндендіреді. Мәдени мәнділік - белгілер, жүйелер, есімдер мен атаулар, шарттар, белгі, ым-ишара. Адам жасаған мәндер жүйесінің аса маңыздысы - тіл. Тіл арқылы адам қарым-қатынас жасап, ойын жеткізумен қатар мәденилік сапаларын менгереді.

Мәндер бейтарап күйде бола алмайды, олар адамның нормалары мен құндылықтарын жасайды. Осы негізде қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың ерекшеліктері туындаиды:

- гносеологиялық
- іс-әрекеттік
- субъективтік.

Гносеологиялық ерекшеліктер - мәдени компоненттер, яғни іс-әрекеттік нормалар, білімдер, құндылықтар, символдар, бір сөзбен айтсақ, әлеуметтік мінез-құлық және нормалар. Символдар - іс-әрекеттің көрінісі, адам әрекеттің қалыпты жағдайы. Жалпы бұл ерекшелік қарым-қатынас мәдениетін түсіндіретін қағидалар мен құндылықтар.

Іс-әрекеттік ерекшелік – іс-әрекет дамуы мен оның құрылымы. Қарым-қатынас мәдениеті іс-әрекетті талдауда жас кезеңдеріне сай оларды игеруге тәуелді келеді. Оның екі бағыты бар, біріншіден тәжірибелі, занбарды, құбылыстарды жас кезеңдеріне сай менгерту болса, екіншіден тіршілік әрекеттіне сай оның жаңалыққа ұмтылуы. Осы екі жолды менгерудегі қарым-қатынас мәдениеттілігінің мазмұны - адамның

өзі жасаған іс-әрекеті, қол жеткізген табыстары, қыншылықтары, өзіне қатынасы.

Субъективтік – қарым-қатынас тілі, мінез-құлқы, сезімі, ойлау мүмкіндіктері. Бұл тұжырым қарым-қатынас мәдениеті ұғымына білім беруде қажетті педагогикалық мазмұнмен толықтыруға бетбұрыс жасайды.

Сонымен, психологиялық еңбектерге талдау жасау нәтижесінде қарым-қатынас мәдениетінің маңызы, құрылымы мен қызметінің бір жақты емес екені айқындалып, бұл үдерістің ішкі механизмін зерттеуге психолог-ғалымдардың ерекше назар аударғанына көз жеткіздік. Философиялық, психологиялық, педагогикалық еңбектерді жан-жақты талдау негізінде зерттеу проблемасын тұлғалық, жүйелілік, іс-әрекеттік түрғыдан қарастыруды ұйғардық.

Осы негізде студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруды төмендегідей педагогикалық қағидаларды басшылыққа алуды белгіледік:

- адам - қоғамның бөлінбейтін бөлігі, жер бетіндегі материалдық және рухани мәдениеттің, тарихтың, дамудың субъективтік қағидасы;
- оқу мазмұнын теориялық біліммен толықтыратын, материалдық дүние байланыстарын өз бетінше тануға үйрететін ғылымилық қағидасы;
- дүниенің тұтастығы мен бірлігін түсініп, қалыптастырып, дамытуға мүмкіндік беретін «субъект-субъект» жүйесіндегі өзара саналы әрекетті түсіну қағидасы;
- студенттерді қоғамдық әр алуан салаларға қатыстыруға, қарым-қатынас мәдениетіне, мінез-құлыққа, өзара қарым-қатынасқа бейімдеуге мүмкіндік жасайтын мәдениеттілік қағидаларына сай.

Зерттеу жұмысында жеке тұлғаға ерекше мән беріп, оның қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасуын біртұтастықта дамитын жүйе түрғысынан қарастырдық. Тұлғаның қалыптасуы оның ақиқатпен өзара әрекеті барысында өзгеру үдерісі және ішкі құндылықтың жаңару жағдайы.

Ғалымдар А.Н.Леонтьев, В.Н.Мясищев қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруды білім мен тәрбие бірлігі тұлғаның ішкі қажеттілігі мен қызығушылығына толық әсер етеді деп көрсетеді.

Осыған байланысты студенттердің жас және психологиялық әрекшеліктеріне сүйеніп, интеллектуалдық, этикалық, эстетикалық

дамуын қозғайтын сапалық өзгерістерді, сонымен бірге өзара әрекетінің деңгейі басшылыққа алынып, олардың қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасуының көрсеткіштері айқындалды.

Осындай жаңа талаптар мен міндеттердің шешімін тауып жүзеге асыруда дene шынықтыру және спорт мамандарының жеке тұлғалық қасиеттері мен педагогтік тәжірибесінің, сол сияқты жан-жақты және терең теориялық білімінің маңызы зор.

Сөз мәдениеті - бұл тек сөйлеу деңгейінің бірлігін көрсетпейді, ол оқытушының мәдени адамгершілік белгілері. Сөйлеу мәдениеті - оқытушының тұлғалық қажеттіліктерін көрсетуші әрекеті.

Педагогика ғылымында адам қоғамның басты құндылығы және қоғамдық дамудың өзіндік мақсаты мәдени-рухани құндылықтармен ашылады. Сонымен қатар, жеке адам - танымның, қарым-қатынастың, шығармашылықтың белсенді субъектісі.

Мәдениет компоненті ретінде білім өз кезегінде мәдениеттің тасымалдаушысы, оның өмір сүруінің, сақталуының, кеңеюінің басты шарты.

Қазіргі заманғы педагогикалық ғылымда білімнің гуманистік принципі мәдени-жасампаздық қызметін орындауға міндетті. Ол жеке адамды жалпы адамзаттың құндылықтарға жақындастыру, өз бағасын білу және өзін-өзі қалыптастыру мүмкіндіктерін сездіру арқасында адамның жеке мәдениетінің дамуына әсер етеді. Адамзат қоғамының шенберінде құрылған және қызмет ететін мәдениет пен білім өз мәндерінде жүпласады, бірігеді. Олардың өмір сүруі тек қана қоғам талаптарына сай. Олай болса, қарым-қатынас адамзат болмысының өмір сүру шарты деп есептеледі. Адамзат болмысының өзі терең қарым-қатынаста болуы немесе қарым-қатынасқа түсуі.

Жоспарлы қарым-қатынас талабында жеке адамның әлеуметтену үдерісі жүреді, нәтижесінде оның қоғамның рухани және материалдық құндылықтарға жақындауымен, дәстүрлермен танысу үдерісі жүреді. А.В.Петровскийдің пікірінше, адам тек қарым-қатынас үдерісінде ғана жеке болып қалыптасады, өзі үздіксіз қатынас жасайтын қоғамға кіреді. Коммуникация үдерісінде әрбір адам өзара әрекеттің белсенді субъектісі бола отырып, оны қоршаған әлеуметтік, табиғи затты дүниені тани отырып, олармен қатынасты дамытады, тереңдетеді. Ал коммуникативтік іс-әрекетте жеке адамның өзін-өзі тануы мен нақтылауы, ішкі мәдени

дамуы журеді.

Қоғамда мәдениеттің өмір сүруінің қажетті шарты болып қарым-қатынас орнығады және жеке адамның дамуы үшін басты құралы ретінде жекелік қатынастар, өзара қатынастар мен қарым-қатынастың коммуникативтік мәдениеті енеді.

Қарым-қатынастың белгілі шегі ғана адам қоғамының дамығандығын, адамгершілік, көркем, танымдық шегінің қатынасын анықтайды.

Сонымен, «қарым-қатынас мәдениеті» салыстырмалы жаңа ұғым, ол дүниежүзілік мәдениеттің маңызды кезеңі және құрамды бөлігі, әлеуметтік өмірде адам дамуының ішкі және сыртқы жағдайларын құруши себеп-салдар ретінде анықталады.

Жоғарыдағы анықтамаларды негізге ала отырып, «қарым-қатынас мәдениеті» ұғымын төмендегідей тұжырымдауға болады: қарым-қатынас мәдениеті – адамзаттың мәндік сапаларын жақындастыруға бағытталған адамгершілік, саналылық әрекеттер.

Зерттеу жұмысына сәйкес қарастырылып отырған сапаларды, болашақ дene шынықтыру және спорт мамандығы студенттерінде қалыптастыру, дene шынықтыру және спорт мамандығының білім беру мазмұнын анықтайтын құжаттарға және ұйымдастырылған оқу-тәрбие жұмыстарына байланысты.

2006 жылғы бекітілген 050108 - Дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша кәсіби білім стандартында болашақ мамандардың әлеуметтік-этикалық құзыреттілігіне қойылатын талаптар белгіленген. Оның ішінде қарым-қатынас мәдениетіне қатысты: «кәсіптік қызмет саласында құқықтық және адамгершілік-этикалық нормаларды, спорттық этиканы білу» атап көрсетілген [269].

Болашақ педагогтардың, оның ішінде жоғары білімді дene шынықтыру пән мұғалімдерін, оқытушы-жаттықтырушыларды, дene тәрбиесі бойынша әдіскерді, т.б. даярлауда қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда қазақ және орыс тілі пәндерінің өзіндік орны бар.

Қазақ тілін зерделеу барысында білім алушылар: жалпы қолданыстағы сөздер мен сөз тіркестерінің лексикалық минимумын кеңейтеді, тілдегі қолданыс деңгейіне қарай грамматикалық формалар мен құрылымдарды менгереді. Сөйлеудің түрілерін: әңгімелесуді, суреттеуді, хабарлауды тілдік нормаларға сәйкес құрастырады; грамматикалық формалар мен құрылымдарды сөйлеу үдерісінде дұрыс қолдануды

үйренеді. Тілдік қызметтік әр түрінде (сөйлеу, тыңдау, оқу, жазу) қын емес прагматикалық мәтіндерді, әлеуметтік-тұрмыстық және кәсіби саладағы өзекті тақырыптардағы сұхбаттар мен монологтарды ауызша және жазбаша түрде өндеуді үйренеді [269, 16 б.].

Дене шынықтыру және спорт саласы бойынша болашақ мамандар кәсіби тілін дамытуды: әртүрлі ғылыми мәтіндерді, сұхбаттар мен монологтарды құрастыру арқылы жүзеге асырады. Сол себепті де жоғары оқу орнында қазақ тілінің болашақ мамандарының сөз, сөйлеу, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруды және дамытуда өзіндік орны бар.

Сонымен қатар, болашақ педагогтардың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруды жалпы кәсіби пәндердің өзіндік орны ерекше. Оның ішінде: «Дене шынықтыру мен спорт педагогикасы», «Дене шынықтыру мен спорт психологиясы», «Дене шынықтыру мен спортың теориясы және әдістемесі», т.б. курстардың өзіндік орны бар.

«Дене шынықтыру мен спорт педагогикасы» пәнінде болашақ мамандар: адамгершілік, еңбек, эстетикалық, дене тәрбиесі және тұлғаны дене шынықтыру мен спорtpен шұғылдану барысында аталған тәрбие түрлеріне баулуды теориялық түргыдан менгереді, оның ішінде педагогикалық қарым-қатынас мәдениетінің мәні мен маңызын ұғынады. Дене шынықтыру мен спорт саласында педагогикалық басқаруды және басқарудағы қарым-қатынас мәдениетін менгереді.

«Дене шынықтыру мен спорт психологиясы» пәнінде болашақ мамандар: қарым-қатынас мәдениеті үшін ең қажетті білімдерді - танымдық үдерістерді: түйсік, қабылдау, сөз, сезімдер, эмоциялар, ерік, т.б. қасиеттерді танып біледі. Дене шынықтыру және спорtpен шұғылданатындармен жүргізілетін тәрбие жұмысы әдістемесінің психологиялық аспектісін ұғынады, спортық дайындықтың, аз топтардың әлеуметтік психологиясын және оны қалыптастырудың қарым-қатынас мәдениеті рөлін ұғынады.

Дене шынықтыру мен спорт мамандығы бойынша басшылыққа алатын білім стандартының бірі – 2010 жылы бекітілды. Аталған стандартта болашақ маманның кәсіби іс-әрекет объектісі үшін құзыретті маман болып қалыптасуына бағдар беру жағы қарастырылды [221]. Атал стандартта болашақ маманның құзыреттілігін қалыптастырудың құзыреттерге басымдық берілді. Қарым-қатынасты қалыптастыруға бағытталған құзыреттердің ішінде үйымдастыру-әдістемелік пен

технологиялық құзыреттілікті ерекше атап өтуге болады. Ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттерді қалыптастыру бойынша Б.Омаров ғылыми жұмыс жүргізді [270]. Ғылыми еңбекте ұлттық спорт түрлері мен оны оқыту бойынша болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың аталған құзыреттілігін қалыптастыру теориясы мен әдістемесі қарастырылды. Бұл жұмыста біздерді ұлттық спорт түрлері барысындағы басқару тілі мәселесі қызықтырылды.

«Дене шынықтыру мен спорттың теориясы және әдістемесі» пәнін зерделеуде болашақ мамандар теориялық мәселелермен қатар, қарым-қатынас мәдениетінің негізінде жүзеге асырылатын үдерістерді түсінеді, олар: дене тәрбиесі үдерісінде тұлға қалыптастыруды, сабактың негізгі түрлері мен оны өткізу әдістемесін, оқу мен ұзартылған күн тәртібіндегі дене шынықтыру-сауықтыру шараларын және оларды ұйымдастыруды, спорт дайындығы мен жарыстарды ұйымдастыру жүйесін, еңбекті ғылыми ұйымдастыру негіздерін.

2012 жылы бекітілген біртұтас нормативтік-құқықтық құжат *Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыга міндетті білім беру стандарты* гуманитарлық, техникалық және жаратылыстану бағыттарында дайындалатын бакалаврлардың кәсіби қызмет ерекшеліктеріне байланысты көптеген мәселелерді шешуді қажет етеді. Оқытудың нәтижелері Дублин дескрипторларының бірінші деңгейі (бакалавриат) негізінде анықталады және құзырлық арқылы көрінеді. Бірінші деңгейдегі дескрипторлар [271]:

- 1) зерттеп отырған саладағы алдыңғы қатарлы білім элементтерін қоса алғанда, сол сала бойынша білімі мен түсінігін көрсете білу;
- 2) осы білімі мен түсінігін кәсіби деңгейде қолдана білу;
- 3) дәйектемелер құрастыру және зерттеп отырған саласындағы проблемаларды шешу;
- 4) әлеуметтік, этикалық және ғылыми көзқарастарды ескере отырып, пайымдаулар жасауға қажетті ақпараттар жинауды және интерпретациялауды жүзеге асыру;
- 5) ақпаратты, идеяларды, проблемаларды және шешімдерді мамандарға да, маман еместерге де жеткізе білу қабілеттерінің болуын көздейді.

Сондай-ақ, білім стандартында ЖОО бітірушісінің жалпы құзыреттері жалпы білімділікке, әлеуметтік-этикалық құзыреттерге, экономикалық

және ұйымдастыру-басқару құзыреттеріне, арнаулы құзыреттерге қойылатын талаптар негізінде қалыптасатыны айтылған.

Аталған құжатта біз зерттеп отырған мәселе жалпы және кең мағынада қарастырылады. Болашақ педагогтардың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру үшін негізгі, қажетті білімдерді игерулері тиіс. Оларды пайдаланудың жеке практикалық тәжірибелерін жинақтауы, өз іс-әрекеттерінде қолдануға сәйкес даярлығы қалыптасуы тиіс.

Болашақ педагогтардың, оның ішінде дene шынықтыру пәні мұғалімді, оқытушы-жаттықтырушыны, спорт түрі бойынша әдіскерді кәсіби даярлығын қалыптастыруды басшылыққа алатын негізгі құжаттың бірі – Дене шынықтыру және спорт мамандығының білім стандарты.

Болашақ педагогтарды даярлауда білім беру бағдарламалары әзірленеді. Мамандықты даярлаудағы білім беру мазмұнын анықтайтын: МОӘК мен ПОӘК құжаттары. Болашақ педагогтардың кәсіби даярлығын қалыптастыруды қарым-қатынас мәдениетін жүзеге асыру бойынша білім мазмұнын талдауды қарастырамыз.

Дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша білім мазмұнын анықтаушы құжаттың бірі – типтік, жұмыс, жеке оку жоспарлары. Біздің зерттеп отырған мәселені қалыптастыруды оку жоспарында жүзеге асыру пәндер бойынша қарастырылғандығына назар аударылады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде 5B010800 – «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша 2011 жылы қабылданған білім алушылар үшін әзірленген жұмыс оку жоспарынан зерттеу жұмысына қатысты төмендегідей оку материалдарын келтіруге болады (кесте 1, 2; Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Сенатында бекітілді. Хаттама № 7. 24.06.2011ж.).

Кесте 1 Базалық пәндер циклы бойынша міндетті және таңдау компоненттері.

Оқу семестрі	Оқу пәні
1 - семестр	1. Гимнастика оқыту әдісімен; 2. Женіл атлетика оқыту әдісімен. Эллективті пәндер: 1. Мамандыққа кіріспе; 2. Кәсіптік спорт.
2 – семестр	1. Анатомия, спорттық морфология негіздері.
3 – семестр	1. Шаңғы спорты оқыту әдісімен.

<i>4 – семестр</i>	1. Адам физиологиясы (жалпы және жас); 2. ДШ мен спорт педагогикасы; 3. ДШ мен спорт психологиясы. <i>Эллективті пәндер:</i> 1. Футбол. 2. Шағын футбол.
<i>5 – семестр</i>	1. Ұлттық спорт қозғалыс ойындары оқыту әдісімен; 2. Волейбол оқыту әдісімен; 3. Дене шынықтыру мен спорттың теориясы және әдістемесі; 4. ДШ мен спорт менеджменті.
<i>6 – семестр</i>	1. Баскетбол, гандбол оқыту әдісімен 2. Спорт медицинасы.
<i>7 – семестр</i>	1. Туризм оқыту әдісімен; 2. Футбол оқыту әдісімен; 3. Жүзу оқыту әдісімен; 4. ДШ және спорт биохимиясы; 5. Дене тәрбиесі мен спорт түрлерінің физиологиялық негіздері. <i>Эллективті пәндер:</i> I. 1.Футбол; Шағын футбол; II. 2. Қазақша курес; Самбо; III. 3. Стол теннисі; Үлкен теннис.
<i>8 – семестр</i>	1. Педагогикалық практика; 2. Өндірістік практика

Кесте 2 Кәсіптендіру пәндер циклы. Міндетті компоненті (19 кредит) және таңдау компоненті (13 кредит).

<b>Оқу семестрі</b>	<b>Оқу пәні</b>
<i>1 - семестр</i>	1. Таңдалған спорт түрлерінің негіздері.
<i>2 - семестр</i>	-
<i>3 - семестр</i>	1. Таңдалған спорт түрін оқыту әдістемесі; 2. Таңдалған спорт түрінен күштілік, функционалдық және психологиялық дайындық негіздері.
<i>4 - семестр</i>	-
<i>5 - семестр</i>	1. Таңдалған спорт түрінен техникалық және тактикалық дайындық негіздері. <i>Эллективті пәндер:</i> Волейбол, Баскетбол.
<i>6 - семестр</i>	1. Таңдалған спорт түріндегі дайындықтың жас ерекшеліктері; 2. Таңдалған спорт түріндегі спорттық педагогикалық шеберлік негіздері. <i>Эллективті пәндер:</i> 1. Денешынықтыру және спорт

	тариҳы, Олимпиадалық білім; 2. Массаж, Емдік дene мәдениеті; 3. Шығыс жекпе- жегі, Күшті дамыту дайындығы.
7 - семестр	1. Спорттың таңдаған түрінен спорттық жаттығу үдерісін басқару; 2. Спорттың таңдаған түрінен кәсіптік жаттықтырушылық қызметін жетілдіру. Эллективті пәндер: Тоғызқұмалақ, Шахмат, Дойбы.
8 - семестр	-

5B010800 - Дене шынықтыру және спорт мамандығына 2012 жылы қабылданғандар үшін бірқатар өзгерістер орын алған (ХҚТУ сенатында қаралды. Хаттама № 6. 14.06. 2012 ж.)

Мамандық бойынша міндетті модуль. Базалық пәндер – 20 кредит. Кәсіптендіру пәндер – 5 кредит.

2011-2012 жылы қабылданған білімгерлерге арналған оқу жоспары мен 2012 жылы қабылданған білімгерлерге арналған оқу жоспарын салыстыратын болсақ:

1. 2011-2012 жылы қабылданған білімгерлерге арналған оқу жоспарында оқу жұмыстары циклдарға, ал 2012 жылы қабылданған білімгерлерге арналған оқу жоспарында модульдерге бөлінген.

2. Пәндер педагогикалық кәсіби іс-әрекет түріне бағытталғандығын көрсетеді.

Құзыреттерге негізделген білім беру бағдарламасы жеке тұлғаның және жеке әлеуметтік топтардың өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, қоғам мен еңбек нарығы талабына қызмет ете алатындей жоғары білікті маман кадрлары мен мамандыққа деген қажеттілікті қанағаттандыруға бағытталады. Сол себепті де біздер төменде оқу пәндерінің типтік бағдарламаларына талдау материалдарын келтіреміз.

«Дене шынықтыру және спорт педагогикасы» курсы бағдарламасы болашақ маманның кәсіби құзырлығының төмендегідей құраушыларын қалыптастыруға бағытталған [272, 6-7 бб.]. Оның ішінде білім алушыларда коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру қарастырылған.

Бұл жалпы педагогиканың теориялық мәселелерін қарастырғанмен де біз зерттеп отырған сапалық қасиеттерді қалыптастыруды нақты көрсетпейді.

«Дене шынықтыру және спорт психологиясы» курсының типтік оқу

бағдарламасында болашақ маманның кәсіби даярлығын қалыптастыруға бағытталған төмендегідей тақырыптар (оқу материалдары) берілген [272], денешынықтыру психологиясы; спорттық іс-әрекеттің жалпы психологиялық зандылықтары; спорттағы қозғалыстық жетілудің психологиялық негізі; тұлға психологиясы және спорттағы команда; спортқа даярлауды психологиялық қамтамасыз ету. Оның ішінде, Спортқа даярлауды психологиялық қамтамасыз ету: спорттық іс-әрекетті психологиялық қамтамасыз ету; спортшыны психологиялық даярлау; спортшыны нақты жарысқа психологиялық даярлау; спорттағы психореттеу сияқты тақырыптарды қамтыған. Бұл тақырып, спортқа даярлаудың қарым-қатынас мәдениеті аясында жүзеге асырылуы мүмкін екендігін көрсетеді.

Әрбір тақырыпта қарастырылған оқу материалдары болашақ маман даярлығын сапалы етуді қамтамасыз етеді.

5B010800 – «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша Спорттық мамандандырудың кәсіптендіру пәндері ішінен «Таңдал алынған спорт түрінің теориясы мен әдістемесі» курсының [273] мақсаты: бакалаврда, оқытушы-жаттықтырушыда таңдал алынған спорт түрі және дene тәрбиесі бойынша кәсіби даярлықты қалыптастырушы ретінде алынған. Пән бойынша кәсіби даярлықты қалыптастыруға сәйкес оқыту нәтижелері: «студент білуі керек», «өз ісінде білікті болу және білу», «игере білуі керек» деген педагогикалық талаптармен берілген.

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында болашақ педагогтардың (дene шынықтыру пәні мұғалімі, оқытушы-жаттықтырушы, әдіскер, т.б.) біз зерттеп отырған қарым-қатынас мәдениетінің деңгейін оқу пәндері мен оқу жұмыстарын толық мәнді қалыптастырмайтыны анықталды. Сол себепті де, біздер арнайы пәнді оқу жоспарына қосу мен зерттеп отырған дайындықты қамтамасыз етуді қарастырдық.

Дене шынықтыру және спорт мамандығы студенттерінің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда «Дене шынықтыру және спорттағы қарым-қатынас мәдениеті» курсының бағдарламасына сәйкес жасалды. Қарым-қатынас мәдениеті курсы оларға болашақ кәсіпті игеру барысындағы мәдениеттіліктің педагогикалық, әдістемелік ерекшеліктерін, мәдени даму мен қалыптасудың маңызы жөнінде жан-жақты мағлұмат беруге мүмкіндік туғызады.

Қарым-қатынас мәдениеті курсының бағдарламасы негізінде берілген

дәріс тақырыптары бойынша студенттер «қарым-қатынас», «қарым-қатынас мәдениеті» ұғымдары, олардың мәні, маңызы, мазмұндық ерекшеліктері және болашақ кәсіпті игеруде пайдаланудың педагогикалық шарттары туралы жүйелі теориялық, әдістемелік білімдерді, дығдыларды, педагогикалық шеберлікті игерді.

Машықтану сабактарында студенттердің курс бойынша дәріс сабактарынан алған теориялық білімдері мен тәжірибелері тереңдетіліп бекітілді, ал зертханалық сабактар барысында студенттерге бүгінгі таңдағы білім беру жүйесінің оқу-тәрбие үдерісінде сол білімдерді тиімді пайдаланудағы іскерліктері мен дербес жұмыстар жүргізу дағдысын меңгертуге ерекше қөніл бөлінді.

Студенттер машықтану сабактары барысында инновациялық технологиялар бойынша педагогикалық тапсырмалар орындау, қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу бағыттары негізінде сынақ, іскерлік ойындар, тренинг-сабактар сияқты т.б. кешенді білімділік іс-шараларды атқарды.

Зертханалық сабактар көбіне спорттық залдарда өткізілді. Онда болашақ мамандар қарым-қатынас мәдениеті мәселелері бойынша жаттықтыруши, спортшылармен кездесулер, әңгімелер, өткізіп, жаттығу үдерісінде оқу-тәрбие үдерісінде қарым-қатынас мәдениетінің менгеру деңгейін бақылады. Оларды пайдаланудың тиімді әдіс-тәсілдері, жұмыс формаларымен танысу, талдау, зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Аталған мамандықтың кәсіби даярлығы барысында «Дене шынықтыру және спорттағы қарым-қатынас мәдениеті» курсы оның қырсырын, әдістемесін тереңдетіп, іскерлік машықтарын қалыптастыруда маңызды орын алады.

Терең теориялық-практикалық білімі мен даярлығы бар маман жаттығу үдерісін мазмұнды ұйымдастыру әдістемесі барысындағы білімі мен машинын күрделі тәрбие міндеттерін шешуде қолдана алады. Маманның білімі мен іскерлігі жаттығушылардың шынықтырылуын сапалы, тиімді ұйымдастыруға ықпал етеді.

Осы жағдайларды ескере отырып, студенттердің қарым-қатынас мәдениетін менгеруін жетілдіру мақсатында педагогика және психология ғылымдарының бірлігі мен мазмұндық қызындысын туғызатын «Дене шынықтыру және спорттағы қарым-қатынас мәдениеті» курсын ендіруді ұсынбақылайтын. Алынған машықтану және зертханалық білімдер жүйелі

байланыспен, тәжірибемен оқу-тәрбие үдерісінде пайдаланылып, сынақтан өтті.

Ұсынылып отырған «**Дене шынықтыру және спорттағы қарым-қатынас мәдениеті**» бағдарламасы студенттердің теориялық білімдерін толықтырып, кәсіби шеберлік дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қарым-қатынас мәдениеті - адамдардың қарым-қатынасының психологиялық және адамгершілік бағыттарын, психикалық дамуын, дене пішімі, топтар, олардың жағдайлары мәселелерін қарастырады.

Қазіргі қоғам жоғары адамгершілік деңгейдегі мамандар даярлауды қажет етеді, қалыптасып келе жатқан нарықтық экономикалық қатынастарға мәдениеттілік қалпын енгізу ді көздейді. Дамыған елдерде, ірі компаниялар мен еңбек ұжымдарында қарым-қатынас мәдениеті проблемалары шешуші рөл атқарады. Осыған орай болашақ спортшы маман кадрлар даярлауда «**Дене шынықтыру қарым-қатынас мәдениеті**» курсын енгізу қоғамның білім берудің жаңа сұраныстарына жауап бере алады (кесте 3).

Курс 2, кредит 90 сағатқа есептелінген: дәріс - 15 сағат, машиқтану сабактар - 15 сағат, СӨЖ – 30, ОБСӨЖ – 30 сағат.

### **Курсты оқыту мақсаты:**

Студенттердің қалаған спорттық мамандықтарына сай қарым-қатынастары мен мәдени деңгейлерінің негізін нығайту.

Мәдени қарым-қатынастың маңызды тәсілдерімен қаруландыру.

Мәдени қарым-қатынас ерекшеліктерін спорт ойындары мен дене шынықтыруда пайдалана білуге үйрету.

### **Курстың міндеттері:**

Спорт және дене шынықтырудады қарым-қатынас мәдениетінің негізгі түсініктері мен категорияларын меңгеру.

Болашақ кәсіби әрекетте тиімді қарым-қатынас жасау шеберлігін қалыптастыру.

### **Білімділікке қойылатын талаптар:**

Дене шынықтыру және спорттағы қарым-қатынас мәдениеті негізінің мақсатын, міндетін, құрылымын білу.

Қарым-қатынас жасаудың әдіс-тәсілдерін менгеруі.

Қарым-қатынастар мәдениетінің негізгі қағидаларын менгеру.

Қарым-қатынас кезіндегі өзара әрекет механизмін білу.

Топтағы және спорттық шаралардағы қарым-қатынас ерекшелігі.

Қарым-қатынас әдебінің ережелерін менгеру.

### **Іскерлікке қойылатын талаптар:**

Қарым-қатынас барысында жаттығушылармен, спортшылармен өзара әрекет жасау әдістерін менгеру.

Қарым-қатынаста өзін таныта білу әдістерін менгеруі. Тәжірибеде тиімді қарым-қатынас тәсілдерін пайдалану. Дене шынықтыру және спорттағы қарым-қатынас техникасын менгеру, т.б.

### **Кесте 3-Дене шынықтыру және спорттағы қарым-қатынас мәдениеті курсының бағдарламасы**

<b>№</b>	<b>Бағдарлама ның мазмұны</b>	<b>лек шия</b>	<b>Сем инар</b>	<b>СӨ Ж</b>	<b>ОБСӨ Ж</b>
1	Қарым-қатынас мәдениеті және қарым-қатынас мәдениетінің теориялық алғы	1	1	2	2
2	Жаттығушының психикалық құрылымы және іскерлік қатынас тәжірибесі.	1	1	2	2
3	Қарым-қатынастағы жеке адам рөлі. Қарым-қатынас — әлеуметтік-педагогикалық мәселе ретінде	1	1	2	2
4	Дене шынықтырудадағы және спорттағы қарым-қатынас, оның түрлері және	2	2	4	4
5	Спорттық ойын кезіндегі психологиялық аспектілері.	2	2	4	4
6	Сөйлесудегі психологиялық мәдени ерекшеліктер.	1	1	2	2
7	Дене қимылдары, дене тұрысы, ишара	1	1	2	2
8	Талап ету, талқылау қақпайласу мәдениеттілігі. Дауласу мәдениеттілігі. Қарым-қатынастағы айла-амал әрекеттер және олардың бейтараптанылуы	2	2	4	4
9	Басқару психологиясы. Стиль және басшылықтың әлеуметтік-экономикалық мәселелері.	2	2	4	4
10	Дене шынықтырудадағы және спорттағы дау-жанжал және оларды шешу жолдары.	1	1	2	2
11	Қарым-қатынастың мәдениеті және спорттың әлебі.	1	1	2	2
<b>Барлығы</b>		15	15	30	30

## Дәрістер

### **1 тақырып. *Kіricse.***

Қарым-қатынас мәдениеті курсының мақсаты. Қарым-қатынас мәдениетінің теориялық пайда болуының алғы шарты.

Қарым-қатынас мәдениеті ғылым ретінде. Қарым-қатынас мәдениетінің міндеті және мақсаты. Дене шынықтыру және спорттағы «Қарым-қатынас мәдениеті» курсының негізгі ұғымдары мен қағидалары. Спорттық іс-әрекеттің психологиялық аспектілері.

Философия, педагогика және психология тарихындағы қарым-қатынас мәселелері. Көне және жаңа заман ойшылдары, адамдар туралы, қатынастың субъектісі ретінде.

Адамдардың психикалық іс-әрекеттері туралы. Психологиядағы әрекетшілдік тәсіл. Психика дамуының мәдениеттілік теориясы. А.Н.Леонтьев. Адамдар арасындағы қарым-қатынас және жеке адам психологиясының дамуы. Жеке адам арасындағы қатынас психологиясының мәселелері. Спорттағы қарым-қатынас мәселелері.

### **2 тақырып. *Жаттығушының психикалық құрылымы және іскерлік қатынастың тәжірибесі. Қарым-қатынастағы жеке адам ролі.***

Жаттығушының психикалық қүйі. Қарым-қатынас тәжірибесіндегі саналық алдында психикалық үдерістердің мағынасы. Психологиялық қорғау механизмі. Психологиялық қорғау механизмдерінің әрекеті – қарым-қатынастағы психологиялық жайттар.

Қарым-қатынаста ойшылдық, түйсіну, интуиция, эмоционалдық ерекшеліктердің сипаты.

Жеке адамның психикасын түсінудегі гуманистік және когнитивтік теориялар. Жаңа және айқын емес жағдай түрфысында адам әрекетінің моделі және оның қарым-қатынас тәжірибесі үшін мағынасы. Жаттықтырушы мен спортшы арасындағы қарым-қатынас.

### **3 тақырып. *Қарым-қатынас әлеуметтік-педагогикалық мәселе ретінде.***

«Қарым-қатынас» ұғымына анықтама. Қарым-қатынас құрылымы мен құралы. Қарым-қатынас түрлері. Қарым-қатынас мазмұны және сипаттамасы. Қарым-қатынас үдерісіндегі ықпал жасау механизмдері. Қарым-қатынас үдерісіндегі адамды тану механизмдері: идентификация, эмпатия, рефлексия. Серіктестердің бір-біріне ықпал жасау тәсілдері:

жүктыру, сендіру, нандыру және еліктеу.

Қарым-қатынас бағыттары. Қарым-қатынастың перцептивтік жағы. Алғашқы рет әсер ету. Ұзақ қарым-қатынас. Қабылдау және әлеуметтік стереотиптің рөлі. Басым болу факторы. Тартымдылық факторы. Ортақ қарым-қатынас факторы. Қарым-қатынастағы біздің қылыштарымыз. Қарым-қатынаста өзін-өзі ұсыну. Өзіне-өзі басым болу, тартымды болу. Қарым-қатынастың коммуникативтік жағы. Түсінбеушілік кедергілер.

Қашу, абырой-бедел және түсінбеушілік. Қарым-қатынастың тиімділігін көтеру. Зейінмен басқару. Басқа адамдардың назарын аудару тәсілдері.

Қарым-қатынастың интерактивті жағы.

Қарым-қатынас стилі.

#### **4 тақырып. Дене шынықтырудагы және спорттағы қарым-қатынас, оның түрлері және формалары.**

«Қарым-қатынас» ұғымына анықтама. Қарым-қатынастың түрлері. Қарым-қатынастың кезеңдері. Қарым-қатынастағы рөлдер таралуының негізгі түрлері. Дене шынықтырудагы және спорттағы қарым-қатынастың жүзеге асыру формалары. Қарым-қатынастың техникасы. Спорттық бұйыру қарым-қатынастың негізгі формасы ретінде. Талқылауды жүргізу. Ескерту реакциясы. Қарсылық білдірудегі жақсы мінез ережелері. Аттракцияның қалыптасуы. «Кері бейнелер қарым-қатынасы» тәсілі. Мақтаулы қошемет қарым-қатынастар аттракция қалыптасуының тәсілі ретінде. Мақтау қошеметтердің мақтау мен жарамсақтықтан айырмашылығы. «Төзімді тындаушы» тәсілі. Тыйым тәсілдері. Талқылауды аяқтау және шешімге келу. Қарсылық көрсету және шешім.

#### **5 тақырып. Спорттық ойын кезіндегі психологиялық аспектілері.**

Келіссөз барысында игілікті психологиялық ахуалды орнату. Тындау, орындау мәдениеті психологиялық тәсіл ретінде.

Жаттығуды орындау тактикасы мен техникасы. Дәлелдеме. Дәлелдеудің әдістері. Дәлелдеу тактикасының негізгі кезеңдері.

Келісім мәдениет үдерісінің қалыптасуы. Келіссөздік табысқа жетудің негізгі ережелері. Келіссөзді жүргізудің ұлттық стилі. Спорттағы келіссөз.

#### **6 тақырып. Сөйлеудегі психологиялық мәдени ерекшеліктері.**

Ишарат ету. Сөйлеудің риторикалық сатылары. Сөйлеу композициялары. Сөйлесу мен бұйырып сөйлеу әдістемесі және оның жаңғыртылуы. Аудитория назарын қарату. Аудитория назарын ұстай

амалдары. Сөз сөйлеу мен талап етуудің аяқталуы.

Жаттығушы, тәрбиеленуші алдында сөйлесудің риторикалық тәсілдері. Сөйлеу әсер етуінің мәдени дидактикалық қағидалары: айқындық қағидастырымсыз жауаптардың мәдениеттілігі.

Коммуникациялық әсерлер: имидждің бейнесі, алғашқы сөздердің әсері, дәлелдеме әсері, кідіріс әсері, Сөйлеу қарым-қатынасының мәдениеті. Бұйыра сөйлеу ерекшелігі. Орынды бұйрық. Спорттық мәнерде сөйлеу.

### **7 тақырып. Дене қимылдары, дене тұрысы, ишара.**

Дене қимылдары және тұрыстары. Дене қимылдардың түрлері: символ, көркемдеуші, реттеуіш, адаптатор. Ашылу дене қимылдары. Құдіктілік және жасырын дене қимылдары. Қорғану дене қимылдары мен дене тұрыстары. Бағалау мен толғану дене қимылдары. Сенімсіздік пен күмәндандыру дене қимылдары. Тыңдауды қаламайтын және әңгімені бітіруге үмтүлатын куәландырғыш дене қимылдары мен дене тұрыстары. Үақытты арнайы созуға бағытталған дене қимылдары. Басқалардың басымдығын сезгінетін сенімді адамдардың дене қимылдарды.

Келіспеушілік дене қимылдары. Даирлеу әсері. Психологиялық ахуалды жасау үшін орналасу әсері.

### **8 тақырып. Талап ету, талқылау, қақпайласу мәдениеттілігі. Дауласу мәдениеттілігі.**

Дауласу тақырыбы. Дауга қатысушылардың тәртібі. Дауга қатысушылардың жекелік ерекшеліктері. Ұлттық және мәдениеттілік дәстүрлер. Сыйластық қарым-қатынас.

Дауласудағы табандылық және сабырлылықты сақтау.

Дауласудағы психологиялық сендіру тәсілдері. Дауга қатысушыларға әсер ету тәсілдері: «ағаттыққа жеткізу» тәсілі, бумеранг тәсілі, «репликаны қостау» тәсілі, «адамға деген дәлел» тәсілі. Әзіл-оспақты, өткір оспақты және келекені пайдалану. Дауласудағы сұрақтар және жауаптардың түрлері. Форма бойынша сұрақтардың түрлері: әдептілік және әдепсіздік.

Мазмұны бойынша жауаптардың түрлері: дұрыс және қате. Жағымды және жағымсыз жауаптар.

Дауласудағы кері тәсілдер: «көпшілік сұрақтарының қатесі», жағымсыз бағалау тәсілдері, сұраққа сұрақ қоя жауап беру».

Дауласудағы рұқсат амалдары. Дауласудағы рұқсат жалған

мөлшерлер: көз жасына сілтеме, білім және сөзді басқа жаққа бұру, сұракты зиян немесе пайда көзқарасына ауыстыру, өзіне сенімді міnez.

#### **9 тақырып. Қарым-қатынастағы айла, амал, әрекеттер және олардың бейтараптандырылуы.**

Қарым-қатынастағы айлалы әрекеттің сипаттамасы. Ұйымдастыру - процедуралық айла-амалдар. Психологиялық айла-амалдар. Логикалық айла-амалдар.

Қарым-қатынастағы айлалы-амал әрекеттер бейтараптандырылуының механизмі. Айлалы-амал әрекеттерінің бейтараптандырылуының жалпы ережелері.

Логикалық қателер және олардың бейтараптандырылуының механизмі. Негізгі логикалық қателердің сипаттамасы. Логикалық қателер бейтараптандырылуының механизмі.

Логикалық дәлелдер және олардың негізгі ережелері. «Дәлел» ұғымының мағынасы. Дәлелдеудің логикалық құрылымы. Дәлелдеудің түрлері. Логикалық дәлелдеудің негізгі ережелері және оларды бұзу мүмкіндігіндегі қателер.

Мақтау – қошемет өнері. Сұрақ қою шеберлігі. Конфликтогендердің қашу өнері.

#### **10 тақырып. Басқару психологиясы мәдениеті. Стиль және басышылықтың әлеуметтік-экономикалық мәселелері**

Топтар: әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері. Басқа әлеуметтік топтардан айырмашылығы. Топ ішіндегі жеке тұлға жайын суреттеу жүйесі. Топ ішіндегі жеке адам аралық қарым-қатынастың түрлері. Спорттық топ ішіндегі өзара қарым-қатынастың сипаттамасы. Топтың кәсіптік жетілуі және оның қалыптасуының факторлары. Ұжымның және оның бейімделуін жетілуі. Ұжым жұмысына кедергі болатын жағдайлар.

Басшы – бағынышты жүйесіндегі қарым-қатынас түрлері. Ұжымның моральдық-психологиялық ахуалы және оның динамикасына әсері. Топтың бірлігіне түсінік. Топтың бірігу үдерісіне әсер ететін параметрлер. Топтың формалды және формалды емес құрылымы, оның қалыптасу ерекшеліктері. Әлеуметтік-психологиялық бейімделу мәселелері. Психологиялық бейімделу ерекшеліктері.

Дене шынықтыру және спортқа жеке адамның бейімделуі. Жеке адамның талаптану деңгейі.

Жеке адам психотиптерінің топтастырылуы. Жеке тұлғаның

қасиеттері мен темпераментінің байланысы. Лидердің турлери.

Ұжым қалыптасу барысындағы бапкер мен жаттықтыруши рөлі. Жаттығушылардың сапалық құрамы.

Басқару іс-әрекетінің мазмұны мен мәні. Басшының іс-әрекетіне осы заманғы көзқарастары. Басшының басқару іс-әрекетінің акмеологиялық моделі. Басқару субъектісі ретіндегі басшының функциялары.

Шешім қабылдау үдерісінде бапкер мен жаттықтыруши іс-әрекетінің негізгі кезеңдері. Олардың ұйымдастыру қабілеттері. Басқару объектісі мен субъектісінің әрекеттестігі.

### **11 тақырып. Дене шынықтырудагы және спорттағы дау-жанжал және оларды шешу жолдары.**

Дау-жанжал: түрлері, құрылымы, өту сатылары.

Дау-жанжалдың типологиясы. Дау-жанжалдың құрылымы және сатылары.

Қарым-қатынас үдерісінде дене шынықтырудың және спорттағы дау-жанжал пайда болуының алғы шарты. Қабылдаудың ерекшеліктері. Дау-жанжалға субъективті бейімділік. Дау-жанжалдың себептері. Спорттық ойындардағы келіспеушіліктер.

### **12 тақырып. Дау-жанжалды басқарудагы құрылымдық әдістері.**

Дау-жанжал жағдайында тәртіп стратегиясы. Бәсекенің немесе жарыстастықтың стилі. Бірлесіп істеу. Ымыра стилі. Дау-жанжалдың себептері. Дау-жанжалды басқару үшін ұсыныстар. Агрессивтілікке түсінік. Ширығуды шешу амалдары. Дау-жанжалдың қатынастың негізгі ережелері.

Жеке эмоциональдық әдісіндегі дау-жанжал. Дау-жанжал тұлғалардың типтері. Дау-жанжал жағдайындағы тәртіп ережелері.

Стресс (күйзеліс) және оның ерекшеліктері. Организмнің комплекстік физиологиялық реакциясы. Стресс түсінігі. Стресстің негізгі фазалары. Стressорлар, оның стресс дамуындағы және пайда болуында рөлі. Стресс фактор әсер етудегі адам организмнің жағдайы және өзгерістері. Стресс жағдай пайда болу ықпалындағы психикалық және психосоматикалық аурулар. Стресс белсенділік және тежеуіш реакциялардың ерекшеліктері. Стресс жену жолдары. Ширығуды шешу тәсіл амалдары.

### **13 тақырып. Қарым-қатынас мәдениеті және спортшы әдебі.**

«Қарым-қатынас әдебі» ұғымына анықтама. Дәстүрлі қоғамның қарым-қатынас әдебі. Батыс европалық мәдениет дәстүріндегі қарым-

қатынас әдебінің ерекшеліктері.

Қарым-қатынас әдебінің осы заманғы көзқарастары. Жалпы әдеп қағидалары және қарым-қатынастың өзгешелігі. Қарым-қатынастағы басты әдеп қағидасы. «Жоғарыдан төмен» қарым-қатынас әдебі. «Төменнен-жоғары» қарым-қатынас әдебі.

Қарым-қатынас әдебінің дәрежесін көтеру. Қарым-қатынас әдебінің нормалары және үлттық стильдер.

Әдеп түсінігі мен түрлері. Әдеп пайда болу тарихы және қалыптасуы. Спортшының кәсіби әдебі.

### **Семинар сабактары**

#### **1 тақырып. Жеке адам проблемалары**

Жоспар

Жеке адам, оның құрылымы. Жеке адам және қарым-қатынас. Конгруэнттілік заңы және қарым-қатынас байланысы.

#### **2 тақырып. Қарым-қатынас әлеуметтік-педагогикалық проблема**

Жоспар

Қарым-қатынас түсінігі. Қарым-қатынас құрылымы, түрлері. Қарым-қатынас механизмдері және стилдері.

#### **3 тақырып. Дене шынықтырудагы және спорттағы қарым-қатынас түрлері және формалары**

Жоспар

Қарым-қатынас, оның түрлері. Іскерлік қарым-қатынас анықтамасы. Іскерлік қарым-қатынас техникасы.

#### **4 тақырып. Келіссөз үдерістерінің психологиялық аспектілері**

Жоспар

Келіссөздер және қарым-қатынастағы психологиялық ахуал. Дене шынықтыру мен спорттағы психологиялық ахуал. Келіссөз үдерістерінің қалыптасуы.

#### **5 тақырып. Сөйлеудің психологиялық ерекшеліктері**

Жоспар

Шешендік өнер тарихы. Сөйлеу композициялары мен мәдениеті. Сөйлеудің риторикалық тәсілдері.

#### **6 тақырып. Іскерлік қарым-қатынастың ишара ету тәсілдері**

Жоспар

Іскерлік қарым-қатынас мәдениеті. Ишарат ету арқылы қарым-қатынастың лингвистикалық ерекшеліктері. Такесикалық амалдар және

мәдениеттілік белгілері.

### **7 тақырып. Талқылау, қақпайласу мәдениеті**

Жоспар

Дау-жанжалдардың пайда болу тарихы. Дау-жанжал мәдениеттілігі. Дау-жанжалдық тәсілдер.

### **8 тақырып. Іскерлік қарым-қатынас мәдениеті**

Жоспар

Әдеп туралы түсінік. Іскерлік әдеп және мәдениеттілік. Дистанттық байланыстар мәдениеті

### **9 тақырып. Іскер адам келбеті және мәдениеті.**

Жоспар

«Имидж» ұғымына анықтама. Имидж қалыптастыру артықшылығы. Әдеп модельдері мен мәдениеті.

Жоғарыда берілген сабак мазмұндары, біріншіден, болашақ мамандардың ізденушілік қабілетін жетілдіреді, екіншіден, теориялық білімдерін көсібілік деңгейін шындаі түседі, үшіншіден, іскерлігі мен дағдысын қалыптастырады.

Мазмұндалған бағдарлама материалдары білім деңгейін анықтау мақсатында қалыптастыру экспериментінің екінші кезеңінен кейін студенттермен әңгімелесу, пікір-сайыс өткізіліп, шығарма жазу жұмыстары орындалды.

Әңгімелесу барысында қойылған сұрақтарға студенттердің берген жауаптары, ой-пікірлері жан-жақты талданды.

Берілген тапсырмалар бойынша менгерген білімдері мен іскерліктеріне жүргізілген талдау нәтижесінде студенттердің басым бөлігінің қарым-қатынас мәдениеті мәселелерінен білім деңгейлері көтерілгені байқалды. Берілген материалдар негізінде пікір алмасу теориялық материалдарға талдау жасау, белгілі тақырыптарға мәнжазбалар жазуы студенттердің теориялық білім мүмкінділіктері мен қызығушылық белсенділіктерінің артқандығын көрсетті.

«Қарым-қатынас» тақырыбына өткізілген сайыс сабакта студенттердің көпшілігі оның мазмұндық-мәндік функциялары мен мүмкіндіктерін талқылауда әлі де қиналыстары мен білімдік олқылықтары бар еkenін жасырмады.

«Дене шынықтыру және спорт мамандығы студенттерінің қарым-қатынастың педагогикалық мәні», «Оқытушының коммуникативті

құзыреттілігі» жайында нақты білімдердің таяздығы байқалды.

Мысалы, сайыс барысында «Қарым-қатынас проблемасы және қазіргі инновация дегеніміз не?» деген деңгейлі сұраққа жауап берген студенттердің ішінде аз мөлшері жоғары, жартысына жуығы орта, басым көпшілігі төмен деңгей көрсетті. Бұл олардың қарым-қатынас проблемалары бағытында білімдерінің, машиқтық іскерліктерінің әлі де жеткіліксіз екенін көрсетті.

Қалыптастыру экспериментінің екінші кезеңінен кейін жүргізілген жұмыс нәтижелері (әңгімелесу, сайыс-сабак, іскерлік-ойын, тренинг-сабактар шығарма жазу, тестер) студенттердің білім, іскерлік, кәсіби дағды деңгейлерінің бірқалыпты, тұрақты көтерілгенін байқатты.

Бұл мәселе бойынша толық мәнді баяндау келесі тақырыпта орын алады.

### **3.2 Педагогикалық мамандық студенттерінің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың негізгі формалары мен әдістері**

Қарым-қатынастың, тіпті, ол іске асатын жерден тым тыс шетте болғанның өзінде де әйтеуір бір нәрсенің жүзеге асырылуы мақсатында оның болатындығын білу қажет. Қарым-қатынастың мүмкіншілік тудырарлық игіліктерді алу немесе беру (заттар, әжет өтеу), бірлесіп атқарар жұмыс барысында әрекеттестікті қамтамасыз ету (практикалық және теориялық), кез-келген бір хабарды алу немесе беру, әңгімелесуші кісінің көңіл-күйін аулау немесе өз жағдайында басқаша ахуалға көшіру, басқа біреудің рухани мәселелерін шешуге қолұшы көмегін беру, өмірдегі маңызды құбылысқа жеке өз қатынасын өзгерту, т.с.с. Осы мақсаттардың әрбірінің жүзеге асырылуында қарым-қатынас үлкен әлеуметтік мәндегі педагогикалық, психологиялық құрал-саймандық қызмет рөлін атқарады. Ал одан шыққан қорытынды нәтиже мақсаттың қаншалықты табысқа жетуіне байланысты анықталады. Мынадай жағдайды мысалыға алып көрелік. Жұмыс орында болған жағдайда бір жан жолдастың, екі жақтың біреуі өзін орынсыз жәбірленген санауы мүмкін. Заң алдында жүгінуге бел байлап, ондағы мамандармен жолығады. Мұндағы көздеген мақсаты - өз құқығы мен міндеттерін және істің дұрыс жүрілу ережелерін біліп алу. Тиянақты мәліметтер алып, мақсатына жеткенде, қарым-қатынасқа қанағаттанады. Ал ол ежелгі досының үйіне қонаққа барап болса, ондағы

мақсаты тіпті де басқаша болады; мұндағы мақсат: жуасу (саябырсу), яғни қалыптасқан жағдайдағы сезім әсерінен арылу, психологиялық қолдау табу. Екі мақсаттың бір-біріне қарағанда ажыратыла байқалатын ерекшеліктері бар екендігі көрінеді. Айтальық, кабинеттегі ресми лауазым адамына алып келген мақсатқа қарағанда, досына баруға итермелеген мақсаттың жете түсінуі, ұғынылуы аздау болып тұр. Солай бола тұрғанмен де оның екеуі жүзеге асырылуы мүмкін. Ал егер де досы шағыс немесе уәждік сөздердің ақырына дейін тыңдал алудың, досына алданыш немесе қолдау білдірудің орнына немкұрайлылық селқос ынтасыздық білдірсе немесе ұқастығы бар жағдайды еске алып, өзіне-өзі мәз болып, жетістіктеріне масаттана бастаса, онда досқа келгендердегі мақсат көздеңеніне жетпестен қарым-қатынастан қанағаттану болмай қалады.

Осы орайдан алғанда айта кететін бір жәйт, көп жағдайда адамдар басқаларменен қарым-қатынасқа түскенде, алдына қандай мақсат қойып келгендерін жете түсіне де, ұғына да бермейді.

Қарым-қатынасқа қанағаттанғандық немесе керісінше қанағаттанбағандық себептерді түсіну жарияланатын мақсатты немесе жүзеге асатын мақсатты көз алдына елестетіп көріп алу керек. Табысты саналған әрекеттестіктің өзіне қанағаттанбағандық сезіну, қарым-қатынасқа ынталы болған адамның өз-өзіне онша бейімді, яғни ырзалы көңілде болмағандығын білдіреді. Енді белгіленген мақсатқа сай қарым-қатынастың нәтижелілігі мен өнімталдығындағы қол жеткен нәтиженің сәйкестілік шамасын атап көрсетелік. Өйткені, кез-келген қарым-қатынас оқиғасы осы көзқарасқа байланысты бағалануы мүмкін. Өнімділік неғұрлым жоғарырақ болса, солғұрлым байланысудың ойдағыдан жүзеге асырылғаны болып саналады. Іскерлік нәтижелік немесе өнімталдық қарым-қатынас сапасының маңызды өлшем белгісі болып табылады. Бұл қарым-қатынас нәтижесі тиімділігін көрсетуші бірінші критерийі.

Дегенменен, тіпті, ең өнімталды қарым-қатынастың өзі де егер де оның барысында әрі нәтижесінде адам өмірінің өнегелік негізі бұрмаланса, оның табысты - деп бағалануы мүмкін емес. Сол себепті, қарым-қатынас сапасын бағалау үшін екінші белгі (критерий) - «өнегелік нәтижелік белгісі» қажет болады. Оны қалай етіп анықтауға болады? Егер де адамдарға «іскерлік өнімталдық» белгісі нақты жағдайдағы әрекеттестік шенберінде қалуға мүмкіндік жасаса, «өнегелілік» белгісі адам тіршілігіне күрделі мақсаттар мен шарттарды қоса отырып, осы

жағдайға үстіңгі жақтан қарауға мәжбүр етеді.

Осы көзқараспен қарағанда қарым-қатынастың пайдалы болып саналуы, оның адам жан дүниесінің, ортаның түрленіп жетілуіне қызмет етуіне де байланысты болатындығының, тәуелділігін көрсетеді.

Адам баласының жан-жақты жарасымды кемелденуіне әр түрлі жағдай жасауға болатындығын ежелден-ақ ізгілікті - өркениеттілік дәстүр, ниеттер дәлелдеп келеді. Шындығында адамдар арасындағы қарым-қатынас нормасы ретінде адамгершілік (гуманизм) қолданылатын болса, онда адамдардың өмірдегі орнына құрметпен қарау, теңдестік принципін орнату, әділдіктің орнығы жүзеге асады. Сөйтіп, қарым-қатынас сапасын бағалаудың «өнегелік нәтиже белгісі» бірден-бір өркениеттілік өлшем белгісі болып шығады. Сондықтан да адамдар арасындағы қарым-қатынастың жемісті, яғни ойдағыдай пайдалы болды деп саналуы, байланыс үдерісі барысында және одан алынған нәтижеде тек материалдық өнімталдылыққа ғана қол жеткізумен шектелмей, сонымен қатар, адамдардың жан дүниесінде де өнегелі сипатта өзгеріс болған жағдайда ғана есепке алынады.

Сонымен, гуманистік көзқарасты алып қарағанда, қарым-қатынастың негізгі сапалық көрсеткіші болып оның нәтижесінде қол жеткен «өнегелік» саналады. Бұл сапалық көрсеткіш (кейде оны өлшеуіш деп те атайды) қарым-қатынас мақсаты мен үдерісінде болған қанағаттану деңгейін көрсетіп беретін негізгі өлшеуіш - критерий саналады. Өйткенмен өзара әсерлеудің «іскерлік» тиімділігі және оның нәтижесінде болатын материалдық игілік ұмыт болмауы керек.

Қарым-қатынас үдерісінде оның нәтижесін анықтап беретін осы екі өлшеуіш - критерийдің бір-біріне қатыстырылығы, тиімділігі әрқилы. Адамгершілік нормасы жоғары деңгейде өткен қарым-қатынас ағымдағы іскер мәселелердің тиімді шешілуіне оңтайлы әсер жасай бермейді. Өндірістік прогресс адамдарының бір-біріне деген өзара және жеке мейірімділік немесе сүйкімділік танытуы, рухани-адамгершілік проблемаларға баса көніл қоя беру ниеттілігі, қарым-қатынастың іскерлік тиімділікте шешім табуына, яғни материалдық игілік өнімталдылығына тәжеу салады. Керінше материалдық игілікте табысқа жету әріптеске (қарым-қатынас субъектісіне) психологиялық шабуыл немесе қысым жасауға да байланысты болады.

Сөйтіп, қарым-қатынастың «өнегелі» немесе «іскерлік» нәтижеде өтуі

бір-біріне тәуелсіз сипатта болады.

Жоғары денгейдегі іскер нәтижелікке қол жеткізу, біріншіден, мақсатты дұрыс әрі айқын қоя білу біліктілігіне байланысты. Мұнда жағдай әріптесті тандай білу, қарым-қатынасты қалыптастырудың технологиясын жақсы жете біліп, онымен дұрыс жұмыс жасай білуге тәуелді болып келеді.

Ал, адамның ішкі жан-дүниесіне игі әсер жасау жағдайын адамның жеке басты рухани жетімділігі қалайды. Әрбір адамның психологиялық кемелдігі басқа адамның ішкі жан сарайына деген нақты мейірімділік көзқараспен, оның әлеуетін толықтай іске қосылуына адал ниетпен қарau және жәрдем беру әрекетімен көрінеді. Егер де қарым-қатынас мақсаты адамның ішкі жан-сарайына игі әсер жасауды міндетке алса, онда қарым-қатынастың іскерлік және өнегелілік нәтижелік жақтарына қойылатын талаптар тығыз байланыста болады. Адамның рухани өсуі үшін тек тілеуlestік ниетпен шектелмей, оның мәселелерін көре білу әрі шешімін тауып беруге жәрдем беру керек. Оған мына мысалды еске алайық. Шағынған адамның көніл-күйіне досының көзқарас танытуы, формалары байланысқа жеміс бермейді дедік. Бірақ шын пейілдегі бірге қамығуда, қатынастың ойдағыдан қалауына жеткізе алмайды. Мұның себебі мынада: айталық, өзін жәбірленуші санаған адамның әрекетінде дұрыстық жоқ, ісі теріс, ал ол өз қателігін мойындағысы келмейді. Ал «жәбірленушіні» (шартты түрде осылай дейік) қарсы алған досы, оның көнілінен шығып, оның іс-әрекетін дұрысқа шығарса, досының көніл-күйі көтеріліп, жуасиды. Бір қарағанда байланыс мақсатына жеткендей көрінеді. Ал шын мәнінде жәбірленген адам үшін байланыс пайда әкелген жоқ. Мұндайда болған жағдайды асықпай байыптап, қателік кімнен болғанын ақылға салып, дұрыс басу айтып жіберген, қателігіне досының көзін жеткізіп, алда осындай қателікten сақтану жолына кеңес айтса, онда байланыс жемісті өтті - деп есептеуге болады.

Алайда, басу айтушының өзі тек шын көнілменен сәттілік тілейтін «тілекtes», «тілеулемес» кісі ғана болмай, үлкен психологиялық білімдар адам болғаны азбал. Досының қателігін бетіне бірден басып айтып салу байланысқа теріс ықпал жасауы мүмкін. «Дос жылатып айтады, дұшпан күліп айтадыға» абыл болу керек. Байыпты талдау ғана жемісті нәтижеге жеткізеді, кінәні дүрсе қоя бетке басу (сабырлы жағдайда басу айтудың орнына) қарсы кісіге корғануға итермелейді. Сөйтіп, өз көзқарасынан

қайтпай екі жақты да сыңар көніл-күй орнығады.

Айталақ, біздің жыл санауымыздың бұрын ежелгі Үнді жерінде руханият өкілдерінің, дәулетті-зиялыштардың әр түрлі жас шамасы көрсетілген ережелері болған. Соның негізінде қоғамдағы реттілік пен әдептілікті бұзбау жолдары ақталып отырған. Адамдар арасындағы өркениетті қарым-қатынас жасау жолына насиҳаттық өнеге-улгі көрсеткен бүкіл Шығыс елдеріне ортақ рухани қазына «Кабуснама» біздің әрамыздың 1-ші ширегінде дуниеге келген.

Сондай-ақ 1204 жылы «Клерикалис тәртібі» деген атпенен Испандық Петрус Алберонус тегіне, әлеуметтік алған орнына, мәртебесіне, т.с.с. қоғам өміріндегі жағдайы мен күй-ахуалына қарай мінез-құлық ережелерін сақтау мен қарым-қатынас мәдениеттілігін орнату нормалары көрсетілген нұсқау құрастырған. Оның ұзақ жылдар бойы башылыққа алынғаны тарихта белгілі. 1716 жылы ежелгі неміс қаласы Гамборгте «Әдепті өмір мен мәдениетті әңгіме өткізу үшін лауазымды әңгіме, қайырымды жандармен қарым-қатынас жасаудағы дағдылар, сондай-ақ осы текстес әйелдегі дағдылар, сондай-ақ әйелдермен қарым-қатынас орнату тәсілдері деген нұсқауды құрастырған. Осы сияқты мінез-құлық ережелері мен қарым-қатынас жасау әдептері нормалары мен реттілік жолдары көрсетілген нұсқаулар мен әдептану дүниелері басқа да халықтарда не жазба түрінде немесе мақал-мәтел түрлерінде болды.

Әрбір адам шыққан тегіне, білім дәрежесі мен деңгейіне, материалдық иғілік иемдену шамасына қарай келісті мінез-құлық ережелерін сақтап, әдеп нормаларын бұзбаған, оларды үйреншікті дағдыларға және қажетті жағдайда тұрмыстық, т.б. өмір салтында оларды ретті пайдаланып отырған.

Жүргізілген психологиялық эксперимент нәтижелеріне көз жүгіртейік. Бір топ тәжірибеге қатысушылар жұп болып, өзара кез-келген тақырыпта әңгіме- дүкен құруы керек (бұрын оқыған кітабы, сатып алған заты, түрлі жағдаяттар, т.б.), әңгіме кезекпен жүргізіледі, эксперимент жүргізуі кедергі жасайды, кезекпен басталған әңгімені енді жалпы аудиторияға жалғастыруын айтады.

Экспериментке қатысушылар барлығы қатынастың қыынданылғанын сезінеді. Себебі, кәсіби-педагогикалық жүктеме орын алады. Төменде зерттелушілердің сұхбаты барысында берген жауаптары келтіріледі [96, с.11]:

- 1) Әңгімені қалай жалғастыруды білмегендігі үшін ыңғайсыз жағдайға тұсу (68%).
- 2) Ойын нақты, дәл жеткізе алмағаны үшін қобалжу (57%).
- 3) Қатынас мақсатының күрт өзгеруі (36%).
- 4) Қарым-қатынаста қолданылған тәсілдің өзгеруі (32%).
- 5) Қарым-қатынаста өзгеріс енгізу керек, бірақ қандай өзгеріс екенін таба алмауы (26%).
- 6) Көпшіліктің алдында сөйлеуге дағдыланбауы (49%).
- 7) Бұрын табиғи болған жағдайлар: жалпы өзін-өзі ұстасуы, Іс-әрекеті, Үм-ишараның еркін болмауы (71%).
- 8) Айқын орындалатын қатынас компоненттерін өзгертуге болған қажеттілік (47%).
- 9) Жоспарланған ақпаратты өз деңгейінде немесе барабар жеткізуге әрекеттену (42%).
- 10) Тындармандарды сұхбатқа қызықтыра білу (22%).
- 11) Ақпараттың мазмұны және оны тарату формасы (54%).

И.Данилов пен Б.Есипов әдістер жіктеуін жасағанда, білім беру үдерісінде іске асырылатын дидактикалық міндеттерді негіз етіп алады [274, 275]. Ал жаңа білімді менгеруде дидактикалық міндетке сәйкес, мұғалім сабакта іскерлік пен дағдыны қалыптастыру үшін білім берудің нақты әдістерін қолданады.

И.Лернердің дәлелдеуінше, мұғалім сабак үстінде көп түсіндіріп, оқушылардан жаттығуларды орындауды талап етуі тиіс [276].

Оқу-тәрбие үдерісінде болашақ педагогтардың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруды әртүрлі оқу жұмыс түрлері жүзеге асырылады, олар:

- ✓ Лекция;
- ✓ Семинар;
- ✓ Сұхбат;
- ✓ Шығармашылық зертхана, іскерлік зертхана;
- ✓ Іскерлік ойын (имитациялық, зерттеушілік, ізденушілік);
- ✓ Тренинг;
- ✓ Кейс әдісі, т.б.

Көптеген елдерде қарым-қатынасқа үйрететін мамандар да, коммуникативтік қабілетті дамыту мәселелерімен айналысатын ғылыми мекемелер де бар. Ондай мекемелерді немесе құрылымды «Әлеуметтік-

психологиялық тренинг» - деп атап қалыптасқан.

Әлеуметтік-психологиялық тренинг – деп әр түрлі саладағы қызмет барысындағы пара-пар өзара әсер үшін қажетті қарым-қатынас дағдыларына, біліктіліктеріне, білімдеріне мақсатты үйрену прогресін іске асыратын қызмет түрін айтады.

Әлеуметтік-психологиялық тренинг мазмұнын коммуникация үдерісі және өзара әсер ретінде қарым-қатынастың кейбір жақтарын қамтиды. Әлеуметтік-психологиялық тренингтің өзіндік (ерекше) әдістерінің бөлініп көрінуі, үйретудің топтық және белсенді әдістеріне ерекше назар аударылуынан білінеді. Белсенді әлеуметтік-психологиялық дайындаудың әр түрлі әдістері шетелдердегі әлеуметтік психологияда жан-жақты жасалғандығы аталады.

Бұрынғы Кеңестер Одағы ғылымында ӘПТ әдістерін тәжірбиеде қолдану кейінгі жылдарда ғана қолға алына бастаған болатын. Айта кететін жәйт, бұрынғы Одақ ғылымында 30-шы жылдары кейбір өндірістер мен жоғары оқу орындарында «іскер ойын» әдістері жасалынып, ойдағыдай қолданылған да болатын. Дегенмен бұрынғы Кеңестер Одағы ғылымында адамдар арасындағы коммуникативті қабілеттерді қалыптастыру мәселесінде қол жеткен жетістіктердің болғандығы аян. Отандық және шет елдік тәжірбиeler негізінде қарым-қатынасқа үйренудің белсенді нақты әдістерін ұсынатын еңбектер 80-90-шы жылдары көпtep жарық көрген болатын. Енді ӘПТ әдістеріне қысқаша шолу жасап көрелік. ӘПТ әдістері сан-сала мамандық иелерін кәсіби қарым-қатынасқа үйретуде көп қолданылады. ӘПТ-ің басты бір саласы құнделікті өмірде қарым-қатынас кезінде әр түрлі қындықтарды сезіп қиналатын, жақын адамдарымен тіл табыса алмайтын, жалғыздықта қамыққан адамдарға коммуникативті қабілеттерді дамытуға көмек беру болып табылады. Сондай-ақ бұл әдіс жан күйзелісіндегі әрі жаны жаралы болған, жан салауаттылығын жоғалтқан адамдарды қарым-қатынас әлеміне тартуда қолданылады.

Алдымен қарым-қатынасқа үйретудің мамандар арасында көбірек қолданып жүрген қандай әдістері бар, соған тоқталайық. Негізінде мамандар арасында қолданып жүрген белсенді топтық оқыту әдістері бағдарламасының негізгі құрамдас белгілі ретінде белгілі. Солай бола тұрғанымен олар өз бетінше де мәнге ие. Сонымен қарым-қатынасқа үйретудің кең тараған әдісі – лекция.

Лекциялар (лекция оқу) қарым-қатынас формалары және адамдар арасындағы өзара әсердің өту заңдылықтары туралы білім береді. Лекцияда, сондай-ақ, байланысты жүзеге асырудың субъективті алғы шарттары туралы мәліметтер беріледі.

Оқымыстылар мен мамандардың айтуынша, мәліметтер таратуда кең тараған форма – осы лекциялық болып табылады. Лекция оқудын тиімділігі егер де лектор материалды жақсы менгеріп, қарым-қатынас мәдениеті және психология туралы ғылымның жалпы шарттарын тыңдармандардың мұқтаждарына (сәйкестендірген) ынғайлағанда, арта түседі. Лекциялық мәслихаттың келесі маңызы әсерлік шарты - материалдың қонымдылығы, оны ой елегінен өткізу мүмкіндігі мен өмір ситуациясына сай иғілікке асыру. Сонымен қатар лектор және оның сөзі тыңдармандар тарапынан сенімге ие болып, оның жасаған ұсыныстарын басшылыққа алуға дайын (көңілін білдіруді) көңіл-күй туғыза білуі аса маңызды.

Кинофильмдер мен бейнетаспалар мінез-құлықтың әр түрлі үлгілерін көрсетуге мүмкіндік береді. Кез-келген эпизодтардың бірін бірнеше рет қайта көру арқылы өмірде байқала бермейтін адамдар арасындағы қарым-қатынастың бір сәтіне назар аударуға техника толық мүмкіндік бере алады.

ӘПТ үдерісінде жасалған бейнетаспа (бейнежазу) жазуы адамға өзін көру арқылы онын өз ортадағы әрекеттері туралы пікірін қалыптастырады.

Арнайы әдебиеттерді оку да қарым-қатынасқа үйретудің дәстүрлі бір әдісі болып табылады. Арнайы әдебиеттерде мінез-құлық ережелері, оның ішінде белгілі бір қоғам кезеңдеріндегі әлеуметтік топтардың мінез-құлық формаларына талдау жасалған, ұлттық ерекшелікке байланысты әр түрлі халықтардың ұстаған әдептілік ережелері көрсетілген, белгілі бір кәсіп саласы қызметкерлері арасындағы қарым-қатынас ережелері, іскер адамдар арасындағы байланыс ережелері, ұсыныстар берілген топтамалар, кітаптар жатады.

Өркениетті, экономикалық дамыған елдерде мінез-құлықтың қағидалары мен негізгі ережелері мазмұндалып, кездесетін жағдайға сай өзінді қалай ұстau керек екендігі туралы нақтылы кеңестер берілген әдебиеттер көптеп шығарылады. Қазіргі кезде біздің әдептану оқулықтары мектеп оқушыларына, орта және жоғары оқу орындары студенттері үшін жасалып, оқу бағдарламасына қосылуда.

ӘПТ жүйесіне пікірталас әдісі де кіреді. Шындығында пікірталас іс-

әрекеттің болатыны белгілі әрі осы әрекет әдістің міндетті шарты болып табылады. Пікірталастың объектісіне адамдардың өзара бір-біріне деген көзқарасын, коммуникативті ситуациялы идеяларды жатқызуға болады.

Айталық, топтық пікірталас барысында идеяны талқылау, қатысуышылардың интеллектуалдық қызметін ынталандырып, әркімнің өз көзқарасының дұрыстығын дәлелдейтін дәйектерді табуға итермелейді. Пікірталас жаңа дәлелдер мен қарсы дәйектердің әсерінен жеке бас позициясының қатар қаралуына дейін жеткізеді. Пікірталастың жемісті нәтижесі - оның әр түрлі идеяларды жан-жақты және терең талданудан, ой елегінен өткізіп және талқылауға түскен мәселе бойынша баршаға ортақ ішкі позицияның қалыптасуында.

Сондай-ақ, күрделі бір сәтті талқылаудың жекелеген түріне - өндіріс тәжірбиесінде кездесетін жағдайларды қорғау жатады. Мұндай әдіс мамандардың кәсіби коммуникативті хабарлығын (жете білушілігін) дамытуға жәрдемдеседі.

Сонымен қатар топтық пікірталас барысында өзара қарым-қатынас (көзқарас) мәселесі де талқылануы мүмкін. Мұндай жағдайдағы нәтижеге жеке бас көзқарас жүйесіндегі өзгерістің болуын жатқызуға болады. Сонымен қатар бұл әдіс өзінді өзің тереңірек түсінуге, өзге адамдарды қамтуға, көнілімен сезіну қабілетін дамытуға игі әсер жасайды.

Келесі әдіс – қызметті өтеу барысындағы коммуникативті қабілетті дамыту әдісі.

Қызмет атқару барысында, яғни адамдармен жанды байланысқа түсіп, қателіктер жіберіп, оны түзеп, өзі беделді санаған үйренуден өтпей-ақ, қарым-қатынас жасау жолдарына үйрене алады. Дегенмен бұл үдерістің тиімділігін арттыруға мүмкіндік жасайтын жолдар да табылғанын атап өтеміз. Мараттаптау және айыптауларды қолдана отырып, өзара әсерінің қалай екендігін білдіретін қайтымды байланысты ұйымдастыру; қарым-қатынас жасау дағдыларын менгергендердің адам мінез-құлықтарына бақылау орнатуы; тәрбиленушінің іс-әрекетін бақылап, қайтымды байланыс сеансын тиянақты жасап тұратын жетекшінің бар болуы - арнайы үйренуден тыс қарым-қатынас дағдыларына үйретудің танымал жолдары болып табылады.

Кәсіби коммуникативті біліктіліктер мен дағдылар әріптестер әрекетіне бақылау жүргізу және іскерлік қарым-қатынас ситуацияларында менгеріледі. Қарым-қатынастың күнделікті дағдылары тұрмыстық өмір

сэттері арқылы да қаланады.

Қарым-қатынасқа үйренудің келесі әдісін рөлдік ойын (іскерлік ойын) әдісі дейміз. Бұл әдіс коммуникативті біліктілік пен дағдыларына жаттығу жүргізу, мінез-құлық стратегиялары мен әдептілік жолдарын менгеру әдісі саналады. Рөлдік ойында тәрбиеленуші эксперимент жағдайында мінез-құлықтың жаңа амалдарына үйреніп, олардың қолданыста қалайша орныққаны жайлыштың қайтымды байланыстан біліп отырады.

Рөлдік ойындар (іскер ойын) үшін осы ойын арқылы шешілетін проблемалар тізімі жасалынады. Рөлдік ойындағы ситуациялар мынадай кезеңдерді қамтиды:

1) жаттықтыруши өзі үйрететін әлеуметтік біліктіліктер туралы лекция оқиды немесе пікірталас өткізеді; кейбір жағдайда бұл кезеңде мінез-

құлықтың жағымды модельдерін көрсетуге де болады;

2) өз кезегінде оқушылар (үйренушілер) бірқатар ситуациялық проблемалық рөлде ойнайды, ал олардың алдына проблеманы беруі керек;

3) әрбір қойылымнан (жаттығу ойынынан) соң қайтымды байланысты орындауға және топтың пікірталасына байланысты жаттықтырушиның түсініктемесін қамтиды. Бұдан да басқа дыбысты және бейне таспа жазу құралдарында қолданудың өте-мөте пайдасы бар. Мұнда да жаттықтырушиның немесе жаттығушылардың түсініктемелері беріліп тұруы шарт.

Ойындар ең алдымен жаттығудағы іс-әрекеттерді орындау дағдысына үйренуге арналғанымен, тәрбиеленушілер басқа бағыттар бойынша да пайда табады. Мысалыға қарама-қарсы рөлдерді орындай отырып, олар басқа адамның көзқарасын тануды үйренеді. Дыбыс және бейнекөрілім жазуларын

тиянақты талдаудың нәтижесінде өзара ықпалдасу үдерісімен бір-біріне қатысты мінез-құлықта сезімталдылық арта түседі. Сөз арқылы берілетін түсініктеме мен қайтымды байланыстың басқа да түрлерінің қиуласуы әрбір адамның өз мінез-құлқын жақсы түсінуіне ықпал етеді. Рөлдік ойындардың көп жағдайдағы жоғары тиімділігі, жаттықтырушиның біліктілігіне, оның қателерді көре білу және әдепті түрде түзете алатын шеберлігіне

байланысты.

Жаттықтырушиның назары, сондай-ақ, оқушылардың нақтылы өмірдегі ситуацияларға сай жаңа коммуникативті біліктіліктерді қолдана білу

бейіміне де түсіп тұрғаны абыз.

Дене шынықтыру және спорт мамандарының кәсіби дайындықтарын жақсарту бағыттарының бірі ЖОО студенттерінде қарым-қатынас мәдениетті қалыптастыру болып табылады. Берілген мақсатта ЖОО студенттерінде қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың арнайы педагогикалық жүйесін әзірлеу қажет. Бұл жүйе – студенттердің жеке басына тиянақты әсер етуші болып табылатын оқу үдерісі және педагогикалық құбылыстар жиынтығы болып та табылады.

Жүйеде кез келген басқа да педагогикалық жүйедегідей келесі түрдегі құрылымдық компоненттері қарастырылады, яғни:

1. Педагогикалық мақсаты.
2. Оқу және ғылыми мәліметі.
3. Педагогикалық қарым-қатынас құралдары. Педагогикалық үдеріс.
4. Студенттер.
5. Оқытушылар.

Берілген жүйенің мақсаты – студенттердің алдағы кәсіби қызметіне қажет психологиялық-педагогикалық білімдеріне, педагогикалық ептіліктеріне әсер ету жеке адамдық қасиеттерін және мәдениеттілігін дамыту болып табылады.

Берілген жүйенің маңызы және ғылыми сапасы болашақ мамандарды даярлау мақсаттарымен ЖОО студенттерінің психологиялық-педагогикалық білімдеріне, ептіліктері мен жеке адамдық қасиеттеріне қойылатын талаптарымен анықталады.

ЖОО, ең бастысы, қазіргі заманға сай мамандарды даярланатындықтан, олардың бітірушілері өзінің және басқа да адамдардың іс-әрекеттерімен есептесе алуы тиіс, сонымен қатар оны дене шынықтыру және спорт мамандарының алдында тұрған негізгі мақсаттарды шешуге бағыттап, одан қарым-қатынас мәдениетінің жоғары дәрежесін талап етуі тиіс. Бұл үшін ЖОО студенттерінде мұндай талапты окудың алғашқы жылынан бастап-ақ қалыптастыра бастау қажет.

Бірінші курстан бастап-ақ, «Мамандыққа кіріспе» сабағында студенттерге талқылау үшін тәмендегі тақырыптарды ұсынуға болады:

1. Спорт мектептеріндегі, үйірмелердегі, жаттығулардағы жұмыстардың ерекшеліктері.
2. Дене шынықтырудың және спорт мамандарының тәрбие мәселесіндегі міндеттері.

3. Қарым-қатынас мәдениеті.

4. Қарым-қатынас - әлеуметтік-педагогикалық мәселе ретінде.

Сондай-ақ, төменгі курстарда өтілетін жалпы білім беретін пәндер циклы ЖОО студенттерінде қарым-қатынас мәдениеті төңірегінде де алғашқы қадамдар жасайды.

Мысалы, орыс, қазақ тілі, ағылшын тілі бойынша сабактарда жеке адамның әлеуметтік құрылымын жақсартуыш белгілі бір мінез-құлық нормалары мен дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік беретін арнайы тілдік материалдарды іріктеп алуға болады. Бұл тіл ұқсастық реакциясын жеке дара қарым-қатынастың өмірлік мән-жайларын оқытудағы өміршешендікті болжауға жағдай жасайды.

Одан басқа, жағдайға байланысты тілдік қарым-қатынас диалогтық сөз мүмкіндіктерін кеңейтеді, ал кәсіби сауаттылықты тілден тілге аудару өз кезегінде, болашақ спорт мамандарында адамдармен қарым-қатынасты жасай білуді қалыптастыруға себеп береді.

Қарым-қатынасты қыннататын психологиялық кедергілерді болдырмау, мамандыққа деген қызығушылықты жоғарылату студенттердің ағылшын тілі сабактарындағы рөлдік ойын қызметтерін ептілікпен пайдалануға көмек береді. Рөлдік ойын элементтерін қолдану іс-әрекетті шын мәнінде қызметте қолдануға мүмкіндік береді. Одан басқа орыс, қазақ ағылшын тілдеріндегі рөлдік ойындар төменгі курс студенттерінде келешек жоғары курстарда мамандық бойынша өткізілетін кәсіби ойындарына қатысуға дайындықты қамтамасыз етеді.

ЖОО жоғары курсарында «Дене шынықтыру және спорт мамандарының қарым-қатынас мәдениетінің өзгешелігі мен ерекшеліктері» атты арнайы семинар өзірлеп, өткізу ұсынылады. Берілген арнайы семинардың бағдарламасы тәмендегіше болып келеді:

1. Қазіргі заманғы психологиялық-педагогикалық әдебиеттегі мәдени қарым-қатынас мәселесі.

2. Дене шынықтырудың және спорт мамандарының кәсіби қызметінің ерекшеліктері.

3. Дене шынықтырудың және спорт мамандарының алдында тұрған педагогикалық міндеттердің сипаттамасы.

4. Дене шынықтыру және спорт мамандарының педагогикалық мәдениетінің қалыптасуының маңызы, негізі компоненттері және деңгейі.

5. Болашақ спортшылардың кәсіби қызметіне қажетті негізгі психологиялық-педагогикалық сауаттылығы.

6. Спортшыларды педагогикалық мәдениеттің жоғары деңгейімен сипаттаушы психологиялық-педагогикалық ептіліктерінің өзгешелігі.

7. Жаттығушылармен қарым-қатынастың психологиялық негіздері.

8. Қарым-қатынас және жаттықтыруши рөлі. Бапкер мен жаттықтырушының коммуникативті қызметінің моделі.

9. Дене шынықтыру және спорт мамандарының кәсіби қызметінде қажет жеке психологиялық ерекшеліктері мен қызметтік және адамгершілік қасиеттері.

10. Ұжымның әлеуметтік-психологиялық ахуалы.

Мұндай арнайы семинарды 4 курстың екінші семестріндегі оқу үдерісіне енгізген тиімді, яғни студенттің өзін-өзі басқаруға етene қатысуы арқылы олардың адамдармен өзара қарым-қатынасының кейбір бастапқы дағдылары қалыптасады. Арнайы пәндер бойынша өткізілген сабактарда және 3 курстан кейінгі өндірістік тәжірибе кезінде алынған кейбір кәсіби тәжірибелері бұл курсты дұрыс игеруге себеп болады.

Арнайы семинар лекциялық және тәжірибелік сабактары түрінде өткізуі тиіс. Лекция бөлімдері студенттердің ізденіс қызметін болжайтын мәселелерін көрсетіп беруді талап етеді, ал тәжірибелік сабактары студенттер қарым-қатынас қызметіне қосылатындағы етіп, ұйымдастырылуы тиіс. Яғни, спорттық іс-әрекетте жаттықтыруши мен окушы, жаттығушы арасындағы өзара әрекеттерді, мысалы, рөлдік ойындар түрінде белсенді, интерактивті формада ұйымдастыру қажет.

Лекциялық және тәжірибелік сабактарды бір оқу тобымен жүргізу ұсынылады, себебі, біріншіден, әр сабак теориялық материалды зерттеумен және алған білімдерін тәжірибелі түрде бекітумен өтуі тиіс; екіншіден, топтық пікірсайыс пен ойындарды ұйымдастыру кезінде студенттердің тиімді саны 15-20 адамнан аспауы тиіс, ал, студенттердің жоғары курсары топтарына кіреді.

Студенттердің қарым-қатынас мәдениетінің кейбір құрамды бөлігі үй тапсырмалары арқылы, өзіндік жұмыстары арқылы қалыптасады.

Тапсырмалары тәмендегіше:

- Студент тәжірибелі өткізген сол спорттық аланда, залда орын алған өзара қарым-қатынас әрекетінің іс жүзіндегі мән-жайын суреттеу;

- Жаттықтыруышы немесе бапкердің іс жүзіндегі мән-жайды шешуі кезіндегі жасаған әрекеттерін суреттеу және бағалау;

- Студенттің жаттықтыруышы орнында болғандағы өзара әрекетінің берілген іс жүзіндегі мән-жайдағы әрекеттерін суреттеу.

Тапсырма өндірістік тәжірибе бойынша жазбаша есеп турінде дайындалуы мүмкін.

Студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру үдерісін ұйымдастыру кезінде аса маңыздысы олармен жеке жұмыс жүргізу болып табылады:

- Студентке, оның болашақ кәсіби қызметіне қажет жеке диагностика;
- мәліметтендіру;
- жеке адамдық қасиеттерін қалыптастыруды өзін-өзі тәрбиелеу жөнінде тәжірибелік ұсыныстар.

Бұл үшін анкета, жауап алу, байқау және әңгіме өткізулерді пайдалану ұсынылады.

Студенттермен жеке жұмыс жүргізуді ұйымдастыру тек мәліметтік сипатты ғана алып баруды емес, қалыптастыру қызметін де орындауды тиіс, себебі басқа адамдардан алып отырған біздің мінез-құлқымыз туралы мәлімет мінез-құлықтың стилін сақтауды немесе өзгертуді болжайды. Жеке адам үшін көзделген тұра осындағы қызметті оның психологиялық ерекшеліктерінің диагностикасы мен бағалауы орындаиды.

Студенттің психологиялық ерекшеліктерін бағалау және оның диагностикасы - оған өзінің қасиеттерін бағалауға және қайта бағалауға, оларды сол немесе басқа қасиеттерінің құндылығына сәйкес сақтап, өзгертуіне көмектеседі.

Студенттердің жеке қобалжулы сәттеріндегі зерттеу нәтижесі - олардың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру үшін қолайлы жағдайларды жасау мақсатында оқушылардың психологиялық жағдайын онтайландыру үшін оларды аутогендік шынықтыру әдістеріне үйрету қажеттілігін көрсетті.

Қалыптастыру эксперименті нәтижелері, сонымен қатар, студенттердің жеке адамдық қасиеттерін түзету кезінде негізгі назарды олардың адамгершілік тәрбиелілігі мен сөз мәдениетін сипаттаушы қасиеттерінің дамуына аудару керектігін көрсетті. Осы мақсатпен арнайы семинар бағдарламасында этикалық жоспардың іс жүзіндегі бірқатар мән-жайларын талқылауды алдын ала қарастырып, бір сабакты шешендік

өнерге аудару қажет.

Зерттеулерге сәйкес спорт түрлерін коммерцияландыру мәселесі жолға қойылуда. Спорттық жаттығулар бойынша жоғары нәтижеге жету қаржылық мәселеге, техникалық базаға да байланысты. Десек те, бастысы окушы-спортшылар мен педагогтардың, оқытушы-жаттықтырушылардың педагогикалық және қарым-қатынас мәдениетінің жоғары дәреже бойылуы болып табылады [277].

Өзгөрмелі жағдайда жұмыс істеуге педагог дайын болуы үшін педагогикалық міндеттер тиімді түрде шешілуі қажет. Ол үшін бұған психологиялық-педагогикалық жағдайлар туғызу керек. Осы мақсатпен біз вариативті технологиялардың кешенін пайдаланған жағдайда студенттің қарым-қатынас қызметінің даму жүйесін тексеріп, тәжірибeden өткіздік.

Осылан орай, сүйенгеніміз – болашақ кәсіпқой педагогті жоғары оқу орны қабырғасында-ақ дайындау қажеттілігі занды талап. А.П.Сейтешевтің пікірінше, педагогикалық білім беруді жобалаудағы басты идея сол: жоғары оқу орны қазіргі бағдарын өзгертіп, кәсіпқой педагогті даярлап шығаруға бағыт алуға тиіс. Жас маман педагогикалық жұмыстың (антропотехникалық) өзіндік керемет әдістемелері мен құралдарын құрастыру, қалыптастыру амалдарын кәсіби түрғыдан менгере білуге міндетті. Кәсіби педагог-мұғалімнің өз мамандығын ең алдымен окушыларды дамыту құралы ретінде менгериуі - заман талабы.

Мұндай мұғалім тұлғасыз «транслятор», «талассыз ақиқат» болудан қалады да шығармашылық міндеттерді шешу жолында окушылардың ойлау техникасын, көпөлшемді санасын, тарих пен мәдениет жөніндегі өзіндік пікірге қабілеттің қалыптастыру санасын, тарих пен мәдениет жөніндегі өзіндік пікірге қабілеттің қалыптастыру жөнінде күрделі де қызы жұмыстың ұйымдастырушысына айналады. «Педагогикалық жоғары оқу орнының түлегі -адам санаымен практикалық жұмыс жүргізе біletін, бала-ересек қауымдастыры білімденуінің дамушы үдерістерін жобалауға қабілетті кәсіпқой педагог, антропотехник».

Негізгі кәсіби білім берудің мақсаты болашақ педагогтің тұлғасын қалыптастырып, дамыту болатын. Оның жолы көп: іргелі (білім) даярлығын арттыру, педагогикалық білім берудің мазмұндық, практикалық бағытын ұштау, оны гуманистік, жаңалық енгізушилік, мәдениеттанушылық, шығармашылық, аксиологиялық, технологиялық,

тұлғаға бағдарлауышы әдістер, білім беру жүйесінде, білім беру мекемелерінде жүріп жатқан шынайы педагогикалық үдерістердің өзара байланысын бекіту, білім берудің жаңа мақсаттарына сай педагогикалық технологияларды даярлау мен пайдалануды күшету. Осы тұста «мұны қалай істеу керек?» деген сауал талабына айрықша назар аударылды.

Аталмыш тұрғыға қатысты А.П.Сейтешевтің тұжырымдарын басшылыққа алдық. Оның бағамынша: «...болашақ маман тұлғасының кәсіптік тұрғыдан қалыптасу үдерісі үш занды сатыдан өтеді. Бірінші сатыда кәсіби іс-әрекет менгеруге тиісті әйтеуір бір сыртқы, объективті бір нәрсе болып көрінеді. Екінші сатыда студент болашақ іс-әрекетін үғынып, оған енеді де, сонда әрекет етеді, кәсіпке өзгеше бір тұрғыдан бойлайды. Тек үшінші сатыда, педагогикалық іс-әрекетті енгізгенде (интериоризденгенде) ғана студент педагогикалық іс-әрекет субъектісіне айналады. Осыған қатысты болашақ педагог тұлғасының кәсіби қалыптасуының кейбір маңызды зандылықтары ашылды. Бірішіден, студент тұлғасының субъектілік тұрғыдан қалыптасуы оның белсенділігіне, қандай танымдық іс орындайтынына, өзінің тұлға ретіндегі іскерлігі, қабілеті мен сапасын қалыптастыратынына толықтай тәуелділікте болады. Екіншіден, болашақ педагогтің қалыптасуы өзіндік тәрбиеге қабілетін дамыту баспалдақтарымен толық сәйкеседі» [278].

Студент тұлғасын дамытуға бет алу, білім беру, мазмұнын жаңарту, оқытудың университеттік үлгісін жасау және бірінші кезектегі өзекті мәселелерді шешуге бағдар беру негізінде оқу-тәрбие үдерісінің сапасын көтеру қажет. Проблемаларды санамалап өтейік: дәстүрлі оқу-тәрбие үдерісін қайта құру; ондағы шығармашылық негізді дамыту; университеттің мектеппен және білім беру орындарымен байланысы; университет, кафедра және жеке оқытушылар деңгейіндегі оқу және ғылыми-зерттеушілік жұмыстардың бірлігі; жоғары оқу орны және студенттік өзіндік басқаруға сүйеніп өмірдің бар саласын демократтандыру мен гумандандыру. Аталмыш мәселелерге бір-бірімен тығыз байланыс және осыған орай, кешенді шешім талап етіледі.

Сонымен қатар, әр проблеманың бір-бірімен байланысты бірқатар аспектілері (қырлары) бар. Оларды университеттегі тұтас педагогикалық үдерісті ұйымдастыру кезінде ескерту қажет болды. Сөйтіп дәстүрлі оқу-тәрбие үдерісін қайта құру болашақ дене тәрбиесі және спорт мұғалімдерінің кәсіби дамуына деген бағдарды оқыту кезінде

идеологияланған ниеттен бас тартуды, тұлғаға бағдарланған әдісті күшеттуді, студенттердің шығармашылық қабілетін дамытуды, өзіндік білімденуге сүйенуді, ғылыми зерттеулерге белсене қатысады көздейді. Жинақтай келсеқ, бұл – нәтиже алуға бағдар; болашақ маманды даярлау сапасын көтеру; оқудың мотивтенуінің қоғамдық маңызын көрсетіп онтайландыру; оқу қарқынының үдеуі; белсенді формалар мен әдістерді енгізу; өзіндік жұмыс дағдысын дамыту; өзінің педагогикалық кәсібіне қарай студент тұлғасының белсенділігімен сабактастыра отыру, т.б. Болашақ мұғалімді оқыту мен тәрбиелеудің мазмұнын жаңартуда тарихиылық, жүйелілік, ғылым мен практиканың байланысы, пәнаралық байланыстарды белгілеу, дәйім жаңалық іздеуге ден қою. Іс-әрекетті ұйымдастырудың басты бағдар – жауапкершілік, оқыту мен тәрбиенің белсенді әдістерін пайдалану, ұжымдық және топтық формалардың сабактасуы, ықпалдастық, әріптестік және өзіндік басқару болды.

Оқытудың кері байланыс орнататын екіжақты сипатын ескеру қажет болды. Әр студент – педагогикалық үдерістің субъектісі, оған белсенді қатысушы, педагогтың көмекшісі, өзінің білімдену іс-әрекетін, кәсіби тәрбиесін өзі ұйымдастырушы болмақ еді. Болашақ педагогтың өзін-өзі кәсіби тәрбиелеуі тұлғаның кәсіби маңызды сапаларының дамуына бағдар береді, студенттің тырысуын күшеттеді, демек, бұл – оның (студенттің) кәсіби қалыптасудағы табысының кілті болды. Университеттің әр оқытушысының басты назарында үш нысан – тұлға, ұжым, іс-әрекет болуға тиіс.

Біздің тәжірибелізде дәстүрлі оқу-тәрбие үдерісі түрліше жағдайларды ескере отырып, жүргізілді. Сөйтіп педагогикалық білім мазмұнын жаңғырту іргелі ғылымдарының рөлін арттыру талап етілді. Олар сан салалы: қоғамдық, мәдениеттану, педагогикалық-психологиялық және арнайы ғылым. Бұлардың кәсіби педагогикалық бағытын, оқыту мен практиканың, мектеп өмірінің байланысын талап етті. Болашақ дene шынықтыру және спорт маманы сабак беретін жайтты жете менгеруі керек, оқу мазмұнын жақсы білуі, балалар мен жасөспірімдерді оқытып, тәрбиелей білуі мәселесін алға тарту қажеттілігі туды. Ол – мазмұны мен формаларды жетілдіре түсті, педагогикалық үдерістегі уақыттың үлесін көбейту, оқу іс-әрекетін ерекше түрде реттеу негізінде студенттерді өзіндік дербес жұмыс істеуге деген іскерліктері мен дағдыларға үйретіп шығару.

Көп жылғы тәжірибеде дәлелденгендей, студенттің болашақ кәсіби педагог ретінде тұлғасының қалыптасуы оқытушыдан, оның студентті біріккен іс-әрекетке тартуға деген, студенттің өзін-өзі кәсіби дамытуға қажеттілігін қалыптастыруға деген, студент мұддесін оқу-тәрбие үдерісіне белсенді қатысуға бағыттауға деген тілегі мен іскерлігінен болады.

Негізгі әдістер жүйелілік, кірктік, технологиялық, ізгілік (гуманистік), мәдениеттанушылық, инновациялық, креативтік, аксиологиялық, тұлғалық әдістер болды. Мәселен, жүйелілік әдісте кафедраның алдында іс-әрекетті тұластай қайта қарау, жүйенің құрылымдық элементтерін, ұжымның және әр оқытушының бағыты мен әрекеттерін айқын бір педагогикалық жүйеге түсіру міндеті тұрды.

Студенттердің қоғамдық ғылымдары бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырудығы педагогикалық бағыты - ЖОО барлық оқу көлемінде, сонымен бірге, студенттерді болашақ кәсіби қызметіне дайындау үшін белгілі мүмкіндіктерін жасауға көмектеседі. Ғылыми конференцияларға қатысу студенттерде баяндаудың езіндік дайындығы мен көпшілік алдындағы баяндамаларын жасау дағдыларын, шығармашылық пікірсайыстарға қатысу ептіліктерін дамытуға көмектеседі, бұл олар үшін өндірістің болашақ спорттың ұйымдастырушылары ретінде өте маңызды.

Қоғамдық кәсіп факультетінде дұрыс ұйымдастырылған шаралар-студенттің болашақ кәсіби қызметіне тиімді дайындық жасауына көмектеседі. Мамандарды даярлаудың қазіргі заманғы талаптарында оқытушының кәсіби деңгейіне, педагогикалық шеберлігіне және жеке басы ерекшелігіне деген талаптар ерекше күшеттілген. Зерттеу барысында, біз жоғары оқу орындары оқытушыларының қарым-қатынас мәдениеті - болашақ денешынықтыру және спорт мамандығы студенттерінде мәдениетті қалыптастыруға әсер етуші маңызды факторлардың бірі болып табылады деген қорытындыға келдік.

Бұдан шығатын ұсыныс, арнайы пәндер бойынша ЖОО педагогикалық жүйесіне оқытушылар үшін қарым-қатынас мәдениетін жетілдіру мақсатында арнайы курсты енгізу қажеттілігі туады. Мұндай курсты әзірлеу кейінгі бір ғылыми зерттеулердің объектісі болуы мүмкін.

Осылайша, ЖОО дene шынықтыру және спорт мамандығы бойынша студенттерінде қарым-қатынас мәдениетті қалыптастырудың ұсынылып отырған жүйесі педагогикалық жүйенің барлық құрылымдық

компоненттерін игерген жүйе деп айтуға болады.

Демократиялық, авторитарлық және либералдық стильтер ажыратылатын басқару әрекетімен, адамдарға, ұжымға жетекшілік ету мен ұқсастығына қарай көптеген авторлар педагогтың кәсіби қарым-қатынасында да сол үш стильтеге тоқталады. Сол себепті педагогикалық қатынас стилі, жаттықтырушының спорттық ұжымға басшылық ету стилі ұғым-түсініктерін қолдануға болады.

Ұжымды басқару мәселелерін психологиялық тұрғыда зерттейтін стильтер былай сипатталады:

1) Демократиялық, оның ерекшелігі, ұжым алдындағы міндеттерді талқылауға ұжымның әр мүшесінің қатысуы және белгілі бір шешімді бірлесе қабылдау болып табылады. Жетекші әрекетінде қол астындағыларға талап қоюшылық пен сендірушілік келісім тапқан.

2) Авторитарлық (оны автократиялық деп те атайды), жетекшісінің қол астындағыларымен қарым-қатынасында қatalдық, басқарудың қатаң әдістері басым.

3) Либералдық, студенттердің мұндағы басқару стильтері жөніндегі білімдері педагогикалық практика барысында мектеп мұғалімдерінің сабактары мен дene тәрбиесі жұмыс формаларына қатысу арқылы талдау жасалынғаны маңызды. Оның мазмұны былайша сипатталады:

*Авторитарлық стиль ( сипаттамасы):*

1. Өзара қарым-қатынас ерекшеліктері және коммуникативтік іс-әрекеттің жалпы сипаттамасы: дene тәрбиесі маманы өзара қарым-қатынас дербестік пен бастамашылықты басу негізінде құрылған. «Темірдей» тәртіп пен сөзсіз бағынуды ұнатады. Тапсырмаларды талқылау еркіндігіне жол бермейді. Топ пікірлеріне құлақ аспауға тырысады. Көбіне іскерлік, кейде тұлғалық беделге ие. Жаттығушылардың іскерлік қарым-қатынастарын белсенді түрде ұйымдастырады, ал олардың тұлғалық қарым-қатынастарына жетекшілік көніл бөлмейді. Өз оқушыларын түсінетіндігіне сенімді, бірақ топтағы өзара қарым-қатынас құрылымын дұрыс елестете алмайды. Жанжал жағдаяттары жиі туындаиды.

2. Тілдік қарым-қатынасының ерекшеліктері: көбіне түгел топтан гөрі жекеленген оқушыларға қаратса сөйлейді. Жаттығушылардың техникалық жағынан әлсіздерін айрықша бөледі. Қатаң және мысқылды дауыс ырғағын жиі пайдаланады. Қарым-қатынас түрлерінен сұрақтар және құптамау көп кездеседі. Ікәлас білдіру мәнері көніл бөлу жағдайына

үйлесімді емес.

3. Тұлғалық қасиеттерінің ерекшеліктері: өз-өзіне сенімді, адамдарға талапшыл, ұстамсыз, қарапайымдылықтан ада, шулы.

Авторитарлық стильді дене тәрбиесі маманының мінездемесі: өзін сенімді ұстайды, окушыларға жоғарыдан көз салады. Топты түгел көз аясында ұстайды, барлық қателер мен дәлсіздіктерді, сәтті және сәтсіз қымылдарды байқайды. Бағалау әдістері арасында кейде мысқыл аралас құптамаушылық басым түседі. Кейбір ескертулері әдептілікке жатпайды. Қимылды дұрыс орындаған окушыға қатысты пікірлерінде ұстамсыздық танытады. Әдепсіз ескертулер жанына тиеді, бірақ олар жаттықтырушыға қарсы шыға алмайды. Көбіне бұлар – топтағы әлсіздеулері, ерекше бағалы емес ойыншылар, олар жолдастары тарапынан қолдау таппагандықтан, топтан шығып қалмау үшін жаттықтырушымен дауласқысы келмейді, кейде кемсіткен ескертулер жасап үйренгендігі сонша – қателік жіберген мықты ойыншыны өзінің өткір сыны нысанасына айналдырады. Мұндай жағдайларда жанжал туындауы сөзсіз, дау наразы ойыншыны мұғалімнің жаттығудан шығарып жіберумен тынады. Келесі сабакта оқушы кешірім сұрап, ішкі келісім қалпына келеді.

Окушылар дене тәрбиесі маманының бойындағы кәсіби қасиеттерін, түсіндіру және қимылды көрсету шеберлігін бағалайды. Сонымен қоса, жаттықтырушының өзі өте жақсы дене сымбатына (мысалы, ұзын бойлы) ие спорт шебері болып табылады. Окушылар I дәреже алатындықтарына сенгендіктен, сабактардағы тәртіп өте жақсы және педагог талаптарын сөзсіз орындаиды. Алайда педагогтың тұлғалық қасиеттерін олар төмен бағалайды. Сауалнаманың: «Сіз өзге жаттықтырушыға ауысқының келе ме?» - сұрағына көбі: «Жоқ, өйткені өзге адам қандай боларын білмеймін», - деп жауап қайтарды. Ал «Сіз жақсы жаттықтырушыны осылай елестетесіз бе?» - сұрағына барлығы дерлік: « Жоқ, мұндай емес», - деп жауап берген. Жаттықтырушы да топқа жағымсыз баға берді: «Жалқау айқайлағанда ғана жұмыс жасайды», - дейді. Жаттығушылар жаттықтырушыға қандай болсын өтініш жасауды ұнатпайды және сабактан тыс уақытта онымен сөйлеспеуге тырысады.

*Демократиялық стиль (сипаттамасы):*

1. Өзара қарым-қатынас ерекшеліктері және коммуникативтік іс-әрекеттің жалпы сипаттамасы. Өзара қарым-қатынас тұлғаны құрметтеу

негізінде құрылған. Тапсырмаларды талқылау еркіндігіне жеткілікті деңгейде жол береді. Оқушылардың тұлғалық қарым-қатынастарын жете үғынады. Бірлескен жұмысты «кім-кіммен болғысы келеді» қағидасымен, ең әуелі, жеке ұнату және ұнатпауларын ескеріп ұйымдастырады. Топтың барлығына, ешкімді бөле-жармай бір деңгейде қарайды.

2. Тілдік қарым-қатынасының ерекшеліктері. Мінез-құлқының жеке тұлғалық қасиеттері мақсаткерлікпен, өзіне және өзге жандарға талапшылдығымен, турашылдығымен, әдептілігімен сипатталады.

Демократиялық стиЛЬ мінездемесі: өзін сенімді ұстайды, бірақ жылы шырайлы. Топты түгел қадағалайды, әрқайсысының қатесін байқайды. Көбіне нақты нұсқау түрінде (мысалы, «Қолыңды жоғарырақ!») түзейді. Дауыс ырғағы қалыпты, іскерлік, тілектестік түрінде болады. Қызыбалылығы және өз ісіне берілгендейгі жаттығулар арасындағы үзілісте және сабактан кейін жаттығулармен өткізілетін әңгімede аңғарылады. (Мысал ретінде: бірде топ жиналысында белгілі бір қыздың не себепті жарысқа келмегендігі жөнінде мәселе қаралды. Ол кінәлы болғандықтан, ата-анасы жібермегенін айтып түсіндірді. Жаттықтыруши, егер, олар баскетболды ұнататын болса, онда ата-аналарын да оны жақсы көруге мәжбүрлеу керектігін сенімді түрде дәлелдей бастады: «Ананды жарысқа ертіп келіп, сен өзіңнің жоқтығын арқылы өз уақытынды аямай, сені жаттықтырган адамдарды, өзіңнің жолдастарынды, команданы жайсыз жағдайға қалдыруың мүмкін екендігін көрсет. Ата-аналардың жаттығуға деген дұрыс көзқарасын тәрбиелу қажет: олар сабакқа қатысуынды тыйым салуға болатындей сауық деп емес, сенің міндетің деп есептеуі керек»).

Педагог назар аударудың көптеген тәсілдерін: нақты әдепті нұсқауларды да (мысалы, «Арқанды түзу ұста!»), құптауды да («Жарайсың, Серік»), құп көрмеушілік те («Менің бүгін саған көңілім толмады») және ескертулерді қолданады. Педагог салмақты, ұстамды, әдепті болса, оқушылар оның барлық талаптарын ықыласпен орындаиды. Маман кәсіби түрғыда да, жеке тұлғалық түрғыда да (оқушылар оған өздерінің барлық қасіретін, сенімдерін, реніштерін айтып, бөлісе алуы) үлкен беделге ие болуы керек.

Мұғалім топты жақсы бағалайды, оның келешегін ойлайды: «Гамаша, ақылды, ынталы. Кейбірі институтқа түседі, олармен қоштасуға тұра келетіндігі өкінішті». Оқушыларда оны жақсы көреді. Саялнамаларда:

«Ол үшін барлық оқушы бірдей, ал бұл – басты нәрсе»; «Басқа мұғалімді бұлай ұнатып, сыйлай алмаймын деп ойлаймын»; «Бәріне жақсы қарым-қатынаста» және т.б. делінген.

### *Либералдық стиль (сипаттамасы)*

1. Өзара қарым-қатынас ерекшеліктері және коммуникативтік іс-әрекеттің жалпы сипаттамасы: жаттығуды және жүктемені таңдауда еркіндікке үлкен деңгейде жол береді. Спортшыларға дербестік беруге ұмтылады; көбіне олардың жетегінде кетеді. Тұлғааралық қарым-қатынастардан хабары аз.

2. Тілдік қарым-қатынасының ерекшеліктері: сабактарда назар аудару нысанасы етіп техникалық жағынан күшті оқушыларды таңдайды. Басқа стильдермен салыстырғанда, ұйымдастырушылық ақпарат екі еседей көбірек. Ықылас білдіру түрлерінен құптау және ескертулер басым түседі. Жылы шырайлы дауыс ырғағын ұнатады.

3. Жеке тұлғалық қасиеттерінің ерекшеліктері: ниеттестік, ұстамдылық, кішіпейілділік, әдептілік, өкпешіл емес, қарым-қатынастағы қарапайымдылық тән.

Либералды стиль мінездемесі: сырттай сенімді, жылы шырайлы, топты қадағалайды, қателерді түзейді, кішірейту – еркелету түрінде (мысалы: «Әсельжан», «Гульнура», «Басымызды көтерейік» және т.с.с.) сөйлейді. Қызбалылығы жылы шырайлы және қалыпты дауыс ырғағының бітпейтін бағаларында, ал өз ісіне берілгендей – жаттығуларды көрсетуде және оқушының бірінің жаттығуды жақсы орындағанына ашық түрде сүйсінуінен байқалады. Өте салмақты, әдепті, сонда да дау-жанжал туындаиды. Ескертуді жұмсақ, қалыпты дауыспен айтады, егер тәртіп бұзылса немесе жанжал туындалап келе жатса, дауыс ырғағы кез-келген жанжал жағдаяттарында да шарасыз жылы шырайлы болады, тек дауыс біршама шырылдаған реңкке ие болады, дауысынан лажсыздықтан жыламсырау байқалады, бірақ сыртқы түрінен ештеңе өзгермейді.

Оқушылар сауалнамаларынан: «Ол - өте мейірімді, ол бізге ешқашан ұрыспайды», «Ол өте талапшыл емес, бәрін, әсіресе жаттығуды жақсы жасайтындарды кешіреді. Мен оған не айтсам да, ол бәріне шыдайды, өйткені мен бәрінен жақсы орындаімын», «әділетсіз, жақсы жаттығатындарға көңіл бөледі». Мұнда стильтеге тән үш көрініс берілген. Дегенмен аралық стильдер де анықталған. Мысалға, автократияға бейім немесе керісінше, либерализмге бейім демократиялық стиль. Сонымен

бірге, стильдің нақты жағдаятқа тәуелділігі байқалды, ол қарым-қатынас стильдері көріністерінің жағдаяттығы туралы айтуға мүмкіндік береді. Стильге әсер ететін ең мәнді жағдайларға ұжымның нақты ерекшеліктері, оның даму деңгейі жатады.

Топ өзінің әлеуметтік-психологиялық даму деңгейі бойынша әр түрлі болуы мүмкін. Топтың ұжым ретіндегі дамуының жоғары деңгейі оның әр мүшесінің жеткілікті түрде қалыптасқан өзін-өзі басқару қабілетімен сипатталады. Ондай топқа жетекшілік етудің тиімді стилі либералды стиль белгілеріне ие демократиялық болуы мүмкін. Өзін-өзі басқаруға қабілетсіз, қалыптасу кезеңіндегі ұжым үшін авторитарлық стиль белгілері бар демократиялық стиль тиімді болады. Мұнда ұйымдастыру қажет, ол басқарудың авторитарлық тәсілдерімен қамтамасыз етіледі.

Ұжым дамуының деңгейінен басқа, окушыларды басқарудың осы немесе өзге стилін таңдау бірлесken іс-әрекет жағдаяттарының ерекшелігіне байланысты. Алдыңғы қатарлы спорттық ұжымдарды зерттеуде мынадай жағдайды көрсетеді: егер жаттығу кезінде жаттықтырушыда басқарудың демократиялық стилі басым болса, ал жарыс уақытында оның авторитарлық тәсілдері танылады. Бұл кезеңдерде жаттықтырушы ғана команда әрткетінің тиімділігіне жауапкершілікті өз мойнына алатын тұлға болып табылады, сондықтан оның барлық нұсқаулары сөзсіз орындалуды талап етеді. Алайда іс-әрекеттің жоғары нәтижелері жаттықтырушының жеткілікті деңгейдегі құзыреттілігіне және оның ұжымдағы үлкен беделі жағдайында ғана мүмкін болады.

Болашақ мұғалімнің педагогикалық қарым-қатынас стилі тұлғаның тұрақты мінездемесі ретінде негізінде алғашқы жылдары тікелей кәсіптік жұмысында қалыптасады. Педагогикалық қарым-қатынастың негізгі дағдыларының болмауы себепті, алғашқы әзірде окушылармен өзара қарым-қатынасты ұйымдастыруда авторитарлық әдістерді қолданады. Егер жас маман өз еңбек жолын бастаған педагогикалық ұжым шығармашыл, ал жанында ұстаз тәжірибелі педагог болған жағдайда, педагогикалық қарым-қатынастың ең тиімді стилінің қалыптасу үдерісі жағымды жағдайда, қындықсыз өтеді.

Бұл педагогикалық практика барысында да көрінеді.

Дене тәрбиесі маманының коммуникативтік шеберлікке ие болуы, педагогикалық қарым-қатынас техникасын менгеруі маңызды шарт болып табылады. Оның қарым-қатынасы стилінің жекелік өзіндік ерекшелігін

айқындастын негізгі факторлардың бірі болып табылады.

Ол іс-әрекеті мен мінез-құлқының өзіндік бағдарламасы, маңызды жағдаяттарды түйсінуге, соған сай келетін әрекетке дайындығы арқылы анықталады. Ол жаттықтырушының мінез-құлқын білдіреді, оның спортшыға, ұжымға, жаттығу және жарыс үдерісіне қарым-қатынасын айқындаиды. Топта жақсы көңіл-күйі, ахуалы, жылы шырайлылық, өзара құрмет, жолдастық, демеу көрсету қарым-қатынасы болуы үшін оның бағаларының объективтілігі мен әділдігін сезінуі қажет. Мұғалім өзінің бағалауда шынайылылық пен объективтілікке ұмтылуы керек.

Коммуникативтік іс-әрекетін зерттеу педагогикалық қарым-қатынас сипаты мен мазмұны көптеген факторлармен анықталатындығын көрсетеді. Олардың ішінде қарым-қатынастың жеке стилі, дene тәрбиесі маманының қарым-қатынас орнатуы айқындаушы болып табылады. Алайда, ол өзінің оқушылармен қарым-қатынасын саналы түрде жүзеге асыруы керек. Педагогикалық қарым-қатынаста өзін-өзі басқару қабілетінің қалыптасуының қажетті шарты педагогта қарым-қатынас үдерісі заңдылығы жөніндегі білімдердің болуы және коммуникативтік қасиеттердің дамығандығы болып табылады.

Кәсіби қызметіндегі өзінің стилін талдай келе, дene тәрбиесі маманы жеке тұлғалық ерекшеліктерін, жаттығу және жарыс кездерінде туындастын нақты жағдаяттарды, ұжымның даму деңгейін және т.с.с. ескере отырып, ең тиімдісін таңдағаны жөн. Мұндай таңдаудың сәттілігі оқушылардың іс-әрекеті мен мінез-құлқының объективті бағасына мүмкіндігінше жақындастылған шынайы қарым-қатынас орнатудың болуына байланысты.

Жалпы болашақ мұғалімдердің кәсіби дайындығын жетілдірудің ғылыми-теориялық алғышарттарын зерттей келе, мынадай қорытынды жасауға болады:

Бүгінгі таңда жоғары білім беру жүйесі мен құрылымы, білім берудің мазмұны, оқыту әдістері мен тәсілдері, әсіресе дene тәрбиесі мамандарын даярлауда жаңашылдық көзқарас, соны ізденістер мен зерттеулерді талап етуі қарастырылып отырған мәселенің өзектілігін айғақтап берді.

Зерттеу жұмысының нәтижесі көрсеткендей, республикада жоғары педагогикалық білім берудің қалыптасуында мұғалім кадрларын даярлау кеңестік жүйе кезінде қалыптасқан тәжірибелін аумағында жүргізіліп келді.

Соңғы кезде жоғары білімді реформалауда біршама шаралар қолға алынуда. Педагогикалық қызмет іс-әрекеттің басқа түрлері сияқты пәндік мазмұнмен анықталады, оған мотивация, мақсат, пәні, тәсілдер нәтиже жатады. Педагогикалық іс-әрекет пән ретінде, дамудың шарты мен негізі ретінде оқытушылардың пәндік, әлеуметтік, мәдени тәжірибелі игерулеріне бағытталған оқу іс-әрекетінің ұйымдастырылуы болып табылады.

Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі ғылыми және оқу пәні ретінде жетекшілік рөл атқара отырып, дене тәрбиесі саласындағы кәсіптік бағытты анықтайды. Сонымен бірге осы саладағы білім негізінің жүйесін құрайды. Мұғалімнің дене тәрбиесі теориясы мен әдістемесін жете білуі, оның педагогикалық ойлау жүйесінің дамуының басты шарты. Әртүрлі деңгей мен түрлерінде, дене тәрбиесі мәселелерін шығармашылық тұрғысынан шешуге, болып жатқан жаңалықтарды біліп отыруға, кейбір теориялық және іс-тәжірибелік жаңалыққа сын көзben қарап, қабылдауға, дене тәрбиесі міндеттерін шешуде қосымша өтетін ғылыми пәндердің атқарар рөлін дұрыс бағалауға, өзінің педагогикалық шығармашылық негізін жасауда дене тәрбиесі мәселесі бойынша жүргізілген зерттеудің маңызы зор.

Зерттеу жұмысында қазіргі адам мәдениетінің элементі ретінде дене тәрбиесі білімінің маңыздылығымен анықталатын, жалпы орта білім берудегі және жоғары мектепте мұғалімдерді даярлауда дене тәрбиесі білімінің рөлі мен үлесін, онымен қоса қалыптаса бастаған білім беру философиясының шенберіндегі орта мектепте дене тәрбиесін берудің жана мақсаттарын және дене тәрбиесінің мазмұндық менгерудің объективті қындықтарын ескере отырып, дене тәрбиесі мұғалімдерін даярлауды жеке мәселе ретінде тек практикалық қана емес, теориялық тұрғыдан да талданып отыр.

Түрлі әдебиеттерге жасалған теориялық талдаулар дене тәрбиесін жүзеге асыруға болашақ мұғалімдерді даярлаудағы негізгі ұғымдарды анықтап, оларға берілген анықтамаларды нақтылап, жаңа түсініктер мен ұғымдардың пайда болуына негіз болды.

Болашақ дене тәрбиесі мұғалімін даярлау жүйесін және оны психологиялық-педагогикалық білім алуын үйлестірудің жетекші бағыты ретінде дене тәрбиесі үрдісін жүзеге асырудың және түрлендірудің жолдарын түсіндіретін және көрсететін білім жүйесін қалыптастыру

былып табылады. Онымен, қоса, болашақ мұғалім үшін кәсіби маңызы бар бөліктер түрлерін қалыптастыруға жағдай туғызылуы керек.

Дене тәрбиесін жүзеге асыруды сабактастыру, біздің көзқарасымыз бойынша, дене тәрбиесі әдіснамасын студенттер мен оқушылардың білім алу қызметінің мазмұнындай етіп ашу бағытында жүзеге асырылуы тиіс. Бұл дене тәрбиесі мазмұны бойынша білім беруді жүзеге асырудада дұрыс менгеруге ықпал жасайтын дене тәрбиесі әдістері мен технологияларына, оларды логикалық түрде құру, ұйымдастыру тәсілдеріне ерекше көңіл бөлінуі қажеттігін көрсетеді.

Демек, енді осы айтылған мәселелерді теориялық түрғыда негіздей отырып, оның әдістемелік жүйесін ұсыну қажет болып отыр. Ол педагогикалық жүйе құраушыларынан тұрады және мақсатқа сәйкес нәтижеге қол жеткізу үшін ұйымдастырылады.

Болашақ педагогтардың, оның ішінде дене шынықтыру және спорт мамандықтары студенттерінің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруды бақылау формалары ретінде алуға болады, олар:

- портфолио;
- эссе;
- шығармашылық жоба;
- әр түрлі шығармашылық тапсырмалар;
- әр түрлі тестілік тапсырмалар.

Бұл жерде негізгі мәселе қарым-қатынас мәдениетінің жекелеген компоненттерін немесе тұтастай кешенді жиынтығын анықтау жүзеге асырылуына байланысты болады.

### **3.3 Тәжірибелі-эксперимент жұмысының нәтижелері**

Қарым-қатынас субъектісі ретінде ең алғашқы зерттеу нысанына жалпы адамзат өмірі мен оның даму тарихы, яғни дәлірек айтқанда, адамзат баласының пайда болғаны осы кезеңге дейінгі тарихи қарым-қатынас формалары алынды. Мұнда жалпы адамзатқа тән болған қарым-қатынас формалары тұтастық дүние түрінде қарастырылады. Бұл зерттеу бағытының ерекшелігі сол - мұнда зерттеу мұддесіне әр түрлі халықтар мен ұлттар, ұлыстар тағдыры мен олардың даму тарихының айырмашылықтары, өзіндік ерекшеліктері зерттеу негізіне алынады.

Мұндай себептермен жүргізілген зерттеулерде мәдениет саласындағы өзгерістер, қоғам дамуының сатылы формациялық деңгейіне үйлесімді келген, тарихи мәдениет типтері көрсетіледі және олар нақты дәлелдермен негізделеді.

Қарым-қатынастың белгілі бір халықта, сол халықтың тек өзіне ғана тән қалыптасқан формаларын және де сол халықтың жер бетінің әр түкпірінде шашыраған топтарында орнықкан қарым-қатынас түрлері зерттеу нысанының дара түрін қалаған. Белгілі бір халықтың ұстаған қарым-қатынас формалары сол халықтың мәдениетінің ажырағысыз бөлігі болып табылады. Бұған көз жеткізу үшін сол халықты өзгеше бір әлеуметтік және тарихи-мәдени қауымдастық ретінде зерттеп, сол халықтың мәдениетінің қалыптасуына, өткен және қазіргі кезде қандай объективті факторлар әсер еткендігі қарастырылады.

Ұлттық күрес немесе басқа да спорт түрлері бойынша жүргізілген жаттығу жұмыстарының нәтижелерін бақылау жүзеге асырылады. Дене шынықтыру және спорт мамандығы студенттерінің дене дамуы мен спортшылардың функционалдық жағдайын анықтау бойынша жүргізілген педагогикалық эксперимент медициналық мониторингті, антропологиялық өлшеуді, сынақ сынамаларын, т.б. қамтумен кешенді жүргізуі қажеттілігін көрсетеді [279].

Тәжірибелі-эксперимент жұмысын ұйымдастыру барысында алдымен жүргізілетін *жұмыстар жоспарланып алынды*.

1. Эксперимент жұмысының жалпы мақсаты мен міндеттері;
2. Эксперимент зерттеуін ұйымдастыру принциптері мен шарттары;
3. Анықтау, қалыптастыру, бақылау экспериментінің мақсаттары, ғылыми-педагогикалық әдістері мен ұйымдастырудың әдістемелік ерекшеліктер.

*Эксперименттің мақсаты:* белгіленіп алынған педагогикалық шарттардың мәдени қарым-қатынастың болашақ мамандардың кәсіби іс-әрекеттерді пайдаланудағы даярлығын қалыптастыру процесінің тиімділігіне ықпалын эксперимент жүзінде тексеру болды. *Мақсатты айқынданап алу бізге эксперимент барысында шешімін іздестіретін міндеттердің сипатын анықтауга көмектесті:*

- кәсіби іс-әрекеттерде мәдени қарым-қатынасты пайдалануға студенттердің даярлық деңгейінің өлшемдері мен көрсеткіштерін айқындауға;

- дәстүрлі оқу аясында кәсіби іс-әрекеттерде мәдени қарым-қатынасты пайдалануға студенттердің нақты даярлық жағдайын және осы іс-әрекетті жұмыс істеп жүрген мамандардың жүзеге асыру деңгейін анықтау;
- саралап көрсетілген педагогикалық шарттардың мәдени қарым-қатынасты студенттердің кәсіби іс-әрекеттерде пайдалануға даярлығын қалыптастыру процесінің тиімділігіне ықпалын эксперимент жүзінде тексеру;
- эксперимент жұмысының нәтижесіне сүйене отырып, студенттердің кәсіби іс-әрекеттерде мәдени қарым-қатынасты пайдалану даярлығын қалыптастыру бойынша ғылыми-әдістемелік ұсыныстар жасау.

Педагогикалық құбылыстарды зерттеуде эксперименталды әдістерді пайдалану тиімділігіне принциптердің жалпы ғылыми және нақты-ғылыми жүйесі маңызды ықпал етті. Бұл эксперимент жұмысын үйымдастырып өткізудегі жалпы талаптарды сипаттайды.

*Зерттеу жұмысының біз мына принциптерді тірек еттік:*

1. Педагогикалық құбылыстарды біртұтас зерттеу принципі (бұл принцип: жүйелі көзқарасты пайдалануды; педагогикалық процесте зерттеу құбылысының орнын нақты айқындауды; зерттеу құбылысының қозғалысын ашып көрсетуді болжайды);
2. Әділеттілік принципі (бұл принцип: әрбір дәлелдемені бірнеше әдістермен тексеруді; зерттеліп отырған объектідегі өзгерістің бәрін белгілеп отыруды; өз зерттеуінің мәліметтерін басқа зерттеу мәліметтерімен салыстыруды болжайды);
3. Тиімділік принципі (бұны принцип деуге де, зерттеудің негізгі мақсаты деуге де болады).

*Бірінші принципті* біз студенттердің кәсіби іс-әрекеттерде мәдени қарым-қатынасты пайдалануға даярлау жүйесін модельдеуде тірек еттік.

*Екінші принципті* студенттердің кәсіби іс-әрекеттерде мәдени қарым-қатынасты пайдалануға даярлық деңгейі диагностикасының бағдарламасын жасауда, анықтау және қалыптастыру экспериментінің нәтижесін талдауда негізге алдық.

*Үшінші принципті* болжауды анықтауда және талдауда, сондай-ақ эксперимент жұмысын өткізудегі жағдайларды жоспарлауда, алынған эксперимент мәліметтерін бақылауда, талдау мен бағалауда тірек еттік.

Студенттердің кәсіби іс-әрекеттерде мәдени қарым-қатынасты пайдалануға даярлығын қалыптастыру әдістемесін құруда біз жалпыидактикалық принциптерге (саналылық, белсенділік, көрнекілік, жүйелілік, бірізділік, ғылымилық, беріктілік, түсініктілік, теорияның практикамен байланысы), сондай-ақ тұлғалық-бағдарлық, әрекеттілік, модульдік сияқты әдіснамалық принциптерге (көзқарастарға) сүйендік.

Эксперимент барысында алынған нәтижелердің дәлелділігі қебінесе эксперимент өтілген ортадағы жағдайларға байланысты болды. Эксперимент жұмысы педагогикалық процестің табиғи жағдайында, *студенттердің* мәдени қарым-қатынасты, арнағы курсты меңгеру барысында және кәсіби практиканы өту барысында жүзеге асырылды.

Эксперимент жұмысы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде және Халыхаралық қазақ түрік университетінде үш кезеңде (*анықтау, қалыптастыру, бақылау*) жүргізілді. Экспериментке 140 студент қатысты, оның 70-і эксперимент тобында, 70-і бақылау тобында.

*Анықтау* эксперимент барысында студенттердің мәдени қарым-қатынасты кәсіби іс-әрекеттерде пайдалануға даярлық деңгейі модельде көрсетілген төрт компонент (мотивациялық, когнитивтік, эмоциональдық-еріктілік, рефлексивтік) бойынша анықталды.

*Студенттердің* кәсіби іс-әрекеттерде мәдени қарым-қатынасты пайдалануга даярлаудағы мотивациялық компоненттің даму деңгейі төмендегідей анкеталық сұрақтар мен педагогикалық байқаулар арқылы анықталды:

1. Дене шынықтыру және спорт мамандарына қарым-қатынас мәдениеті керек деп ойлайсыз ба?
2. Дене шынықтыру және спорт мамандарына спорттық жаттығу кезінде мәдени қарым-қатынас керек деп санайсыз ба?
3. Дене шынықтыру және спорт мамандарына қарым-қатынас мәдениеті технологиясын меңгеру қажет деп ойлайсыз ба?
4. Спорттық шұғылданушылық кезінде қарым-қатынас мәдениетінің көрінісін атаңыз.

Студенттердің сұраққа берген жауаптары әртүрлі болды. Егер оларға қысқаша тоқталатын болсақ, мынадай көріністі байқауға болады. 12-ші сұраққа эксперимент тобының 70 студенттің 67,2%-ы «адам мәдени

қарым-қатынасты пайдалануға адамгершілік, эстетикалық тәрбие беріп, ой-өрісін жетілдіреді» деп жауап берсе, 32,8% - «жоқ, білмеймін» деумен шектелген. 1-ші сұраққа 57,9% студент «жоқ» десе, 24,2% - «иә», 17,9% - «білмеймін» деп жауап берді. 16-шы сұраққа - 73,8% студент «жатаханада тұрамын, онда мәдени қарым-қатынас төмен» деп жауап берсе, 19,0%-ы «иә», 7,2%-ы «үйде әке-шешеммен жанұяда мәдени қарым-қатынас орта деңгейде» деп жауап берді.


Ғылыми еңбек авторының қатысуымен жүргізілген зерттеу, яғни 5B010800 – Дене шынықтыру және спорт мамандығы студенттерімен жүргізілген зерттеу жұмыстары нәтижелерін талдау: студенттердің дене шынықтыру саласындағы дәстүрлер мен ұлттық спорт түрлеріне қарым-қатынасының жоғары екендігін нақтылауға және дәйектеуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар, олардың (дәстүрлер, ұлттық спорт) ЖОО білім беру үдерісін ізгілендіру бағыттылығын жүзеге асыруға негіз қалайтынын көрсетті [280].

Жалпы айтқанда, анкета сұрақтарын өңдеу нәтижелері студенттердің бірінші компонент бойынша білім деңгейлерінің төмендігін көрсетті (Кесте 4).

Студенттердің көшілігінің жауабы мәдени қарым-қатынасты кәсіби іс-әрекеттерде пайдалануы төмен деңгейдегі білімді көрсетті. Әсіресе, мәдени қарым-қатынасты кәсіби іс-әрекеттегі мүмкіндіктерін 25,3% студенттің түсінбеуі, оның мәні мен құрылымын және принциптерін 21,0% студенттің нашар менгеруі, 9,7% студенттер мәдени қарым-қатынасты кәсіби іс-әрекетте пайдалану әдістемесін білмеуі қалыптастыру экспериментіндеңгі талаптарды құрделендіруге түрткі болды.

**Кесте 4 - Студенттерді кәсіби іс-әрекеттерде мәдени қарым-қатынасты пайдаланудағы мотивациялық компоненттің даму деңгейінің көрсеткіштері**

Компоненттер	Эксперимент тобы - 70, бақылау тобы - 70							
	Жоғары		Жеткілікті		Орта		Төмен	
	ӘТ	БТ	ӘТ	БТ	ӘТ	БТ	ӘТ	БТ
Мотивациялық	-	-	14,53	14	30,64	32,39	54,83	53,53




Сурет 3 - Студенттердің кәсіби іс-әрекеттерде мәдени қарым-қатынасты пайдаланудағы мотивациялық компоненттің даму деңгейінің динамикасы

Студенттердің кәсіби іс-әрекеттерде мәдени қарым-қатынасты орнатуға даярлаудағы когнитивтік компоненттің даму деңгейін анықтау бойынша жүргізілген анкеталық сұрақ нәтижелерін (Кесте 5; сурет 4) көруге болады.

Кесте 5 - Студенттердің кәсіби іс-әрекеттерде мәдени қарым-қатынасты пайдаланудағы когнитивтік компоненттің даму деңгейінің көрсеткіштері

Компоненттер	Эксперимент тобы - 70, бақылау тобы - 70							
	Жоғары		Жеткілікті		Орта		Төмен	
	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ
Когнитивтік	-	-	9,08	11,26	33,87	36,61	56,45	52,13



Сурет 4 - Студенттердің кәсіби іс-әрекеттерде компьютерлік графиканы пайдаланудағы когнитивтік компоненттің даму деңгейінің динамикасы


Кестедегі көрініс, эксперименттің басында эксперимент тобы мен бақылау тобының даму деңгейі бірдей болғандығын көрсетеді. Студенттердің көпшілігінің жауабы төмен деңгейді (эксперимент тобында - 56,45% студент, бақылау тобында - 52,13% студент), эксперимент тобының - 33,87%, бақылау тобының - 36,61% орта деңгейді көрсетсе, жеткілікті деңгейді эксперимент тобынан - 9,68% студент, бақылау тобынан - 11,26% студент көрсетті.

*Студенттердің кәсіби іс-әрекеттерде мәдени қарым-қатынасты іске асыруға даярлаудағы эмоционалдық-еріктік компоненттің даму деңгейі де мынадай анкеталық сұрақтардың көмегімен жүргізілді:*

1. Қарым-қатынас мәдениетіндегі өзіндік тәрбиелеу арқылы дербес жетілдіре аласыз ба? (иә, жоқ, қажетсінбеймін). Егер жетілдірсөніз, қандай бағытта?
  2. Қарым-қатынас мәдениетіндегі, кәсіби шеберлігіндегі қандай жұмыс формалары арқылы жетілдіресіз?
  4. Қарым-қатынас мәдени біліміндегі менгеруге ынта-ықыласыңыз тұрақты ма?
  5. Мәдени қарым-қатынас орнату кезінде қандай өсерде боласыз?
  6. Жаттығушылармен қарым-қатынасты мәдени жолмен шешудегі іс-әрекетің өз көніліңізден шыға ма?
  11. Мәдени қарым-қатынас бойынша орындалған тапсырмаларды эмоционалдық сезіммен қабылдайсыз ба?
- Эмоционалдық-еріктік компоненттер бойынша жүргізілген анкеталық сұрақтардың нәтижелерін (Кесте 6, сурет 5) көруге болады.

Кесте 6 - Студенттердің кәсіби іс-әрекеттерде мәдени қарым-қатынасты орнатуға даярлаудағы эмоционалдық-еріктік компоненттің даму деңгейінің көрсеткіштері

Компоненттер	Эксперимент тобы - 70, бақылау тобы - 70							
	Жоғары		Жеткілік ті		Орта		Төмен	
	ӘТ	БТ	ӘТ	БТ	ӘТ	БТ	ӘТ	БТ
Эмоционалдық еріктік	-	-	6,46	7,06	40,32	38,02	53,22	54,92



Сурет 5 - Студенттердің кәсіби іс-әрекеттерде мәдени қарым-қатынасты орнатуға даярлаудағы эмоционалдық-еріктік компоненттің даму деңгейінің динамикасы

Кестедегі көрініс, студенттердің кәсіби іс-әрекеттерде мәдени қарым-қатынасты орнатуға даярлаудағы эмоционалдық-еріктік компоненттің даму деңгейі көрсеткіштерінің эксперимент тобы мен бақылау тобында төмендігінің бірдей екендігін көрсетті. Мысалы, төмен: эксперимент тобы - 3,22%, бақылау тобы - 54,92%; орта: эксперимент тобы - 40,32%, бақылау тобы - 38,02%; жеткілікті эксперимент тобы - 6,46%, бақылау тобы - 7,06% көрсетті.

*Студенттердің кәсіби іс-әрекеттерде мәдени қарым-қатынасты орнатуға даярлаудағы рефлексивтік компоненттің даму деңгейі де алдыңғы компоненттер сияқты анкеталық сұрақтар бойынша анықталады. Анкета сұрақтары төмендегідей:*


1. Жаттығушылармен қарым-қатынас кезінде ұлттық мәдениеттің элементтерін қолданасыз ба?
2. Мәдени қарым-қатынас пайдалануда өзініздің ісінізге баға береділесіз ба?
3. Сөйлеу мәдениеті спорттық жаттығуда басты рөл атқарады деп ойлайсыз ба?
4. Қарым-қатынас кезінде этика ережелерін сақтайсыз ба?
5. Қарым-қатынас кезінде әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерді сақтай білесіз бе?
6. Мәдени қарым-қатынас кезінде жаттығушының жас ерекшелігін ескере білесіз бе?
7. Мәдени қарым-қатынасты өзініздің іс-әрекетіңізге пайдалануда дұрыс баға береділесіз бе?

9. Мәдени қарым-қатынасты кесіби іс-әрекеттерде оңтайлы жүзеге асырудың жолдарын білесіз бе?

Анкета сұрақтарының нәтижелері (Кесте 7, сурет 6) берілген:

Кесте 7 - Студенттердің кесіби іс-әрекеттерде мәдени қарым-қатынасты орнатуға даярлаудағы рефлексивтік компоненттің даму деңгейінің көрсеткіштері

Компоненттер	Эксперимент тобы - 70, бақылау тобы - 70							
	Жоғары		Жеткілікті		Орта		Төмен	
	ӘТ	БТ	ӘТ	БТ	ӘТ	БТ	ӘТ	БТ
Рефлексивтік	-	-	-	-	41,94	43,66	58,06	56,34



Сурет 6 - Студенттердің кесіби іс-әрекеттерде мәдени қарым-қатынасты орнатуға даярлаудағы рефлексивтік компоненттің даму деңгейінің динамикасы

Студенттердің мәдени қарым-қатынас білім деңгейлерінің төмен болуы, біздің пайымдауымызша, мәдени қарым-қатынасты орнату мектептегі оқу-тәрбие процесінде жүйелі пайдаланылмауына, кейбір мектептерде оның тіпті болмауына және мұғалімдердің бұл саладан педагогикалық-әдістемелік даярлығының төмендігіне байланысты. Осының бәрін ескере отырып, біз осы анықтау экспериментінің бірінші кезеңінде мектеп мұғалімдерінің мәдени қарым-қатынасты орнатуға, соның ішінде болашақ дene шынықтыру мен спрот мамандығы студенттерінің мәдени қарым-қатынасты орнату бойынша білім, іскерлік, дағды деңгейлерін сауалнамалар арқылы анықтадық. Алынған деректер толығырақ болу үшін мұғалімдердің сабактарына қатысып, олардың мәдени қарым-қатынасты оқу процесінде пайдалану іскерлігін, мәдени

қарым-қатынасты орнату бойынша тапсырмаларды орындаудағы кәсіби даярлығын бақыладық.

Мұғалімдердің анкеталық сұрақтарға берген жауаптары мен жүргізген сабактарынан былайша ой түйіндеуге болады: мұғалімдердің мәдени қарым-қатынасты кәсіби іс-әрекеттерде пайдалануда білімі төмен, мәдени қарым-қатынасты кәсіби және зерттеу әрекетінде пайдаланудың жаңа тұжырымдамасы туралы көзқарасы үстірт, ақпараттық идеяларды практикада пайдалануда қиналады. Көптеген мұғалімдер оқу әрекетінің, окушының білімі мен іскерлігінің мотивациялық диагностикасын, мәдени қарым-қатынасты орнату технологиясын нашар меңгерген. Мысалы, мектеп мұғалімдерінің 56,8%-ы мәдени қарым-қатынасты кәсіби іс-әрекеттерде пайдалануда ең аз даярлық деңгейін көрсетті. Бұл мұғалімдердің көпшілігінің жоғары оқу орнында мәдени қарым-қатынасты орнату бойынша арнайы курсарды мұлдем оқымағандығымен түсіндіріледі. Мектепте бес жылға дейін қызмет істегендердің, соның ішінде дene шынықтыру мен спорттан нақты білім алғандар мәдени қарым-қатынасты кәсіби іс-әрекетте пайдалану тәжірибесінен ең аз деңгейді, яки 46,9% көрсетсе, жеткілікті деңгей тек 18,3% болды. Сонымен бірге, жалпы айтсақ бұл нәтижелер, оқу орнын бітіргелі отырған студенттердің нәтижесінен соншама айырмашылығы жоқ. Бұның бәрі студенттерді мәдени қарым-қатынасты кәсіби іс-әрекеттерде пайдалануға даярлаудағы дәстүрлі жүйенің тиімсіздігін және оны жетілдіру қажеттігін көрсетеді.

Біз студенттердің мәдени қарым-қатынасты кәсіби іс-әрекеттерде пайдалануға даярлық деңгейін анықтаумен бірге, олардың бүгінгі жоғары оқу орындарында даярлық жүйесінің ұйымдастырылу сапасына қанағаттанушылық деңгейін де зерделедік.

Студенттердің берген жауабына жасалған талдау, олардың мәдени қарым-қатынасты орнатуға даярлық деңгейінің жеткіліксіздігін мойындайтынын және осы іс-әрекеттің тәжірибесін кәсіби тұрғыда менгеруді қажетсінетінін, алайда олардың сұранысының жоғары оқу орнындағы студенттерді мәдени қарым-қатынасты кәсіби іс-әрекеттерде пайдалануға дайындықтың бүгінгі жүйесіне байланысты шамалы қанағаттандырылатынын айғақтады.

Анкетаның нәтижелері бүгінгі даярлықты қалыптастыру жүйесінің студенттердің кәсіби іс-әрекеттерінде мәдени қарым-қатынасты пайдалану

сұранысына жеткіліксіз бағытталғанын, зерттеліп отырған даярлықты қалыптастыру барысында мәдени қарым-қатынасты пайдалану арқылы әдістер мен формаларды шамалы пайдаланылатынын, мәдени қарым-қатынасты орнатуға іскерлігін қалыптастыруға байланысты жұмыстардың тиімді жүргізілмейтінін көрсетеді. Бұл бірқатар субъективтік және объективтік жағдайларға байланысты. Біріншіден, мұндай даярлықты қалыптастыру жүйесі жасалмаған, екіншіден, оку педагогикалық процесте студенттердің іс-әрекетін басқару мен өзін-өзі басқару бағыты жеткіліксіз қамтамасыздандырылған, болашақ маманның субъектілік көзқарасы шамалы көкейкестілендіріледі, бүгінгі таңдағы білім беру технологиясының және т.б. мүмкіндіктері пайдаланылмайды.

*Анықтау эксперименті* деректерінің негізінде мынадай тұжырым жасауға болады:

- жоғары оку орны студенттерін дәстүрлі оқытуда мәдени қарым-қатынасты кәсіби іс-әрекеттерде пайдалану тәжіриbesі жеткіліксіз қалыптасқан, ал бұл болса осы іс-әрекеттің кәсіби жұмыста сапалы жүзеге асырылуында кедергісін келтіреді;
- студенттердің мәдени қарым-қатынасты кәсіби іс-әрекеттерде пайдаланудағы даярлық деңгейін педагогикалық шарттардың нақты кешенін жүзеге асыру барысында арнайы жүйе жасап, оны ендіруді қамтамасыздандырган жағдайда көтеруге болады.

Қалыптастыру эксперименті үш кезеңнен тұрды. Мақсаты - болашақ дene шынықтыру және спорт маманының мәдени қарым-қатынасты қалыптастыру жүйесін ендіру және педагогикалық шарттардың зерттеліп отырған даярлықты қалыптастыру процесінің тиімділігіне ықпалын тексеру болды.

Қалыптастыру экспериментінің 1-ши кезеңінде біз 1-3 курс студенттеріне өзіміз жасаған “Дене шынықтыру және спорттағы қарым-қатынас мәдениеті” курсының оку бағдарламасы негізінде білім берілді. Бұл кезең студенттердің теориялық және қарам-қатынас мәдениетін қалыптастыру даярлығының негізгі кезеңі болып саналады. Мұнда қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру бойынша әдістемелік құралы пайдаланылады. Бұл кезеңде студенттер әртүрлі мақсатты көздейтін, оку процесінің даярлығы мен студенттердің сабактағы оку-танымдық әрекетінің жобасын (ақпараттық-сөзді бағдарламалары, банктері: озық тәжірибе бағдарламалары, педагогикалық құралдар, аспаптық құралдар,

т.б.) оқу процесін ұйымдастыруды (әртүрлі тақырыптар мен бөлімдер бойынша білім беретін, жаттықтыратын, үлгілейтін бағдарламалар) зерттеуді, соңғы нәтижелердің бағасына талдау беруді және педагогикалық іс-әрекеттің тиімділігін қалыптастыруды айқындауды (бақылау түрлерінің бағдарламалары, тестілер, т.б.) қамтамасыздандырылатын бағдарламалық-мәдени қарым-қатынас құралдармен таныстыруды көздейді.

Студенттердің даярлығын қалыптастыру, көбінесе, оқу процесінде қарым-қатынас мәдениеті бойынша сабак беру барысында жүзеге асты. Бұл кезеңге тән қасиет студент тұлғасының субъективтік көзқарасын дамыту, яки студенттерді жаңа ортаға бейімдеу, ал оның негізгі іс-әрекетінің түрі танымдық болып саналады. Субъективтік көзқарасты көкейкестілендіру болашақ маманың тұлғалық жетістіктерін белсендендіру арқылы және оларды диагностикалық-жобалық тапсырмалардың шешіміне қатыстыру арқылы жүзеге асты. Студент тұлғасының субъективті көзқарасын көкейкестілендіру, сонымен бірге онтайлы жағдайлар жасау арқылы студенттерді дәстүрлі кәсіби және зерттеу міндеттерін шешу барысында қарым-қатынас мәдениетін орнату бойынша технологиялық әрекеттерге алдын-ала оқыту арқылы, сондай-ақ сабактарда проблемалық жағдайлар туындалу арқылы (мәселен, студент тапсырманың шешімін білмейді, проблемалық сұраққа жауап бере алмайды, өйткені білім деңгейі және студенттерге тапсырманы шешуде жаңа шарттарды қоюятын проблемалық жағдайлары жетіспейді) жүзеге асты.

Когнитивтік мақсаттар лекциялық сабактарда, мотивациялық-практикалық, эмоционалдық-еріктік-өздігімен дербес жұмыс процесінде басымырақ болады. Бұл кезеңде даярлықты қалыптастыру процесінде оқытудың дәстүрлі формалары мен әдістері пайдаланылды: лекциялар, тәжірибелік-практикалық сабактар, әдістемелік құралы ретінде пайдаланылды. Бұл кезеңде білімдегі мақсатқа жетуде (білім жүйесін қалыптастыру, кәсіби тапсырмаларды шешуде қарым-қатынас мәдениетін орнатудың функционалдық мүмкіндіктерін көрсету) жетекші рөлді оқытушы атқарды. Даярлықты қалыптастыруды осылайша ұйымдастыру студент даярлығының мотивациялық компонентін дамытуға ықпал етті. 1-ші және 2-ші курстың сонында жүргізіліп отырған кесінділердің нәтижелері студенттердің жылдан-жылға қарым-қатынас мәдениетін

орнатуға қызығушылығының артқанын, білімдерінің дамып, толығып отырғанын көрсетумен бірге, іскерлік пен дағдыларын әлі де болса шындағай тусу

қажеттігін байқатты. Мысалы, дene шынықтыру және спорт мамандықтары бойынша студенттер психологиялық айла-амалдарды қолдануда студенттердің 54%-ы қиналса, “бапкерлер”, “оқытушылар” 48,1%-ы психологиялық айла-амалдарды қолдануға практикалық дағдыларының шамалы екендігін, логикалық айла-амалдармен жұмыс жасай алмайтынын көрсетті.

Біз осының бәрін ескере отырып, қалыптастыру экспериментінің екінші кезеңінде, 3-ші курс студенттеріне “Дене шынықтыру және спорттағы қарым-қатынас мәдениеті” атты арнайы курс арқылы қосымша білім берілді. Басты назар педагогқа тән қасиеттерді және қазіргі заман педагогы білім беру ортасын - қарым-қатынас мәдениеті процестерін үйімдастыру ерекшеліктерін оқып менгеруге аударылды. Далярлықты қалыптастырудың осы кезеңінде қарым-қатынас мәдениетін орнату пәні типтік оқу жоспарына енген негізгі пән ретінде студенттерге әрі қарай менгертілді және ақпаратты өндөудегі әдістер мен құралдардың жиынтығы ретінде қарастырылды.

*Арнайы курс мынадай міндеттердің шешімін іздестірді:* болашақ мамандарды қарым-қатынас мәдениетін орнатуға және оны кәсіби іс-әрекеттерде пайдалану бойынша менгерген білімдерін жүйелеу, оларды дамыту және толықтыру; кәсіби іс-әрекеттерде қарым-қатынас мәдениетін пайдалану іскерлігін дамыту және жетілдіру; студенттерді қарым-қатынас мәдениетін пайдалану арқылы кәсіби тапсырмаларды шешу мәдениетіне баулу; кәсіби іс-әрекеттерде қарым-қатынас мәдениетін пайдаланудағы өзінің даярлық деңгейін болжап білуге үйрету.

Арнайы курсты оқыту барысында студенттерге кәсіби-бағдарлық тапсырмаларды шешу мақсатында мәтіндік редакторлардың, электрондық кестелердің, тірек деректердің, өзара байланыстағы пакеттердің және т.б. функционалдық мүмкіндіктерін зерделеп, пайдалануда жағдайлар жасалды. Аспаптық құралдар зерттелді және білім беретін бағдарламалар жасауға байланысты талаптар айқындалды. Тыңдармандардан кәсіби тапсырмаларды шешу әдістемесін жобалау мен жүзеге асыру бойынша белсенді жұмысты талап еттік, практикалық сабактар, іскерлік ойындар жүргізілді.

Осы кезенде студенттердің кәсіби іс-әрекеттерде қарым-қатынас мәдениетін пайдаланудағы себеп-салдары мен құндылық бағдарындағы өзгерістері бақыланды. Әсіреле, студенттердің жаттығу жұмыстарына аса назар аударылды. Студенттердің арнайы курстан алған білімі мен іскерлігін қалыптастыру экспериментінің үшінші кезеңі кәсіби практикада шындалып бекітілді. Бұл кезенде студенттер қарым-қатынас мәдениетін кәсіби іс-әрекеттерде пайдалануға байланысты теориялық білімін жүзеге асырды және болашақ маман ретінде қарым-қатынас мәдениетінің көмегімен кәсіби іс-әрекетті ұйымдастырудың мүмкіндіктерін түсінді, қарым-қатынастағы айлалы-әрекеттер механизмін автоматты тұрғыда өндөу технологиясын, білімді толықтыру мен жүйелуу технологиясын; ақпараттық жүйені пайдалану технологиясын және т.б. өздерінің іс-әрекетінде белсенді пайдаланды. Яғни, кәсіби практика студенттердің қарым-қатынас мәдениеті кәсіби іс-әрекеттерде пайдалануға даярлығын қалыптастыру процесінде маңызды функцияны атқарды.

Осы кезенде белгіленген міндеттерді біз студенттермен бірге кешенді тапсырмаларды шешу арқылы жүзеге асырдық. Кешенді тапсырмалардың құрамында әртүрлі типтегі тапсырмалар мен шығармашылық сипаттағы іс-әрекет жобасы болды. Сол тапсырмалардың кейбіріне тоқтала кетейік:

- білім саласының қандай тапсырмасын шешуде қарым-қатынас мәдениетін пайдалануға болады (талдау берініз);
- өзінізге берілген тапсырманы орындау процесінде қарым-қатынас мәдениетін орнатуда қандай амалдарды пайдалана алар едініз (анықта). Мүмкіндігінше оларды пайдаланып көрініз;
- компьютерлік графиканы кәсіби іс-әрекеттерде пайдаланудың жағымды жағына талдау берініз;
- қандай жағдайларда психологиялық айла-амалдарды пайдалануға болатынын практика барысында байқадыңыз ба, байқасаныз, оларды пайдаланған тапсырманыз бойынша жоспар жасаңыз.

Кешенді тапсырмалардың шешімі студенттердің қарым-қатынас мәдениетін орнатудан меңгерген теориялық білімінің мазмұндылығын, оны кәсіби іс-әрекеттерде ұтымды пайдалана білетінін дәлелдеді.


Студенттердің республика көлемінде жарияланған конкурстарға қатысып, жүлделі орындардың иегері болуы да тәжірибелі-эксперимент жұмысының нәтижесі десе болады. Нақты тақырыптар бойынша курстық

жұмыстар, (Мысалы, “Кәсіби іс-әрекетте қарым-қатынас мәдениетін орнату”, “Қоғамда қарым-қатынас мәдениетін орнату және оның өз іс-әрекеттегі көрінісі” және т.б.) рефераттар (“Ата-аналармен қарым-қатынас мәдениеті мен мүмкіндіктері”, “Мамандардың өзара байланысы”, “Білім берудегі ынтымақтастық педагогиканы басшылыққа алу”, т.б.), дипломдық жұмыстар да (“Көшпендер” көркем фильміндегі мәдени қарым-қатынас, “Қызы Жібек”, “Қажы Мұқан” және т.б. спорттық жаттығуларға үйрететін фильмдердегі қарым-қатынас мәдениеті) және т.б. студенттердің қарым-қатынас мәдениетін орнатуға даярлық деңгейінің көрсеткіші.

Тәжірибелі-эксперимент жұмысының соңғы бақылау кезеңінде педагогикалық зерттеудің және қайтара жүргізген анкеталық сауалнаманың негізінде студенттердің қарым-қатынас мәдениетін кәсіби іс-әрекеттерде пайдаланудағы даярлығын қалыптастыру деңгейі анықталды. Төменде осы компоненттердің нәтижесі беріледі (Кесте 8, сурет 7).

Кесте 8 - Студенттердің қарым-қатынас мәдениетін кәсіби іс-әрекеттерде пайдалануға даярлығын қалыптастырудың мотивациялық компонентінің даму деңгейінің көрсеткіші (эксперименттің соңы)

Компоненттер	Эксперимент тобы - 70, бақылау тобы - 70							
	Жоғары		Жеткілікті		Орта		Төмен	
	ӘТ	БТ	ӘТ	БТ	ӘТ	БТ	ӘТ	БТ
Мотивациялық	46,77	-	43,54	18,30	9,67	33,80	-	47,88




Сурет 7 - Студенттердің қарым-қатынас мәдениетін кәсіби іс-әрекеттерде пайдалануға даярлығын қалыптастырудың мотивациялық компонентінің даму деңгейінің динамикасы (эксперименттің соңы)

Эксперимент тобындағы когнитивтік компоненттің (Кесте 9, сурет 8) даму деңгейі де эксперимент сонында жақсы көрсеткіштерді көрсетті. Мысалы, эксперимент басында компонент бойынша жоғары деңгей жоқ болса, сонында олардың саны - 46,76% болды, жеткілікті деңгей - 41,94% есеге өссе, орта деңгейдің саны - 14,53% есеге қысқарды, тәмен деңгей болған жоқ.

Кесте 9 - Студенттердің қарым-қатынас мәдениетін кәсіби іс-әрекеттерде пайдалануға даярлығын қалыптастырудың когнитивтік компонентінің даму деңгейінің көрсеткіші (эксперименттің соны)

Компоненттер	Эксперимент тобы - 70, бақылау тобы - 70							
	Жоғары		Жеткілікті		Орта		Тәмен	
	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ
Когнитивтік	43,54	-	41,93	14,08	14,53	38,04	-	47,88



Сурет 8 - Студенттердің қарым-қатынас мәдениетін кәсіби іс-әрекеттерде пайдалануға даярлығын қалыптастырудың когнитивтік компонентінің даму деңгейінің динамикасы (эксперименттің соны)


Болашақ педагогтардың қарым-қатынас мәдениетін кәсіби іс-әрекеттерде пайдалануға даярлығын қалыптастырудың эмоционалдық-еріктік сапаларының өзгерісін кесте 10 мен сурет 9-дан көруге болады.

Кесте 10 - Студенттердің қарым-қатынас мәдениетін кәсіби іс-әрекеттерде пайдалануға даярлығын қалыптастырудың эмоционалдық-еріктік компонентінің даму деңгейінің көрсеткіші (эксперименттің соны)

Компоненттер	Эксперимент тобы - 70, бақылау тобы - 70							
	Жоғары		Жеткілікті		Орта		Төмен	
	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ
Эмоционалдық-еріктік	43,18	-	46,84	9,85	9,97	40,84	-	49,29

9-суреттегі көрініс эксперимент тобындағы студенттердің эмоционалдық-еріктік компонентінің даму деңгейінде мынадай өзгерістің болғанын көрсетеді: жоғары деңгей алғашында болмаса, сонында олардың саны - 43,18%-ға көтерілді, жеткілікті деңгей - 46,84% өсті, орта деңгейлердің саны - 9,97% есе азайды, төмен деңгей болған жоқ.

Суреттегі көрініске жасаған талдаудан мынаны көруге болады: егер эксперимент басында рефлексивтік компонент бойынша жоғары деңгей көрсеткендер болмаса, эксперимент сонында жоғары деңгейді - 40,32% көрсетті, жеткілікті деңгейдегілердің саны - 45,16% асты, орта деңгейді көрсеткендердің саны - 11,29% есеге төмендеді, төмен деңгейді көрсеткен студент болмады. Бақылау тобында айтарлықтай өзгерістер болған жоқ.



Сурет 9 - Студенттердің қарым-қатынас мәдениетін кәсіби іс-әрекеттерде пайдалануға даярлығын қалыптастырудың эмоционалдық-еріктік компонентінің даму деңгейінің динамикасы (эксперименттің соны)


Эксперименттің басы мен соңындағы студенттердің қарым-қатынас мәдениетін орнату кәсіби іс-әрекеттерде пайдалануға даярлығын қалыптастыру компоненттерінің даму деңгейлерінің көрсеткіштерін кесте 11-де, 12-де, ал эксперимент жұмысының қорытынды нәтижесі (динамикалы) Сурет 10-да, 11-де беріледі.

Қорытынды нәтижелер мынаны көрсетеді: егер, эксперимент жұмысының басында төмен деңгейді көрсеткен эксперимент тобы студенттерінің саны-54,8% болса, эксперимент соңында төмен деңгейді көрсеткен студенттер болған жоқ.

Жоғары деңгейді алғашында ешбір студент көрсетпесе, эксперимент соңында олардың саны - 44,74% болды, жеткілікті деңгейдегілердің саны алғашында - 7,26% болса, соңында - 44,34%-ға жетті, орта деңгейде алғашында-36,69% көрсетсе, соңында - 10,84% қалды. Бақылау тобында айтарлықтай өзгеріс болған жоқ.

Кесте 11 – Студенттердің қарым-қатынас мәдениетін кәсіби іс-әрекеттерде пайдалануға даярлығын қалыптастырудың рефлексивтік компонентінің даму деңгейінің көрсеткіші (эксперименттің соңы)

Компоненттер	Эксперимент тобы - 70, бақылау тобы - 70							
	Жоғары		Жеткілікті		Орта		Төмен	
	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ
Рефлексивтік	40,32	-	45,19	4,22	14,52	42,26	-	53,52




Сурет 10 - Студенттердің қарым-қатынас мәдениетін кәсіби іс-әрекеттерде пайдалануға даярлығын қалыптастырудың рефлексивтік компонентінің даму деңгейінің динамикасы (эксперименттің соңы)

Кесте 12 - Студенттердің қарым-қатынас мәдениетін кесіби іс-әрекеттерде пайдалануда даярлығын қалыптастыру компоненттерінің даму деңгейлерінің көрсеткіштері (эксперименттің басы мен соны) (%).

Компоненттер	Жұм. кезең i	Жоғары		Жеткілікті		Орта		Төмен	
		ӘТ	БТ	ӘТ	БТ	ӘТ	БТ	ӘТ	БТ
Мотивациялық	Басы	-	-	14,51	14,08	30,64	32,39	54,85	53,63
	Соны	46,77	-	43,54	18,30	9,67	33,80	-	47,90
Когнитивтік	Басы	-	-	8,06	11,26	35,87	36,61	56,07	52,13
	Соны	46,76	-	41,94	14,09	11,53	38,04	-	47,88

12-кесте жалғасы

Эмоционалды-еріктік	Басы	-	-	7,45	7,04	40,32	38,02	53,23	54,94
	Соны	43,18	-	46,84	9,85	9,97	40,84	-	49,29
Рефлексивтік	Басы	-	-	-	-	41,93	43,66	58,07	56,34
	Соны	40,32	-	45,19	4,22	14,52	42,25	-	53,53



Сурет 11 - Студенттердің қарым-қатынас мәдениетін кесіби іс-әрекеттерде пайдалануда даярлығын қалыптастыру деңгейінің қорытынды динамикасы

Сонымен, эксперимент барысында алынған нәтижелер біздің студенттердің қарым-қатынас мәдениетін кесіби іс-әрекеттерде пайдалануға даярлығын қалыптастыру тиімділігі жоғары оқу орнындағы кесіби пәндерге студенттердің даярлығын қалыптастыруға бағытталған жүйені ендіру арқылы және педагогикалық шарттар кешенін жүзеге асыру арқылы қамтамасызданырылады деген болжамымыздың дұрыстығын дәлелдейді.

## **ҚОРЫТЫНДЫ**

1. Бұғінгі жаңа қоғамды ізгілендіру мен жаһандандыру жағдайында болашақ мамандардың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру әлеуметтік-педагогикалық проблема. Әсіресе, дene шынықтыру және спорт мамандығы бойынша даярланатын мамандардың тәрбие үдерісін жетілдіру өте өзекті мәселенің бірі болып отыр.

2. Зерттеу проблемасы саласында жарық көрген ғылыми еңбектерге жасалған талдау бұл тақырыптың бұрын-соңды педагогика ғылымында дene шынықтыру және спорт мамандығы бойынша зерделенбегенін «мәдениет», «қарым-қатынас», «қарым-қатынас мәдениеті» проблемалары саласындағы ғылыми еңбектер зерттеудің ұғымдық аппаратын негіздеуге, ұғымдардың өзара байланысын, мәні мен мағынасын ашып көрсетуге, атқаратын функцияларына, принциптеріне жан-жақты сипаттама беруге, осы ұғымдарға берілген анықтамаларды жүйелеуге мүмкіндік береді және зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізін қалайды.

Қарым-қатынас мәдениеті үдерісін теория мен практикада зерттеуде оған берілген анықтамаларды жүйеге келтіріп, педагогикалық мазмұнын ашып көрсетуге, құрылымдық компоненттері мен функцияларын анықтауға көмектеседі.

3. Оқу-тәрбие үдерісінде студенттерді қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу мақсатында жүргізілетін жұмыстар дene шынықтыру және спорт мамандарының қажетті мәдени деңгейін айқындаиды.

4. Дене шынықтыру және спорт мамандарының қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруды жүзеге асырудағы даярлығы жеке тұлғаның кәсіби сапасының бірі ретінде мынадай компоненттердің бірлігін қурайды: мотивациялық, когнитивтік, эмоционалдық-еріктік, рефлексивтік.

5. Осы аталған компоненттердің жеткілікті дамуы мен заңдылығы, олардың тұтастық бірлігі дene шынықтыру және спорт мамандығы студенттерінің кәсіби психологиялық-педагогикалық даярлығының нақты қалыптасқан мәдениетті қарым-қатынас орната білу деңгейінің көрсеткіші болып саналады.

Олардың жеткілікті дамымауы студенттердің қарым-қатынас мәдениетіне даярлығының жоқтығын және адамгершілік-этикалық түрғыда даму деңгейінің төмендігін айғақтайды.

6. «Дене шынықтыру және спорт мамандығы студенттерінің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру» моделі, олардың қарым-қатынас мәдениеті деңгейін, оқушылардың қарым-қатынас орната білу мәдениетін дағдыландыруға даярлығын зерттеуге алдын-ала кірісуге, студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың тиімділігін қамтамасыздандыратын кешенді, педагогикалық шарттарды анықтауға мүмкіндік берді.

7. Педагогикалық шарттар құрайтын оқу-тәрбие үдерісінің мазмұны, студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру үдерісін жүзеге асыратын формалар мен әдістер көрсетілді. Нақтырақ айтқанда: оқу үдерісінің мазмұны жалпы кәсіби мамандықтардың бағдарламаларына және «Дене шынықтыру және спорттағы қарым-қатынас мәдениеті» атты таңдау курсын ендірумен анықталады.

8. Ұйымдастырушылық – осы үдерісті мақсатты бағыттылықта басқарумен, аудиториялық, аудиториядан тыс әртүрлі жұмыс формалары мен әдістерін пайдаланумен айқындалады.

9. Әдістемелік-ғылыми негізделген әдістемелік нұсқаулармен қамтамасыздандырылады.

10. Тәжірибелі-эксперимент жұмысы нәтижесіндегі әрбір кезеңдердегі кесінділердің салыстырмалы сипаттамасы мен шынықтыру және спорт мамандықтары студенттерінің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру жоғарыда аталған педагогикалық шарттарды қолданумен қамтамасыздандырылатынын көрсетті.

Зерттеудің нәтижесі бойынша бірқатар ұсыныстар жасауға болады.

1. Зерттеу барысында анықталған педагогикалық шарттарды жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие үдерісінде студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мақсатында пайдалану қажет.

2. Дене шынықтыру және спорт мамандығы студенттерінің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда біз ұсынған арнайы курс пен семинар бағдарламасын пайдаланған орынды, өйткені бұлар оқу-тәрбие үдерісінің сабактастығын, тұластығын қамтамасыздандырады.

3. Студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мақсатында өзін-өзі тәрбиелеу өздігінен іздену ынтасын жетілдіру қажет.

4. Мұғалімдер мен кәсіби мамандар білімін жетілдіретін институттарында қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға байланысты арнайы семинарлар, педагогикалық оқулар ұйымдастырған жөн.

Қарастырылып отырған зерттеу толығымен шешімін тапты деуге болмайды. Алдағы уақытта жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие үдерісінде студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда ұлттық мәдениет ерекшеліктерін ескере отырып, оның жаңа формаларын, әдіс-тәсілдерін іздестьру және т.б. проблемалар шешімін табуы қажет.

## **Пайдаланылған әдебиеттер**

- 1 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. –Астана. 2007. 27 шілде.
- 2 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» стратегиясы.
- 3 Ұлт жоспары «100 нақты қадам» бағдарламасы //<http://old.qamshy.kz/>
- 4 ІІ. Алтынсариннің таңдамалы педагогикалық мұралары. //Құрастырган С.Қалиев. –Алматы: Рауан, 1991. – 200 б.
- 5 Құнанбаев А. Шығармалары (екі томдық). –Алматы: Жазушы. 1977.– 1576.
- 6 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Ана тілі, 1992.
- 7 Аймауытов Ж. Шығармалары. – Алматы: Жазушы. 1989. – 120 б.
- 8 Абишев К.А., Абдильдин Ж.М. Формирования строя мышления в процессе деятельности. – Алматы. 1991. – 212 с.
- 9 Батищев Г.С. Статья. Вопросы философии. –М. 1995. – С. 9-129.
- 10 Библер В.С. Нравственность, культура, современность: Философские размышления. –М.: Знание, 1990. – 220 с.
- 11 Каган М.С. Системный подход и гуманитарные знания: Избранные статьи. –Л.: Изд. ЛГУ, 1991. – 260 с.
- 12 Буева Л.П. Человеческий фактор: новое мышление и новое действие. – М., 1988. – 63 с.
- 13 Парыгин Б.Д. Психологическая готовность к работе в новых условиях: проблемы, тенденции и пути решения. Психологический журнал. – 1986. – Т. 7. - №6. – С. 3-13.
- 14 Ананьев Б.Г. Человек как предмет воспитания. – Л., 1968. – С. 30-31.
- 15 Кан-Калик В.А. Грамматика общения. – М.: Педагогика, 1983. – 50 с.
- 16 Филонов Л.Б. Педагогика общения. – М.: Знание, 1997. – 88 с.
- 17 Конаржевский Ю.К. Совершенствование функции внутришкольного управления: – Челябинск, 1988. – 113 с.
- 18 Кулюткин Ю.Н. Психология учения взрослых. – М., 1985. – 68 с.
- 19 Никандров Н.Д., Кан-калик В.А. Педагогическое творчество. – М.: Педагогика. 1990. – 274 с.
- 20 Божович Л.И. Личность и ее формирование в детском возрасте. –М. Просвещение, 1968. – 464 с.
- 21 Кон И.С. Психология старшеклассника. – М.: Просвещение, 1980. – 192с.
- 22 Леонтьев А.А. Деятельность. Сознание. Личность. – М.: Педагогика, 1985.
- 23 Мясищев В.Н. Личность и неврозы. – Л.: Изд-во ЛГУ, 1960. – 426 с.

- 24 Жарикбаев К., Калиев С. Антология педагогической мысли в Казахстане. – Алматы: Казахстан, 1995. - 410 с.
- 25 Алдамұратов Ә.А. Алдамұратов Ә., Ғабитов Т.Х., Әдеп негіздері. – Алматы, 1997. Б.3-7.
- 26 Ғабитов Т.Х., Өмірбекова М.Ш. Мәдениеттану негіздері. – Алматы, 2003. – 113 б.
- 27 Кудайкулов М.А. Дидактические проблемы формирования основ профессионально-методических умений у будущего учителя. Дис. ... д.п.н. : 01.03.98. – Алма-ата, 1975. – 453 с.
- 28 Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге дайындаудың теориясы мен практикасы. Пед.ғыл.док. дисс... – Қарағанды, 2002. – 400 б.
- 29 Нургалиева Г.К. Ценностные ориентации личности: методология, теория, практика. – Алматы, 1994. – 344 с.
- 30 Нұрлыбекова А.Б. Становление и реализация субъектов педагогического процесса в образовании и спорте \ Материалы научно-практич. конфер. – Алматы, 1999. – С. 59-65.
- 31 Төлеубекова Р.К. Бала тәрбиесіндегі халықтық педагогика. Алматы, 1994. – 105 б.
- 32 Бекбаттаев Т.Ж. Мектептегі дене тәрбиесі жүйесінде дәстүрлі қазақ ойындары мен жаттығуларын қолдану. Пед. ғыл. канд. дисс. ... – Алматы, 1982. – 145 б.
- 33 Байбурин А.К., Топорков А.Л. У истоков этикета: Этнографическое очерки. Ленинград. 1990. – 166 с.
- 34 Балтабаев М.Х. Современная художественная культура Казахстана.- Алматы, «Өнер», 1998. – 132 с.
- 35 Керимов Л.К. «Қыын» оқушылар және оларды қайта тәрбиелей мәселелері. – Алматы, 1991. – 27 б.
- 36 Трифонов В.В. Система подготовки будущих учителей к работе с трудными подростками. Дисс. д.п.н. 13.00.01. – Алматы, АГУ им. Абая, 1992. – 260 с.
- 37 Құнантаева К. Білім заңғарына жол. – Алматы: Қазақстан, 1982. – 94 б.
- 38 Хайруллин Г.Т. Из опыта социализации личности школьника. Материалы международной конференции. Алматы. 2001. - С.82-86.
- 39 Хмель Н.Д.Педагогический процесс как объект деятельности учителя:Уч.пособие для студентов и преподавателей пед. институтов.-Алма-Ата, 1978. – 126 с.
- 40 Хан Н.Н Этнорегиональные особенности ценностных ориентации личностей: Автореф. дис...канд.пед.наук. – Алматы, 1993. – 18 с.

- 41 Успанов К.С. Педагогические основы формирования общительности как профессионально значимого качества будущего учителя: Дис.канд.пед.наук. Алма-Ата, 1985. – 165 с.
- 42 Франковская О.Н. Формирование культурой общения старшеклассников. Автореф. дисс. ...канд. пед. наук. – Алматы, 1996. – 23 с.
- 43 Жампейисова К.К. Формирование основ политической культуры старшеклассников. 13.00.01 – теория и история педагогики: автореф. ...докт.пед.наук. – Алматы, 1993. – 47 с.
- 44 Бейсембаева А.А. Мектепте оқыту жұмысында пән аралық байланыстың мәні. – Алматы, 1970. – 120 б.
- 45 Калиева С.И. Пути совершенствования организации труда заместителя директора вечерней школы работающей молодежи. Дисс. к.п.н. – Алма-Ата, 1983. – 187 с.
- 46 Ким В.А. Актуальные проблемы подготовки специалистов в Вузе (Сборник научно-практ.конфер). – Алматы, 1999. – С. 55-59.
- 47 Кубрушко П.Ф. Содержание педагогической подготовки руководителей диссертационной исследований. – М.: Изд-во МГАУ, 2001. – С. 35-36.
- 48 Қазмагамбетова А.Г. Научно-педагогические основы формирования системы оценочных притязаний школьников в учебном процессе. Дисс.п.н. – Алматы, 1999. – 15 с.
- 49 Байсеркеев Л.А. Нравственные основы правового воспитания школьников. Уч. пособие. – Алматы, 1999. – 38 с.
- 50 Омарова Р.С. Жоғарғы оқу орындарында студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру. Пед.канд.дисс. – Алматы, 2002. – 166 б.
- 51 Ералин Қ. Сәндік қолданбалы өнер сабактары. – Алматы, 1999. – 23 б.
- 52 Саипов А.А. Проблемы подготовки специалистов в системе туризма. Материалы международной научно-практ.конф. Алматы: АГУ им. Абая, 1997. – С. 105-110.
- 53 Конюхов И.И. Словарь-справочник практического психолога. Воронеж. 1996. – 205 с.
- 54 Захаров А.И. Как предупредить отклонения в поведении ребенка. –М., 1993. – 78 с.
- 55 Рысбаева А.К. Культура профессионально-педагогического обучения в коллективе студенческой группы как условие формирования личности будущего учителя. Автореф. Дис... канд.пед.наук. – Алматы, 1991. – 18 с.
- 55 Писаренко В.И., Писаренко И.Я. Педагогическая этика. – Минск: Высшая школа, 1986. – 312 с.
- 56 Болдынюк Д.И. Системные исследования культуры общение педагога. Дисс. канд. пед.наук. Уман. 1989. – 165 с.

- 57 Темирбеков С. Введение в культурологию. –Алматы: Жазушы, 1996. – 61 с.
- 58 Омар Е.О., Сапарова Ю.А. Қарым қатынас мәдениеті. Оқу құралы. Шымкент. 2004. – 116 б.
- 59 Васильева З.И. и др. Логико-структурный курс педагогики. Уч.пособие, - Алма-Ата, Елимай, 1991. – 32 с.
- 60 Лишин О.В. Педагогическая психология воспитания. – М., 1997. – 116 с.
- 61 Мальковская Т.Н. Формирование социальной активности подрастающих поколений: проблемы и пути их решения. Актуальные проблемы формирования социальной активности учащихся. -М.: Изд-во АПН СССР, 1988. – С. 5-17.
- 62 Калиев С.К. және т.б. Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытудың педагогикалық негіздері. – Алматы, 2001. – 98 с.
- 63 Божбанова Р. Этнопедагогическая культура личности. – Караганда, 1998. – 121 с.
- 64 Наурызбай Ж.Ж. Ұлттың ұлы бола алсақ. – Алматы: «Ана тілі», 1997. – 147 б.
- 65 Молдажanova А.А. Особенности формирования педагогической культуры будущего учителя. Автореф. дис. к.п.н., - Алматы, 1996. – 22 с.
- 66 Magauova A.C. Подготовка будущего учителя к использованию прогрессивных традиций народной педагогики учебно-воспитательном процессе общеобразовательной школы. Дисс. ...к.п.н.: 13.00.01. – Алматы, 1995. – 157 с.
- 67 Марғұлан Ә. Ойсылқара. /Жұлдыз, № 2, 1984. – Б. 172-174.
- 68 Ахмет Жүйнеки. Ақыят сыйы. – Алматы: Ғылым, 1975. – 320 б.
- 69 Төребаева К.Ж. Студенттердің қарым-қатынас мәдениетін калыптастырудың ғылыми-практикалық негізі. Алматы. 2002. – 59 б.
- 70 Жарықбаев Қ.Б. Қазақ психологиясының тарихы. – Алматы: Қазақстан, 1996. – 160 б.
- 71 Қуанышев Т.Ш. Ұлттық ойындар – дene шынықтырудан болашақ мұғалімдер әзірлеу құралы. Пед.ғыл.канд. дис.: 13.00.01. – Алматы, 1994. – 130 б.
- 72 Адамбеков К.И. Современное состояние и тенденции развития социальной педагогики в спортивной науке //Материалы Международной научно-практической конференции. Алматы. 2002. – С. 88-92.
- 73 Ақбаев Т.А. Социально-педагогические основы подготовки высококвалифицированных спортсменов (на примере футбола). Автореф. дисс. докт.пед.наук. 13.00.01.Общая педагогика, история педагогики и образования, этнопедагогика, 13.00.04 – Теория и методика физического воспитания, спортивной тренировки, оздоровительной и адаптивной физической культуры.

– Алматы, 2003. – 46 б.

74 Курышева Н.А. Региональная направленность специальностей подготовки физкультурных кадров и системе высшего профессионального образования (на примере Сахалинской области) Автореф. дисс. канд. пед. наук. Хабаровск, 1998. – 20 с.

75 Шуберт Е.Ю. Формирование у будущих учителей физической культуры готовности к профессиональному самообразованию. Автореф. дисс. к.п.н., - Алматы, 1994. – 257 с.

76 Оңалбек Ж.К. Болашақ мұғалімдерді оқушылардың дene шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыруға дайындаудың ғылыми-педагогикалық негіздері: дисс...пед.ғыл.доктор. - Түркістан, 2007. – 235 б.

77 Мухамеджанов Б.Қ. Дене мәдениеті мамандығына кіріспе. – Шымкент: Ғасыр-III, 2006. – 166 б.

78 Оразов Ш.Б. Болашақ мұғалімдерді оқушылардың дene тәрбиесі жүйесін жүзеге асыруға дайындаудың ғылыми-педагогикалық негіздері. Пед. ғыл. докт. ... дисс. –Түркістан. 2008. – 280 б.

79 Тукенова Б.Х. Қарым – қатынас мәдениеті және байланыс біліктілігі. <http://sc0026.stepnogorsk.akmoedu.kz/documents/view/9B3867A880FDBE29.html>

80 Ильин Е.А. Путь духовного обновления. // Путь к очевидности. – М., 1993. – С. 9-17.

81 Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология /Жалпы ред.басқ. А.Қ.Құсайынов. – Алматы: «Мектеп» баспасы ЖАҚ, 2002. – 250 б.

82 Бес жүз бес сөз.— Алматы: Рауан, 1994 жыл. ISBN 5-625-02459-6

83 Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика /О74 Жалпы редакциясын басқарған ә.ғ.д., профессор Е.Арын -Павлодар:"ЭКО" ҒӨФ. 2006. - 482 б.

84 Маркарян Э.С. Системное исследование человеческой деятельности. Вопросы философии. 1972, № 10, – С. 77-76.

85 Дьяченко М.И. Краткий психологический словарь. Личность, образование, самообразование, профессия. – Минск, 1998. – 156 с.

86 Андреева Г.М. Общение и оптимизация совместной деятельности. – М., 1987. – 68 с.

87 Бодлаев А.А. Личность и общения. – М.: Педагогика, 1983. – 50 с.

88 Буева Л.П. Социальная среда и сознание личности. – М., МГУ, 1968. – 268 с.

89 Рубинштейн С.Л. Проблемы общей психологии.-М.: Просвещение, 1973. – 468 с.

90 Кунанбаев А. Слова назидания. –Алма-Ата, 1970. – 86с.

- 91 Наурызбай Ж.Ж. Этнокультурное образование. – Алматы: Ғылым, 1997. – 142 с.
- 92 Сәрсенбаев Т. Ұлттық сана-сезім мен ұлттық қадір-қасиет. – Алматы: Наука, 1990. – 122 б.
- 93 Қарым-қатынас. <https://kk.wikipedia.org/wiki>
- 94 «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия /Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-9
- 95 Педагогикалық қарым – қатынас кезеңдері <http://kazorta.org/pedagogikaly-agym-atynas-turaly-t-sinik/>.
- 96 Кан-Калик В.А. Учителю о педагогическом общении. – М.: Просвещение, 1987. – 190 с.
- 97 Педагогика. Учебное пособие для пед.институтов // Под ред. Ю.Бабанского. –М.: Педагогика, 1983. – 450 с.
- 98 Лабунская В.А. Невербальное поведение. - Ростов-на-Дону: Феникс, 1986. – 64 с.
- 99 Абу Насыр әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1973. – 215 б.
- 100 Практикум по СПТИ. / Под ред. Б.Д.Парыгина. – СПб, 2000. – 350 с.
- 101 Деятельность и способности //Кн.: Психология и педагогика. Учебник для вузов. –Санкт-Петербург (Москва-Харьков-Минск), 2001. – С. 175-194.
- 102 Коротов В.М. Введение в общую теорию развития личности. – М., 1991. – 211 с.
- 103 Курочкин Н.И., Максимов Н.А. Руководитель воспитатель и педагог. – М., 1982. – 96 с.
- 104 Крутов Н.Н., Крутова О.Н. Человек среди людей. – М.: Знание, 1989. – 63 с.
- 105 Психология учителя /Тезисы докладов к VII съезду Общества психологов. – М., 1988. – 183 с.
- 106 Рогов Е.И. Личность учителя: теория и практика. – Ростов-на-Дону, 1996. – С. 177.
- 107 Сборник «Об образовании» - «Трудовые отношения и ответственность руководителя организации образования». – Алматы: Литера, 2000. – С. 86-87.
- 108 Семенова Г.С. Этика общего дела. –М.: Знание, 1989. № 7. – 64 с.
- 109 Трудовые отношения и ответственность руководителя организации образования //В сб.: Об образовании. – Алматы: Литера, 2000. – 285 с.
- 110 Шакуров Р.Х. Социально-психологические основы управления: Руководитель и педагогический коллектив. – М.: Просвещение, 1990. – 206 с.
- 111 Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы, «Жазушы», 1986. – 560 б.
- 112 Оразбаев Е.Д. Қарым-қатынас үғымының психологиялық,

философиялық мәні // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Хабаршысы: «Педагогика ғылымдары» сериясы №1(13). -Алматы. 2007. -21-23 бб.

113 Выготский Л.С. Психология искусства. – М., 1965. – С. 337

114 Рубинский Л.И., Кан-Калик В.А., Гришин Д.М. т. б. Мамандыққа кіріспе. Алматы: Ана тілі, 1990. –208 б.

115 Қоянбаев Ж.Б. Педагогика, -А.: Рауан, 1992. -109 б.

116 Әміров Е. Мәдени сөйлей білген де өнер. <http://www.adilet.gov.kz/ru/node/16367>

117 Тэйлор Э.Б. Первобытная культура. – М., 1989. – 68 с.

118 Гегель Г.В. Соч. в 14-т., Т.. 1974. – 230 с.

119 Коган Л.Н. Сущность культурной деятельности //Культурная деятельность: опыт социологического исследования /В.Л.Барсук, В.И.Волков, Л.И.Иванько и др.: Отв. Ред. Л.Н.Коган. – М.: Наука, 1981.- С. 8-30.

120 Маркарян Э.С. Теория культуры и современная наука: (логико-методологический анализ). – М.: Мысль, 1983. – 284 С.

121 Культура в свете философии / О.И.Джоев, Н.В.Навчавадзе, Д.Е.Керкадзе и др. – Тбилиси: Хеловнеба, 1979. – 321 с.

122 Ожегов Ю.Л. Политическая культура молодежи. – М.: Знание, 1980. – 64 с.

123 Уледов А.К. Духовная жизнь общества. – М., 1980. – 189 с.

124 Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. «Аруна» баспасы. Алматы, 2005. – 45-69 бб.

125 Жұмабаев М. Пидагогика. - Алматы, 1992, - 241б.

126 Психолого-педагогический словарь для учителей и руководителей общеобразовательных учреждений / Под ред. П.И.Пидкасистого. - Ростов н/Д.: Феникс, 1998. - 544 с.

127 Балақаев М. Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту. – А.: Мектеп, 1989 3-27 б.

128 Шакирова Т.М. Национальная культура как основа формирования личности учащихся в профессионально-технических лицеях: автореф. ... канд. пед.наук. – Алматы, 2001. - 26 с.

129 Әлімбекова С.Ш. Мектептің еңбекке дайындау бағытында 5-9-сыныптың оқушы-қыздарының этностық мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары. Пед.ғыл.канд... автореф. - Түркістан. 2008. - 24 б.

130 Моль А. Социодинамика культуры. – М.: Наука, 1973. – 406 с.

131 Сарсенбаева Г.М. Педагогические основы развития организаторских способностей студентов университета: Автореф. дис... канд. пед. наук. – Алматы, 1998. – 18 с.

- 132 Исламова К.И. оқыту процесінде окушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру: Автореф. дис... пед. ғылым. канд. Алматы, 2001. – 21 б.
- 133 Құлсариева А. Мәдениеттану сөздігі. Алматы, 2001. – 196 б.
- 134 Бәшірова Ж.Р., Әлқожаева Н.С. Иман – тәрбие негізі. – Алматы, 1997. – 56 б.
- 135 Құдайбердиев Ш. Шығармалары (құрастырған М.Жармұхамбетов, С.Дәуітов) – Алматы, 1998. – 560 б.
- 136 Абдильдин Ж.М. О меодологической роли целостного рассмотрения явлений. Материальная диалектика как методология. – Алма-Ата, Наука, 1981. – С. 202-214.
- 137 Нысанбаев Ә. Адам және ашық қоғам. – Алмати: Ғылым, 1998. – 172 б.
- 138 Шалабаева Г.К. Этнос. Культура. Самосознание. – Алмати, Ғылым, 1995. – 240 с.
- 139 Библер В.С. От науки изучения к логике культуры. – М.: Наука, 1993. – 210 с.
- 140 Панкратов В.Н. Манипуляции в общении и их нейтрализация. М.: Изд. Института психотерапии, 2000. – 208 с.
- 141 Бороздина Г.В. Психология делового общения. – М.: Инфра. -М, 2000. – 224 с.
- 142 Кудряцева И.Н., Шарапова В.Г. Деловой этикет. – М.: Знание, 1997. – 164 с.
- 143 Кант И. Основы метафизики нравственности //Соч.: В 6 т. – М., 1965. – Т.4 (1). – 383 с.
- 144 Қазақ Ұлттық Энциклопедиясы. Алматы, 2002. – 202 б.
- 145 Леонтьев А.А. Педагогическое общение. –М., 1979.
- 146 Сухомлинский В.А. Этюды о коммунистическом воспитании // Нар.образ. – 1967. - №12
- 147 Оспанова Б.Қ. Педагогикалық қарым-қатынас - педагогикалық шеберліктің негізі. <http://group-global.org/ru/publication/30603-pedagogika-lyk-karym-katynas-pedagogikalyk-sheberliktin-negizi>
- 148 Едрісова Р.Б. Педагогтың кәсіби мәдениет этикасы <http://atbasar.akmoedu.kz/documents/view/04C824EC87A0FE4F.html>
- 149 Сүлейменова Э. Тіл ұстарту. – А.: Жібек жолы, 1996. - 50-88 б.
- 150 Садыков Т.С., Абылқасымова А.Е. Дидактические основы обучения в высшей школе. – Алматы: РИК Каз. Академии образования им. И.Алтынсарина, 2000. – 170с.
- 151 Барабанщиков А.В., Муцинов С.С. Педагогическая культура. – Рига, 1982. – 270с.

- 152 Пономарев Н.И. Физическая культура как элемент культуры общества и человека. – СПб., 1996. – 215с.
- 153 Құдайқұлов М.А. Қабілеттілік, дағды, шеберлік. – Алматы, 1986. – Б. 80-90.
- 154 Столяренко Л.Д. Основы психологии. -Ростов-на-Дону: Феникс, 1996. – 390 с.
- 155 Решетень И.Н., Фролова М.И. Особенности и воспитательные возможности спортивного коллектива. – М., 1980. – 321 с.
- 156 Прохорова М.В., Сидоров А.А., Синюхин Б.Д., Семенов А.Г. Педагогика физической культуры. – М.: Путь, 2006. – 288 с.
- 157 Коменский Я.А. Дидактические принципы. – М.: Учпедгиз, 1940. – 88с.
- 158 Бенедиктов Б.А. Психология обучения и воспитания в высшей школе. – Минск, 1986. – 120 с.
- 159 Шабельников В. Психика - функционалдық жүйе. – Алматы, 1998. – 45 б.
- 160 Паустовский К. Сборник сочинений. – М., 1976. - С. 13-25.
- 161 Педагогтың кәсіби қарым-қатынас мәдениеті [http://sad29.obb.kz/kz/index.php?option=com\\_content&view=article&id=83:1-r&catid=1:2010-11-20-08-16-08](http://sad29.obb.kz/kz/index.php?option=com_content&view=article&id=83:1-r&catid=1:2010-11-20-08-16-08)
- 162 Әлеуметтік педагогтың өнегелі мәдениеті <http://malimetter.kz/aleumettik-pedagogtyn-onegeli-madenieti/>
- 163 Ихласова Ж.М. Мұғалімнің сөйлеу мәдениеті <file:///C:/Users/Zver/Downloads/.pdf>
- 164 Онғарбаев Ә. Мұғалімнің мәдениеті мен дүниетанымы // Қазақстан мектебі журналы. – Алматы, 1993. - №7, - Б.11-13.
- 165 Декарт Р. Тезисы этических бесед. – М., 1967. – 85 с.
- 166 Головин Б.Н.Процесс и структура человеческого учения. –М.,1978. – 211 с.
- 167 Ананьев Б.Г. О проблемах современного человекознания. – М., 1977.
- 168 Прохорова М.В., Семенов А.Г., Посошков И.Д. Борьба – цель, смысл и стихия жизни. СПб.: Изд-во СПбГУЭФ, 2002.
- 169 Ажіғалиева У.А., Балажанова Қ.М. Сөйлеу мәдениеті: әдістемелік нұсқау /құрастыруышылар: Ажіғалиева У.А., Балажанова Қ.М. – Павлодар, 2007. – 25 б.
- 170 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы //Қазақстан Республикасындағы білім туралы заңнама. Заң актілерінің жиынтығы. – Алматы: Юрист, 2010. – 21 б.

- 171 Сластенин В.А. Формирование личности учителя в процессе профессиональной подготовки. – М.: Просвещение, 1976. – 159 с.
- 172 Новое педагогическое мышление /Под ред. А.В.Петровского. – М.: Педагогика, 1989. – 280 с.
- 173 Педагогикалық ізденіс /Құр И.Н. Баженова. – Алматы: Рауан, 1990. – 574 б.
- 174 Сухомлинский В.А. Избранные педагогические сочинения. В 3-х томах. Т.1.– М.: Педагогика, 1979. – 560 с.
- 175 Маркина Л.Н. Влияние единства до вузовской и вузовской подготовки на профессиональное становление молодого учителя. Автореф. дисс... к.п.н. – Алматы, 1994. – 24 с.
- 176 Крупская Н.Н. Таңдамалы педагогикалық шығармалары. – Алматы, 1973. – 140 с.
- 177 Толстой Л. Сборник сочинений. – М.: Просвещение, 1982. – 324 с.
- 178 Исаева З.А. Формирование готовности студентов университетов к педагогической исследовательской деятельности. – М., МГПУ, 1995. – 110 с.
- 179 Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту түжырымдамасы. - Астана, 2004.
- 180 Концепция высшего образования в Казахстане. –Алма-Ата, 1991.–14 с.
- 181 Қазақстан Республикасының жоғары педагогикалық білім беру түжырымдамасы. – Алматы, 2005. – 33 б.
- 182 Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050: Бір мақсат, бір мұдде, бір болашақ» атты Қазақстан Халқына Жолдауы. Егемен Қазақстан, №11 (28235) 18 қаңтар сенбі 2014. - 34 б.
- 183 Хмель Н.Д. Особенности управления педагогическим процессом в общеобразовательной школе. – Алма-Ата, 1986. – 105 с.
- 184 Эбілқасымова А.Е. Студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру. – Алматы, 1998. – 144 б.
- 185 Кудайкулов М.А. Дидактические проблемы формирования основ профессионально-методических умений у будущего учителя. Автореф. дис. ... д.п.н. : 01.03.98. – Алма-ата, 1975. – 25 с.
- 186 Сабыров Т.С. Ақыл-ой тәрбиесі. – Алматы, Мектеп, 1973. – 123 б.
- 187 Урунбасарова Э.А. Этика преподавателя. Уч. пособие. – Алматы: Изд-во «Бастау», 2003. – 160 с.
- 188 Сейтешев А.П., Садыков Т.С. Научные проблемы формирования личности и развития современного образования в РК.-Алматы: Гылым, 1997-490 с.
- 189 Хайруллин Г.Т. Теория и практика становления и развития межшкольных УПК (историко-педагогический аспект): 13.00.01 – теория и

история педагогики. Автореф. дисс. ...докт.пед.наук. – Алма-Ата, 192. – 47 с.

200 Қуанышев Т.Ш. Болашақ дene тәрбиесі мұғалімдерін ұлттық ойын құралдары арқылы даярлау. Автореф. дисс ... п.ғ.к. Алматы, 1992. – 22 б.

201 Сапарбаев М.Б. Теория и практика подготовки учителей физической культуры в системе непрерывного педагогического образования. Дисс ...д.п.н.: 15.02.93 – Алма-Ата, 1993. – 249 с.

202 Таубаева Ш.Т. Исследовательская культура учителя: методология, теория и практика формирования. – Алматы: Алем, 2000. – 381 с.

203 Кенесбаев С.М. Жоғары педагогикалық білім беруде болашақ мұғалімдердің жаңа ақпараттық технологияны пайдалана білуіне даярлаудың теориялық негіздері. Монография. – Алматы: «ТОО Полиграфия-Сервис К» баспаханасы. 2005, - 400 б.

204 Пошаев Д.Қ. Болашақ мұғалімдердің ақпараттық мәдениеті: қалыптастыру әдіснамасы, теориясы және практикасы. Монография / Д.Қ.Пошаев. – Шымкент, 2014. – 186 б.

205 Оразбаев Е.Д., Саипов А.А. Студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың теориялық негіздері // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіндегі Хабаршысы: «Педагогика ғылымдары» сериясы №1(13). Алматы. 2007. 46-49 бб.

206 Библер В.С. От науки изучения к логике культуры. – М.: Наука, 1993. – 210 с.

207 Блонский П.П. О наиболее типичных педагогических ошибках при организации трудовой школы. //Избр. пед. и психол. соч.: в 2. т. /Под ред. А.В. Петровского. – М.: Педагогика, 1961. –С. 165-180.

208 Выготский Л.С. Сбор. соч. Т. 6. – М., 1984. – 102 с.

209 Ананьев Б.Г. Формирование одаренности. Сб. Склонности и способности. – Л., Изд-во. ЛГУ, 1962. – 78 с.

210 Леонтьев А.А. Деятельность. Сознание. Личность. – М., 1975. – 199 с.

211 Оразбаев Е.Д. Жоғары оқу орындары студенттерінде қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың негізгі жолдары // Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім беру академиясы. Білім-образование. Ғылыми-педагикалық журналы, №1 (43). Алматы. 2009. 21-23 бб.

212 Мудрик А.В. Общение как фактор воспитания школьников.- М.: Педагогика, 1984. – 246 с.

213 Огородников И.Т. Методика педагогических исследований. – М., 1979.–207 с.

214 Ұзақбаева С., Қожахметова К. Жоғары мектеп студенттеріне этнопедагикалық білім беру тұжырымдамасы – Концепция этнопедагогического образования студентов высшей школы. –Алматы: Өнер, 1998. – 48 б.

215 Реформа образования: необходимость и основные принципы /Вестник высшей школы Казахстана. Алматы, 1996., №1

216 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы №499 Қаулысымен бекітілген «Жоғары білім беру үйымдары қызметінің үлгілік қағидалары». –Астана. 2013. - 48 б.

217 Пошаев Д.Қ. Мамандыққа кіріспе. Оқу құралы. – Шымкент: М.Әуезов атындағы ОҚМУ. 2004. – 112 б.

218 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 Қаулысымен бекітілген «Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты». –Астана. 2013. – 24 б.

219 Скаткин М.Н. Проблемы современной дидактики. – М.: Педагогика, 1980. – 94 с.

220 Садыков Т.С., Абылқасымова А.Е. Дидактические основы обучения в высшей школе. – Алматы: РИК Каз. Академии образования им. И.Алтынсарина, 2000. – 170 с.

221 ҚР МЖМБС 6.08.059-2010 «5B010800 – Дене шынықтыру және спорт» мамандығы ҚР МЖМБС. Астана, 2010. -24б.

222 Шалхарова Ж.С. Болон үдерісінің негізгі қағидалары (қыскаша шолу). – Түркістан: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ – түрік университеті, 2013. - 18 б.

223 Коломинский Я.Л. Психология общения. – М.: Знание, 1974. – 116 с.

224 Азаров Ю. Искусство воспитывать. – М.: Просвещение, 1988. – 111 с.

225 Власов Л.В., Сементовская В.П. Деловое общение. – Л., 1980. – 71 с.

226 Леонтьев А.А. Деятельность и общение //Вопросы философии, 1979. № 1, - С. 121-132.

227 Немов Р.С. Психология педагогической деятельности. Психология педагога. Личность педагога. Совершенствование педагогической деятельности. //В кн.: Психология. Кн. 2. – М.: Владос, 1998. – С. 527-533.]

228 Швейцер А. Упадок и возрождение культуры, -М.: Наука, 1993. – 268с.

229 Актуальные проблемы социологии культуры. \Отв.ред. Сексенбаева С.О. - Алматы, 1991. – 185 с.

230 Хван М. Культура, наука, методология.- М.: Наука, 1991. – 350 с.

231 Коломинский Я.Л. Психология детского коллектива: Система личных взаимоотношений. – Минск; 1984. – 87 с.

232 Тәжібаева С.Г. Болашақ ұстаздарды оқушыларға адамгершілік тәрбие беруге дайындық. – Алматы, 2000. – 190 бет.

233 Ұзақбаева С.А. Өміршең өнер өрісі. – Алматы: Мектеп, 1988. – 135 б.

234 Жарықбаев Қ.Б. Аталар сөзі – ақылдың көзі. – Алматы: Қазақстан, 1980. – 120 б.

- 235 Егоров В.О. О материальной культуре: О народной нравственности // Звезда. - №8. 1995. – С. 84-97.
- 236 Румянцева Н. Формирование эстетической культуры учащихся педагогических училищ: Автореф. дис...канд.пед.наук.13.00.01 – Казань, 1994. – 23 с.
- 237 Эфроимсон В.П. Генетика этики и эстетики. – Санкт-Петербург, 1995. – 405 с.
- 238 Дейнеко Н.И. Объективное и субъективное как философские категории отражения: Автореф. дисс. ... д.ф.н. – Одесса, 1986. – 36 с.
- 239 Филимонова С.И. Формирование готовности специалиста физической культуры и педагогической самореализации. Дис. к.п.н., - СПб. 1997. – 127 с.
- 240 Биданов Д.В. Планирование учебного материала по физической культуре в школе. Методические рекомендации. – Шымкент, 1991. – С. 52-55
- 241 Якунин В.А. Педагогическая психология, Спб, 1998, 199 с.
- 242 Якунин В.А. Обучение как процесс управления. – Л.: ЛГУ, 1988. – 320с.
- 243 Ананьев Б.Г. Человек как предмет познания. – Л., ЛМУ. 1969. – С. 166-167.
- 244 Бесспалько В.П. Элементы теории управления процессом обучения. Ч.2. – М.: Знание, 1971. – 71 с.
- 245 Гершунский Б.Г. Педагогические аспекты непрерывного образования //Вестник высшей школы. 1987. № 6. – С. 22-29.
- 246 Штофф В.А. Роли моделей в познании. – Л.: Изд-во Ленинград. Ун-та. 1963. – 128 с.
- 247 Мамардашвили М.К. Как я понимаю философию. Сборник /Составитель и ответственный редактор Ю.П.Сенокосова. – М.: Прогресс. Культура, 1992, - 414 с.
- 248 Дынина Б.С., Никитина Е.Д., Каргаполов Е.П. Методология и методика моделирования при решении проблем физкультурного образования: Методические разработки. – М.: ГЦОЛИФК, 1986. – 36 с.
- 249 Вартофский М. Модели. Репрезентация и научное понимание. Общая редакция Новика и Садовского. Перевод с английского. – М.: Прогресс. 1988. – 510 с.
- 250 Российская педагогическая энциклопедия: В 2 т. /Гл.ред. В.В.Давыдов. – М.: Большая русская энциклопедия, 1994. – 604 с.
- 251 Педагогика және психология түсіндірме сөздігі. – Алматы, «Рапан», 2000. – 186 б.
- 252 Хмель Н.Д. Особенности управления педагогическим процессом в общеобразовательной школе. – Алма-Ата, 1986. – 105 с.

- 253 Конаржевский Ю.А. Педагогический анализ учебно-воспитательного процесса и управления школой. – М., 1986. – 63 с.
- 254 Зак А.З. Как определить уровень развития мышления школьника. – М.: Знание, 1982. – 95 с.
- 255 Соловьева А.Е. Психология самовоспитания. – М.: Просвещение. 1989. – 140 с.
- 256 Сериков В.В. «Образование и личность». Теория и практика проектирования педагогических систем. – М.: Издательская корпорация «Логос», 1999. – 272 с.
- 257 Михайлова Е.С. Коммуникативный и рефлексивные компоненты и их соотношение в структуре педагогических способностей. – Л., 1990. – 27 с.
- 258 Маркова А.К. Психология труда учителя. – М., 1993. – 255 с.
- 259 Дружинин В.А. Экспериментальная психология. – СПб., 2000. – 220 с.
- 260 Советская энциклопедия (БСЭ) 3-е изд. – М., 1978. – С. 33-39.
- 261 Рогов Е.М. Общая психология: Курс лекций для первой ступени педагогического образования. Изд-во. Владос. 2000. – 240 с.
- 262 Бодалаев А.А. и др. Рабочая книга практического психолога: пособие для специалистов, работающих с персоналом. – М.: институт психотерапии. 2006. – 629 с.
- 263 Краткий философский словарь / Под ред. Е.Губской, Г.В. Кораблева, И.К.Лутченко. – М., 1994. – 576 с.
- 264 Узгадзе Д.Н. Психологические исследования. – М., 1966. – 366 с.
- 265 Сластенин В.А. Психологический контекст профессионально-педагогической культуры. – М.: Изд-во «Магистр-пресс», 2000. – 48 с.
- 266 Оразбаев Е.Д., Жолдасбеков А. Болашақ дene тәрбиесі және спорт мамандарының қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру туралы // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіндегі Хабаршысы: «Педагогика ғылымдары» сериясы. №2 (10). Алматы. 2005. -36-39 бб.
- 267 Рубинштейн С.Л. Проблемы способностей и вопросы психологии теории //Вопросы психологии. 1960. № 3. – С. 16-18.
- 268 Платонов К.К. Система психологии и теория отражения. – М.: Наука, 1982. – 309 с.
- 269 ҚР МЖМБС 5.08.258-2006. 050108 – Дене шынықтыру және спорт. - Астана. 2006. -40 б.
- 270 Омаров Б.С. Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастырудың едістемелік күзыреттілігін қалыптастыру (ұлттық спорт материалында). 6D010300 – Педагогика және психология. Филос.докт. (PhD) ғылыми ... диссертация. Түркістан. 2015. 187 б.
- 271 Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген. - Астана, 2016. – 48 б.

272 Типтік оқу бағдарламасы. 050108.01 – Дене шынықтыру және спорт мамандығы. Дене шынықтыру және спорт педагогикасы. - Алматы 2011. –13 б.

273 «Таңдап алынған спорт түрінің теориясы мен әдістемесі» пәнінен типтік оқу бағдарламасы. 5B010800 – «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы үшін. – Алматы. 2014. - 80-84 б.

274 Данилов М. Проблемы методологии педагогики и методики исследования. – М.: 1971 – 240 с.

275 Есипов Б. Самостоятельная работа учащихся на уроке. – М.: Учпедгиз, 1961. – 239 с.

276 Лернер И.Я. Процесс обучения и его закономерности. – М.: Знание, 1980. – 96 с.

277 Kasymbekov Zh.A., Zhazdykbaeva M.B., Orazbayev E.D. Pedagogical approach to the selection of the contenders to high performance sport. European Science and Technology // *European Science and Technology: materials of the XVI international research and practice conference, March 14th-15th, 2017*, p.p. 204-212, Munich, Germany.

278 Сейтешев А.П., Садыков Т.С. Научные проблемы формирования личности и развития современного образования в РК. -Алматы: Фылым, 1997. – 490 с.

279 Omarov B., Orazbaev E., Baimukhanbetov B., Abusseinov B., Khudiyarov G. TEST BATTERY FOR COMPREHENSIVE CONTROL IN THE TRAINING SYSTEM OF HIGHLY SKILLED WRESTLERS OF KAZAKHSTAN ON NATIONAL WRESTLING “KAZAKSHA KURESI”. Man in India, 2017, 97(11):453-462 ISSN: 00251569 (Sherpa/RoMEO, JCR).

280 Omarov B. S., Seidahmetov E. E., Orazbaev E. D., Kendzhaeva B. B. National Sports in the Sphere of Physical Culture as a Means of Forming Professional Competence of Future Coach Instructors. Indian Journal of Science and Technology. Vol 9(5), DOI: 10.17485/ijst/2016/v9i5/87605, February 2016. <http://www.indjst.org/index.php/indjst/article/view/87605>.

## **МАЗМУНЫ**

<b>Кіріспе</b>	<b>3</b>
<b>1 Қарым-қатынас мәдениеті педагог даярлығы мазмұнында</b>	<b>7</b>
1.1 Қарым-қатынас және оның педагогикалық мәні	7
1.2 Қарым-қатынас мәдениетінің мәні мен мазмұны	39
1.3 Мұғалімнің қарым-қатынас мәдениеті – болашақ педагогтарды даярлау бағдары	57
<b>2 Болашақ педагогтардың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың теориялық негіздері</b>	<b>77</b>
2.1 Болашақ педагогтардың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық және психологиялық проблемалары	77
2.2 Болашақ педагогтардың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың ерекшеліктері мен қазіргі жағдайы	102
2.3 Болашақ педагогтардың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру моделі	129
<b>3 Болашақ педагогтардың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру әдістемесі</b>	<b>149</b>
3.1 Болашақ педагогтардың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мазмұны	149
3.2 Педагогикалық мамандық студенттерінің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың негізгі формалары мен әдістері	170
3.3 Тәжірибелі-эксперименттік жұмыстың нәтижелері Корытынды	195
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	214
Мазмұны	217
Қосымшалар	232
	233

**Қосымшалар**  
**ҚОСЫМША А**

**Дене шынықтыру және спорт мамандығы студенттеріне берілетін  
анкета сұрақтары**

**Мақсат:** Қарым-қатынас мәдениетің бүгінгі таңда қолдану жағдайын айқындау.

Жауапты «иә», «жоқ» немесе «білмеймін» деп берсеңіздер.

1. Қазіргі заман мамандары қарым-қатынас мәдениеті технологиясын менгеруі тиіс деп ойлайсыз ба?
2. Сіздің мамандық бойынша қарым-қатынас мәдениетіне қатысты пәндер оқытыла ма?
3. Спорттық жаттығуларда қарым-қатынас мәдениеті әлементтері қолданылу жеткілікті деп ойлайсыз ба?
4. Қарым-қатынас мәдениеті туралы арнайы курс не семинар оқытыла ма?
5. Сіз практика кезінде қарым-қатынас мәдениетіне көніл бөлдіңіз бе?
6. Практикада болған мектепте, спорттық мектепте не спорттық үйірмелерде қарым – қатынас мәдениеті нормалары сақталады ма?
7. Қарым-қатынас мәдениетін күнделікті өмірде, оку барысында қолданасыз ба?
8. Мінез-құлқы түсініксіз, қыын жолдастарыңызға қарым-қатынас мәдениетін қолданасыз ба?
9. Қарым-қатынастарыңызда ашуынызды жеңе аласыз ба, өзінізді ұстай аласыз ба?
10. Сыйластық, құрметтілік туралы мақал-мәтелдер білесіз бе?
11. Ұлттық мәдениетті өз дәрежесінде білемін деп ойлайсыз ба?

## **ҚОСЫМША Б**

### **Спорт және дене шынықтыру мұғалімдерімен, бапкерлермен жүргізілетін әңгіме, интервьюлер тақырыптары**

1. Қарым-қатынас мәдениеті туралы түсінігіңіз.
2. Халқымыздың салт- дәстүрі, әдет-ғұрпының қарым-қатынас мәдениетіндегі рөлі туралы не айтасыз?
3. Қын оқушылармен оқу-тәрбие жұмысындағы қарым-қатынас мәдениеті туралы.
4. Оқушылардың қарым-қатынас мәдениеті туралы.
5. Қын оқушылармен педагогикалық қарым-қатынастағы белсенді спорттың рөлі туралы не айтасыз?

## **ҚОСЫМША Д**

### **«Дене шынықтыру және спорттағы қарым-қатынас мәдениеті» арнайы курсына реферат сұрақтары**

1. Қарым-қатынас түрлері және оның тәрбиелік маңызы.
2. Қарым-қатынас мәдениеті дегеніміз не?
3. Ата-ана қарым-қатынас мәдениетінің бала тәрбиесіне ықпалы.
4. Ата-ана беделінің тәрбиелік рөлі.
5. Отбасы ынтымағы мен өміршешендігін қалыптастыру мәселелері.
6. Мұсылмандық дәстүрлеріндегі қарым-қатынас мәдениеті.
7. Студенттік топтың психологиялық, ұжымдық портреті.
8. Дін және адам тәрбиесі.
9. Спорттық үйірмелердегі микро ахуал.
10. Сөйлеу шеберлігінің педагогикалық, спорттық қызметтегі рөлі.
11. Көпшілік ортада өзін-өзі ұсташа мен сөйлеу мәдениеті.
12. Оқушылардың қарым-қатынас мәдениеті туралы тәсілдері.
13. Спортшыларға қажетті қасиеттер туралы ой.
14. Өзін-өзі тәрбиелеу арқылы ұлы тұлға дәрежесіне көтерілуге болады ма?
15. Қын оқушылармен педагогикалық қарым-қатынастағы спорттың рөлі.
16. Спорт және денешынықтырудагы қарым-қатынас.
17. Спорт және дене шынықтырудагы мәдени қарым-қатынас туралы.

## **ҚОСЫМША Е**

### **Коммуникативті қабілеттілік және оның қарым-қатынас қызметіндегі ролі**

Адам баласының сан мындаған жыл аралығында жинаған өмір тәжірибесі негізінде бай мәдени қарым-қатынас жүйесінің амалдары пайда болуы дамыды. Өмірге келген соң әрбір адам баласына басқа адамдармен байланыс жасауы үшін өзін қоршаған әлеуметтік орта қабылдаған қарым-қатынас құралдарын менгеруі оның өмір сүруінің бірден-бір алғы шартына айналады.

Адам баласына тілді айналасындағы адамдардың іс-әрекеттерін, олардың мінез-құлығы мен әдеттерін түсініп менгеруі үшін оларды үйренуі қажеттілікке айналды. Екінші бір жағынан, қажетті тәжірбиelerді дағдыға айналдырыған соң өз талап-тілектерін, ой-арман, аңсарын, сезім-куйлерін білдіруге, қарым-қатынасқа түскен серіктерімен өз іс-әрекеттерін үйлестіруге де үйренуі керек болады.

Осылардың барлығы қарым-қатынас құралдарын пайдалануға қозғау жасап беретін адамға аса қажетті психофизиологиялық сапалықтардың адам бойында дамуын қажеттейтін іштей дамудың алғы шартын қалады.

К.Маркс сөзімен айтқанда, адам баласына көптеген нәрселерді өз игілігіне асыруы үшін әуелі оларды пайдалана білуге қабілеттілігі, яғни белгілі бір дәрежедегі мәдениеттілігінің болуы қажет екен. Мәселен, белгілі бір психофизиологиялық алғы шарт негізінде және тілдік қарым-қатынас әсерін адамдарда тілдесе білу қабілеттілігі пайда болды, қалыптасты, дамыды. Бірте- бірте интеллектуалдық даму шамасына байланысты адамның мазмұны күрделене түсетін ақпараттар, хабарламалар, мәлімдемелері т.с.с. түсіну, ұғыну қабілеттіліктері дами түсті. Ойлау қабілетінің дамуы арқасында эгоцентрлік балалық позициядан адам іс-әрекеттерін зерделі объективті түрде түсініп қабылдауға көшу басталады. Әрбір адамды қоғамдық, саяси, шаруашылық, т.б. өмір процестеріне тарту арқылы және соның нәтижесінде адамның жалпы мәдениетке үйренуі, қоғамдағы өз орнын түсінуі және әр түрлі әлеуметтік рөлдерге ие болуы іске асырылды. Яғни адам баласының әлеуметтік қатынасы іске асады. Ал осы адам баласының әлеуметтенуі әсер жасаушы факторлардың ықпалымен оның бүкіл өмір сүру процесінде өтіп жатады. Ал әлеуметтенуге қарағанда тәрбие беру

біршама дараланып танылады. Яғни тәрбие беру қоғам мұратына сай адамды қалыптастыруды мақсатқа салған процесс болып табылады. Тәрбиенің негізгі мақсаты ол қоғамда қалыптасқан нақтылы-тариҳи жағдайларға байланысты анықталады.

Адам баласы әлеуметтену барысында өз әлеуметтік тобының мәдени қарым-қатынас нормаларын, ережелерін менгереді. Бұл процестің соңғы нәтижесін көруге де болады. Алайда осы мәселеге (өзінді-өзің тәрбиелеу немесе тәрбиемен айналысу) белсенді түрде қатысу үшін қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруды жетілдірудің психологиялық механизмдеріне оның сыр-сипатына талдау жасап, оны ой жүзінде көре, яғни

елестете алу керек. Бұл мәселеге терең де зерделі пайым жасауға, соған үйренуге адамды қарым-қатынас субъектісі ретінде қарау көзқарасы ғана объективті мүмкіндік береді.

Педагогикалық ғылымда белгілі бір қызмет түрін табысты атқарудың алғы шарты саналатын жеке адамдағы белгілі бір ерекшелікті білдіретін «қабілеттілік» деген ұғым қалыптасқан. Онда қарым-қатынасты коммуникативті қызмет ретінде қарастырсақ, осы қарым-қатынас қызметін жүзеге асыруға мүмкіндік жасайтын адамдағы ерекше бір қадір-қасиеттердің жиынтығы болып табылатын сапалық коммуникативтік қабілет деп атауға толық негіз бар деуге болады екен.

Коммуникативті қабілет белгілі мәдени ортада қабылдаған қарым-қатынас амалдарын менгеру және оны пайдалану шарттарын қалау нәтижесі, яғни қоғамдық құбылыс ретіндегі мәдени қарым-қатынастың жекелеген формасы болып табылады. Екінші бір жағынан алып қарағанда, коммуникативті қабілет жеке дара адамдағы ерекше бір қадір-қасиеттердің болатындығын түсіндіреді, яғни коммуникативті қабілет дегеніміз нақтылы психологиялық мән-мазмұнды білдіретін нақтылық болып табылады.

Коммуникативті қабілетті ғылым нысанына айналдырып, талдау жұмыстарын жүргізу отандық педагогикада (бұрынғы кеңестік педагогика) XX ғасырдың 70-ші, 80-ші жылдарында қарқынды жүргізілді.

Ғалымдар коммуникативті процесті іске асыру шарттарын қарастыра келіп, қарым-қатынасқа түсушілерге қажетті психологиялық сапа белгілерін керсетіп берді.

Оқымыстыларды әр түрлі мамандық қызмет саласы ерекшелігіне

қарай қызметті ұйымдастыруға қажетті салалық коммуникативті қабілеттер туралы мәселе де аса қызықтырды.

Адамдағы қарым-қатынасқа ерекше әсер жасайтын психологиялық сапалық түрлеріне төрек талдау жасаған еңбектер қатары өсті. Осындай еңбектерде, әсіресе, дара тұлға (жеке адам) коммуникативтік компетенттілігі (сайма-сайлығы) тустанған жаңа қабілеттерге зорделенді.

Атап айтқанда, жағдайды объективті тұрғыда көре білудің ең маңызды шарты, адамдағы коммуникативті сезімталдылықты, әсіресе, бақылағыштық сезімталдылық сипаттын айқын көрсету іске асты. Яғни бақылағыштық сезімталдылық дегенді басқа адамды бақылай және не айтқанын есте ұстап қалу қабілеттілігі - деп көрсетті. Сондай-ақ теориялық сезімталдылық қағидалары да көрсетілді. Мұнда басқа адамның іс-әрекетіне, ой-өрісіне, сезіміне дәл көрегенділік айту үшін теорияны қолдану және таңдай алу қабілеттілігі, өзінің әготалаптарын мойындау мінез-құлқына өзгеріс жасау қабілеті, өзін қоршаған орта үшін өз іс-әрекетін, мінез-құлдығын жасай білу қабілеттілігі – сезімталдылық теориялық тұрғыдағы қабілеттіліктер болып табылатындығы дәлелденді. Сондай-ақ коммуникативті сайма-сайлылық (компонентность) адамның қарым-қатынастың әртүрлі құралдарын қаншалықты менгергеніне, ситуацияға қатысу нормалары мен ережелерін білу шамасына, мінез-құлдық амалдарын пайдалана білу қабілет шамасы мен өзінің жеке бас ресурстарын қолдана білу амалдары мүмкіндіктеріне тәуелді болатындығы көрсетілді.

Ал ағылшын психологы М.Аргайл коммуникацияға үлкен ықпал жасайтын сегіз алеуметтік біліктіліктің тізімін ұсынады. Әсіресе, оқымысты адам мотивациясын (сылтау- себептерін) сипаттайтын қадір-қасиеттерді көрсетеді. Оларға доминанттық көнгіштік, тіл алғыштық, байсалдылық (салмақтылық); әлеуметтік мазасыздану, үрейлілік, мазасыздануға бейімділік, т.б. оқымыстының дәлелдеуі бойынша өзара ықпалдастықты жүзеге асыруды бірден-бір қамтамасыз ететін сапалық белгілерге: бейімділік және көтермелей білу, біліктілік; қарым-қатынастағы серіктестікті эмоционалды қолдап тұру; қоян-қолтық байланысты іске асыруға жағдай жасаушы біліктілік; әлеуметтік өзара әсер жасауға бақылау жүргізе білу қабілеттілігі; ынтаны ұстап тұра білу және серіктестіктің мінез-құлдығына қарай өз мінез-құлдығына үйлесімділік жасай білу қабілеттілігі; қарым-қатынасқа түскен серпінді дұрыс түсіну

үшін, сонымен коса қайтымды (қарсы жақтан болатын) байланысты алу үшін талаптанатындар: сезімталдық, яғни адамның әртүрлі қылықтарына сезімталдылық білдіріп тұру, яғни адамның психологиялық қасиеттерінен, оның әлеуметтік сипатынан, нөлді қабылдай алу қабілеттілігінен, мәліметтер танытатын іс-әрекет қылықтарынан сезімтал көзқарас жасау. Сондай-ақ қарым-қатынас процесін жүзеге асыру үшін өзін-өзін сене білуіңмен, өз-өзінде сенімділігінің болуы сияқтылар жатады.

Орыс оқымыстысы К.К.Платонов қарым-қатынас жасауға ықпал жасаушы дара тұлғаның динамикалық функционалдық құрылым концепциясын жасады. Концепцияға байланысты жеке адам қабілеті құрылымы ішінен 4 кіші құрылымын бөле-жара қарастырады.

Бірінші кіші құрылым адамның адамгершілік (моральдық) танытатын ерекшелік белгілерін топтайды. Бұлар тәрбие жолымен қалыптасады. Мұны әлеуметтік кіші құрылым деп атауға болатыны ескертілген.

Екінші кіші құрылым адамдағы білім, біліктілік, дағды және әдегтерді (өз іс-әрекет, үйрену жолымен қалаған) топтайды. Мұны «тәжірбиелік» кіші құрылымы деп атау ұсынылған. Кейде бұл кіші құрылымды «жекелік мәдениет» - деп те атауға болатыны ескертіледі.

Үшінші кіші құрылым адамдағы жеке-даралық ерекшеліктің кейбір психологиялық процестері: қабылдау, еске сақтау, ойлау, эмоция сияқтыларды топтастырады.

Төртінші кіші құрылым адамдағы қызуқандылық, жыныстылық және жас ерекшеліктерді топтайды.

Корыта айтқанда, адамның барлық қасиет-қадірі басқа адамдармен қалай қарым-қатынас жасағанынан білініп тұратын: оның бағыт-бағдары, білім менгеруі, біліктілігі мен дағдылары, еске сақтау ерекшелігі, ойлампаздылығы, эмоция және қызуқандылығы қарым-қатынас жасау барысында көрініс береді екен. Дегенмен есте сақтайтын бір мәселе әрденгейдегі қадір-қасиет адамның коммуникативтік мінез-құлышына бірдей дәрежеде әсер қалдыра алмайтынын ойда сақтау кажет.

1-ші кіші құрылымда көрсетілген - адам бойындағы бағытты-бағдарлықты ұстануда топталатын кіші құрылым қарым-қатынастың мазмұнына ықпал жасайды.

Ал білім, біліктілік, дағды, қабылдау ерекшеліктері мен еске сақтау қабілеттіліктері қарым-қатынастың «технологиялық» жағын қамтамасыздандыра алады.

Ал қызуқандылық, жыныстық және жас ерекшелік коммуникативті мінез-құлыққа жеке-даралық сапалық жасай алады.

Осы қасиеттер әр түрлі мүмкіндікте мақсатты іс-әрекетке байланысты қалыптасады, дамиды немесе керісінше болады. Айтальық психологиялық процестер жаттығуға, дамуға тәуелді. Ал жоғары деңгейдегі қасиеттер (бағыттылықтағы және тәжірбиелік) әлеуметтік тәжірбие әсері негізінде қалыптасады.

Соныменен, мәдени қарым-қатынасты тәрбиелеу процесінің ішкі мән-мазмұнын құраушы коммуникативті қабілеттіліктерді қалыптастыру - белгілі бір бағыттылықты ұстануды, білім алу үшін оқуды, дағды мен біліктілікті қалауды, таным, қабылдау, еске сақтау, ойлампаздылық т.с.с. психологиялық процестерді жетілдіріп тұруды қажеттейді екен.

Енді коммуникативті қабілет құрылымына жататын адамдағы қадір-қасиеттер мән-мазмұнын жан-жақты қарастыралық.

### **Коммуникативті қабілет сыңары санатындағы жеке адам ұстанған бағыттылықтың мәні мен мазмұны, функциясы**

Бұл мәселені талдауда белгілі орыс оқымыстысы В.А.Яров үлкен жетістіктерге жеткен. Ғалым тұжырымы мінез-құлықты (белгілі жерге орнату) диспозициялық реттеу, яғни белгілі жерге орналастыру деп атайды. Осы концепцияға байланысты субъект мінез-құлығына психологиялық реттілік жасау жеке адамның диспозициялық - ұстаным жүйесі негізінде анықталынады. Диспозициялық құрылу сатылы жағдайда қалыптасады. Сатының төменгі деңгейінде қарапайым бағыт-бағдар көрсетілсе, екінші деңгейде әлеуметтік бағдар берілуі тиіс екен.

Үшінші деңгейде адам өмірі мақсатындағы құндылық бағдар жүйесі құрылады және осы мақсаттарға қол жеткізу қуралы жасалады. Яғни қарым-қатынас процесін реттеу үш деңгейде өтілуі шарт болып тұр. Бірінші деңгей, яғни бағыт-бағдарды ажыратуда, қарым-қатынастағылардың қозғалысы, тұруы, т.б. іс-әрекеттер элементтерін өзара үйлестіру ойланусыз-ақ автоматты түрде орындалады.

Екінші деңгейдегі әлеуметтік ұстаным бағдар, адам мінез-құлығын өздерінің әлеуметтік рөлді менгеруі арқылы реттейді.

Үшінші құндылық бағдар-ұстаным адамның әлеуметтік мінез-құлығының жалпы бет алысын белгілеп береді.

Қарым-қатынас процесін жетілдіру үшін осы қарым-қатынас

процесіне адамның үш бағыттағы көзқарасының маңызы ерекше екен.

Бұл біріншіден: адамның қарым-қатынас процесіне қатысты көзқарасы.

Екіншіден, қарым-қатынасқа түскен серіктесіне қатысты көзқарас; үшіншіден, өзіне қатысты көзқарас әрбір бағытқа қатысты алғанда диспозициялық үш деңгейінде көрініс береді.

**1. Қарым-қатынас процесіне қандай көзқараспен қарауымыз керек.** Мұнда өмірдің талабына сай қойылған міндегтерді шешу мақсатында қарым-қатынас процестерін белсенді түрде пайдадалану бағдарын ұстану ықтималдылығымен білінеді. Бұл жерде қойылған мақсатқа жеткізетін тиімді құрал ретінде қарым-қатынастың рөл атқара алатындығы туралы түсініктің орнығуы іске асады. Сондай-ақ, перспективаға оң эмоционалды көзқарас танытудан айналадағы адамдармен байланысқа түсу; серіктеспен өзара ықпалдастық процесін жақсы жолға қою үшін барлық күш-жігерді жұмсауға дайындық пен құштарлық таныту орын алады. Сондай-ақ қарым-қатынасқа шығармашылық ретінде қарау ұстанымын белгілеу де жемісін береді. Өйткені қарым-қатынас процесі қарым-қатынасқа түскен серіктестің жеке жол табуды, ситуация ерекшелігін ескеріп отыруды талаптайты. Өзінің тұлғалық әсер салуын, қарым-қатынасқа түскендердің жаңына әрбір кездесудің қалдырған ізі болып саналады.

**2. Қарым-қатынасқа түскен серіктеске (партнерге) қатысты көзқарас.** Табысты қарым-қатынасты қалау үшін, ең бастысы, алдыңғы бөтен адамға көніл бөлу аса қажеттілік. Ғылыми тілмен, яғни А.А.Ухтомскийдің сөзімен айтқанда: «Әңгімелевуші доминантқа деген көніл бөлу өз алдына ерекше болу керек» (А.А.Ухтомский орыс физиологы). Барлық күш-қайрат, ынта-жігер, жан шуағы, көніл-күй, яғни барлық «мақсаттағы бет алыс», қарама-қарсаңында отырған адам мен өз арадағы тосқауылды, сезіктік, күдіктік пиғыл-ойды сейілтіп, «сен» сенімділік әлеміне жол ашуға жұмсалуы керек. Бұлардың бәрінің де мүмкін болатындығын өз басын құрметтей алатындардың бәрі де біледі деуге болады.

Әсіресе көніл бөлу адамды өз пайдаңа пайдалану немесе оны барлау үшін жасалу мақсатында болуына жол бермеу маңызды.

Сөйтіп, қарым-қатынасқа түскен серіктеске қатысты ықтималды

диспозиция - серігінің жеке басты жан-дүние байлығы мен даралығын мойындауды, оның жеке бас проблемалары мен істеріне қол ұшын беруге даярлық көңіл-күйдің әрқашанда болуын қажет етеді.

**3. Өзінде қатысты көзқарас.** Өзін туралы, өзіннің кім, қандай екендігінді елестете білу, өз бағанды білу, басқа адамдармен қарым-қатынас жасауға өзара ықпалдастықта болуға елеулі әсерін жасайды. Адамның өзін-өзі, өз орнын, бағасын білуі оның қоршаған ортаны түсінуінде қабылдауында сезіліп тұрады. Өз-өзін білетін адам басқаның бойындағы бар асылды немесе керісінше кемшілікті реалистік-ақиқатты тұрғыда көре алады, басқа адам туралы ой-пікір тұжырымы ақиқатшындық, дұрыстығында бере алатын қабілеті болады. Әдетте, ондай адамдар басқа туралы тегінде дұрыс, жақсылық ойлап, тілек тілеуші көңіл білдіріп адам бағасын көтеріп тұрады.

Адамдағы өзіне қатысты көзқарас оның әлеуметтік мінез-құлышына да әсерін етеді. Мәселен, американ психология М.Розенбергтің мәліметі бойынша өз басын құрметтеу сезімі төмен (құрметтей алмайтын адамдарда) адамдарда мынадай сипатты ерекшеліктер болады екен: тұрлаусыз және әлжуаз пайым жасау, сана-сезімі өз әлсіздігі мен дәрменсіздігінің беті ашылып қалуынан сезіктеніп жүру. Осыдан келіп ортадан қашу, қосылмай, беймәлім жүру немесе жасанды рөлмен, бет-пердемен көріну әрекеттерінде болу сияқты ерекшеліктері болады.

Мұндай адамдар сынға төзімсіз, жеңіл жараланғыш, барлық нәрсеге сезімталдықпен қарайды. Өз басын қадірлей алмайтын адамдар жалғыздықтың құрбаны болады. Олардың әлеуметтік белсендерлілігі төмен, саясатқа, қоғамдық шараларға немқұрайды қарайды және басқару қызметінде сирек кездеседі.

Сонымен, адам баласының әлеуметтік тәртібінің дұрыс болуының шарты: өзін-өзі шынайы біле білу, өз мүмкіндігінді, күшті жағынды да, әлсіз жағынды да білу, өз басындағы жағымды жақтарды бағалай білу, басқаларға қандай жағымдылығынмен қадірлісін, соны білу, өзіннің озық әлеуметтіңді дамытуға ұмтыла білу болып табылады.

**Қарым-қатынас қалау үшін қажетті білім, біліктілік пен дағдылар.** Адамдармен ойдағыдай қарым-қатынас жасау үшін адамға қандай білімділік, біліктілік (және дағдылар) қажеттілік болып саналады.

Бұл сұрақтың нақтылы жауабын коммуникация акті процесіне жасалған талдау ғана бере алады. Аталмыш актінің негізгі кезеңдерін

бөле-жара алып қарастырып, осы кезеңдердің ойдағыдан орындалуына қандай психологиялық сапалылық қажет болатындығын анықтауға болады. Осы көтерілген мәселелердің шешілуі негізі адамда қалған біліктілікке тәуелді болғандықтан, біліктілік туралы мәселеге көбірек тоқталамыз.

Енді коммуникативті актінің негізі сызбаларын құрастырып көрелік. Коммуникация сызбасын орыс физиологтары мен психологтары Н.А.Берштейн, П.К.Антохин, А.П.Лурия, т.б. зерттеу нәтижелерінде жасаған.

Жалпы коммуникация сатыларын: коммуникацияға дейінгі және коммуникативті деп бөліп қарau қалыптасқан.

Бірінші коммуникативке дейінгі кезеңде алдағы болатын өзара әсер ынтасын жасаушы адамның алдында тұрған нақтылы міндеттерді және проблемалық ситуацияларды талдаулардан тұрады. Болатын коммуникативті ситуация адамдармен өзара әсерлесу арқылы осы коммуникативті нақтылы қойылған міндеттерді шешу жолына байып жасау үшін (бағамдау үшін), адам болатын коммуникативті ситуацияның екінші кезеңіне талдау жасауы керек. Осы талдаудан соң шешім қабылданады.

Егер де мақсатқа алынған коммуникативті міндеттерді шешуге өзара әсерлесу ықпал жасай алады деген шешім қабылданса, онда адам коммуникативті міндеттерді қалыптастырудың үшінші кезеңіне өтеді. Бұл кезеңде қарым-қатынасқа түсушілер алдында мынадай мәселелер тұрады: қарым-қатынасқа түсетін серіктестен не күтуге, не алуға болады, проблемалық ситуациядан үміттенген шешім шығару үшін болашақ серіктестен не алуға, күтуге болады деген сұрақ тұрады. Коммуникативті міндеттерді қалыптастыру процесінде осы процестер туралы тағы да мәліметтер жинауға тұра келеді. Оның себебі: егер ситуацияда әйтеуір бір өзгеріс бола қалған жағдайда, міндеттерді нақтылай түсуге мүмкіндік алу үшін. Қарым-қатынасқа түсетін серіктесінен не талап ету керек, не алуға болатындығы туралы біршама көз жеткізілген соң, коммуникативті актінің төртінші кезеңі - коммуникативті міндеттерді шешудің жоспарын жасау басталады.

Мұнда адамға игі әсер жасауды қалайша іске асыруға болады - оның амалдары тандап алынады. Жоспар жасау барысында оқиға барысында мүмкін болар кейбір келенсіз жерлерді ойша көз алдына елестетіп, оларға

өзінің жасар амалдары мен жауаптарынды дайындал, осылардың өтілу жолын ой елегінен елестетіп өткізіп отыру орындалу керек. Мұны ойша операцияларды орындалап өту деп айтса да болады. Бұл үшін коммуникативті ситуация туралы қосымша ақпараттар жинау қажеттілік болады. Жоспар жасалынған соң соңғы кезең (5-ші кезең) - кездесуді жүзеге асыру басталады. Қайтымды байланыс арқылы байқаудағы нәтиже коммуникативті ситуацияның жаңа бөліктері болып, қарым-қатынасқа түскендердің алдағы іс-әрекеттеріне реттілік жасап отырады.

Есте болатын жәйт, осы аталған кезендердің барлығы дерлік қатаң реттілікте, яғни бірінен соң бірі орындала бермейді. Сондықтан да кейбір кезендер автоматты түрде өтсе, кейбіреулери қосылып кетеді де. Дегенменен мұндай талдау жүргізу әрбір кезең үшін қажет болатын біліктерді біршама толымды немесе түгелдей толыққанды тізіп суреттеп беруге мүмкіндік жасап отырады.

Бұл үлгінің нақтылыққа барынша жақындауы үшін, біз қарым-қатынаста бір адамның басқа бір адамға ғана әсер жасағаны орындалды деп емес, адамдардың өзара әсерлесуі орындалды деп қарауымыз керек, яғни әрбір қарым-қатынасқа түскен адам өзінің жеке мақсатымен, нақтылы және коммуникативті міндеттерімен, өз жоспары және оның шешімдерімен келетіндігін есте ұстауымыз керек.

Жоспарына сай коммуникативті ортада өзіне-өзі бағдар беріп отырады, әрі белгілі сызба бойынша өзара әсер инициалы (ынтагері) ретінде түсіп отырғанын сезінеді. Өмірде қарым-қатынас процесін ойдағыдай өткізу үшін коммуникативті процестің екі жаққа да бірдейлік, мақсаткерлік, теңдей байланыстылық сипаты барын қашан да есте ұстап отыру өте маңызды.

Коммуникативті процесті ойдағыдай іске асыру үшін адамға тағы қандай біліктіліктер қажет деген сұрақ туғанда, мына мәселелер есте болғаны дұрыс.

Өзара әсердегі ситуацияның басым көпшілігі, азды-көпті болсын әлеуметтік мәнге мынадай жағдайда ғана ие болады, егерде осы өзара әлеуметтік рөлдері олардың мінез-құлықтарына белгілі жағдайда ықпал жасаса. Солай болғаның өзінде де әсердегілердің барлығы да жеке даралық жағдайда қалады да, оның ситуацияға деген көзқарасы рөлінде оның мінез-құлығына міндетті түрде із салады. Коммуникациялық процеске тиімділікпенен түсуі үшін өзінің жеке-даралық қасиеттерінді

ескере отырып, өзінің әлеуметтік рөлінің шеңберінде өз мінез-құлығынды тиімді ұйымдастыруға дайын болуың керек. Екінші бір жағынан, қарым-қатынастағы серіктеске оның іс-әрекетіне бағдар алуда, оның әлеуметтік рөлі мен жеке даралық ерекшеліктерін ескере отырып, өткізуі керек. Қарым-қатынастағы өзара әсердегі серіктестердің осындай қосарлы сипаттағы күрделі табиғаты, адам әсерлесуінің ойдағыдан өтілуі үшін, адамдардан білімділік, біліктілік пен дағдылардың да екі түрлі табиғатынан хабардарлығы болуын қажет етеді. Бұл бір жағынан алып қарағанда, адамның өз ортасында жасалған коғамдық мәдениетте объективті түрде бар мінез-құлық ережелері нормалары, мәндері мен үлгілері болып табылады. Коғамда бар, кездесетін үлгілі мінез-құлық ережелерін білу ешқашан да артықтық етпейді. Екінші бір жағынан алып қарағанда, қосарлы табиғатты білім, біліктілік, дағдылар дегеніміз осы объективті феномендердің субъективті көрініс табуы, субъективті мазмұнды түсіне білу және іске асыру болып табылады.

Енді әрбір кезең үшін қандай коммуникативті біліктілік талаптанатынын қарастырайық.

Бірінші кезең: қарым-қатынас мақсатын жасау мен проблемалық ситуацияға талдау: шын мәнінде бұл кезең коммуникативті процеске дейін өтетін кезең. Есте болатын нәрсе қашанда өмірдің өзі міндеттерін туғызады, адам тек соларды дәл көре білсе болғаны. Ал қарым-қатынастың мақсаты тек заттық нәтижеге жету ғана емес, өзара әсерге түсушілердің психологиялық жағынан дұрыс сапалық өзгеріске жетуі де басты мақсат екендігін қашанда есте сақтау абзал.

Екінші кезең: коммуникативтік ситуацияға талдау. Бұл кезең коммуникативті ортадағы қарым-қатынасқа түскен серіктеске бағдар алуды қамтиды.

Басқа адамдармен өзара әсер кезіндегі барлық коммуникация процесінің ойдағыдан өтеуінде қарым-қатынасқа бірге түскен серіктесті бағдарға-нысанға алушың маңызы зор. Бағдарға алушың негізгі мақсаты партнер туралы мәліметтер алу. Бұл өз кезегінде проблемалық ситуацияға байланысты серіктестің мінез-құлығына дұрыс болжам жасауға мүмкіндік береді. Осы жағдайдан барып коммуникативтік дұрыс міндеттерін жасау және олардың дұрыс шешілу стратегиясын жасауға болады.

Адамды нысанға (бағдарға) алу процесі танымның екі деңгейін қамтиды. Қабылдау (түйсіну) және түсіндіру (талдау беру), түйсіну

функциясы пара-парлас адамның сырттай ұстанымын ажыратумен шектеледі. Басқа адамды түсіну үшін екінші адам оның сөзін естуі керек, оның дыбыс ырғағын, интонациясын, акцентін, тіл қату ерекшеліктерін есте сақтауы керек. Сондай-ақ оның ым-ишара реакциясын байқап, жүрістүрыс мәнерлерін, киім-әшекейлерді тағыну, т.б. костюм ерекшеліктеріне назар аударылуы керек. Сыртқы белгілерді қабылдау арнайы психологиялық байқампаздылықтың болуын талап етеді. Әсіреле болатын коммуникативті ситуация үшін маңызы бар белгілерді есте сақтап, ойға түйіндеп алған жөн. Айталық, адамның шашының түр-түсі, дене-бітімі, бет-әлпеті бірден көзге түсетіні белгілі. Алайда бұл белгілер серіктестің ішкі әлемі туралы барлық түсінікті береді деп айту ерте. Өйткені көзге аса түсе бермейтін бет бұлшықеттерінің, микро қозғалысы көз, дене интонациялық тербелістерінің, керісінше, пайдалы мәліметтер беруге мүмкіндіктері зор.

Мұндай адамның ішкі қобалжуынан болып тұратын белгі - куәлердің аса маңыздылығы, бұлар адамның сапалы түрде өз сөздерін бақылап тұратындығы сияқты емес, санадан бақылаудан тыс табан асты шығып кететіндігіне, яғни ондай микро қозғалыстар мен тербелістер адам санасы бақылауынан тыс - табан асты болып қалады. Мыналарды есте ұстau керек. Қарым-қатынас қаншалықты барынша жеке дараланған болса соншалықты басқа адамның ішкі әлемі субъективті реакциясы қызығушылық туғыза береді, сондай-ақ коммуникацияға әр түрлі белгілер көптеп тартыла түседі.

Түсіндіру (талдау беру) функциясының мәні бақылаушының қареге іліккен белгілердің (назарға іліп ойға алғанған) ішкі мазмұндарын саралау болып табылады (мазмұнды шешу). Яғни айтылған сөз, ым, ишара сонында не мағлұмат, ақпарат жатыр - соны түсіну. Ишара-ым, т.б. тілдің бейвербалды компоненттерін, тілді дұрыс талдау жасау, жүргізу үшін бақылаушы серіктестің тілін, т.б. білуі керек. Бұдан басқа әрбір адамға ғана тән болатын мінез-құлқытағы әдеттер, белгілер болады - олардың жекелік мәні, ойы бар. Оларды білу үшін сол адамның қайталанбас өмір тәжірбиесінен мол хабардар болу керек.

Адам мінез-құлқына талдау жасау механизмдерін түсіндіру үшін ғылымда теңестіру, ұқсастыру (шендестіру - ұқсастырылу), бірдей деу түсінігі пайдаланылады.

Әр түрлі қарым-қатынас түріне әр түрлі ұқсастыру тән. Мысалы:

«Іскерлік функцияналді-рөлдік қарым-қатынасқа» - рөлді үқастырудың көбірек қамтылу талаптанса, жеке бір қарым-қатынас жасауда эмоционалды және мәдениетті үқастырылудардың тартылуы іске асырылады.

Мәдени және рөлдік үқастырулар арқылы белгілерді түсіндіру (талдау) серіктеске оның серіктесі, өкілі болып табылатын қауымдастықтың жалпы мәдени нысан ұстанымдары жақсы белгілі болған жағдайда, сондай-ақ оның сол қоғамдық құрылымдағы объективті жағдайдан шыққан рөлдік міндеткерлігі орны белгілі болған жағдайда ойдағыдай өтеді.

Мінез-құлықтың мәдени және әлеуметтік үлгілерін сезіну және білу, өмір тәжірбиесіне және басқа мәдениет әлемі мен әлеуметтік саласы ережелеріне неғұрлым терең өндеп, оларды рухани игілікке асырып өзіңнің сезім әлемі мен сананы байытуға байланысты болады.

Дегенмен, өлшемді өмір және оның басқа да жағдайлары жоғарыда айтылғандардың бәрінде бір өзіңнің күшиңмен сезініп-түйсінуге мүмкіндікті толық жасай алмайды.

Олардың орындалуы тек қарым-қатынас, әдеби көркем шығармаларды т.с.с. оку арқылы толыға береді.

Өмір, интеллектуалдық және эмоционалдық тәжірибе қорын байыту, басқа адамның эмоционалдық көңіл-күй жағдайын түсінуге эмоционалдық үқастыруға қабілеттілікті дамытуға алғышарт болады.

Өзара ықпалдастықтың ойдағыдай өтуіне қарым-қатынас процесіне әсер жасайтын ортаның жағдай - шамасының да үлкен маңызды қатысы бар (белгіленген уақыт, таңдалған орын, жарық, қаранды, т.с.с. факторлар).

Үшінші және төртінші коммуникативті актілердің кезеңдерін (коммуникативтің міндеттерін қою, нақтылау және жоспар шешімдерін құрастыру-жасау) біртұтас процесс ретінде қарастыруға болады. Бұл кезеңдерде коммуникативті міндеттерді шешудің тактикасы және стратегиясын жасау орындалады. Сол себепті коммуникативті актісінің 3-ші, 4-ші кезеңдерін орындауға қажетті біліктілік қоса қарастыру орынды болады.

Бір сөзбен айтканда, осы кезеңдерде қарым-қатынасқа түскен партнерге ынғайлану - бейімделу жолдарын салу, табу жүзеге асады.

Әріптес - серіктеске бейім таныту, ынғай келтіру қарым-қатынасқа

жан берудің басты алғы шарты. Бейімділік қалауда әр түрлі болады. Ол өмірдегі болатын қарым-қатынастың әр түрлі шарттары мен жағдайларына байланысты, яғни қалыптасқан жағдай-оқуға орай, әсерлесу мекен-жайға, уақытқа, әр түрлі көніл-күй құйқылжуарын білдіру, сезілу т.с.с. жағдайларға қатысты болады.

Коммуникация процесінің үшінші және төртінші кезеңдерінің орындалуы, қажетті бейімділік жасау, дәл психологиялық онға тарта қадам табу біліктілігіне тәуелді.

Сәттегі коммуникативті ситуацияға жағдай жасау үшін тиімді бейімділікті қалауға қандай білім мен біліктілік керек?

Біріншіден, мінез-құлықтың мәдени үлгілерін (мінез-құлық мәнерлерінің жалпы үлгілері, әдеп сактау жолдары мен шарттары, олардың стратегиялары) біліп, әрбір нақтылы қарым-қатынас жағдайына шаралар қолдану біліктілігін арттыру керек.

Кез-келген адамдар арасындағы байланыс белгілі бір мәдени жағдайына өтеді. Ал қарым-қатынасқа түскендер әр қылыш әлеуметтік рөлге қатысты табылатын және жалпы мәдени талап ұстанымы белгілеген мінез-құлық үлгісі қарым-қатынастың әлеуметтік-мәдени матрицасын құрайды. Бұл матрица мінез-құлықтың дайын формасын жасаушысы болып табылады. Қарым-

қатынасқа түскендер егер де қарапайым формалданған, яғни ситуациялар көп жағдайда қайталанып отыратын байланыста болғанда, оларға мінез-құлық амалдарын қыстырудың қажеті болмай қалады. Оларға қарым-қатынастың дайын жасалынған стратегиясы мен әдеп ережелерін сол кездегі ситуацияға сәйкестендіре пайдаланса, жетіп жатады (мысалыға, сәлем берудің дайын түрін қолданғанда кіммен жүздеспек, тіл қатыспақ болғаныңды нақтылай түсу үшін оның атын атаумен білдіру, дәл сол сәт үшін лайықты келетін, мәдени дәстүрде қалыптасқан сәлемдесу түрлерінен бірін таңдау, т.с.с). Ал егер де кездесушілердің мінез-құлық ережелері мен ситуациясы әлеуметтік ойын ережелері мен дәстүріне нақтылы белгіленген болса, онда бейімделуді өз бетінше табуға тұра келеді.

Сонымен адам бейімділікті жасау арқылы қарым-қатынастың белгілі бір сәтінде қажеттілікке асатын стратегиясын тауып отырады екен.

Қарым-қатынастың стратегиясы қарым-қатынастағы психологиялық заңдылықтарға негізделінетінін ескерсек, онда психологиялық салауатты

стратегияны жасау және жүзеге асыру бірқатар біліктіліктің болуын талап етеді. Атап айтқанда: өз мінез-құлығынды серіктес мінез-құлығымен психофизикалық өзара әсері деңгейінде үйлестіру біліктілігі (реакция шапшаңдығын, дауыс көтеріңкілігін, т.с.с. ескеріп отыру), интеллектуалды операциялар жасау біліктілігі (серіктесінің түсінімпаздылық қабілетін қатерге алып отыру) серіктесіңде психологиялық қолдау көрсету арқылы, сезікті реакция шақырмауды қалау, яғни қайтымды байланыс орнықтыру біліктілігі. Осы аталған біліктіліктердің барлығы коммуникативті қабілет құрылымына қосылады.

Бұлардан басқа да жеке-дара біліктілікке қатысты алғанда, қажеттілік болған жағдайда стратегияны құрастыра және өзгерте білу біліктіліктерінің болғаны да өте-мөте маңызды.

Коммуникативті актінің бесінші кезеңінде коммуникативті міндеттердің жоспарлы шешімдерін мақсатқа асыру орындалады.

Коммуникативті міндеттер белгіленген жоспар шешімдерінің іске асырылуы үшін адамда қозғаушы біліктіліктер мен дағдылар жетімді болуы керек.

Тек қана қозғалыс (дауыс желісі - сөз тербелісі де арқылы адам өз ойларын сезім - күйлерін) жеткізе алады және өзін-өзі ашуды және қайтымды байланысты жасай әрі бере алады. Алайда көптеген адамдар қарым-қатынас барысында өз ойларын, не қалайтындарын т.с.с. білдіруге қаналатынын жасырмайды. Мұның басты себебі ондай адамдардың өзін-өзі менгере алмауында, өз ой-сезім, көңіл-күйі мен іс-әрекеттерін басқара алмауында. Сондай- ақ «әсерге салғыш құралдар» - дауысы оның интонациясы, дикциясы, ырғағы, тембрі, күші сияқты элементтерінің қолдану жолдары мен сипаттарынан бейхабарлығы, понтомима, ишарам, яғни дene қимылдарын мақсатты қызметке қолдану дағдыларын менгере алмауында. Мұндай кемшіліктерді жою - кәсіби және жалпы коммуникативті қабілеттерді дамытуға жол ашады.

Ол үшін арнайы жаттығулардан өту қажеттілік. Сондай-ақ мінез-құлықтың этикалық үлгілерінде қамтылған іс-әрекеттерге де техникалық жаттығулары, жұмыстары жүргізілуі керек. Іс-қимыл үйреншікті дағды, әдетке айналғанда, икемді, шапшаш әрі сүйкімді көрінеді, ол автоматты түрде үйлесімді іске асырып, өзара әсердің аса қажетті сәттеріне баса назар салуға мүмкіндік береді. Сол себептен де мінез-құлықтың біртұтас үлгілері тәжірибе негізінде менгеріліп, үйреншікті дағды сипатына

айналуы қажет.

Сонымен адамдарды қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу - бір жағынан, қоғамдық-тарихи тәжірибе барысында жасалып, әрбір адамның өзі мүшесі болып табылатын белігілі бір әлеуметтік мәдени топта қабылданған мінез-құлықтың адамгершілік нормалары мен қарым-қатынастың мәдени құралдарын менгеру процесін қажет етсе, екінші бір жағынан алғанда адамдағы коммуникативті қабілеттерді дамытуды талап етеді. Талаптың екінші жағы мынадай мәселелерді қамтиды:

**Біріншіден,** өз-өзіне, басқа адамға, қарым-қатынас процесіне

қатыстылық бойынша (белгілі жерге орналасу) диспозиция жүйесін қалайды. Қарым-қатынасты барынша тиімді және өркениетті жасау: қарым-қатынаспен қарауға; мұның аса нәтижелі болуына ынталануға; серіктеске (партнерге) қамқорлық сезіммен қарауға; өз мінез-құлығына сын көзben қарау қабілеттілігі және талдау жүргізу, сондай-ақ нақтылы жағдай талабына сай мінез-құлыққа өзгерту жүргізуді жүзеге асыруға байланысты болады.

**Екіншіден,** қарым-қатынаста қолданылатын реттеуші мінез-құлық нормаларын, стратегиясын, этикеттік талаптар мен міндеттерді, жалпыға мәлім үлгілерді, белгілерді менгеруді.

**Үшіншіден,** коммуникативті біліктілік пен дағдыларды дамытуды,

оның, ішінде қарым-қатынасқа түскен серіктестің мінез-құлығындағы аса маңызды белгілерді ажырату мен бақылау біліктілігі болуды; осы белгілерді дұрыс талдау (интерпретация) жасауға мүмкіндік қалаушы мәдени рөлдік және эмоционалдық ұқастықтарды іске асыруды; қарым-қатынасқа түскен серіктесіне дұрыс бейімділік табуды; серіктес мінез-құлығына өз мінезінді үйлестіре білуінді; өзінді-өзің ашу мен қайтымды байланыс беруді дұрыс іске асыруды; өзіңнің «сезімге алдырғыш құралдарынды» (дауыс, ишара-ым, пластика) коммуникативті міндеттердің шешілу жоспарына сай көзқарасынды, көңіл-күй сезімің мен ойынды жеткізу, білдіру үшін қолдана білуді, сондай-ақ шиеленісті жағдай болғанда өзіңнің көңіл-күй сезімінді басқа да білуді қамтиды.

## ҚОСЫМША Ж Іскерлік араласу, қарым-қатынасы

Әрбір адам үшін қоршаған ортаның көзқарасында қалай көрнектілік маңызды, осы проблемамен имиджелогия деп аталатын ғылым-білімнің саласы айналысады. Имиджелогия (алғылышын тілінде *image* - образ, бейне) - тұлғаның сыртқы ерекшелігі, қорытындылығы деген мағына береді. Көптеген дербес, дара тұлғалар табиғатында тартымды имиджді ерекшеліктермен ерекшеленеді. Ереже бойынша адамдардың, тұлғаның сипатын, яғни бейнелік ерекшеліктенуге енуі өзіндік көрсетілу, ұсынылу арқылы іске асырылады. Онсыз ірі жетістіктерге жету, одан көнілін қуанышқа бөлеу мүмкін емес. Имиджді құруда араласа, қатынаса білу үлкен рөл атқарады.

Араласу дегеніміз – қоғамдық субъектілердің өзара әрекеттесу процесі: яғни, әлеуметтік топтар, қауымдастық немесе тұлғалық, өзара ақпараттарменен, тәжірибелермен, іс-әрекеттердің нәтижелік көрсеткіштерімен алмасу.

Іскерлік араласудың ерекшелігі - оның белгілі бір қызмет түрінің негізінде пайда болып, қандай да бір өндірістік өнімнің өндірісімен немесе іскерлік тиімділіктермен байланыстылығында. Іскерлік араласу, қатынасу ол - өзара әрекеттесу, байланысу процесі болып табылады. Ол процесте іс-әрекеттермен, ақпараттармен, іс-тәжірибелермен алмасу жүйелері орындалады. Белгілі бір нәтижелік көрсеткіштерге жету, нақты проблемаларды шешу немесе анықталған мақсатты іс жүзіне асыру. Сұлу, көркем адамдарға ешқандай күмәнсіз тұлғаның тартымдылықты, тиміділікті құра білу жеңіл. Көп жағдайда алғашқы ой-көніл сыртқы деректерге байланысты пайда болады. Алайда, тартымды сыртқы деректер, ерекшеліктердің болмауы тиімді имидж құру жолын таба алмайды, тосқауыл бола алмайды. Сонымен қатар әрбір дара тұлғада адамдарға ұнай білу ерекшеліктері бар. Зерттеулердің көрсетілүлери бойынша адамдарға ұнай білу мүмкіншілігіне аса көніл бөле бастаған сайын, соғұрлым тұлғаның зерделік, көркемдік және ақпараттық ерекшеліктері, санаттары айқындала түседі.

Тартымды, ерекше болу үшін - өз-өзін үздіксіз жұмыстардың орындалуын талап етеді. Женілістер, сәтсіздік кезендер» де болады, алайда ондай жағдайлардың барлығын жүйелі түрде өткізе білу қажет. Өткен кезенде және осы уақытта зерек адамдар тартымдылық жүйесін

менгере, игере, түсіндіре алған.

Тартымдылық, әсемдік - ол тұлғаның тек қана сыртқы бейнесі ерекшелігі ғана немесе сонымен қатар адамдарға, қоршаған ортаға деген рухани жүйеленуі, енүі, түсінуі болып табылады. Өкінішке орай, өнерде адамдар тұлғалық ерекшелік, мән-мазмұнға түсінбей, өздерін батыр, көшбасшы тұрғысында көрсеткісі келіп жатады. Міне, сондықтан да біздің көңілімізді қандай адамгершілікті сапалық және іс-әрекеттердің тарта білетінін бағалай білу қажет.

Жоғары рухани таза ерекшеліктерге ие болу сапасы имиджді құруға үздіксіз шарт ретінде қызмет етеді. Имидж проблемасын нақты түрде шеше алатын басымды сапалықтың үш тобын шартты түрде бөліп қарастырады.

Бірінші топқа мынадай табиғи сапалықтар енеді. Коммуникабельділік - (адамдармен жеңіл тіл-табыса, үйренісе білу). Симпатикалық - (ортактаса білу ерекшеліктері), рефлективтілік - (басқа, өзге адамды қандай білу ерекшелігі), шыдамсыздық (сөзбенен әсер ету, араласып кету ерекшелігі). Мұндай, осы аталған сапалықтар табиғи дарындылықтың жинақты көрсеткіштерін құрайды. Осы аталған деректі ерекшеліктермен тұрақты жаттығу, оны менгере білу - тұлғалық имиджді нәтижелі құра білудің кепілі бола алады.

Екінші топқа - тұлғалықтың жүйелену, білімділік және тәрбиелену ерекшеліктері енеді, жатады.

Оларға адамгершілікті, рухани құндылықтар, психикалық денсаулықтар, және тұлға аралық араласу, қатынасу мүмкіншіліктері жатады.

Үшінші топқа - тұлғаның өмірлік және кәсіби іс-тәжірибелерімен байланысты ерекшеліктер жатады. Осындай іс-тәжірибелер араласу, қатынасу жағдайында сезімталдылық жүйесін дамыта білсе, ерекше құнды болады.

Қандай да бір өзіне сенушілік және стереотипті мінез-құлықтар адамдардың тұлғаны қабылдауына келеңсіз теріс әсер етеді. Көптеген жағдайларда имидж - нақтылы жағдайға епті икемделудің нәтижесі болып табылады. Сондықтан өзіндік мінез-құлық моделін дұрыс талдай білу қажет.

**Оразбаев Ерғали Дүйсенбекович**

**БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС  
МӘДЕНИЕТИН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Басуға \_\_\_\_\_ 2017 жылы қол қойылды. Қаріп түрі «Times New Roman»  
Көлемі 16 шартты баспа табақ. Таралымы 500 дана «Әлем» баспаханасы.  
Тапсырыс №0001. Шымкент қаласы, Ғ.Ілиев көшесі, 7

**Шымкент – 2017**